

СӘБДЕН Оразалы

ЭКОНОМИКА
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ

XXI ҒАСЫРҒА ҚАНДАЙ
ЭКОНОМИКАМЕН
КІРЕМІЗ

XVII
ТОМ

Алматы
2011

УДК 338
ББК 65,9
С 28

Сәбден О. ЭКОНОМИКА: Тандамалы еңбектері. - Алматы: ҚР
БҒМ ҒК ЭИ, 2011

ISBN 978-601-215-031-5

Том XVII: XXI ғасырға қандай экономикамен кіреміз. Үшінші
басылуы. - 244 б.

ISBN 978-601-215-048-3

Бұл монографияда Қазақстан мемлекетін өтпелі кезеңде тығырықтан алып шығудың кезек күттірмейтін экономикалық жолдары зерделеніп, нарықтық экономиканы реформалау, басқару жүйесін жетілдіру, Жібек жолын жаңғырту, аймақтық реформа, жаңа экономикалық саясат концепциясы, шағын бизнес, жекешелендіру, бағалы қағаздар және оларды заңмен қамтамасыз ету, шетелдік тәжірибелер секілді өзекті мәселелерді шешудің жолдары ашып көрсетілген.

Автор XXI ғасыр қарсаңында Қазақстан экономикасына қандай басымдылық беру керек екені жөніндегі өз ойын ортаға салады.

Бұл кітап экономистерге, саясаткерлерге, социологтарға, кәсіпкерлерге, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына және басқа да оқырман қауымына арналған.

УДК 338
ББК 65,9

ISBN 978-601-215-048-3 (Т.XVII) © Сәбден О., 1997

ISBN 978-601-215-031-5 © ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 2011

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
I ТАРАУ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАҒА КӨЗҚАРАС	8
1.1 Нарықтық қатынастардың дамуы	8
1.2 Қазақстандағы экономикалық реформалардың жайы және барысы	22
1.2.1 Үкімет бағдарламасын сараптау	22
1.2.2 Реформа қарқыны неліктен баяу	26
1.2.3 Экономикалық реформаларды 1996-1998 жылдары жүзеге асыру шарттары	33
1.2.4 Орта мерзімді болашаққа арналған бағдарламаны жүзеге асырудың нақты жоспарына ұсыныстар	35
1.3 Экономиканы басқару жүйесін жаңарту	39
1.4 Аймақтардағы экономикалық реформа	50
1.5 Жетісу Жібек жолы торабында	59
II ТАРАУ. ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ КОНЦЕПЦИЯСЫ	68
2.1 Макроэкономика	71
2.1.1 Үкіметтің макроэкономикалық саясатын талдау	71
2.1.2 Жаңа макроэкономикалық саясат	72
2.1.3 Макроэкономикалық саясатты іске асыру тетіктері	74
2.1.4 Индикативтік жоспарлауды енгізу	74
2.1.5 Қаржы-ақша ресурстарын макроэкономикалық реттеу	77
2.2 Микроэкономика	80
2.2.1 Үкіметтің микроэкономикалық саясатын талдау	80
2.2.2 Жаңа микроэкономикалық саясат концепциясын негіздеу және оның мәні	86
2.2.3 Жаңа аграрлық саясатты негіздеу және оның мәні	88
2.2.4 Инвестициялық саясаттың негіздемесі мен мәні	88
2.2.5 Жаңа микроэкономикалық саясатты жүзеге асырудың механизмдері	89

2.3 Аймақтық саясат	91
2.3.1 Үкіметтің аймақтық саясатын талдау	91
2.3.2 Жаңа аймақтық саясат Концепциясының негіздемесі мен мәні	92
2.3.3 Аймақтық саясатты іске асырудың механизмдері	93
2.4 Сыртқы экономикалық саясат	93
2.4.1 Үкіметтің сыртқы экономикалық саясатын талдау	93
2.4.2 Жаңа сыртқы экономикалық саясат тұжырымдамасының мәні	95
2.4.3 Жаңа сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру механизмдері	96
III ТАРАУ. НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҢА ЖОЛДАРЫ	98
3.1 Экономиканы дағдарыстан шығару	98
3.2 Жекешелендіру саясаты	119
3.3 Бағалы қағаздардың дамуы	138
IV ТАРАУ. ШАҒЫН БИЗНЕС - ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҮТҚАСЫ	149
4.1 Шағын бизнес - нарықтық экономиканың өзегі	149
4.2 Шағын бизнесті қолдау тәжірибесі	166
4.3 Аймақтық шағын бизнес	187
4.4 Кәсіпкерлікті дамытудың шетелдік тәжірибесі	199
V ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ХХІ ҒАСЫР ҚАРСАҢЫНДА - ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БОЛЖАУ	206
5.1 Саясат және интеграция	206
5.2 Экономика	213
5.3 Әлеуметтік сала	217
5.4 Заң саласы	220
5.5 Рухани даму	224
5.6 ХХІ ғасырдағы Қазақстанның дамуы және сыртқы саудаға шығуы	228
ҚОРЫТЫНДЫ	237
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	240

“Не спрашивайте, что ваша страна может сделать для вас, спросите, что вы можете сделать для своей страны»

Джон Ф.Кеннеди

КІРІСПЕ

Соңғы жылдардағы оқиғалар экономиканы нарықтық қатынастар негізінде түбегейлі қайта өзгерту кең ауқымды экономикалық іркілістермен және дағдарыстармен ұласатынын және қоғам тарапынан көп күш-жігер жұмсауды қажет ететінін көрсетті. Нарықты жарлықпен немесе декретпен енгізуге болмайды, нарыққа көшу үшін ұзақ уақыт керек. Өтпелі кезеңде әртүрлі асығыс, жеткілікті дәрежеде негізделмеген шаралардың жүзеге асырылуы қауіпті теріс зардаптарға сөзсіз әкеліп соғады, мұны нарықтық даму жолына түскен елдердің тәжірибесі айқын дәлелдейді.

Өткен жылдардың қорытындылары оптимисттік тұжырымдар жасау үшін негіз бермейді. Кезінде жарияланған мақсаттар мен бағыттар тым қарама-қайшы жүзеге асырылуда, қат-қабат әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың орын алып отырғаны айқын. Мұның өзі экономикалық реформа мәнінің, әлеуметтік-экономикалық реформалаудың объективті мүмкіндіктері мен шектерінің өз кезінде аяғына дейін ұғынылмауына, реформаны жүзеге асырудың уақытша параметрлері мен кезеңдерінің дұрыс анықталмауына байланысты. Сөз бен істің арасында алшақтық көп болды.

Экономикалық реформа қоғамдық жарасымдылық, өткен кездің оң жетістіктері мен тенденцияларын сақтау, мемлекеттің қауіпсіздігін және халықтың барлық топтарының құқықтары мен оның ерекшеліктерін қамтамасыз ету

принциптеріне негізделген түбегейлі шаралардың біртұтас жүйесін қажет ететіні айқын болды.

Қазақстан Республикасының Президенті жүргізіп жатқан экономикалық реформалар бағыты стратегиялық тұрғыдан, жалпы алғанда дұрыс. [1, 2].

Бірақ Қазақстандағы экономикалық реформалардың жайына жасалған талдау және олардың барысы, тактикалық тұрғыдан алғанда, Үкімет пайдаланып отырған әдістердің, нарықтық қатынастарға көшудің модельдері мен кезеңдерінің тиімсіз екенін дәлелдейді. Реформаларды жүзеге асыру барысында елеулі қателіктерге жол берілді. [3, 9, 10, 16].

Әп-сәттік экономикалық міндеттерді жыртықты жамау әдісімен шешуден бас тартатын мезгіл жетті, тактикалық міндеттерді әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру стратегиясына сәйкестендіре шындап қолға алу мақсатымен жүйелі жұмыс бастайтын уақыт келді. **Қазақстан Республикасын өз ерекшеліктеріне, ұлттық менталитетіне сай, дүниежүзілік тәжірибені ескере отырып әлеуметтік-экономикалық дамыту моделін жасайтын және іске асыратын мезгіл жетті.**

Ел экономикасы ХХІ ғасыр шебінде тұр. Мәселе ХХІ ғасырдың табалдырығынан қандай нарықтық жетістікпен, қандай дайындықпен аттағалы отырғанымызда. Монография авторы экономикалық реформаның барысын, оның жетістіктері мен кемшіліктерін ашық көрсетуге тырысты. Соның негізінде автор **отандық тауар өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету** басты мақсаты болып табылатын **жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС)** концепциялық негізін әзірледі. Экономикалық реформаның түрлі салалары, жолдары осы ЖЭС концепциясымен негізделуге, онымен байланыстырылуға тиіс. Кітаптың бүкіл мазмұнына осы идея өзек болған. Нарықтық экономиканы басқаруды реформалау жөніндегі жаңа тәсілдер, Қазақстан Республикасының экономикасын дағдарыстан шығарудың әдістері мен жолдары ұсынылған.

Шағын және орта бизнес экономиканы тұрақтандырудың аса маңызды факторы болып табылады. Осыған байланысты автор шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламасын, кәсіпкерлікті дамытудың отандық және шетелдік озық тәжірибесін ұсынған. Кітапта шағын және орта бизнес саласында сондай тауар өндірушілер тобын қалыптастыру міндеті қойылған, ал олар дамыған елдерде жалпыұлттық өнімнің жартысынан астамын өндіретіні тілге тиек етілген.

Кітап «Қазақстан ХХІ ғасыр қарсаңында» деген тауармен аяқталып, онда Қазақстан Республикасының ХХІ ғасырдағы дамуының әлеуметтік-экономикалық болжамы мен басты бағыттары: саяси, экономикалық, әлеуметтік, заң шығарушылық, рухани даму негіздері мен Қазақстанның сыртқы рынокқа шығуының жолдары ұсынылған.

I-ТАРАУ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАҒА КӨЗҚАРАС

1.1 Нарықтық қатынастардың дамуы

Соңғы жылдарда Қазақстан экономикасында дәуірлік мәні бар, бірақ кереғар оқиғалар болып жатыр. Қазақстан 1992 жылдан бастап түбегейлі экономикалық реформаларды жүзеге асыруға кіріскен болатын. Содан бері өткен жылдардың нәтижелеріне қарағанда, нарықтық экономика республикада тиімді жүріп жатыр деп айта алмаймыз. Реформалардың кезінде жарияланған мақсаттары мен бағыттары тым кереғар жүзеге асырылуда, жан-жақты түгел қамтыған әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың күшейіп келе жатқаны айқын байқалуда. Себебі экономикалық реформа мәнінің, әлеуметтік-экономикалық реформалаудың нақты мүмкіндіктері мен шектерінің өз кезінде жете ұғынылмауына, реформаны жүзеге асырудың уақытша параметрлерінің дұрыс белгіленбеуіне байланысты.

Алайда, нарыққа көшу кезінде **«қоғамдық жарасымдылықты»** қамтамасыз ету жөніндегі шараларды методологиямен бірінші кезекте негіздеу керек. Қазіргі кезеңде бізге ең қажеттісі міне осы. Өйткені бізді қоршаған дүние – табиғаты әртүрлі элементтердің жиынтығы болып табылатын қарапайым да күрделі жүйелер шоғыры. Жүйелердің қатар өмір сүруінің қажетті шарттары – оларды құрайтын бөліктердің балансы, тепе-теңдігі, үйлесімділігі, жарасымдылығы. Экономикалық жүйелерде балансқа экономикалық нысандар мен әдістерді іріктеу, олардың бірін таңдау жолымен қол жететіні мәлім. Осыған орай оқиғалардың өрбуіне дұрыс бағыт-бағдар беруге қабілетті экономикалық тұтқаларды мақсатты түрде, келісе және салмақтай отырып іске қосу жөніндегі күш-жігерлердің маңызы ерекше зор.

Экономикалық жүйелердің «үйлесімділік», «баланс»,

«тепе-теңдік» категориялары жөнінде өз өлшемдері бар. Экономикалық жүйенің кең мағынадағы мақсаты – адам үшін, қоғам үшін материалдық және рухани игіліктер жасау. Бұл жерде өндіріс пен тұтыну, сұраныс пен ұсыныс, кіріс пен шығыс, ақша массасы мен тауар және қызмет айналымы, ғылыми-техникалық прогресс пен инвестициялауға арналған қаржы ресурстары сияқты проблемалар алдыңғы орында тұр.

Қандай да болсын ағымдағы және болашақтағы жетілдірулерді келісіп алу, яғни дер кезінде көздеп, жүйеге енгізу, сол арқылы оның тіршілік-тынысын кеңістік пен уақыт тұрғысынан теңдестіру өте қиын. Мұның өзі экономикалық жүйелердің ерекшеліктеріне байланысты. Олардың өз табиғаты жағынан тұрақты емес екені, бірегей екені және нақты бір жағдайларда қандай сипат алатынын болжауға болмайтыны, яғни оларға өз параметрлерінің құбылмалылығы, схоластикалылығы тән екені мәлім. Олар өз құрылымын мақсатты түрде өзгертуге, түр-сипатының тұтастығын және нұсқалығын сақтауға, бүлдіруші әсерлерге қарсы тұруға, ішкі және сыртқы кедергілер жөнінде құбылмалы жағдайларға бейімделуге қабілетті.

Экономикалық жүйеде салыстырмалы балансқа жетуді қиындататын нәрсе – қоғам үлесіне қашанда болсын ресурстардың шектеулі мөлшері ғана тиеді, бұл көптеген факторларға, соның ішінде жинақталған білім деңгейіне, технология мен техниканың даму дәрежесіне, еңбек өнімділігінің артуы деңгейіне байланысты.

Экономикалық жүйеде салыстырмалы балансқа оның басты субъектілері (кәсіпорын, өз бюджетімен қоса отбасы, мемлекет) тарапынан толассыз, саналы іс-қимылдар жасалуы барысында қол жетеді, олардың әрқайсысы бұл процессте өз мүдделерін білдіруші болып табылады. Экономикалық жүйе субъектілерінің өзара іс-қимылы және теңдестіру жолдарын іздеу қалай болса солай емес, ол қоғам қабылдаған,

өнім өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну кезеңдерінде экономикалық айналымдағы олардың түр-сипатының негізгі принциптерін белгілейтін концепция-модельге сәйкес жүзеге асырылады.

Өркениетті дамыту тарихынан экономикалық жүйелердің тіршілік-тынысын үйлестіруге бағытталған ұтымды қоғамдық-экономикалық концепцияларды көптеп келтіруге болады (Компанелла, Сен-Симон, Рикардо, Адам Смит, Маркс). Олардың әрқайсысы үйлесімділікке жетудің өз үлгілері мен құралдарын ұсынды. Солардың ішінде екі концепция ғана нақты жүзеге асырылды: орталықтандырылған шаруашылық жүйесі мен нарықтық жүйе.

КСРО-дағы орталықтандырылған шаруашылық концепциясының негізін қалаған маркстік модельдің басты идеясы тепе-теңдікке, балансқа, демек, гүлденуге меншік туралы мәселені шешкен жағдайда ғана қол жетуі мүмкін деген пайымдау болғаны мәлім. Бұл модельге сәйкес бар бәле мынада: өндіріс құралдары буржуазияның қолында болып, ол жалдамалы қызметкерлерді қанайды, олардың еңбегінің нәтижелерін иеленеді. Пролетариат өзінің саяси үстемдігін буржуазиядан бүкіл капиталды тартып алып, бүкіл еңбек құралын мемлекет қолында орталықтандыру, сол арқылы өндіргіш күштердің санын неғұрлым тезірек көбейту үшін пайдаланады. Бұл жерде негізгі үйлестіруші әсер орталықтан реттелетін жалпыға бірдей молшылық орнайды деген идеалистік қағидаға негізделген еді, алайда оның өзі, уақыттың көрсеткеніндей, елде ауыр зардаптарға әкеліп соқты.

Осы теория негізінде үйлесімділікке жету мен дамудың социалистік моделі қалыптасып, қолданыла бастады, оған сәйкес макро- және микродеңгейдегі экономикалық жүйе субъектілері іс-қимылының бүкіл сценарийі осы саладағы барлық құбылыстар мен процестерді мемлекеттің реттеуіне негізделіп, бұған, өз тарапынан:

- өндіріс құралдарын жаппай мемлекеттендіру;

- еңбекті ұйымдастырудың әкімшілік әдістерін орнықтыру;

- экономикалық процестердің өзінен-өзі реттелуінен бас тарту есебінен қол жетті.

Бұл жағдайларда экономикалық жүйенің тіршілік-тынысын үйлестіру функциясы тек қана мемлекеттің ерекше құзырында болып, бұл функцияны көптеген директивалы көрсеткіштер, нормативтік актілер және т.т. арқылы өктемдік, әкімшілік құралдармен жүзеге асырды. Мемлекет кәсіпорындарға ие болып, оларға барлық негізгі және айналым қорларын өзі беріп отырғандықтан кәсіпорындар қызметінің ұзақ мерзімді саясатын да өзі белгіледі. Кәсіпорындар дербестігі тек қысқа мерзімді шұғыл-техникалық шешімдерге ғана қатысты болды. Ұзақ мерзімді шешімдердің бәрі тек жоғарыдан берілетін.

КСРО-да соңғы жылдарда болған оқиғалардың қатаң логикасы экономиканың тіршілік-тынысын үйлесімді етудің ең дұрыс жолы ретінде экономикалық жүйенің нарықтық концепциясын тануды қажет етті.

Орталықтандырылған шаруашылық концепциясынан айырмашылық – нарықтық экономикада үйлесімділікке жету процесі мемлекеттік аппараттың күш-жігерімен емес, жүйенің бір-бірімен экономикалық тұрғыдан өзара іс-қимыл жасаушы екі субъектісі - өндіруші ретінде кәсіпорын және тұтынушы ретінде отбасы тарапынан қамтамасыз етіледі.

Дамудың экономикалық концепциясын таңдау туралы мәселе Батыс Германия үшін де приципті маңызды болғанын атап өту керек, онда отызыншы жылдардан 1948 жылға дейін, яғни 10 жыл бойы, іс жүзінде жоспарлы шаруашылық болды (шикізат пен материалдарды рационадау, шығарылатын тауарлардың номенклатурасын регламенттеу, бағаны және жалақының жоғары деңгейін қаржыландыру, экспорт пен импорт саласындағы мемлекеттік реттеу).

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін «Қазіргі өнеркәсіп

қоғамына жұмыс істеуге қабілетті және сонымен бірге адам баласына лайық құрылым сипатын қалайша беруге болады?» деген сұрақ немістер үшін саясаттың құрылымын айқындайтын және бақылайтын басты элементіне айналады. Бұл сұраққа жауап әлеуметтік-нарықтық шаруашылық концепциясынан табылды, ол «рынокта болып жатқан процестердің сөзсіз екенін түсіну мен нарықтық шаруашылықтың бұл ұйымдық құрылымын әлеуметтік және қоғамдық прогреспен ұштастыруға тырысу арасындағы синтезге жету» әрекеті деп саналды.

Экономикалық саясаттың концепциясы ретінде әлеуметтік-нарықтық шаруашылық экономика мен қоғамның еркін, экономикалық жағынан тиімді, берік, әлеуметтік және әділ құрылымына жетуге бағытталған. Ол XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бас кезіндегі жүгенсіз капитализм мен КСРО типі бойынша экономика орталықтан басқарылатын жүйелер арасындағы «үшінші жол» деп саналды.

Алайда әлеуметтік-нарықтық шаруашылықтың осы мұрат-моделі Германияда әлі де болса толық көлемінде жүзеге асырылған жоқ. Динамикаға және құрылымдық қосымша құралға байланысты проблемалар әрдайым орын алып келеді (соның ішінде, нақты айтқанда, мына салаларда: өндіріс факторларының рыноктары мен тауарлар рыногындағы қатаң құрылым, жәрдемақының тым көп бөлінуі, рынок күштеріне бөгет жасайтын реттеулердің көптігі және атап айтқанда, мемлекет тарапынан әлеуметтік өнімнің тым көп пайдаланылуы). Оған тән барлық қасиеттерді жүзеге асыру бағыты экономикалық саясаттың тұрақты міндеті күйінде қалып отыр [20].

Егер шешімдер қабылданған кезде нарықтық реформаларды жүзеге асырудың дүниежүзілік тәжірибесі ескерілсе, реформалау нәтижелеріне талдау жасалса және оларды **(реформаларды) жүзеге асыру тактикасына шұғыл түрде түзетулер енгізілген болса, біздің** нарыққа көшу практика-

мыз үшін мұның өзі пайда болған көптеген проблемаларға жол бермеуге болатынын білдіреді. Алайда экономиканы реформалаудың және оның дүниежүзілік жүйеге енуінің Қазақстан Республикасы Үкіметі айқын мәлімдеген саясаты әзірше жоқ. Іс жүзінде капитализмнің жаңғыртылып жатқанын ғана көруге болады. Меншікті жекешелендіру және акционерлендіру жолымен ауыстыру, отандық тәжірибеміздің көрсеткеніндей, келеңсіз зардаптарға әкеліп соқты, оларды түзеу көптеген жылдар бойы теріс әсерін тигізетін болады. Бұған істің жүйесіздікпен қолға алынуы, экономиканы реформалау артықшылықтарының, несие-ақша саясатының, меншікті бағалаудың нарықтық механизмдерінің, өндірісті дамытудың дәлелді себептерінің жоқтығы себеп болды. Сондықтан жекешелендірілген кәсіпорындардың көпшілігі ескірген және тозған жабдықтар көп, айналым қаражаты мен қатаң салық саясаты жоқ жағдайда қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдалана алады деп ойлауға болмайды.

Нарыққа көшу процесін барлық өзгерістер мен нәтижелер туралы нақты ақпарат, елдің және халықтың әлеуметтік, экономикалық дамуының айқын белгіленген концепциясы жоқ жағдайда міндеттер мен бағдарларды жиі ауыстыра отырып жүзеге асыруға болмайтыны және оның бұлай жүзеге асырылуға тиіс емес екені мүлдем айқын болып отыр. Алайда уақыт күтпейді.

Бұл салада кешігу өте қауіпті, өйткені әлеуметтік тосын өзгерістерге әкеліп соғуы мүмкін. Өтпелі процестің көптеген элементтерін жеделдете түзеуге тура келеді. Жалпы алғанда, нарықтық қатынастарды дамытуда әрдайым сәтті болмаса да, белгілі бір тиянақты қадамдар қазірдің өзінде жасалды. Алайда экономика субъектісінің мүдделерін көздейтін реттегіш ретінде мемлекеттің іс-қимыл тұтастығына жету проблемасы шешілмеген күйінде қалып отыр. Батыл шаралар қажет. Экономиканы реформалау кезінде «қоғамдық жарасымдылық» концепциясын тіпті де «кабинет» режимі-

мен емес, ол елдің таяудағы жылдарда және ұзақ болашақта экономикалық және әлеуметтік дамуының сценарийін әзірлеу мен жан-жақты талқылау, таңдап алынған саясатты, баға жүйесін, салық және несие саясатын, халықтың әлеуметтік кепілдіктерін негіздеу жолымен әзірлеуге болады.

Сценарий әзірлеу алгоритмі жалпы алғанда мынадай болуы мүмкін:

1. Экономиканы реформалаудың басты мақсатын талқылау мен таңдау, соның ішінде елді дамытудың экономикалық және саяси жүйесін таңдау.

2. Қолда бар табиғи ресурстарды, ғылым мен техниканың басым дамытылуын, еңбек ресурстарының бар екенін және өндіргіш күштердің орналастырылуын ескере отырып, нарықтық экономиканың жұмыс істеу жүйесін ауызша сипаттау.

3. Экономиканы дамытудың экзогендік және эндогендік факторларын белгілеу.

4. Өндірісті дамытудың құрылымдық саясатын негіздеу.

5. Макроэкономикалық көрсеткіштерді белгілеу.

6. Қаржы және салық саясатын, сондай-ақ мемлекет қарамағындағы экономика секторларын белгілеу.

Экономиканы реформалаудың келешектегі концепциялық негіздерін әзірлеумен қатар экономика субъектілерінің өтпелі кезеңде аман қалуының мәселесі де өткір қойылып отыр, оны жүйеде тепе-теңдіктің жол беруге болатын ең төменгі деңгейі деуге болады, ол тепе-теңдік бұзылған жағдайда жүйе жүйе болудан қалады.

Дағдарысқа қарсы күресу мәселесі бүгінде экономиканың барлық салаларын қамтып отыр. Түрлі деңгейдегі шаруашылық буындарының жаңа шаруашылық жағдайларына, көбінесе қайткенде де бейімделуіне тура келіп отыр.

Аман қалуды бағдар еткен жүйеде салыстырмалы тепе-теңдік жасау жолдарын іздестіру қазіргі жағдайларда

өте күрделі. Өйткені жаңа тұрпаттағы кәсіпорындар қазірдің өзінде қалыптасып, жұмыс істеуде, олар өздерінің экономикалық мәні жағынан алғанда социалистік те, нарықтық та емес. Кәсіпорындар нарықтық үлгідегі ұйымдық құрылымның ресми құқықтық мәртебесін алып, өз жұмысының жалғастырылуын көбінесе өте тұрақсыз жағдайларда кез келген, тіпті де нарықтық емес әдістермен қамтамасыз етуде. Экономикалық ортаның экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігер өтпелі кезеңдегі шаралар жүйесінде айқындаушы сипат алып отыр. Өтпелі экономикаға тұрақсыздық өте тән екенін, ал өтпелі кезең біршама ұзақ уақытқа созылатынын ескерсек, біршама тұрақтылыққа жетуге мүмкіндік беретін, экономикалық жүйеде әлдебір дағдарысқа қарсы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін құралдар іздестіру қажет болады. Бұл үшін тұрақтандырушы шаралардың теңдестірілген кешені бағытында нақты қадамдар жасалып, техниканы түбегейлі қайта жаңарту, экономиканың құрылымын өзгерту негіз етіп алынуы тиіс, тұтыну тауарларын шығаруға бағдарланған қуатты өндірістік-техникалық кешен жасауға баса көңіл бөлінуі қажет. Реформалау бағдарламасы жалпы алғанда дағдарысқа қарсы бағытталуға тиіс. Дағдарысқа қарсы шаралар мемлекетте бар әкімшілік, заңдық және экономикалық тұтқаларға негізделетін болуы керек. Бұл жағдайда мемлекеттік саясат бірінші кезеңде экономикадағы ең күрделі қиғаштықтар мен сәйкессіздіктерді жоя отырып, бір орталықтан қолданылатын әкімшілік-құқықтық тұтқаларды, соның ішінде:

- халықтың бірінші кезектегі қажеттерін қанағаттандыратындай дағдарысқа қарсы қолдау көрсетілуін;

- басым өндірістерге дағдарысқа қарсы қолдау көрсетілуін;

- стратегиялық тауарлар экспортына мемлекеттік бақылау жағдайында сыни импорттың қамтамасыз етілуін сақтауға тиіс.

Республикада өтпелі процестер ауыр да қарама-қайшы күйінде қалып отыр. Нарықтық проблематика, өзіне тән ерекшелігі бар болғанымен, іс жүзінде Ресейдегідей. Республика экономикасы аса ауыр дағдарыста болып отыр, әр күн сайын үсті-үстіне жаңа проблемалар қосылуда, ал бұл тенденция экономиканы тұрақтандыру мәселесін барған сайын қиындата түсуде, мұның өзі іс-қимыл стратегиясына да, тактикасына да айтарлықтай түзетулер енгізуді қажет етеді. Ал біз өндіріс одан сайын құлдырап бара жатқан, ұлттық табыс кеміп, инфляциялық процестер үдей түскен жағдайларда жұмыс істеуімізге тура келеді. Дағдарысты құбылыстардың көбейе түсуі бағдарламалық нұсқамалар мен нақты іс-қимылдарға елеулі түзетулер енгізу қажет екені жайында айтуымызға мәжбүр етіп отыр.

Экономиканың қазіргі жағдайының себептері көп, олар туралы саясатшылар да, ғалымдар да айтып та, жазып та жүр. Сол себептердің көпшілігі – республиканың ондаған жылдар бойғы «социалистік» жолмен дамуының нәтижесі. Бірқатар факторлар республика экономикасының бұрынғы Одақ экономикасына барынша кіріптар болуына, Ресейдегі экономикалық реформаның бағыттары мен қарқындарына тәуелді болуына байланысты.

Біз Ресейде не істелсе, соның бәрін де бұлжытпай қайталап отырдық, бірақ бұл тәуелділік соншалықты лажсыз ба еді? Егер, ақшаның бір болғанын ескерсек, ақша айналымы, бағаны ырықтандыру саласында болған процестердің үйлесуін түсінуге болатын болса, басқа кейбір жағдайлар күмән туғызады. Ең алдымен үкіметте экономиканы түбегейлі реформалаудың ғылыми негізделген, республикамыздың нақты жағдайларына сәйкес стратегиясы мен бағдарламасы болған жоқ. Шалағай, көбінесе белгілі бір жердің аумағынан аспайтын шешімдер қабылданып, олар жағдайды көбінесе жақсартпайтын, оның үстіне кешеуілдетілетін, қабылданған шешімдерді жүзеге асыру ісінде жасқаншақтық байқалатын.

Мемлекет тарапынан жаңа экономикалық құрылымдар құру, кәсіпкерлік қызметтің барлық түрлерін кеңінен өрістету бағытында неғұрлым батыл күш-жігер керек, өйткені, көз жеткізіп отырғанымыздай, жаппай монополияландырылған экономика жағдайында бағаны ырықтандыру күткендегідей нәтиже бермейді. Бірақ біз бұл мәселеде де кешігіп отырмыз, басқалар қалай істер екен деп жалтақтаймыз. Принципінде қажетті заң актілері бар, тек олардың орындалуын, барлық басқару буындары тарапынан қолдау көрсетілуін қамтамасыз ету, кәсіпкерлікке қызмет көрсетудің бүкіл жүйесін, яғни нарықтық инфрақұрылымды жедел де шұғыл қарқынмен дамыту керек. Қазіргі ең бастысы – ұсақ рынок субъектілерінің қызметіне серпін беру керек, мұның өзі іскерлік белсенділіктің күрт артуына қол жеткізеді. Біздің қиыншылықтарымыз айқын, олар – шаруашылық байланыстарын тым орталықтандыру, кепілдемелік пен монополизм, сондықтан өнеркәсіп пен саудада қазір құлдырау шегінде тұрған ірі бірлестіктердің, трестердің ұсақталуы, ал бәлкім, тіпті, күштеп бөлшектенуі мүмкін.

Нарыққа апаратын жолдар туралы, оның, егер осылай деуге болатын болса, методологиясы туралы мәселе – ең қызу айтыстар тақырыбы. Бұл көкейкесті әрі қиын міндет.

Әкімшілік экономикадан нарықтық экономикаға осындай көлемде және осындай мерзімде көшудің дүниежүзілік практикада теңдесі жоқ. Барлық жерлерде рынок бірте-бірте қалыптасты, оның бір түрлері, элементтері бірте-бірте және орынды түрде неғұрлым прогресті басқа түрлермен және элементтермен ауыстырылды. Ал біздің күрт секірісімізді тек бір нәрсе – оның тұрмыс дәрежесінің төмендеуіне байланысты ықтимал зардаптарынан халықты қорғаудың егжей-тегжейлі ойластырылған механизмі ғана жұмсарта алады.

Нарыққа өту жағдайларында үкімет алдында тұрған басты проблема – бүкіл дерлік ұлттық байлықтың мемлекет меншігінде болып отырғанында.

Көптеген адамдардың ойынша, жедел жекешелендіруге, мемлекет меншігінен алуға үміт артуға болады. Шынында да, экономикасы дамыған түрлі елдердің тәжірибесі мемлекеттік меншіктің үлес алмағы 10-30 пайыздан аспауға тиіс екенін көрсетеді. Алайда, біріншіден, бұл процесс қалағанымыздай шапшаң болмайды, екіншіден, экономиканың қожырауы және кең көлемді жеке кәсіпкерлік тәжірибесінің болмауы жағдайында біз олай істей алмаймыз. «Идеологиялық тазалықты» сақтауға байланысты емес, ол көлікте, энергетикада, өндіру және өңдеу салаларында тұрақты жұмыс істеу қажет екеніне байланысты.

Жекешелендіру – күрделі де ауыр процесс, ол басшылардан көп күш-жігер жұмсауды және ерік-жігер көрсетуді қажет етеді. М.Тетчер өзіне «темірдей леди» деген сипаттама берілуіне көп жағынан алғанда нақ осы бағытты бұлжытпай жүргізуінің арқасында жетті, бұл бағыт үшін шынында да әдеттен тыс жеке қасиеттер қажет еді. Мемлекеттік темір жолдар мен порттарды жекешелендіру туралы мәселені қолға алу үшін оған он жыл қажет болды, жеке меншікті мемлекет қорғайтын елде осылай болып отыр!

Бұл процесті жасанды түрде жеделдетуге болмайды, сондықтан біз мемлекеттік кәсіпорындардың нарық жағдайларындағы сөзсіз тиімсіздігін бюджет қаражатынан өтеуге мәжбүр боламыз. Мұндай қажеттілік халық шаруашылығының қожырауын бірте-бірте жою жөніндегі қажеттіліктерден, ескірген негізгі қорларды тез арада және бір мезгілде жаңартудың мүмкін емес екендігінен туындайды, ал экономикалық дағдарыстан шығуға негізінен жеткізетін нақ осы фактор. Сонымен бірге экономиканы мемлекет иелігінен алу бағыты айқын болуға тиіс. Дамыған елдердің тәжірибесі халықтың белгілі бір бөлігі ғана белсенді кәсіпкер-меншік иесі бола алатынын, ал салықтың басым кемшілігі белгілі бір компаниялардың акцияларына ие бола отырып, жалдамалы жұмысшыларға айналатынын

көрсетеді. Бізде де жекешелендіру барысында мемлекеттік меншікті бөлу рынок қажет ететіндей меншік иелерінің болмауына бірақ жекешелендірілетін меншіктен өз үлесін алып, оны өзінің қалауынша пайдалануына әкеліп соғады. Жекелеген өндірістердің акционерлік фирма, яки ұжымдық меншік түрінде өмір сүре білуі, бірақ экономиканы негізінен тиісті деңгейге жігерлі, өркениетті кәсіпкерлердің көтеруі әбден ықтимал.

Кәсіпкерлер үшін бастапқы жағдайлар жасау, нарықтық инфрақұрылымды дамыту мемлекеттің аса маңызды міндеті болуға тиіс, өйткені экономикалық реформаның қазіргі кезеңі жекешелендіру белгісімен өтуге тиіс.

Мемлекеттің қатысуынсыз кәсіпкерлік қызметті банк және қаржы-несие жүйесінде мемлекеттік секторды, капиталдың банктер, инвестициялық және холдинг компаниялары, қор биржалары арқылы еркін өтуін едәуір ұлғайту, кәсіпкерлерге қаржы ресурстарына жол ашылуын қамтамасыз ету арқылы қаржыландыру, несиелеу және сақтандыру жүйесін (шағын бизнестің қажеттерін ескере) қалыптастыру іс жүзінде мүмкін емес. Кәсіпкерлік қызметті ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесі, заңдардағы өзгерістер туралы, қолда бар тауарлар және олардың қозғалуы, бағалы қағаздар рыногының жайы туралы шұғыл түрде хабарландыру қажет. Қызметтің басты бағыттарын бөле отырып, салық жеңілдіктерін орнықтырудың, коммерциялық банктердің несиелері бойынша кепілдік жүйесін, коммерциялық тәуекелді сақтандыру компанияларының жүйесін жасаудың, аймақтық, салалық инвестициялық компаниялар құрылуын ынталандырудың, халыққа қарасты бағалы қағаздармен операциялар жүргізілуінің зор маңызы бар.

Сонымен, реформалардың қазіргі кезеңіндегі аса маңызды мәселесі – меншік қатынастарын жаңғырту. Бөлу жүйесін, соның ішінде оның соңғы тұтқасы – директивалы баға белгілеуді жойып, монополияға қарсы

сипаттағы жаңғыртуларды тек меншік қатынастарын өзгертумен бір мезгілде ғана жүзеге асыруға болатынын көрдік. Үкіметте, біздің ойымызша, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің айқын бағдарламасы болған жоқ. Ол құрған концерндер, бірлестіктер, қауымдастықтар жекешелендірудің барысын тікелей және жанама түрде тежеп отыр, мұны облыстар бойынша жекешелендіру практикасы туралы анықтамалардан көруге болады.

Жүргізіліп жатқан бағыт кесек-кесегімен жекешелендіру, «номенклатуралық» жекешелендіру үшін барлық жағдайлар жасап отыр. Оны беретін бей-берекет еңбек рыногы, онда жұмыс күшін (жалданбалы жұмысшылар) сатушылар көп те, оны сатып алушылар (өндіріс құралдарының иелері) тым аз болады. Концепциялық көзқарастарға өзгерістер енгізу, заңдардағы қайшылықтарды жою, осы мәселелермен шұғылданатын ұйымдық құрылымдарды оңтайландыру қажет. Нарықтық экономика элементтерін енгізудің барлық әрекеттері монополияландырылған нарықтық емес ортаның қарсылығына тап болып отыр. Монополизмге қарсы күресудің тиімді жолдарының бірі – шағын бизнесті дамыту.

Үкіметтің, үкіметтік емес ұйымдардың, фермерлер топтарының, селолық қауымдардың үлесін ескере үлгі жобалар әзірлеу керек. Ол жобалар ауыл шаруашылығының өзін де, сондай-ақ шағын село индустриясын, денсаулық сақтауды, білім беруді, бүкіл әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселелерін қамти алар еді. Мұндай жобалардың артықшылығы мынада: олар жергілікті кадрларды оқытуға, селолық қауымдар, фермерлер қауымдастықтары үлгісіндегі, дамудың жаңа, адамдардың еркін таңдауына, мүдделеріне, белсене қатысуына, жауапкершілігіне негізделген моделіне көшу үшін қажетті құрылымдар қалыптастыруға мүмкіндік берген болар еді. Жобалардың үлгі сипаты оларды тең мекендерде қайталап, шаруашылықтарды бірінен соң бірін жемісті қызметке жұмылдыруға мүмкіндік туғызар еді. Селолық

аудандарды шағын бағдарламалардың көмегімен дамыту мемлекеттік саясаттың ондай жобаларды көтермелеп, ынталандыруын қажет етеді.

Экономиканы реформалау нәтижелері көп жағынан алғанда оны басқару проблемасымен байланысты. Бұл мәселедегі жағдай барған сайын шиеленісіп келеді. Үкімет, алғаш қарағанда, экономикалық жағынан пайдалы, бірақ қысқа мерзімді шешімдерді жоғары бағалап, ұзақ мерзімді шешімдерді назардан тыс қалдыруда. Ол негізінен өз мәселелерін өз алдына оқшау шешетін салалық министрліктер түрінде ұйымдастырылған. Әміршіл экономика құрылымдары атауларын оп-оңай нарықтық атауларға ауыстырып, сапалық тұрғыдан алғанда елеулі өзгерістер бола қойған жоқ. Нарықтық қатынастардың дамуына қарай республикалық басқару органдарында орталықтандырылған функциялардың барған сайын аз қалып жатқаны, көптеген функциялардың жергілікті жерлерге және нарықтық құрылымдарға беріліп жатқаны, министрліктердің функциялары өзгеріп, нұсқау және бөлу сипатында болмай, талдау мен болжау, үйлестіру мен бақылау сипатына ие болуға тиіс екені белгілі.

Үкімет проблемаларды бүкіл жағдайды бақылауға әрекеттене отырып шешуге бейім, ал проблемалар сипаты орталықсыздандыруды қажет етеді. Қалыптасқан жүйе өз уақытының қажеттеріне сай келді, енді жаңа қажеттер пайда болған сайын жаңа органдар да пайда болуда, мұнымен бірге олардың функцияларын жауып тастауға және өзара іс-қимылға аз көңіл бөлінуде, әрбір орган өз мүдделерін қорғауға ұмтылуда. Басқару проблемаларының күрделілігі процеске қатысушылар: партиялар, кәсіподақтар, үкіметтік емес ұйымдар, бейресми топтар санының көбеюі нәтижесінде арта түсуде. Басқару ендігі жерде үкімет монополиясы бола алмайды, ал оның тиімділігі басқарушы жүйенің шешімдер қабылдау процесіне жаңа қатысушыларды іріктеп қосу

қабілетіне барған сайын байланысты. Мәселелердің бірі – салалық саясатты интеграциялау үшін жақсы механизмнің қажет етілуі. Бүгінде көптеген проблемалар көлденең сипатта болып, үкіметтің тік құрылымдары арқылы өтуде. Мұның өзі ондай проблемаларды бөліктері бойынша, бірінен соң бірін шешуді қажет етеді. Жалпы саясат нәтижесінде кешенді, келісілген саясат болып табылады және онда мемлекеттік мақсаттарды айқын білдіру механизмі болмайды. Реформаларды кадрлармен қамтамасыз ету қажет: ескі кадрларды жаңа әдістерге қайта үйрету қиын, сондықтан барлық деңгейлердегі кадрларды ұзақ уақыт бойы ауыстыруды шын-дап қолға алу керек.

Республикада нарықтық қатынастар дамуының қазіргі кезеңіне барынша тән ерекшеліктер міне осындай. Оларға жан-жақты баға берілді деген ойдан аулақ бола отырып, ең алдымен, нарықтық қатынастар механизмін белгілеуде принципті позициялар ұқсастығын атап өту қажет. Осы салада ғылыми және практикалық тәжірибе алмасудың республикада өтпелі кезең міндеттерін шешу үшін пайдалы болатыны күмәнсіз.

1.2 Қазақстандағы экономикалық реформалардың жайы және барысы

1.2.1 Үкімет бағдарламасын сараптау

Республикада жүргізіліп жатқан экономикалық реформалар және оларды жеделдету мен жақсарту бағдарламаларын жүзеге асыру күткендегідей әлеуметтік-экономикалық нәтижелердің бәрін бірдей берген жоқ. Ең алдымен инфляцияны және өндірістің құлдырауын толық дәрежеде жою мүмкін болмады.

Дағдарысқа қарсы шаралардың орташа мерзімді болашаққа (1993-1995 жылдарға) арналған бірінші

бағдарламасында инфляцияны жарамды деңгейге дейін төмендету өндірістің құлдырауын тоқтатуға және 1995 жылдың аяқ кезіне дейін оның өсуі үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді деп болжаған болатын.

Алайда 1993 жылы инфляция деңгейі 2265 процентке жетті. 1994 жылдың орта тұсында ауыр жағдай қалыптасты: оның бірінші жартысында 1993 жылғы деңгейден бір ай (наурыз) ғана төмен болмай, бұл «қарқын» үдей түсті де, алдыңғы жылдағы 116,1 процентпен салыстырғанда мамыр айында 133,8 процентке жетті. Инфляциялық процестің үдей түсуі өндірістің күрт құлдырауына әкеліп соқты. Сөйтіп, экономикалық реформаларды дағдарысқа қарсы шаралардың 1993-1995 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша одан әрі жүзеге асыру мүмкін емес екені 1994 жылдың орта тұсында айқын болды. Бұл жағдайларда ел президенті Н.Ә.Назарбаев Республика Министрлер Кабинетінің жұмысына өте қатал баға беріп, оның басшылығын ауыстырды.

Сонымен бір мезгілде экономикалық реформаларды жеделдетудің жаңа бағдарламасы енгізіліп, оны 15 айда (1994-1995 жж.) жүзеге асыру белгіленді. Бұл бағдарламаның да негізгі мақсаты инфляцияны, өндірісті тұрақтандыру мен жандандыру үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік беретіндей деңгейге дейін төмендету болды.

Бағдарламаны басты орындаушылардың бірі 1994 жылғы қазанда былай деп мәлімдеген еді: «Осы жылдың аяғына дейін инфляцияны айына 7 процентке дейін төмендетпек ойымыз бар. Келесі жылға келетін болсақ (1995 жыл – факторлар жайында айтылып отыр), макроэкономика авторларының іс-қимылдарын инфляцияны сәуір айына дейін (1995 жылғы - автор) айына екі немесе тіпті бір процент деңгейге дейін жеткізетіндей етіп ұйымдастыру көзделіп отыр, оның өзі Stand-by бағдарламасының ережелеріне сәйкес келеді. Бұл цифрлар сондай-ақ Мадридте Қазақстан делегациясының қатысуымен

болған кездесулерде әзірленген құжаттарда да жазылған. Біз жағдайға қарап қадам жасамай, оны қалыптастыруға тиіспіз, біз бұған қабілеттіміз» (Панорама, № 40, 1994 ж.).

1995 жылғы алдын-ала деректер инфляция деңгейінің бағдарламада көзделгендегіден жоғары болғанын көрсетеді. Өндірістің құлдырауын да тоқтату мүмкін болмады. Егер өндіріс құлдырауының қарқынын қадағалайтын болсақ, 1992 жылы өндірістің құлдырауы біршама тұрақты болған, 1990 жылмен салыстырғанда 14,6%, 1993 жылы - 28%, 1994 жылы - 48%, 1995 жылы - 57% болған.

Осы фактілерге орай бізді үкіметтің орта мерзімді жаңа бағдарламасында да инфляцияның жылдық қарқыны 9-12 процентке дейін төмендетілуі 1997 жылдың аяғына дейін қалдырылғаны ерекше алаңдатады. Мұның өзі: **егер үкімет өзінің ескі принципін ұстанатын болса (ең әуелі тауар өндірісін жандандыруға мүмкіндік беретін макроэкономикалық тұрақтандыру, ал оның өзі 9-10% жылдық инфляция жағдайында мүмкін болатын нәрсе), онда отандық тауар өндірушілер 1998 жылға дейін жанданады деп күтпесе де болады**, деген сөз.

Бірқатар салаларда іскерлік белсенділіктің жандануына біз алданбауымыз керек, дегенмен мұндай нышандарды құптамаққа болмайды. Қазақстанның бірде-бір саласы әлі де болса дағдарыстан шыққан жоқ және тұрақты даму дәрежесіне жеткен жоқ, ал халықтың күнделікті қажеттерін қамтамасыз етуші жеңіл және тамақ өнеркәсібі сияқты салалар «тұңғыыққа» одан әрі құлдырауда. Мәселен, 1995 жылдың сегіз айы ішінде ғана жеңіл өнеркәсіп өндірістің тағы да 68 процентінен, ал тамақ өнеркәсібі - 39,5 процентінен айырылды. Отандық тұтыну тауарлары өндірісіндегі шығын олардың ішкі рыногынан да айырылып қалуға әкеліп соғады да, онда әрдайым сапалы бола бермейтін импорттық көпшілік қолды тауарлар бірден қаптатылады, сөйтіп болашақта бұл салаларды қалпына келтіру мүмкіндігінен айырады.

Азық-түлік тауарлары өндірісінің кемуі бізді ерекше маңыздандырады: 1994 жылдың сегіз айымен салыстырғанда 1995 жылғы қаңтар-тамызда ет өндіру - 33,7%, шұжық тағамдары - 40,1%, сүтке шаққанда қаймағы алынбаған сүт өнімі - 45,2%, сары май - 34,1%, нан және нан-тоқаш тағамдары - 43,2% кеміген, **яғни Қазақстан үшін дәстүрлі жоғары сапалы азық-түлік өнімдерін өндіру ең жоғары қарқынмен төмендеп, тамақтану құрылымы өзгеруде. Мұның өзі болашақ ұрпақтардың денсаулығына әсер етуі мүмкін.**

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1995 жылдың 9 айы ішінде алдыңғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 19% болды, яғни ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру бестің біріндей кеміді. Егін жинау қызған кезде егін жинайтын техниканың 21 проценттен 29 процентіне дейіні, механикаландырылған астық қырмандарының 28 проценті жұмыс істеген жоқ.

1996 жылы егін жинауға ауылшаруашылық техникасының жартысынан азы қатысты. Жаңа техника сатып алу туралы айтпағанның өзінде, қолда бар техниканың өзін қалпына келтіре алмадық. Егер тағы да бірнеше жыл осылай жалғасатын болса, онда біз ауа райы қолайлы жағдайлардың өзінде республиканың ауылшаруашылық қуатын таяу болашақта қалпына келтіре алмаймыз. Техника жаңартылып жатқан жоқ, ал оның 50 проценттен астамы тозған.

Мал санының кемуі ерекше алаңдатады. Өткен жылдың осы кезеңімен (1 қыркүйек) салыстырғанда, 1995 жылы ірі қараның жалпы саны 17%, соның ішінде сиыр - 10%, қой - 21%, шошқа - 26%, жылқы - 8% және құс - 40% азайған. Малдың өнімділігі де кеміді.

Бұл фактілерге селқос қарауға болмайды, өйткені мал село халқының, әсіресе жергілікті халықтың әл-ауқатының негізі болып келді және болып отыр. Егер біз бұл процесті тоқтата алмасақ, кейін республикада азық-түліктің қалыпты

тепе-теңдігін өте ұзақ уақыт қалпына келтіруімізге тура келеді. Бұл параграфта жұмыс тобы менің басшылығыммен әзірлеген «Экономиканы дағдарыстан шығару және бұл процесті заңмен қамтамасыз ету» деген кітапша материалдары пайдаланылды [11].

1.2.2 Реформа қарқыны неліктен баяу

Нарықтық реформаларға балама жоқ екенін біз мойындап отырмыз. Алайда республиканың өркениетті нарыққа кіруі ұзаққа созылып барады, мұның өзі экономикалық реформалардың өзіне қауіп төндіріп отыр. Кешеуілдеудің нақты себептері көп, бірақ қазір әңгіме олар жайында емес. Кезінде (1994 жылдың бас кезінде) біз реформаларды жүзеге асырудың себеп-салдарларына егжей-тегжейлі талдау жасауға тырысқан едік («Өрге басу стратегиясы және экономикалық дағдарыстан шығу тактикасы», Алматы, 1994 ж.) [8].

Онда біз қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларында реформаларды жеделдету, оларды, әсіресе экономикалық реформаларды заңмен қамтамасыз ету жолдарын өзімізше көрсеткен едік. Бірақ олар, көптеген идеялар осы күнге дейін маңызын жоймағанымен, елеусіз күйінде қалды. Сондықтан проблемалардың шешімі жөніндегі өз көзқарасымыздың басты идеяларын қайталауымызға және соның негізінде макроэкономикалық сәйкессіздіктерге микроэкономикалық анықтама беруге тура келіп отыр:

1. **Экономиканың қазіргі дағдарысты жағдайларында мемлекеттік басқару тактикасына министрліктер мен ведомстволардың осы бағыттардағы іс-қимылдарына талдау жасауды және оларды экономикалық тұрғыдан реттеуді күшейту жағына қарай түзету енгізетін мезгіл жетті.** Ең алдымен баспа-бас айырбастың экономикалық себептерін анықтау және өндірістегі, тауар бөлу мен

айырбастаудағы нарықтық қатынастардың үзілген тізбегін қалпына келтіру қажет. Экономикаға мемлекеттің ықпал ету тұтқаларын жүйелеуге мүмкіндік беретін және министрліктер мен ведомстволардың экономикалық қызметінің барлық салаларын қамтитын индикативті жоспарлау бұл бағыттағы шешуші әдіс болуы мүмкін.

Әңгіме үкіметтің реформаларды жеделдету жөніндегі бағдарламасында алға қойылған нақты мақсаттарға министрліктер мен ведомстволардың, жергілікті өкімет органдарының жетуі жөніндегі олардың әрқайсысының өзара іс-қимылының алгоритмдерін белгілейтін нақты (сапасы мен саны белгіленген) жүйелі құралдар жасау жайында болып отыр.

Республикалық және жергілікті өкімет органдарының үкіметтің екі бағдарламасы бойынша үш жылғы жұмысы **экономикалық реформалардың жүзеге асырылуы үшін жауапты республикалық министрліктер мен ведомстволар жұмысты жекедара, көбінесе өз мүдделерін көздеп, іс-қимылдарын өзара үйлестірместен және, ең жаманы, бір-бірінің мақсат-мүдделерін ескерместен жұмыс істейтінін көрсетті.**

Мәселен, Экономика министрлігінің бұрынғы басшылығы 1993 жылы жоспарлаудың әжептәуір тетігін жасаған болатын, бірақ ол тәжірибе көрсеткендей, мүлдем пайдасыз болды. Ішкі жалпы өнімнің 1994 жылға арналған макроболжамы үш нұсқада белгіленіп, олардың ең жоғарғысы 195 млрд. теңге болды. ІЖӨ-нің нақты көлемі 462 млрд. теңгеге жетті. «Жаңсақтық» 240% болды. Айналымдағы ақша массасы өсімінің сол жылға арналған макроболжамы ХВҚ-мен бірлесе 1,5-2 есе болып белгіленген еді, болжамдағы нақты жаңсақтық - 6 еседен астам. Көтерме және тұтыну бағаларының болжамдары да қате болды.

Бірақ бұл жерде әңгіме бұл министрліктің 1993 жылғы жағдайларда жіберілген жаңсақтықтары жайында емес, ал

қалыптасатын экономикалық жағдайға жедел көңіл бөлу құралының жоқ екені, пайда болатын теріс процестерді реттеудің рынок жағдайларына барабар әдісінің жоқ екені жайында болып отыр. Келтірілген фактілер біздің «реформаторлар» өз алдына өздері қойған мақсаттарға қол жеткізуге үйренбегенін көрсетеді. Сұраныс пен ұсыныстың нарық арқылы өзінен өзі теңдестірілетініне үміт арту алдағы уақытта да жайсыз жағдайда қалдыруы мүмкін.

2. Рынок реттеу құралы емес, ол болып жатқан экономикалық процестердің индикаторы ғана, ол туралы ақпарат тауар өндірушілер үшін де, сондай-ақ министрліктер мен ведомстволар үшін де қажет, олардың әрқайсысы сол ақпарат негізінде үкіметтің бағдарламалы іс-қимылдары шеңберінде белгіленген өз мақсаттары мен мүдделеріне сәйкес шешім қабылдайды.

Біз осындай қарапайым ақиқатты қайталауға мәжбүр болып отырмыз, өйткені мерзімді баспасөзде осы жолдардың авторын бір орталықтан жоспарлауды жақтаушы рынокқа және нарықтық қатынастарға қарсы шығушылар, түрлі құралдарды: индикаторларды, тұрақтандырушы және реттеуші құралдарды ұнататын технократ етіп көрсететін сын мақалалар болған. Оның астары қайдан екені де белгілі.

Ал біздің айқындамамыз **мемлекеттің реттеуінсіз нарықтық экономиканың жұмыс істей алмайтынына** негізделген. Қазіргі нарықтық экономикада жақсы үкімет бағдарламасының болуы жеткіліксіз. Нарықтық процестерге ықпал жасаудың пәрменді құралдарынсыз ондай бағдарламалар түкке де жарамайды. Оған қоса бағдарлар болуы, сол бағдарлардан ауытқуды көрсететін индикаторлар болуы керек. Осы құралдарды әзірлеу мен іске қосу рыноктың емес, үкіметтің ісі. Сонымен бірге олар үкімет үшін де, рынок субъектілері үшін де «ойын ережелерін» белгілейтін заңдармен немесе басқа да нормативтік актілермен баянды етілуге тиіс. Заңдар әзірлеу мен қабылдау да мемлекеттің ісі. Осы ап-айқын ақиқатты түсінбегенімізше реформаларды

қажетті бағытта жылжыта алмаймыз.

3. Жапонияда, мысалы, аймақтардың экономикасын ғана реттеу үшін 20-дан астам заңдар қабылданған, мемлекеттің 10-нан астам институттары аймақтарды дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеп, олардың орындалуын бақылайды. Аймақты дамыту заңдары атауларының өзі көп нәрсені аңғартады: «Автомобиль жолдарын салу жөніндегі төтенше шаралар туралы», «Арнаулы порттарды жабдықтау жөніндегі ерекше шаралар туралы», «Сол порттарды жабдықтау жөніндегі жұмыстарды ерекше қаржыландыру туралы», «Тюбу аймағын дамыту туралы» және т.т.

Жапонияда осы заңдар негізінде мемлекет барлық аймақтық жобаларды жүзеге асыруға белсене қатысып, күрделі қаржының жалпы көлемінің 20 пайызға дейінін қосады, сол арқылы жеке меншік компанияларға жол ашады. Жеке меншік сектор өз тарапынан аймақтарды дамытудың мемлекеттік жобаларын елеусіз қалдыра алмайды, өйткені ол жобалар оның мүдделерін көздеп жүзеге асырылады және елеулі үкімет тапсырыстары жасалуына себеп болады. Аймақтық жобаларды жүзеге асыруға қосыла отырып, жеке меншік сектор түрлі жеңілдіктер, несиелер және заемдар алу ісінде үкіметтің қолдауына үміт арта алады.

Аймақтардағы адамдардың жалпы әл-ауқаты үшін, бір жағынан, мемлекеттің рынокты реттеуінің механизмі және, екінші жағынан, мемлекет пен кәсіпкердің тең құқықты әріптестігінің механизмі дегеніміз принципінде міне осы.

4. Қазіргі кезде экономиканың жалпы жұрт таныған «өлшемдері» ең төменгі күнкөріс деңгейі, ең төменгі тұтыну бюджеті, ең төменгі зейнетақы, ең төменгі жалақы, жұмыссыздық шегі сияқты **әлеуметтік** индикаторлары бюджет тапшылығының деңгейі, ақша эмиссиясының жалпы массасы, жалпы ұлттық өнім өсімінің қарқыны, капитал тиімділігінің шекті нормасы сияқты **макроэкономикалық,**

кәсіпорындар кірістілігі мен рентабельділігінің деңгейі, өндіріс банкроттығы мен залалдығы өлшемдерінің, себептерді ашып көрсетудің жүйесі сияқты **микроэкономикалық**; аумақтардың қаржы-ақша ресурстарымен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерімен, көлікпен, коммуникациялармен, ағарту және денсаулық сақтау объектілерімен қамтамасыз етілуі сияқты **аймақтық**; сыртқы сауда сальдосы, экспорттық мәмілелер сертификаты (көлем, номенклатура, сапа, жеткізілім құны және орындау мерзімі), арнаулы экспорттаушылардың және басқа да экспорттық ұйымдардың валюта түсімін қайтаруын бақылау сияқты **сыртқы экономикалық** индикаторлар болып отыр және т.т.

Макроэкономикалық процестердің реттеушілері («шинасы») баланстық және оңтайландырушы есептердің көмегімен талдау жасау мен болжау әдістемесі, әдісі және алгоритмдері болып табылады. Нарықтық экономика жағдайларында методикалық және талдау жұмыстарының, нормативтік және заңдық актілердің, экономиканың сан қорсеткіштерін есептеу процедуралары мен алгоритмдерін жасау механизмдерінің рөлі өлшеусіз арта түседі. Бірекі индикатордың көмегімен макроэкономикалық реттеу мүмкіндігі туралы баспасөзде жиі пайда болып жүрген пайымдаулар, жұмсақтау айтқанда, қисынсыздық.

5. Реформалардың ілгері басуына қарай біздің көршілерде мемлекеттік реттеудің өзіндік нысандары пайда болуда. Мысалы, Ресейде Еуропалық қайта құру және даму банкінің көмегімен Мурманск және Архангельск облыстарында, Карелияда аймақтық даму қорларын құру белгіленген. Орта мерзімді перспективаның жаңа бағдарламасына сәйкес бізде де басқарудың міндеттері мен функцияларын орынды түрде орталықсыздандыру көзделіп отыр. Экономиканы реттеу функцияларын атқарушы биліктің республикалық және жергілікті деңгейлері арасында бөлу көптен бері қажет болып

отыр. Мынадай нұсқа ықтимал: республикалық басқару органдары мемлекеттің аймақтық саясатының концепциялық және стратегиялық ережелерін және тиісті индикаторларды белгілейді. Ал жергілікті органдар сол индикаторлар шеңберінде стратегияны жүзеге асырады, ал жергілікті маңызы бар әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу тактикасын олар өздерінше белгілейді.

Бұдан жасайтын тұжырым: үкіметтің бағдарламалық іс-қимылдарын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырудағы ең бастысы – бағдарламаның басты міндеттеріне, кезеңдеріне сәйкес белгіленген айқын бағдарламалар көмегімен оның құрылымдарының іс-қимылдарын үйлестіру, олардың орындалуын бақылау.

6. **Қалыптасқан жағдайларда мемлекеттік реттеу жүйесін, отандық ғылыми кадрлармен тиісті жұмыс жүргізілмейінше**, сапалы жаңа деңгейге көтеру мүмкін емес. Ғалымдардың тек шетелдік консультанттарға бағдар жасау, тәжірибелі кадрлардың қызметінен бас тарту (олардың ескіше ойлайтынына байланысты болар?) қате болды. Жаңа кезеңде аға ұрпақтық тәжірибесін жастарды ұсынумен тиімді ұштастыруға бағдарланған макроэкономикалық процестерді басқаруға жаңа кадр саясаты керек. Республикада нарықтық «экономика саласында...» ғалым экономистер жоқ деп жазғыру орынсыз: республикада нарық заңдарымен қатар, сондай-ақ, ең маңыздысы, Қазақстан экономикасын, оның халқын, әдет-ғұрпын, дәстүрін және басқа да ерекшеліктерін білетін ғалым экономистер жеткілікті, мұның өзі экономикалық реформалар жасау үшін өте маңызды.

Республиканың өте арзан ғылыми потенциалының белгілі деңгейде қажет етілмей отырғаны таңдандырады (олардың көбінің шетелдік тәжірибені егжей-тегжейлі зерделеп, республикада қолдануы үшін азын-аулақ қаражат керек). Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі де, Білім министрлігі де, Экономика министрлігі де, Ғылым академия

сы да талдау жұмысымен шұғылдануға және заң шығаруға қабілетті ғалым-экономистерді, заңгерлерді және басқа мамандарды іріктеуге бір рет те әрекеттенбеген. Өзіміздің ғылыми потенциалды одан әрі елемеу республикаға, әсіресе шетелдік мамандардың «техникалық көмегі» кеміп келе жатқан кезде, өте теріс әсер етуі мүмкін.

7. Қазақстан экономикасын реформалау проблемаларының кешенді шешу жолдарын біз **II тарауда келтірілген «Жаңа экономикалық саясат концепциясында» баяндадық.** Ондағы басты идея - барлық меншік нысандарындағы отандық тауар өндірушілерге іріктеп қолдау көрсету идеясы өз маңызын жойған жоқ. Керісінше, макроэкономикалық процестердің тұрақтануына қарай бұл идеяның мәнділігі арта түсуде, өйткені Қазақстанда экономиканың барлық бірдей секторларына қолдау көрсететіндей қаражат жоқ. Концепцияны үкімет қабылдамағанымен, бұл жұмыс босқа кеткен жоқ деп санаймыз. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1995 жылғы ақпанның бас кезінде «Экономикалық реформалардың жаңа кезеңі және 1995 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамдары» деген атпен әзірлеген байыпты құжатта Жаңа экономикалық саясат концепциясын әзірлеушілер қозғаған көптеген мәселелер қамтылған. Өкінішке қарай, қозғалған проблемалардың кешенді сипаты, олардың өзара байланысы ескерілмеген.

1996 жылдың бас кезінде Республикада жаңа жағдай қалыптасып келеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимылдарының 1996-1998 жылдарға арналған жаңа орта мерзімді бағдарламасы қабылданды.

Біз үшін ең бастысы – мемлекеттік органдар өз іс-қимылдарын үйлестіруге тиісті дағдарысқа қарсы бағдарламаның бар екенін ұмытып, бюрократтық ойындарға көшкен бұдан бұрынғы бағдарламаның кебін кимесе екен.

Гәп жаңа бағдарламаның мінсіздігінде емес, ол белгіленген шараларға қол жеткізілуге тиіс екенінде, мұның өзі барлық қазақстандықтардың күшін еселеп, сенімін нығайтады.

1.2.3 Экономикалық реформаларды 1996-1998 жылдары жүзеге асыру шарттары

Экономиканы реформалаудың табысты болуы бағдарламалардың, жоспарлардың сапасына ғана байланысты емес. Ол үшін бағдарламалардың жүзеге асырылуы өздерінсіз мүмкін болмайтын белгілі бір жағдайлар жасалуға тиіс.

1995 жылдың екінші жартысында Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың күш салуымен экономикалық реформалардың заң негіздерін жақсарту жағына қарай белгілі бір бетбұрыс жасалды. Ел Конституциясы қабылданып, биліктің үш тармағының функциялары айқындалды, Президенттің «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» заң күші бар Жарлығы шықты, Парламенттің екі палатасының сайлауы өткізілді. Үкімет құрылымы едәуір жақсарды, Президент пен Үкімет аппараттары өкілеттіктерінің ара жігі ажыратылды. Ең бастысы, Үкіметтің алдағы үш жылғы іс-қимыл бағдарламасы елеулі жаңартылып, онда экономикалық реформаларды тереңдету мен жеделдету міндеттері белгіленді.

Енді Парламент осы оң жұмысқа дереу, мемлекеттік құрылымдардың реформалардың заң негізін қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің шырқын бұзбастан қосылуға тиіс.

Келесі шарт – бағдарламаны Үкіметтің өзінің ережелермен қамтамасыз етуі. Үкімет аппараты басшысының нарықтық реформаларды жеделдету үшін атқарушы билік органдарының бірлескен іс-қимылдарының мақсатты концепциясын жасаудың жеткіліксіз екені жөніндегі пікірімен келіспеуге болмайды. Министрліктер мен ведомстволардың, облыс әкімдері мен басқа да жергілікті билік мекемелерінің алдын-ала белгіленген функцияларына сәйкес оларды жүзеге

асыру жөніндегі жүйелі жұмыс керек. Министрліктер мен ведомстволардың айқын белгіленген, олар туралы тиісті Ережелерде тиянақталған мәртебелері, әрбір министрлік пен ведомствоның нақты, Үкіметтің іс-қимылы бағдарламасы арқылы үйлестірілген мақсатты іс-қимыл (нені қашан жүзеге асыру керек екені көрсетілген) бағдарламасы ғана Үкімет бағдарламасын жүзеге асыру мүмкіндігін арттыра түседі. Күнтізбелік жұмыстардың мұндай кестесінсіз бұл Үкімет бағдарламасы да бос үміт күйінде қалады.

Орта мерзімді болашаққа (1996-1998 жж.) арнап қабылданған бағдарлама жөнінде мынаны айтуға болады: ол реформаның осыдан бес жыл бұрынғы міндетін - инфляция деңгейін 1997 жылдың аяғына дейін 9-12 процентке дейін төмендету міндетін тағы да алға тосып отыр. Мұндай мардымсыз болжам жасалуын бұдан бұрынғы бағдарламаларынан аузы күйген үкіметтің сақтануымен түсіндіруге болады. Институтциялық жаңғыртулардың күрделілігімен де, көптеген микроэкономикалық проблемалардың шешілмеген күйінде қалуымен де түсіндіруге болады.

Олардың біріншісі - республика экономикасының басты орнықтырушысы - өнеркәсіпті тұрақтандыру тенденциясының қалыптасуы, Республика басшылығы 1995 жылдың аяқ кезінде агроөнеркәсіп саласында жасаған батыл іс-қимылдар (ҚР Президентінің «Селоға мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы», «Жер туралы», «1996-1997 ж. республика агроөнеркәсіп комплексі» жарлықтары, ауылшаруашылығы қызметкерлерінің республикалық кеңесі), аумақтық өкімет органдарының құқықтары мен жауапкершілігін күшейту жөніндегі шұғыл шаралар, мемлекеттік биліктің салалық құрылымдарын реформалау және кейбір басқа да шаралар.

Екіншісі - рынок үлкен мемлекеттік базар емес екенін барлық жерде бірдей (орталықта және жергілікті жерлерде) түсіну, демек, жоғарғы және жергілікті атқарушы

билік органдарының бірінші дәрежелі міндеті кең көлемді жаймабазарлар ұйымдастыру мен өздері үшін әлсін-әлі институтциялық жаңғыртулар жүргізу емес, ал пайда болып келе жатқан нарықтық қатынастарға қолдау жасау және олардың дамуына мемлекеттік жәрдем көрсету мақсатында мемлекеттік реттеу функциясын жүзеге асыру екенін түсіну және ұғыну. Президенттің «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығында министрліктер мен ведомстволар жұмысы принциптерінің нақтылы көрсетілуі соның мысалы.

Үшіншіден, министрліктер мен ведомстволар, жергілікті әкімшілік аппараттары шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларында сонда да болса белгілі бір жұмыс тәжірибесін жинақтады, ал адамдар дербес әлеуметтік-экономикалық өмірге психологиялық тұрғыдан біршама бейімделді. Өндірістік құрылымдардың жұмысында да өзгерістер болды. Осының бәрі нарықтық реформаларды жеделдету үшін бұрынғыдан неғұрлым қолайлы жағдай туғызып, 1996-1998 жылдарға анағұрлым нық сенімді болжамдар жасауға негіз болып отыр.

1.2.4 Орта мерзімді болашаққа арналған бағдарламаны жүзеге асырудың нақты жоспарына ұсыныстар

Ең бастысы, тиісті микроэкономикалық саясатсыз дағдарыстан шығу жолы жоқ екені тауар өндірушілерге ғана емес, сондай-ақ министрліктер мен ведомстволар аппаратына да айқын болып отырғанын ескеру керек. Бұл бөлім бағдарламада нашар ашып көрсетілген, сондықтан оны жүзеге асыру жоспарында бұл олқылықты ескерген жөн.

Жекешелендіру бағдарламасына өзгерістер енгізу керек. Бірыңғай холдингтік, шағын және жаппай жекешелендіру, өнеркәсіпте жеке жобалар бойынша жекешелендіру өндірістің өнеркәсіптік секторында экономиканы өрге бас-

тыру үшін жарамсыз болды. **Ауыл шаруашылығында 30 мыңға жуық шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтар құру айтарлықтай нәтижелер берген жоқ және ауыл шаруашылығындағы дүниежүзілік тенденцияларға қайшы келетін тәрізді.**

Құрылыс өндірісі саласында институциялық жаңғыртулар құрылыс-монтаж жұмыстарының жақсаруына емес, ал қымбаттауына әкеліп соқты. Бұл істердегі белгілі маман, профессор А.Ш.Тәтіғұловтың талдауы бойынша, құрылыста шығындарды сметалауға, өзіндік құнды калькуляциялауға, яғни баға белгілеуге қайта оралу қажет болып отыр. Көлік пен байланыс салаларында және өндірістік инфрақұрылымның басқа да салаларында ірі өндірістік құрылымдардың монополизмі әлі де болса жойылған жоқ.

Үкіметтің орта мерзімді бағдарламасында макроэкономикалық саясат көп жағынан алғанда нақ институциялық жаңғыртулар саласында жол берілген олқылықтар салдарынан ақсап отырғаны ескерілмеген. Жеделдетілген жекешелендіру белгілі бір жүйеге келтірілуге тиіс.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіруді үш жыл ішінде аяқтау мүмкін емес. Мұны шын мәнінде емес, ал атүсті істеуге болады, сондықтан бағдарламаның бұл бөлімін жүзеге асырудың нақты жоспарларын әлсін-әлі ой елегінен өткізу керек. Тіпті, 1997 жылдың аяқ кезінде макроэкономикалық тұрақтылыққа және жылына 9-12% инфляция деңгейіне қол жеткен жағдайдың өзінде отандық халық тұтынатын тауарлар мен азық-түлік өнімдерін өндірушілердің, сыртқы рынок туралы айтпағанның өзінде, ішкі рынокта бәсекелестікке үміт артуы және қалыптасып келе жатқан жағдайда рентабельділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз етуі қиын болады.

Бұл салаларда экономиканы жандандыру үшін қажет уақыт өтіп кетті. Үкіметтің жаңа бағдарламасына сәйкес біздің экономиканың маңдайына дүние жүзіндегі неғұрлым

дамыған елдердің ұқсату кәсіпорындарының шылауы болып қала беру жазылған. Қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын 1996 жылдан бастап жарыспалы іс-қимылдарды жүзеге асырудан көріп отырмыз: **өндіріс салаларындағы институциялық жаңғыртулармен қатар бәсекелік қабілеті бар деген отандық өндірістерге іріктеп қолдау көрсету жұмысын бастау керек.**

Макроэкономикалық саясаттың нақты жоспары жөніндегі біздің ұсыныстарымыз мынадай:

Өнеркәсіпте жеделдете кері холдингтеу және технологиялық өзара байланысты және бәсекелік қабілеті бар өнеркәсіптік топтар (экономикалық әдебиетте «кластерлер») құруға кірісу керек. Мұнсыз дүниежүзілік рынокта бізде болашақ жоқ.

Экономикалық реформаларды жеделдету үшін ең бастысы - нарықтық экономиканың заң негізін қалыптастыру, онсыз адамдардың азабы ақтаусыз ұзаққа созыла беретін болады. Бізде нарықтық шаруашылық субъектілерінің мүдделерін қорғайтын, оларды парақор және қылмысты элементтердің озбырлығынан қорғап, олардың іскерлігіне кең өріс ашатын көптеген заңдар жетіспейді.

Маңыздылығы жағынан екінші міндет - экономиканы инвестициялау, онсыз бізде ешқандай болашақ болмайды. Ішкі қаражат көздерінің бізде жеткіліксіз екенін бәріміз түсінеміз, сондықтан шет елдерден қарыз алу қажет болып отыр. Бірақ бұл мәселеде де толық айқындық болуға тиіс, өйткені қарызды біздің ғана емес, балаларымыздың да төлеуіне тура келеді. Шетелдік инвестициялар төңірегінде кейбір бұқаралық баспасөз құралдары көтерген мәселе өте орынды, өйткені ол несиелерді кімнің қандай мақсатқа алатыны, оларды алуға кімнің рұқсат беретіні және қайтарылуына кімнің кепілдік жасайтыны Қазақстан жұртшылығына ұзақ уақыт бойы беймәлім болып келді. Алайда ақпараттың ашық болуы - істің жартысы ғана, халықтың инвестициялық бел-

сенділігін қалпына келтіруіміз керек, мұның өзі де заңмен қолдау жасалуын қажет етеді. Бізде бұл жайында әлі ойластырылмаған, ал Ресейде жарналық инвестициялық қорлар жүйесін жасау жұмысы қызу қолға алынған.

Үшінші маңызды міндет, біздіңше, құрылымды одан әрі ретке келтіру және атқарушы билік құрылымдарының жауапкершілігін ең алдымен «Қазақстан Республикасының «Үкіметі туралы» жаңа заңға сәйкес арттыру. Қазір орын алып отырған кемшіліктердің көпшілігі атқарушы биліктің жоғары буындарында байқалған былықтың салдары болып табылады. Биліктің түрлі тармақтарының функцияларын заң жүзінде орнықтыратын жаңа Конституция қабылданғаннан кейін президенттік құрылымдар мен заң шығарушы билік аса маңызды экономикалық шешімдердің қабылдануы мен орындалуын бақылай алады деген үміт бар.

Осы жағдайлардағы біздің міндетіміз - заңдардың экономикалық өсімді көтермелеуге, қиындап бара жатқан әлеуметтік проблемаларды шешудің бірден-бір материалдық негізі болып табылатын «ұлттық дәулетті» арттыруға бағытталатын болуы. Аман қалу жолындағы «күресте» біз өзіміздің болашақ ұлттық мүдделерімізді, болашақ ұрпақтарымызды естен шығармауымыз және, егер керек болса, қазіргі кезде біздің басты «кеңесшілеріміз» болып отырған халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастарымыздың шиеленісуінен қорықпауымыз керек.

Халықаралық құқық шеңберінде өз экономикамызды қалпына келтіруіміз, экономикалық тұрғыдан өсу үшін жағдайлар жасауымыз керек. Бұл үшін өз еліміздегі ғана емес, сондай-ақ халықаралық аренадағы экономикалық ойын ережелерін білуіміз және халықаралық рыноктың жалпы жұрт таныған ережелеріне қайшы келместен, өз экономикалық мүдделерімізді көздейтін заңдар қабылдауымыз қажет.

1.3 Экономиканы басқару жүйесін жаңарту

Егемендік алған уақыттан бергі кезең ішінде жаңа тәуелсіз мемлекеттің жайлы дамуына сыртқы жағдайлар жасау, Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын жүзеге асыру жөнінде үлкен жұмыс жүргізілді. Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастықтың, оның халықаралық ұйымдарының толық құқықты мүшесі болды, мемлекеттің сыртқы қауіпсіздігі қамтамасыз етілді және ядролық мемлекеттер тарапынан тиісті кепілдіктер алынды. Біздің мемлекет дүниежүзілік рыноктарға белсенді түрде кіруде, шетелдік несиелер мен инвестициялар тарту, халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтасу мәселелері шешілуде.

1996 жылғы наурызда Беларусь, Қырғызстан және Ресей арасында экономикалық және гуманитарлық салаларда интеграцияны тереңдету туралы шартқа қол қойылуы маңызды оқиға болды. 1993 жылдың өзінде-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Евразиялық Одақ құруды ұсынған болатын. Идеяның өзінде интеграциялық процестердің бірте-бірте жүзеге асырылуы, ТМД мемлекеттерінің әрқайсысының саяси және әлеуметтік-экономикалық ерекшелігінің ескерілуі көзделген болатын.

Қазақстан мемлекеттердің евразиялыққа дейін «пісіп-жетілуін» күткен жоқ, ол ТМД елдерінің болашақта ЕАО қаңқасын құрай алуы үшін ТМД шеңберінде түрлі бағыттарда интеграциялық байланыстар орнатты. Сөйтіп біздің мемлекетіміздің дербес дамуы үшін айтарлықтай саяси және экономикалық негіз қаланды. Бірақ бұл, аса маңызды болса да, қажетті алғышарттардың бірі ғана.

Қазіргі кезде өзіміз тап болған әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан шығудың, тиімді өз экономикамызды жасаудың және осы заманғы дүниежүзілік экономикалық жүйеде өз орнымызды орнықтырудың маңызы зор.

Біз нақ осы бағытта ең көп қиыншылықтар мен шығын-

дарға тап болдық. 1995 жылды республика 1990 жылмен салыстырғанда экономикалық потенциалдың 40 процентінің сәл астамымен аяқтады, яғни нақты шығарылатын жалпы ішкі өнімнің тең жартысынан астамынан айрылды. Жалпы өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да әлі жағдай қиын, жалақы мен зейнетақының қарызы көбеюде,...» төлемсіздік проблемасы күшейе түсуде. Әлбетте, мұндай жағдай әлеуметтік сала жағдайына, халықтың тұрмыс дәрежесіне әсерін тигізбей қоймады. Барлық қырсықтарды реформаларға аудара салғымыз, немесе оларды реформа нәтижесі етіп көрсеткіміз келмейді.

Экономикалық жүйенің өзгеруі, нарықтық қатынастарға көшу сөзсіз болды. Бар мәселе сол реформалардың қалай жүргізілгенінде, қателіктердің санын азайтуға болатын-болмайтынында. Реформалар жылдары ішінде үкімет бірқатар бағдарламалар қабылдады, бірақ оларды жүзеге асыру нәтижелері тіптен қанағаттанғысыз болды. 1993-1995 жылдарға арналған бағдарламалар нұсқамаларында инфляцияны темендету өндірістің құлдырауын тоқтатуға және осы мерзімнің аяқ кезінде өндірістің ұлғаюы үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді деп көзделген болатын, бірақ бұдан ешнәрсе шықпады. Содан соң үкімет сол мақсатты нұсқамалармен 15 айға арналған бағдарлама қабылдады. Бұл бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі оң нәтижесі деп инфляцияның баяулауын санауға болады, бірақ бағдарлама нұсқамаларына түгелдей толық қол жеткен жоқ. Өндіріс құлдырауының тенденциясы да сақталды, рас, оның қарқыны біршама баяулады. Бірқатар салаларда іскерлік белсенділікті жандандырудың кейбір белгілері пайда болды. Мысалы, мұнай және газ өндіру, түсті металл туралы айтуға болады. Қажетті тенденцияға айналуы үшін мұндай процесті құптау керек болғанымен, бұрынғыдан да, әсіресе микродеңгейде, көп күш жігер жұмсау керек. **Ал әзірше бірде-бір сала дағдарыстан шығып, жағдайын тұрақтандыра алған**

жоқ, ал жеңіл және тамақ өнеркәсібі одан әрі құлдырауда. «Осы салаларды жоғалтып та алуымыз ықтимал». Тұтыну тауарлары өндірісіндегі шығындар осы тауарлардың ішкі рыногынан да айырылуға әкеліп соғып, онда әрдайым бірдей сапалы бола бермейтін көпшілік қолды импорттық тауарлар дереу қаптатылуда. Бұл процесс осы салаларды болашақта қалпына келтіру мүмкіндігінен айыратынымен қауіпті.

Бұл жағдайларда не істеу керек, қандай қадамдар жасау қажет? Кезінде біз, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің тапсыруы бойынша, 1995 жылдың бас кезінде, Жаңа экономикалық саясат концепциясын әзірлеген болатынбыз. Бұл құжаттың негізгі идеясы отандық тауар өндірушілерге іріктеп қолдау көрсету болды, өйткені еліміздің нағыз байлығы - ең алдымен өндіріс және өнімді еңбек. Концепцияда біз реформалар жөніндегі өз пікірімізді білдірдік, бірақ көптеген ұсыныстар, бірсыпырасы өз маңызын жоймағанымен (мемлекеттің дамуы үшін өнімді оның өзінің өндіруі керек), назардан тыс қалып қойды.

1996-1998 жылдарға арналған бағдарлама жүзеге асырылып жатқан жағдайларда реформаның ең күрделі деген тұстарының шешімі жөніндегі бірқатар көзқарас ерекше маңызды деп саналады.

Біршама қатаң қаржы және ақша саясатын одан әрі жалғастырудың қажет екені айқын, бұл - барлық басқа іс-қимылдардың негізі. Бірақ мұндай саясаттың шектерін ескере, инфляцияға қарсы күресте үмітті әп-сәттік емес, ал ұзақ мерзімді нәтижеге арту керек. Мұның өзі мемлекеттік шығын мен ақша массасының өсімін тежей отырып, әрбір қосымша теңгенің сұраным тауып отырған өнімге, қызметке сұраныстың, бюджет кірісінің арта түсуі түрінде пайда келтіруіне күш салу деген сөз. Түрлі деңгейлердегі бюджеттердің өзара қатынасын нақты реттеу, өз қаржы жағдайы үшін аймақтардың жауапкершілігін арттыру деген сөз. Кезекті жан-жақты реформаларға бармастан салық жүйесіне елеу-

лі өзгерістер енгізу: өздерінен жоғары жағдайда көтеріңкі ставкалар алынатын кірістер сомасы инфляцияны ескере, үнемі қайта қаралатын жағдайларда жеке тұлғалардың табысына салынатын салықты көбейту, жылжымайтын мүлік пен көлікке салық салу ставкаларын елеулі арттыру, пайдалы қазбалардың ренталық төлемдерінің жүйесін жетілдіру керек.

Саяси тұрақтылықты сақтау, Президенттің, Үкіметтің және Парламенттің екі палатасының сындарлы ынтымақтастығын жүзеге асыру, жағдайды тұрақсыздандыру және ауыр жағдайды тар өрісті топтық мақсаттарда пайдалану әрекеттеріне жол бермеу қажет. Заңдарды жетілдіру жөніндегі дәйекті, табанды жұмысты ұйымдастыру керек. Үкімет бағдарламасы қабылданғаннан бері бір жылдан астам уақыт өтсе де, Парламентке экономикалық блок бойынша кіші бизнес және кәсіпкерлікті қорғау туралы, бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы, жергілікті өкіметті және атқарушы органдар туралы, тікелей инвестицияларды мемлекеттік түрде қолдау және басқа маңызды заң жобалары осы кезге дейін берілген жоқ. Мемлекетте қарапайым тәртіп орнатуға ерекше көңіл бөлу керек. Бұл жұмыстың басты бағыттары: сот және құқық қорғау жүйелері, салық және кеден қызметтерінің тиімділігін арттыру.

Кәсіпкерлік нақты қолдау көрсетілуін қажет етеді, бұл туралы Президент өзінің халыққа деген 1997 жылға жолдамасында ерекше атап айтқан болатын. Осы кезге дейін ол негізінен өз бетінше дамыды және белгілі бір дәрежеде, тіпті қолдау көрсетілмесе де, одан әрі дами беретін болады. Біздің экономикамыздың болашақ құрылымы нақ осы процесте айқындалады. Ал әзірше оған отын-энергетика және шикізат салалары есебінен салмақ түсіп отыр. Бұл құрылымдық қайта құрудың бірінші кезеңі үшін орынды құбылыс, бірақ болашағымыздың мүдделері тұрғысынан - қажетсіз құбылыс. Қосымша құн үлесі жоғары салалардың дамығаны

қажет. Мәселе біздің кәсіпкерліктің қоғам қажеттеріне сай келетін өндірісті ұйымдастыру мен айналым, экономиканы өрге бастыру міндеттерін өзіне ала алатындай көлемдерге қаншалықты шапшаң жете алатынында. Әлбетте, мемлекет бұған тезірек қол жетуіне, экономиканы тұрақтандыру міндеттерінің шешіміне кәсіпкерлердің белсене қатысуына мүдделі. Себебі дамыған өркениетті мемлекеттерде кәсіпкерлердің есебінен ұлттық табыстың 50% мөлшерінде алады екен.

Кәсіпкерлер үшін бүгінде ең маңыздысы мына проблемалар болып отыр: салық ауыртпалығы, несиелердің қымбаттығы және оларды алудың қиындығы, меншік құқықтарының рәкеттен және шенеуніктердің озбырлығынан сенімді түрде қорғалмауы, экономиканы жандандыруда ерекше маңызды рөл атқаратын бизнесті ұйымдастыру және бәсекелік орта қалыптастыру үшін қажет үй-жайлар, жер учаскелерін сатып алудың мүмкін емес екені. Бүгінде біз оларды қолдау үшін мемлекет көп нәрсе істеп жатыр деп айта алмаймыз.

Өндіріске жеке меншік инвестицияларды барынша ынталандыру қажет, мұның өзі ең алдымен мемлекет пен аймақтық билік орындарының қатысуын қажет етеді. Олардың қатысуы ондай салымдарды жеке инвесторлар үшін тиімді етер еді, ол салымдарға байланысты тәуекелді барынша азайтар еді. Мұның қажет болатын себебі - жеке меншік инвестициялар әдетте мемлекеттік инвестициялардан тиімдірек, тезірек қайтарым береді. Бұл жерде нысандардың алуан түрлі болуы мүмкін: үлесті түрде қатысу, мемлекет кепілдіктері, банктер мен инвестициялық қорлардың жарғылық капиталына салымдар, қор рыногын барынша дамыту және т.т. Осының бәрі сонымен бірге отандық кәсіпкерлікті қолдау болар еді. Банктер мен инвестициялық компаниялардың жарғылық капиталын көбейтуіне және өндіріске инвестициялау үшін көп қаржы ресурстарын жұмылдыруына мүмкіндік бере-

тіндей етіп олардың артықшылықты акцияларын сатып алу да - мемлекеттік инвестициялар, бірақ неғұрлым тиімділеу, сондықтан да неғұрлым орындылау. Қазіргі кезеңде құрылымдық-инвестициялық саясаттың мәні мемлекеттің өте нақты, «нүктелі» болса да артықшылықтарды белгілеп, қаржыны соларға сәйкес бөлуінде ғана емес, ең алдымен бір жағынан дотациялар мен субсидияларды қысқартуында, ал екінші жағынан - жеке инвестицияларды ынталандырып, әрбір жолы барабар нысандар таңдауында.

Реформаның жаңа кезеңінің мақсаттарына шетелдік инвестициялардың белсене қатысуымен, олар үшін барынша қолайлы жағдайлар жасалуымен ғана қол жетеді, өйткені ішкі нақты қор көздері тіптен жеткіліксіз. Сол себептен жақында ғана Парламентте қабылданған тікелей инвестиция заңы көп көмек беретіні сөзсіз. Сонымен бірге егер тек соларға үміт артатын болсақ, дағдарыстан шығу, экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру, оны осы заманғы техникалық база негізінде жаңғырту ондаған жылдарға созылып, жалпы алғанда екіталай болуы мүмкін.

Осы саланы реттейтін заң актілерін мұқият талдау және қажет болса өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Салық салу, пайданың орнын толтыру, жекешелендіруге шетелдік инвесторлар қатысуының мәселелері ерекше айқын пысықталуға тиіс. Қазір, микроэкономикалық жаңғыртулар кезеңінде, кәсіпорындарды реформалау рөлі зор болып отыр. Бұл - барлық салалардағы кәсіпорындардың нарықтық жағдайларға бейімделуін жеделдету мақсатында олардың құрылымын өзгертуге және қайта ұйымдастыруға бағытталған шаралар кешені. Іс жүзінде бұл - одан әрі жекешелендіру де, дотациялар мен жеңілдіктерді қысқарту да, жеке және шетелдік инвестицияларды ынталандыру да.

Халықтың басым көпшілігінің тұрмыс дәрежесінің төмендеуі қаупін ендігі жерде елемеуге болмайды. Ол, бір жағынан, адамдардың селкостануына, үмітін жоғалтуына,

екінші жағынан, ресми жанжалдар ықтималдығының халық топтары арасында біркелкі бөлінуі қажет, негізінің ұлғаюына әкеліп соғады. Дағдарыс ауыртпалығы халық топтары арасында біркелкі бөлінуі қажет. Халықтың табысы бойынша саралана түсуін тоқтату, яғни, бір жағынан, ең осал әлеуметтік топтарға қолдау көрсету, екінші жағынан - ең ауқатты деген топтар кірісінің өсуін шектеу керек. Өте күрделі міндет, әдістерге келетін болсақ, біреулер үшін салықты арттырудан, ал екіншілеріне қолдау көрсетуден басқа жол жоқ.

Қай проблеманы қозғасақ та, бірінші проблема - қажетті біліктілігі бар сауатты, ыждағатты мамандардың жетіспеуі. Олар, әсіресе экономистер, заңгерлер, басқарушылар, мемлекеттік аппаратта да, ең таңдаулы дегендерді өзіне тартып отырған бизнесте де, өндірісте де жетіспеуде.

Ал экономиканың болашағын, демек мемлекеттің болашағын ұзақ жылдар бойы осы саладағы мамандар айқындайтын болады. Сондықтан оқыту мен қайта оқыту, біліктілікті арттыру таяу және алыс болашақта шешуші маңызға ие болып отыр. Мұның өзі жеке іс немесе әлдебір ведомство ісі болмауға тиіс, бұл - жалпы мемлекеттік міндет.

Экономиканы басқару мәселелеріне ерекше көңіл бөлу қажет. Мемлекеттік басқару жүйесінің рөлі маңызды және сан алуан. Біздің экономиканы басқару жүйесі осы тұрғыдан алғанда қандай? Ең бастысы - ол өтпелі кезеңнің ерекшеліктеріне, функциялар мен жауапкершіліктің ара жігін ажырату, қайталаушылық пен бірізділікті жою, атқарушылық тәртіпті жолға қою талаптарына сай келуге тиіс.

Қазіргі кезде қалыптасқан мемлекеттік басқару ұйымы мақсатты экономикалық саясат жүргізуге әлі де болса жеткілікті түрде бейімделген жоқ. Істің мәні экономикалық саясаттың белгілі бір бағыттарына сәйкес басқарудың түрлі министрліктер мен ведомстволар бойынша шашыратылуында, оның функциялар мен өкілеттіктердің қайталануына, сонымен бірге жауапкершіліктің төмендеуіне сөзсіз әкеліп

соғатынында, сондай-ақ ведомство-аралық үйлесімділіктің әлсіздігінде және белгілі бір шараларды жүзеге асыру кезінде түрлі ведомстволардың қарама-қайшы іс-қимылдар жасайтынында. Елуден астам министрліктер мен ведомстволардың қазіргі құрылымының әкімшіл-әміршіл жүйе кезіндегі құрылымнан айырмашылығы шамалы. Бұрынғыдай әрбір саланың өз ведомствосы бар, оның функциялары азайған сияқты болғанымен, ол бұрынғысынша жұмыс істеуде.

Министрліктер мен ведомстволардың жалпы санын қысқартып, блоктық: жалпыэкономикалық, әлеуметтік, ірі материалдық өндіріс салалары құрылымдарына көшуге болар еді, олар бірыңғай мемлекеттік саясатты белгілеп, жүзеге асырар еді, макроэкономика мәселелерімен шұғылданар еді. Материалдық өндіріс саласында ведомствоаралық сипаттағы, жаңа функциялар атқаратын және жауапкершілігі жоғары жаңа тұрпатты министрліктер қажет. Олар мемлекеттік реттеуді жүзеге асырып, жекелеген жағдайларда ғана экономикалық әдістерді пайдаланып, салаларға (кешендерге) немесе қызмет салаларына тікелей басшылық жасауға тиіс.

Мұндай министрліктер бүгінгі күннің болмысын ескере отырып, мүлдем жаңа, бұрынғыларынан бөлек үлгі ережелер негізінде іс-қимыл жасауға тиіс. Олардың міндеті мемлекеттік микроэкономикалық саясат дайындау мен оны жүзеге асыру, ұлттық экономиканың жеткілікті дәрежеде ірі секторларын микроэкономикалық реттеу болуға тиіс. Олар тиісті мемлекеттік бағдарламалар әзірлеп, оларды жүзеге асыра, жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін тікелей басқара, мемлекет үлесі бар акционерлік қоғамдарды басқаруға мемлекеттің қатысуын қамтамасыз ете алар еді.

Бұл министрліктердің қызметін мынадай бірқатар принциптерге негіздеуге болар еді: өнеркәсіптік, инвестициялық, ғылыми-техникалық саясат әзірлеу мен жүзеге асыру міндеттеріне құрылым мен адам санының сәйкес келуі;

ұйымдық бей-берекетке, функциялар мен жауапкершілік аражігінің жүйесіз ажыратылуына жол бермеу; мәртебедегі, құрылымдағы, қызмет сипатындағы ақтаусыз ала-құлалықты жою.

Әйтпесе біз екі тенденцияны байқап отырмыз; көптеген министрліктер мен ведомстволар түбегейлі өзгерген жағдайларда ескіше жұмыс істеуде, сондықтан өз функцияларын тиімді атқара алмауда, ал басқаларында істің жайына нақты ықпал жасауға мүмкіндік беретін функциялар мен өкілеттіктер іс жүзінде жоқ. Басқаша айтқанда, әкімшілік басқару мен экономикалық реттеу міндеттерін, өкілеттіктерін және функцияларын қазіргі жағдайларға орай тиімді ұштастыру туралы мәселені шешетін мезгіл жетті.

Маңызы одан кем емес мәселе басқару буындарын реттеу, ал дәлірек айтқанда - қысқарту. Қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жүйелерде басқару шешімдерін қабылдаудың көпбуындылығы істі күрделендіріп, сайып келгенде оны жоққа шығарады.

Басқарудың тексеруден өткен теориясы мен практикасы басқару құрылымында буындар неғұрлым аз болса, оның солғұрлым тиімді болатынын көрсетеді. Ал бізде іс жүзінде жағдай қалай болып отыр. Мысалы, министрдің рөлі мен мәртебесіне көңіл бөлейік. Егер басқару буындарының қызмет сатысын алар болсақ, министр тек жетінші буын болады екен: Премьер-министр (бірінші буын) - Мемлекеттік хатшы - Премьердің бірінші орынбасары - премьердің орынбасары - Үкімет аппаратының жетекшісі - бөлім меңгерушілері, тек содан кейін Министр. Министрліктің жүзеге асырғысы келген кез келген шешімі осы сатылардың бәрінен өтуге тиіс, ал оның қандай болатыны бәрімізге мәлім. Министрдің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдерді ол құрылымдар министрдің қатысуынсыз-ақ қабылдайтын оғаш жағдайлар да болып қалады. Мұндай жағдайда, бізде әдетте кездесе беретініндей, ондай шешім

үшін ешкім жауап бермейді.

Біздің түсінуімізше, Министрлік пен Министр - халық шаруашылығы өндірісі, дұрыс пайдаланылуына ел тағдыры байланысты болатын орасан зор материалдық, адам ресурстарын қамтитын тұтас бір саласы. Демек, Министрдің мәртебесін едәуір көтеріп, жауапкершілікті тиісінше арттыру қажет.

Келесі мәселе, құрылымдарды атқарушы биліктің екі аппаратында іс жүзінде қайталаудың қажеті қанша. Бұл жерде тиісті министрліктер мен ведомстволар шұғылданатын мәселелерде қайталаушылықты жойып, функциялық-блоктық схема бойынша құрылған бірыңғай ықшам аппаратқа көшу орынды болар еді.

Тағыда бір мәселе - басқарудың аймақтық деңгейі. Іс жүзінде бәрі де бұрынғысынша қалып отыр: партия құрылымдары мен өз аппараттары бар қазіргі активистер (биліктің кімде басым екені өз алдына) арасында үлкен айырмашылық бар екенін байқау қиын. Ал билік органдарының жергілікті жерлердегі аппараттары ше? Мемлекет деңгейіндегі нәрселер аз көлемде қайталанады ғой, оны аудандарға дейін қайталаудың қажеті бар ма, яғни басқару проблемасы жөніндегі экстенсивті көзқарас одан әрі орын алып отыр. Ірі көлемде республиканың аймақтық ерекшеліктері өте алуан түрлі, ал аудандар шегінде, мысалы Солтүстік, Оңтүстік, Батыс, Шығыс, Орталық принцип бойынша - ұқсас нәрселер өте көп. Ең алдымен индустриялық, аграрлық өзіндік ерекшеліктерде, шикізат көздерінде. Бәлкім, мұны мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылымында ескеру қажет шығар, өйткені батыста - мұнай мен газ, орталықта - көмір, энергетика, машина жасау саласы, солтүстікте - астық және тағысын тағылар бар екені жалпы жұртқа мәлім ғой. Әрбір аймақта өз ерекшелігіне, ресурстарына, әулетіне сәйкес басқару құрылымы болуға тиіс, бұл жерде бір ғана нәрсе - басқару тиімділігі ортақ болуы мүмкін. Әйтпесе бізде кейде басқарушы құрылым (көбінесе жоғары деңгейде де)

құрылып, содан соң функциялар іздестірілетін жағдайлар болады. Басқару теориясынан белгілі болып отырғанындай, функциядан басқару органы туындайды, керісінше болмайды.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының халық шаруашылығын ұйымдастыруға, оны басқару әдістеріне күрт өзгерістер енгізген жөн. Шаруашылық жүйеде жоғарыдан төменге дейін барлық басқару органдарының рөлін, міндеттерін және функцияларын жаңаша белгілеу және оларды нарықтық жағдайларға сәйкестендіру маңызды.

Қазіргі кезде басқару жүйесіндегі басшылардың - экономика, финанс, бухгалтер, құқықтық жағынан білімдері төмен. Мысалы, шет елдерде маман әр 3-4 жылда өз білімін көтермесе, білім көтеру жүйесінен өтпесе - оған перспектива жоқ, жұмыссыз қалады. Ал бізде бастық болса - ол бәрін біледі деген сөз. Нарықтық экономиканың жүрмей жатқандығы осының салдарынан да емес пе? Біздің мемлекетімізде **тұрақты үздіксіз оқу жүйесін және кадрларды аттестациялауды** барлық деңгейде міндетті түрде енгізу керек.

Біздің ойымызша, жоғарыда айтылған көзқарастарды ескеру жүзеге асырылып жатқан реформалардың тиімділігін, нәтижелілігін едәуір арттыра алған болар еді.

Бір сөзбен айтқанда, басқарудың бұрынғы, әлі де болса байқалып отырған нарықтық емес әдістерінен біржола та бас тартуымыз, демек ХХІ ғасырға жаңа экономикалық формацияға барабар болатын, дүниежүзілік тәжірибені ескеретін жаңа басқару жүйесімен қадам басуымыз үшін мүмкін болған нәрсенің бәрін істеуіміз қажет. Басқарудың осы жаңа жүйесі сөзсіз нарықтық әдістердің сырын танып-білген және бұрынғы әкімші-әмірші көзқарастардан арылған басқадай басқару кадрларына негізделуге тиіс.

1.4 Аймақтардағы экономикалық реформа

Экономикалық реформа - бірыңғай идеология мен концепцияға негізделген, қоғамдағы дағдарысты құбылыстарды жоюға және оның қазіргі тіршілік қабілетін түбірінен өзгертуге бағытталған шаруашылық шаралары мен заң шараларының жиынтығы.

Қоғамдық өндірістің мүлдем құлдырауына ұласқан экономикадағы дағдарыс Қазақстан Республикасы мен оның аймақтарындағы үдемелі өндіріс процестерінің сыны бұзылуының сырларын ашып көрсетті. Нарықтық жағдайларда аймақтық дамудың көптеген процестері жаңа мазмұн мен көрініс тауып отыр. Аумақтық шаруашылық жүргізу міндеттері мен проблемаларының сипаты ең алдымен олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы айырмашылықтарға, екіншіден, саяси сипаттағы себептерге байланысты едәуір дәрежеде күрделеніп барады. Экономикалық реформаларды зерттеу кезінде экономикалық жай-жапсарларды қаншалықты елегіміз келмесе де, экономикада көп нәрсе, атап айтқанда, жалпымемлекеттік ауқымдағы шешімдерді қабылдау субъективті екенін мойындау керек.

Экономиканы реформалау, экономикалық дағдарыстан шығу едәуір дәрежеде бұл процестің аймақтарда қалай жүріп жатқанымен, нарықтық шаруашылық жағдайларына олардың қаншалықты бейімделгенімен айқындалады. Сондықтан Қазақстан Республикасы Үкіметінің реформаларды тереңдету мен экономиканы дамыту жөніндегі соңғы бағдарламасында осы проблемаларға көңіл бөлінгені және онда аймақтық саясат бөлімінің болуы тегін емес.

Нарықтық экономикаға көшу кезінде аймақтық айырмашылықтар аумақтық сәйкессіздіктер сипатын алып отыр, олар Қазақстан үшін әрбір облыста халық шаруашылығын аумақтар бойынша ұйымдастырудағы қиғаштықтар, аймақтар мен таяу шет елдер арасындағы шаруашылық байланыстарының үзілуі салдарынан күшейе

түсуде. Республиканың әрбір облысы жаңа жағдайларға бейімделе отырып, **экономикалық дамуының өз моделін**, яғни әлеуметтік проблемаларды шешудің және өндірістің құлдырауын тежеудің өз жолдарын белгілеуде. Нәтижесінде стратегиялық міндеттердің шешімі аймақтық басқару органдарының назарынан тыс қалып, экономикаға басшылық, аймақтар мен жалпы ел дамуының өзара байланысы жойылуда, сайып келгенде жалпымемлекеттік деңгейде шешімдер қабылдау кезінде аймақтық ерекшеліктер әрдайым бірдей тиісті дәрежеде бағаланбауда. Осының бәрі реформалардың барысына теріс әсер етіп, экономикалық жағдайды тұрақтандыруға септігін тигізіп отырған жоқ. Осыған байланысты үкіметтің экономиканы реформалау жөніндегі орта мерзімді бағдарламасында басты назар енді аймақтар жағына ойысып келеді.

Реформаларды жүзеге асыру практикасы экономикалық дамудың аймақтық ерекшеліктерінің ескерілмеуі салдарынан макроэкономикалық реттеу макро- және микродеңгейде қалдырылып отырғанын дәлелдейді. Қазақстан Республикасында өтпелі кезеңнің жалпы заңдылықтары бар жағдайда аймақтық айырмашылықтар да, нарықтық қатынастарды қалыптастыру және олардың жұмыс істеу ерекшеліктері де бар.

Нарықтық қатынастарды қалыптастырудың аймақтық ерекшеліктеріне ықпал ететін мынадай факторлар бар:

- тұтыну рыногының және өндіріс құралдары рыногының қалыптасуына әсерін тигізетін, сондай-ақ аймақтық үдемелі өндіріс процесінің барлық фазаларына белсенді ықпал ететін климат факторы;

- өндіріс географиясын айқындайтын және жекелеген аймақтық жүйелерде өндіріс шығынына, баға белгілеуге және сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігіне ықпал ететін табиғи-ресурс факторы;

- тұтыну рыногының ауқымдылығын айқындайтын

демографиялық фактор, ақшалай табыстың көлемі мен төлем қабілеті бар сұраныс еңбек, жылжымайтын мүлік рыногымен, аймақтың әлеуметтік құрылымымен тікелей байланысты;

- аймақтың экономикалық дамуының мақсатты бағдарын анықтайтын, ресурстарды өндіру мен тұтыну географиясы мен құрылымына, жұмыс орындарының техникалық-экономикалық сипаттамасына және еңбек рыногының құрылымына, республиканың басқа аймақтарымен өзара байланысқа ықпал ететін аймақтың экономикалық құрылымы факторы.

Өтпелі кезең экономикасында сонымен қатар нарықтық қатынастарды аймақтың өздігінен дамыту қабілетін айқындайтын және:

- реформадан бұрынғы кезеңде рыноктық шаруашылық элементтерінің;

- тауар-ақша тепе-теңдігінің;

- экономиканың тиімді аймақтық құрылымының болуын, ірі, орташа және ұсақ кәсіпорындардың ұтымды ұштастырылуын;

- нарықтық жаңғыртуларға деген көзқарас, кәсіпкерлік дағды мен дәстүрлер сияқты әлеуметтік шарттардың болуын көздейтін факторды да ескеру керек.

Өтпелі кезеңде реттеу объектісі ретінде рынокты экономикалық және ұйымдық қызметтің салалық және аумақтық субъектілерінің жиынтығы деп қана емес, ал республиканың нарықтық экономикасының болашақ жүйесінің қосалқы жүйесі деп санау керек. Осы қосалқы жүйеге деген көзқараста нақты экономикалық болмыстағы оның ашықтығы мен біркелкі еместігі ескерілуге тиіс. Экономикалық реформаның мақсаттарына сәйкес мұндай қосалқы жүйенің тауар мен жұмыс рыноктарының (өндіріс, капитал, мердігерлік жұмыс, еңбек құралдарының) қалыптасқан жүйесі, шаруашылық жүргізетін еркін (бірақ

мемлекет реттейтін) субъектілер жиынтығы және аймақтық рыноктың тиісті инфрақұрылымы болуға тиіс.

Өтпелі кезең жағдайларында осы мақсатқа қол жеткізу бұрынғы үдемелі өндіріс түрінің салғырттығына және жаңа нысандар мен қатынастар, жаңа рыноктық институттар қалыптастыру қажеттігіне байланысты болып отыр. Соңғысы ерекше күрделі міндет болып табылады, өйткені рыноктық институттарды тақыр жерде құру қажет.

Аймақ деңгейінде нарықтық қатынастар қалыптастыру процесі институциялық терең өзгерістер жүргізілуін керек етеді, оған экономиканы монополиясыздандыру мен бәсекелік орта қалыптастыру, меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру, қаржы секторын дамыту, рыноктық инфрақұрылым қалыптастыру кіреді. Аймақтық ерекшеліктер нарықтық қатынастар қалыптастыру процесінің барлық жақтарында өз бейнесін тауып, сол арқылы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі орын алып отырған аумақтық айырмашылықтарды күшейте түсуде.

Аймақтағы жүйелі реформалардың ең маңызды бағыттарының бірі мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру болып табылады. Меншік қатынастарының негізіне мүлкітік құқықтарды экономикалық қызмет субъектілері арасында қайта бөлу еркіндігі алынуға тиіс екеніне сүйене отырып, жекешелендіру нәтижелеріне баға беріп көрелік.

Заң бойынша жекешелендіру процесі төрт негізгі бағыт бойынша жүргізілуде: шағын жекешелендіру, жаппай жекешелендіру, жеке жобалар бойынша жекешелендіру және агроөнеркәсіп кешенін жекешелендіру. Нақты нарықтық қатынастар қалыптастыру тұрғысынан осы процесінің нәтижелілігіне деген мүдде шетелдік мүдделермен білдірілуде. «Делойт и Туш» компаниясы Бүкілдүниежүзілік банк пен Американың халықаралық даму жөніндегі агенттігінің басшылығымен жүргізген зерттеу жекешелендірілген объек-

тілерде жұмыспен қамтудың едәуір (20%) ұлғайғанын, жекешелендірілген объектілердің дамытылуын инвестициялаудың өскенін (80% меншік иелері), жалдамалы жұмысшылар еңбек ақысының артқанын (пікірі сұрастырылғандар 80%), мемлекеттік объектілермен салыстырғанда біртектес тауар топтары мен қызмет бағасының кемігенін көрсетті (72%).

Қазақстан Республикасы ҰҒА ЭИ филиалының қызметкерлері Қазақ тұтыну кооперациясы институтымен бірге жүргізген осындай зерттеу жаңа меншік иелерінің жағдайы оншалықты мәз емес екенін көрсетті, өйткені олар дағдарысты экономика ақиқаттарына тап болған. Шағын жекешелендіру нәтижелері қаншалықты санқилы және қарама-қайшы болғанымен, республикада инвестицияланған капиталдың тиімді жұмыс істеуі үшін нақты жауап беретін меншік иелері тобының қалыптасқанын атап көрсету керек.

Жаппай жекешелендіру саласында анағұрлым күрделі процестер жүріп жатыр. Акционерлендіруден және жаппай жекешелендіруден негізінен жеңіл, тамақ өнеркәсібінің және құрылыс материалдары өнеркәсібінің кәсіпорындары өтті. Статистика деректері бойынша, өндірістің ең күшті құлдырауы нақ осы кәсіпорындарда байқалуда. Ауыр өнеркәсіп пен өңдеу өнеркәсібінің салалары арасында өнеркәсіп өндірісі құлдырауының қарқындары арасындағы алшақтық жылдан-жылға ұлғайып келеді. Мұның өзі үдемелі өндіріс процестері республика экономикасының шикізаттық сипатын күшейту бағытында өзгеріп жатқанына байланысты. Акционерлендіру және инвестициялық-жекешелендіру қорларын құру арқылы жаппай жекешелендіру жолы меншікті одан әрі қайта бөлу үшін негіз дайындайтын аралық кезең болып табылады.

Өзгеру процестері және шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайлары нарықтық қатынастар қалыптастырудың аумақтық ерекшеліктеріне байланысты қосымша проблемалар туындатты. Осының бәрі мемлекеттің нақты да негізді

аймақтық саясатын әзірлеуді өте маңызды және көкейкесті етті.

Бастапқы мүмкіндіктерді және аймақтардың жекелеген топтарының әзірлік дәрежесін ескере нарыққа көшу процесін басқару механизмінің жетік болмауы жалпы республика экономикасын реформалауды елеулі баяулатты. Нарықтық реформалардың біркелкі болмауы және жоғарыдан төменге дейінгі мемлекеттік және аймақтық басқару құрылымдарымен келісіп алынбауы бірыңғай мемлекеттік реформалар саясатын мақсатты түрде жүзеге асыруға мүмкіндік бермей отыр.

Экономист-ғалымдар мен практиктердің бірлескен күш-жігерімен Қазақстан Республикасының аймақтық саясатының концепциясы әзірленіп, оны үкімет (1996 жылғы 9 қыркүйекте) бекіткен. Бұл концепцияны әзірлеудің алғышарттарын негіздей келіп, мына жағдайлар ескерілді:

- аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейі бойынша, халық тұрмысының деңгейі мен сапасы бойынша саралау;

- жұмыссыздық деңгейі және экономикалық тұрғыдан белсенді халықты жұмысқа орналастырудың нақты мүмкіндіктері бойынша аймақтық айырмашылықтар;

- шағын және орташа қалалардың проблемалары және белсенді мемлекеттік қолдау;

- республиканың артта қалған шалғай аудандарының проблемалары;

- орталық және жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік-экономикалық дамуды реттеу жөніндегі функцияларының ара жігінің айқын ажыратылмауы.

Концепцияда аймақтық саясаттың бағыттары мен артықшылықтары және оны жүзеге асыру механизмі белгіленген. Аймақтық саясатты жүзеге асырудың аса маңызды құралдары деп мыналар белгіленді:

- аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын ке-

шенді болжау;

- жалпы мемлекеттік, аймақтық және салалық деңгейлердегі индикативті жоспарлау жүйесі;

- аймақтарды дамытудың ең өткір проблемаларын шешудің мақсатты бағдарламалары;

- тиісті аймақтың дамытылуын жеделдету мақсатында әлеуметтік экономикалық аймақтар құру.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылына басты, елеулі орын бөлініп отыр, өйткені аймақтық саясатты жүзеге асырудың тиімділігі оның дұрыс болуына байланысты. Аймақтық саясатты нормативтік-құқықтық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі Концепцияның қисынды қорытындысы болып табылады. ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жаңа бағдарлар, олардың егеменді мемлекеттер ретінде оқшаулануы оларда аймақтық саясат жүргізудің алғышарттарын елеулі өзгертті.

Мысалы, Ресей Үкіметі 1995 жылғы 31 наурызда «Реформалар және Ресей экономикасын 1995 жылы дамыту» деген жаңа бағдарлама қабылдады.

Орталықтандырылған жаңғыртуларға тағы да баса көңіл бөлінді. Бұл қате бағдар деп ойлаймыз. Нарықтық қатынастар қалыптасып және дамып келе жатқан жағдайларда жергілікті өзін-өзі басқару дамытылмайынша Ресейде де, Қазақстанда да әлеуметтік-экономикалық дағдарысты жою және тұрақтылықты қамтамасыз ету мүмкін емес.

Жергілікті өкімет орындарының жаңа өкілеттіктері, олардың өкілетті және атқарушы органдары функцияларының көмескілігі, өкілеттіктер мен халық алдындағы жауапкершіліктің сәйкессіздігі олардың қызметінің өте марадымсыз (соның ішінде бюджет қаражатымен) қамтамасыз етілуіне қоса Ресейдің көптеген аймақтарында қалалар мен олардың аудандарының, облыстар мен қалалардың, түрлі деңгейлердегі жергілікті әкімшіліктердің бір-біріне қарсы

тұруына әкеліп соқты.

Оның себептері - ауылшаруашылық өнімі мен өнеркәсіп өнімін өндірушілердің тәртіпке келтірілмеген (және де нарықтық емес әрі орталықтан реттелмейтін) экономикалық байланыстары. Мәлім болып отырғанындай, қазіргі жағдайларда Ресейде 1996-1997 жылдарда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін реформалаудың нормативтік-құқықтық негізін (шамамен 20 жаңа заң және қолданылып жүрген заңдарға 30-ға жуық түзетулер) әзірлеу мен қабылдау белгіленген.

Аймақтық экономикалық стратегияның бірқатар принциптерін келтіруге болады:

- жүйелілік - нақты экономикалық жағдай параметрлеріне сан салалы баға беру, экономиканың функциялық құрамдас бөліктерін жаңғыртуды мақсат ету;

- ұзақ мерзімділік - тұрақтандырушы шаралар кешенінің ұзақ әсер етуі, терең экономикалық өсім;

- мемлекеттік экономикалық стратегиямен үйлесімділік - қатаң экзогенді шектеулер кеңістігінде экономикалық шешімдер қабылдау және экономикалық субъективизмнің жоқтығы;

- орталықсыздандыру - экономикалық бағыт-бағдардың бірыңғай, орталықтан белгіленетін ережелері негізінде аймақ экономикасын басқаруда және оның құрылымын қайта ұйымдастыруда шешімдер қабылдануын орталықсыздандыру;

- инварианттық - экономиканы басқару функцияларын бүлдіретін саяси шараларға және үдемелі өндіріс тетіктеріне қарсы қимыл жасау;

- эволюциялық - монополиялық мемлекеттік шаруашылық жүргізу моделінен аралас үлгідегі экономика моделіне - шаруашылық жүргізудің екі секторлы құрылымына көшудің табиғи қарқынына және меншік нысанына көзқарасты өзгерту.

Ресейде де, Қазақстанда да аймақтық реформаны жүзеге

асыруға байланысты қалыптасып отырған жағдайға жасалған талдау оны тек аймақ, қала түрін, олардың ерекшеліктері мен проблемаларын ескере нақты аймақтық нұсқаларда жүзеге асыруға болады деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Ірі қалаларда реформаларды жергілікті әкімшілік (ғылыммен, ақпаратпен, методологиямен, кадрлармен және басқаларымен қамтамасыз ету жүйесі) басшылығымен пәрменді жүзеге асыруға бағытталған ұйымдастыру жүйелері кешенін жасау үшін барлық жағдайлар бар. Мұндағы ерекше проблемалар - Орталық пен аймақтардың өзара қатынастарын ретке келтіру, экономикалық реформа процестерін реттеу.

Ірі қалалардағы аймақтық реформа бағдарламаларының негізгі принциптері:

- еңбекке жарамды халықты жаңа жағдайларға бейімдеуге бағытталған белсенді әлеуметтік саясат, халықтың ең осал топтарын өтпелі процестердің келеңсіз көріністерінен қорғау;

- бюджет және несие ресурстарын бөлудің салалық және корпоративтік принципіне негізделген құрылымдық саясат іріктемелілігі, ол ресурстар тек банктің қатаң бақылауымен нақты жобалар мен бағдарламаларға берілуге тиіс;

- қала өкімет орындарының жекешелендіруден кейінгі кезеңдегі іс-қимылдарының стратегиясы мен тактикасын әзірлеумен бірге жекешелендіру процесін одан әрі жалғастыру;

- кәсіпорындар мен ұйымдардың ерекше түрлері мен топтарын, олардың қала үшін маңызын анықтау мақсатымен қала шаруашылығын әлеуметтік-экономикалық түгелдеу және осының негізінде оларды реформалаудың ең тиімді бағыттары мен әдістерін анықтау;

- қаланың:

- 1) бизнес-инфрақұрылымды (ақпараттық, телекоммуникациялық, консультациялық, несие-қаржылық) дамытуды;

- 2) шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау қорларын жасау үшін қаржы ресурстарын тартуды;

- 3) кәсіпкерліктің жылжымайтын мүлікке қолы жетуін жеңілдетуді қамтитын тиісті бағдарламасын жүзеге асыру жолымен кәсіпкерлікке жағдай жасау және оны тікелей қолдау;

- кәсіпкерліктің дамытылуын көтермелейтін қалалық нормативтік база жасау;

- өнеркәсіп ұйымдары мен бірлестіктерінің, қала шаруашылығының қызметін монополияға қарсы реттеу, жаңа монополиялық құрылымдардың құрылуына жол бермеу;

- банк жүйесі мен қаржы институттарын, нарықтық инфрақұрылымның көптеген аймақтарға қызмет көрсетуге арналған басқа да элементтерін дамыту;

- бос кедендік және басқа функциялық субаймақтарды тиімді пайдалану, кедендік инфрақұрылым жүйесін дамыту;

- инвестициялар тартудың және аумақтарды (агенттік пен даму аймағын) дамытудың, дербес сыртқыэкономикалық саясаттың әдеттен тыс нысандарын пайдалану.

Сонымен, аймақтарда экономикалық реформаларды жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік және жергілікті күш-жігерді ұштастыру осы қауырт салада ең жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін өте маңызды шара болып табылады.

1.5. Жетісу Жібек жолы торабында

Ұлы Жібек жолы дамуының тарихы біздің дәуірге дейінгі II ғасырдан бастау алады. Орталық Азия аумағы арқылы сауда, дипломатиялық жолдар өтіп, Қытайды, Еуропаны, Византияны және Арабияны өзара жалғастырды. Жолдың ұзындығы 7 мың шақырымнан астам болды. Мұнда түрлі халықтардың мәдениеттері өзара аралас-құралас болып,

біздің дәуіріміздің XVI ғасырына дейін ол сауда, саяси және мәдени алыс-берістің маңызды жолдарының бірі саналып келді. Қазір Халықаралық ЮНЕСКО ұйымы Ұлы Жібек жолын жаңғырту туралы шешім қабылдаған кезде, осы үлкен жолдың маңызды бөліктерінің бірі ретінде Алматы аймағын дамыту туралы ойланатын мезгіл жетті.

Дүние жүзіндегі аса көрікті жерлердің бірі болып табылатын, табиғи ресурстарға (мәрмәр, көмір, асыл тастар, шипалы су көздері, шипалы балшық және т.т.) бай, сан алуан өсімдіктер және жануарлар дүниесі, спортты, туризмді және демалысты дамыту үшін тамаша табиғаты бар Алматы аймағы осы кезге дейін кәдеге жаратылмай келеді. Экономиканы өрге бастырудың қазіргі қарқынымен аймақтың осы табиғи ресурстарын түгелдей кәдеге жаратып, адам игілігі үшін пайдаланғанша әлі талай ондаған жылдар өтетін болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев экономикалық реформалар ауыртпалығын аймақтарға ауыстыру жөнінде алға қойған міндет Алматы қаласы мен осы аттас облыс үшін ерекше көкейкесті сипат алып отыр. Экономикалық реформалардың және ел экономикасын өрге бастырудың табысты болу-болмауы нақ сонда шешілуге тиіс.

Жаңа астана - Ақмола қаласының мәртебесі Президент Жарлығымен анықталды, ал Алматы қаласы мен облыстың мәртебесі әлі анықталған жоқ. Бұл туралы қоғамда түрлі қауесеттер айтылуда, сондықтан бұл мәселенің басын ашып алу керек.

Егер басқаруды жетілдірудің дәстүрлі жолымен жүрер болсақ, онда Алматы қаласы астана мәртебесінен айырылып, мысалы, Ресейдегі Санкт-Петербург, Түркиядағы Стамбул, АҚШ-тағы Нью-Йорк, Германиядағы Бонн, Қытайдағы Шанхай секілді республикалық маңызы бар қала немесе Талдықорған облысын қамтитын Жетісу өлкесінің орталығы

рөліне үміт арта алады. Екінші және үшінші жағдайларда Алматы қаласы Қазақстанда толып жатқан қатардағы облыс орталықтарының біріне айналады. Мұндай ой-пікірдің өз жөні бар, бірақ дүние жүзіндегі ең дамыған елдердің озық тәжірибесін пайдалана отырып, Алматы проблемасын әлеуметтік-нарықтық тұрғыдан шешу, біздің ойымызша, ең тиімді шешім болар еді.

Азияның орталығында орналасқан Алматыда тоғыз жол торабының түйісуі, капитал қозғалысы ірі шетелдік банктер ұйымдастыру, бизнес пен кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасап отыр. Алматыда қажетті білікті жұмысшы күші мен бастапқы кезеңге сай инфрақұрылым қазірдің өзінде бар.

Алматы қаласы - елдегі ең ірі қала, онда 1171 мың адам тұрады.

Республиканың осы қуатты интеллектуалдық, қаржы және мәдени орталығы қазақстандық және шетелдік көптеген жеке, заңды тұлғалардың активтері мен авуарларының едәуір бөлігін жинақтаған. Алматыда республика халқының ең озық және прогресті бөлігі тұрады.

Мұнда халықаралық қатынастар қалыптасуда, өндірістік, қаржы, коммерциялық және басқа байланыстар жолға қойылған. Қалада өнеркәсіп өнімін шығаратын 474 кәсіпорын орналасқан, оның 140-ы ірі кәсіпорындар. Мұнда сондай-ақ 198 құрылыс, 70 көлік ұйымдары орналасқан. Қала темір жол, автомобиль және авиация көлігінің ірі торабы болып табылады, автотасымалдардың бестен бір бөлігін және әуе тасымалдарының үштен бір бөлігін қаланың көлік қызметтері жүзеге асыруда. Алматыда дүние жүзіндегі 10-нан астам елдермен және ТМД елдерінің бәрімен, сыртқыэкономикалық қызметте - дүние жүзіндегі 30 елмен әуе байланысы бар.

Қалада 8143,8 мың дана кітап қоры бар 55 кітапхана, 12 мұражай, 9 кинотеатр, 17 жоғары оқу орны, консерватория

жұмыс істейді, бұл оқу орындарында елдегі студенттердің үштен біріне жуығы оқиды.

Астананың көшірілуіне байланысты заң шығарушы және атқарушы органдардың міндеті - Алматының астана мәртебесінен айырылуына байланысты зардаптарды жеңілдету, сондай-ақ ондаған жылдар бойы жинақталған материалдық, мәдени және интеллектуалдық байлықты одан әрі еселеу, мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне қаланың іскерлік, ғылыми және мәдени басым ықпалын сақтау.

Соңғы екі жылда қалада мақсатты әлеуметтік-экономикалық даму реформасы жүргізілуде, мұның өзі дағдарысты жағдайдың бірте-бірте бетін қайтарып, тұрақтандыру процесін бастауға мүмкіндік берді. Монополиясыздандыру және экономикадағы құрылымдық жаңғыртулар жүзеге асырылуда. Бүгінде экономиканың мемлекеттік секторындағы кәсіпорындардың үлес салмағы небәрі 18,5 процент болып отыр.

Сонымен бірге Алматы аймағында халықты жұмыспен қамту проблемасы едәуір шиеленісті.

Мәселен, жұмыс істейтін адамдардың саны 1992-1995 жылдар аралығында Алматы қаласы бойынша 153,7 мың адамға, облыс бойынша - 150 мың адамға, ал отбасылық коэффициентін ескергенде - 3,4 есе азайды, мұның өзі 868 мың адамның жұмыстан босатылуымен барабар. Алматы қаласында және облыста тұрғындардың саны 2,2 млн адам екенін ескерсек, жұмыссыз қалған адамдардың саны 4,4 процентке жетіп отыр.

Ресми статистиканың деректері бойынша, еңбек жөніндегі органдарда тіркелген жұмыссыздардың саны Алматы қаласында 1995 жылы 2029 адам болған. Алайда бұл цифрлар нақты жағдайды білдірмейді. Мәселен, Алматы қаласы бойынша ғана «көлегей жұмыссыздық» кәсіпорындардың толық немесе ішінара қарап тұруы себепті 10 мыңнан астам адамға жетіп отыр.

Министрліктер мен ведомстволар жаңа астанаға көшкеннен кейін тағы да ондаған мың байырғы басқарушылар жұмыстан босайды да, оның өзі халықты жұмыспен қамту проблемасын едәуір шиеленістіреді, сондықтан орта бизнеспен айналысуды қазірден бастап шешу керек.

Негізгі жұмысынан босаған жоғары білікті мамандардың үлкен армиясы бір жағынан экономика үшін зор шығын, екінші жағынан, елдің және қазіргі құрылыстың қауіпсіздігі үшін зор қатер.

Реформаларды одан әрі дамыту, халықты жұмыспен қамту проблемасын шешу үшін қалада шағын және орта бизнес құру мен оны қолдау мәселесі үнемі қаралуда. Қазіргі кезде қалада 4022 шағын жеке меншік кәсіпорын бар, оларда 25627 адам жұмыс істейді.

1996 жылғы 1 қарашада Алматы қаласында жеңіл өнеркәсіп тауарларын өндірумен шұғылданатын 149 шағын кәсіпорын тіркелген, оның 103-і нан және нан-тоқаш тағамдарын, 12-сі - сусындар, шырындар, сыра және арақ-шарап, 5-еуі - шұжық тағамдарын, 17-сі - жеңіл өнеркәсіп тауарларын шығарады.

Шетелдік инвесторлардың қатысуымен нан, нан-тоқаш тағамдарын, сусындар, шырындар, сыра және арақ-шарап, кондитер тағамдарын өндіретін 14 шағын кәсіпорын жұмыс істеуде.

Алайда бұл Алматы сияқты қала үшін тіптен жеткіліксіз.

Қалада шағын және орта бизнестің дамуын тежеп отырған негізгі себептер - шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайтын нақпа-нақ заң негізінің жоқтығы. Атап айтқанда, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ЖШС ашу үшін жарғылық қорға 1000 ең төменгі жалақы қосу қажет, мұның өзі кәсіпкерліктің дамуына теріс әсерін тигізуде.

Шетелдік инвестициялар, осы заманғы технологиялар

тарту, тәжірибе алмасу және алуан түрлі шағын өндірістер құру үшін қалада таратылған кәсіпорындар негізінде ерекше құқықтық режимі, кеден, салық және басқа жеңілдіктері бар арнаулы экономикалық аймақтар құру қажет.

1996 жылы республикада мамандандырылған экономикалық аймақтар құру процесі басталды: мәселен, Лисаковск, Қызылорда аймақтары. Алматы аймағының Орталық Азияда тағдырлы рөл атқарып отырғанын ескерсек, бұл аймақтың ерекшелігі олардан өзгеше болуға тиіс.

Алматы қаласына тағдыр Ұлы Жібек жолының орталығы болуды жазған, ол сондай орталыққа айналуға тиіс. Бұл үшін Алматыға еркін экономикалық аймақ мәртебесін, ал Қаскелең, Қапшағай, Талғар және Есік қалаларына Алматының құрылымына кіретін мамандандырылған, техникалық-экономикалық аймақтар мәртебесін беру қажет. Осы қалалардың ерекшеліктері мен потенциалын ескере, бірін ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуге, екіншісін - тамақ және жеңіл өнеркәсіп өнімін өндіруге, үшіншісін - жаңа техника мен технологияларды дамытуға мамандандыруға болады және т.т.

Бұлаймақтар Алматының экономикасына, Қазақстанның экономикасына жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар Қапшағайда тамаша су аймағын ашуға болады. Тау етегінде және таулы жерлерде жұмыс істеп тұрған мейманханаларды, кемпингтерді, туристік базаларды демалу, емделу және спорт үшін пайдалануға және жаңаларын салуға болады. Бұл жобаны қаржыландыру үшін мемлекеттік, жеке меншік және шетелдік инвестициялар тартылуға тиіс.

Еркін экономикалық аймақтың тартымдылығын қамтамасыз ету үшін салық салудың жеңілдеу режимі белгіленіп, ол ең алдымен салықты көптен жинауға емес, аймақты жедел дамытуға және ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталатын болуы керек.

Салық салу сатылы болуға тиіс: игерудің бірінші

кезеңінде 7-15%, екінші кезеңінде – 15-20% болуға тиіс және т.т.

Мамандандырылған техникалық-экономикалық аймақтарды дамыту мысалдары дүниежүзілік экономикада көп. 1994 жылы Шанхай қаласында 1 жылдың ішінде ғана шетел капиталын ескере 200-ге жуық бірлескен кәсіпорындар құрылған болатын, оның шешуші шарты - болмашы ғана салық салынуы болды. Қытай астанасы Пекиннің төңірегіндегі шағын қалаларға мамандандырылған техникалық-экономикалық еркін аймақтар мәртебесі берілген, мұның өзі олардың экономикасының қарыштап дамуына себеп болды. Салық сатылап салынып болып белгіленген, бірлескен кәсіпорындардың, шағын және орта бизнестің дамуына қарай салық өсе түсіп, сайып келгенде елдегі ең жоғары мөлшерге жетуі мүмкін.

Сөйтіп, осы ұсыныс жүзеге асырылған жағдайда босқа тұрған фабрикаларымыз бен зауыттарымызға жан бітеді, мүлдем жаңа кәсіпорындар бой түзейді, ал босаған және босап жатқан, қазір мемлекетке ықтимал қауіп болып отырған білікті жұмыс күші қуана еңбек етіп, өзіне және өз мемлекетіне соншалықты қажет шетелдік валюта табатын болады деп санаймыз.

Алматы қаласын дамытудың осы жолын баяндай отырып, Ұлы Жібек жолының болашақ ірі, мәдени, қаржы, көлік орталығы ретіндегі оның мәртебесі туралы Заңның тезірек қабылданғанын, онда кәсіпкерлік пен бизнесті дамыту үшін барлық жағдайлардың көзделгенін қалар едік.

Ол Заң қаланың құқықтық мәртебесін баянды етуге тиіс.

Өкілетті және атқарушы органдарды ұйымдастырудың негіз қалаушы нормалары айқындалатын, қаланың аумақтық құрылымы, сондай-ақ өкілетті және атқарушы органдардың жүйесі, оларды қалыптастырудың, олардың іс-қимыл жасауының тәртібі, өкілеттіктері мен жауапкершілігі,

олардың қызметінің құқықтық және материалдық негізі, тікелей демократия нысандары белгіленетін болады және т. т.

Алматы қаласының аумағында орналасқан мемлекеттік меншік объектілерін, Қазақстан Республикасының ең жоғары заң шығарушы, атқарушы және сот органдары, Бас Прокуратурасы, ҰҚК-і, Ұлттық Банкі орналасқан ғимараттардан, құрылыстардан, үй-жайлардан басқаларын иелену, пайдалану және оралымды басқару құқығы баянды етілетін болады.

Қаржы ресурстарын құру ерекшеліктері, бюджет жүйесі құрылымының ерекшеліктері, көрсетілген қызмет үшін Алматы қаласының шығынын өтеу тәртібі көрсетіледі.

Жерге және басқа да табиғи ресурстарға меншік құқығын жүзеге асыру тәртібі, сондай-ақ қаланың атқарушы органының бұл мәселедегі рөлі, Республика заңдарына сәйкес жердің кімге ақылы, кімге тегін негізде мерзімсіз жалға немесе белгісіз мерзімге берілетіні белгіленетін болады және т. т.

Осының бәрі қала аумағының шектеулі екеніне және кеңейтіп құрылыс салатын жер учаскелері жоқтың қасы екеніне, қала төңірегін бағалы ауылшаруашылық жерлері қоршап жатқандықтан құрылысты едәуір ретке келтіру қажет екеніне байланысты.

Заңда сондай-ақ көші-қон процестерін реттеу негіздері қаланғаны керек.

Алматы қаласы өзінің өсу мүмкіндіктерін іс жүзінде сарқып болды.

Бүгінде қалада 1,171 млн адам тұрады. Бұған қоса, ауаны ластайтын аса ірі өнеркәсіп орындарының, көлік ұйымдарының және басқа объектілердің болуы қаладағы көші-қон процестерін қаланың тиісті қызметтері арқылы реттеп отыруды қажет етеді.

Бұл Заң жарыққа шыққаннан кейін еліміздің саяси және экономикалық өміріндегі қаланың орны мен рөлі, астана көшірілгеннен кейін, Республиканың ой-өріс, қаржы және

мәдени орталығы ретіндегі маңызы нығаяды, қаланың ресурс-тары мен потенциалын тиімді пайдаланудың экономикалық тетіктері барынша іске қосылады, аймақ халқының әл-ауқат дәрежесі өседі.

II-ТАРАУ. ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 21 қыркүйектегі «Сайлаушылармен кездесу нәтижелері туралы» қаулысында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Экономикалық реформа жөніндегі комитетіне: «...барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар - тауар өндірушілерді жан-жақты қолдау мен оны заң тұрғысынан қамтамасыз ету шараларын белгілейтін жаңа экономикалық саясат Концепциясын әзірлеу» тапсырылды.

Осы шешімді орындау үшін комитетте арнайы жұмыс тобы құрылып, оның құрамына басқа комитеттердің де көптеген депутаттары, ғалымдар, тәжірибелі мамандар, сондай-ақ комитеттің консультанттары енді.

Нарықтық өзгерістердің стратегиялық бағытын республика Президенті айқындады. Әлемдік тәжірибеден қарасақ, бізде нарыққа көшу жолының бәрі де негізінен анықталған, бірақ осынау жалпыға мәлім жағдайлардың қалай жүзеге асырылып жатқандығы, кемшіліктерді қайткенде азайтуға болатындығы өз алдына бөлек проблема.

Өкімет органдарының іс-қимылы таңдап алынған стратегиялық бағыт талаптарын орындауды дер кезінде және тең қамтамасыз ете алмады. Жаңа үкіметтің келуімен жағдай өзгере бастап, проблема жаңаша қараушылық байқалғанымен, әлі де ағымдық сипат басым, жүйелілік жоқ.

Концепция жобасының мазмұны отандық тауар өндірісін іріктеп қолдауды, экономикалық даму индикаторларын іске қосуды, реформаларды заң тұрғысынан қамтамасыз ету мен осы негізде тиімді әлеуметтік саясат жасауды саралайды.

Өзімнің әріптестерімнің (э.ғ.д. «Байзақов С., э.ғ.д. Қалдыбаев Ө., э.ғ.д. Елемесов Р., э.ғ.к Шалбаев С.) пікірлерін

мойындай отырып, мен осы ғылыми топтың жетекшісі ретінде дайындалған жаңа экономикалық саясат Концепциясының жобасын қосымша жетілдіріп қалың оқырман қауымына ұсынып отырмын [3].

Жаңа экономикалық саясат мақсатының негіздемесі нарыққа өтудің ырықтандыру-сауықтыру бағдарламасын іске асыру баға мен шаруашылық байланыстарын ырықтандырумен ұштасқан қатаң ақша-несие саясатына айналды. Елдің шаруашылық өміріне мемлекеттің араласуы көктемгі егісті, егін жинауды, қысқа дайындықты қолдау сияқты бір жолғы шаралармен шектелді. Үкімет қабылдаған бағытқа қарапайым әкімшіл-әміршіл басқарумен ұласқан дәйексіз монетаризм деп анықтама беруге болады. Бұл бағытты табандап ұстаудың өзі бағаның бақылаусыз өсуі мен инфляция тенденциясының етек алуына, табысты нәтиже бере алмаған қаржылық макрореттеу әрекеттеріне әкеп соқты. Микроэкономикалық және аймақтық саясат, ғылыми-техникалық прогресс, мемлекеттік меншікті басқару, кәсіпкерлік пен шағын бизнесті дамыту тәрізді мәселелер шешілмей, сырт қалдырылды. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру механизмі жұмыс істемеді, ал өндірісті билеп-төстеу күшейтілді.

Халық тұтынатын тауарлардың ішкі нарығы бұзылды. Экспорт пен импорт жүйесіз және бақылаусыз жүргізілді. Бәсекелі нарықтық ортаның болмауы жағдайында дағдарысқа қарсы бағдарлама сәтсіздікке ұшырады – экономикалық реформаның алға қойылған бірде-бір мақсатына қол жетпеді.

Үкіметтің 1994 жылдың орта шенінде жасаған жаңа әрекеті өз қызметінің кезекті бағдарламасын әзірлеумен аяқталды. Жоғарғы Кеңестің Келісім комиссиясының қорытындысына сүйенсек, бұл бағдарламада бірқатар елеулі кемшіліктер бар және экономикалық реформаларды тереңдете түсу кезеңінде ескі көзқарастарды сақтап қалуға тырысқан. Ең басты кемшілігі мынада: үкімет тауар өндірушілерден,

бірінші кезекте мемлекеттік сектор кәсіпорындарынан алшақтауында. Депутаттардың алдын ала білгеніндей, үкімет іс-қимылының жаңа бағдарламасын іске асырудың үш айлық қорытындысы өте қанағаттанғысыз болып шықты және Министрлер кабинетінің орнынан түсуінің өзі соның заңды салдары болды.

Министрлер кабинетінің ауысуы экономикаға реформа жасаудың үкіметтік-саясатының, оны жүзеге асыру механизмдерінің мазмұнын қайтадан ой елегінен өткізу қажеттігі пісіп-жетілгенін әбден дәлелдеп берді. Демек, осы мақсатқа орай халықтың тұрмыс деңгейін тұрақтандыру және нарықтық реттегіштерді қамтамасыз ететін бірінші кезектегі іс-қимылдың «тұтқалы кешенін» тұжырымдау керек екендігінде дау жоқ.

Бұл ұсынылып отырған жаңа экономикалық саясаттың бұрынғы нарықтық радикализм экономикалық саясатынан айырмашылығы - елдің экономикалық жүйесін дағдарыстан шығаруда, белсенді әлеуметтік бағытты дамумен теңдестіру, шарттарының өзекті кешені ретінде тауар өндірушілерді іріктеп, қолдаудың объективті қажеттігінде болып отыр. Макроэкономикалық саясаттың мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру, монополияға қарсы реттеу, баға мен тауар нарықтарын ырықтандыру, ақша, бюджет саясаты, сыртқы экономикалық саясат және т.б. сияқты басқа да барлық құрамдас бөліктері жаңа экономикалық саясаттың осы мақсатына бағындырылады. Елдің шаруашылық өміріне мемлекеттің араласуы экономиканы дағдарыстан шығаруға және оны нарықтық реттеуге дайындауға мүмкіндік беретін экономикалық индикаторлардың тұрақтандырғыштар мен әкімшілік реттегіштердің шектеулі саны арқылы жүзеге асырылады.

2.1 Макроэкономика

2.1.1 *Үкіметтің макроэкономикалық саясатын талдау*

Республика үкіметі ішкі нарық бағасын дүниежүзілік бағаға кезең-кезеңімен жақындату мақсатымен бағаны ырықтандыру жөнінде макроэкономикалық саясат жүргізді, мұның өзі мемлекеттің ақша ресурстары мен халықтың табысын, мемлекеттік және жеке кәсіпорындардың қаржы ресурстарын тұрақсыздандыратын инфляция тенденциясының барған сайын жаңа оралымдарын туғызды. Соның салдарынан 1994 жылдың орта шеніне қарай дағдарысты құбылыстар әлеуметтік-экономикалық саланың шегінен шығып, мемлекеттің басқару құрылымына таралды, бұл тұтастай қоғамның тұрақсыздығы қаупін тудырды.

Үкіметтің нарықтық экономиканы халық шаруашылық пропорцияларының кездейсоқ нарықтық реттегіштерімен қалыптастыруға, өндірістің барлық секторлары мен аймақтардың шаруашылық қызметіне ықпал етудің қолданылмалы тұрақтандырғыштары мен реттегіштерінен бас тартуға бағытталған макроэкономикалық саясаты, өмірдің өзі көрсеткендей қате болып шықты. Ішкі тұтыну нарқының ыдырауы, халықтың тұрмыс деңгейінің бес есе төмендеуі - тап осы қатенің тікелей салдары деу керек.

Әлі де мемлекеттік сектор басым болып отырған өндіріс саласына мемлекеттің араласпауы - үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасы мен іс-қимылының негізгі кемшілігі. Бұл бағдарламалардың макроэкономикалық саясат саласындағы тағы да бір елеулі кемшілігі - реформалардың әлеуметтік тірегі - меншік иелерінің қалың тобы пайда болу үшін нақты негіз жасамай нарықтық экономика құруға ұмтылуында жатыр. Соның салдарынан келіп мемлекеттік меншік түріндегі материалдық негіз әлсіреді де реформаларға әлеуметтік қолдау жасалмай қалды.

Аталған бағдарламалардың қаржы - бюджет және ақшанесие саясаты саласындағы кемшіліктері халықтың ақшалай кірістерін азайту, тұтыну өрісін тарылту, кез келген меншік нысанындағы тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдаудан бас тарту арқылы бюджет тапшылығын шектеуге ұмтылу болып табылады. Кірістер саясатының жоқтығы мемлекет бюджетін барынша азайтуға алып келді, ал жаңадан құрылған кездейсоқ нарықтық құрылымдар экономикалық ырықтандыру саясаты жүргізілуінен туған шығындарды өтей алмады.

Несие жүйесін саудаға айналдыру және ақша эмиссиясын экономиканың бір сәттік және бір жолғы проблемаларын шешуге - бюджет тапшылығын, астық жинау, жылыту және басқа науқандарды қаржыландыруға пайдалану - экономикалық былықтың тереңдеуіне алып келді және республика экономикасының толық күйреу қаупін тудырды.

2.1.2 Жаңа макроэкономикалық саясат

Концепцияның негіздемесі мен мәні үкімет ұсынған және ХВҚ қолдаған экономикалық тенденцияны реттеудің бытыраңқы нарықтық, реттегіші бар үлгісі еліміздің экономикалық дағдарыстан шығу міндеттерін шешуде мемлекет ролін күшейтуді көздейтін және қажетті жағдайда микроэкономикаға тікелей мемлекеттің араласуына мүмкіндік беретін мемлекеттік реттегіштермен толықтырылуға тиіс.

Концепция әлеуметтік, салалық, аймақтық, ғылыми-техникалық, қаржылық және т.б. салаларды реттеудің сыннан өткен экономикалық және әкімшілік принциптерінен бас тартатын уақыттың жетпегендігінен туып отыр. Тіпті, дүние жүзінің дамыған елдерінің өзі экономикалық дағдарыстар кезеңінде нарықтық механизм барысына әкімшілік араласуын жоққа шығармайды.

Қазіргі кезде мемлекеттік меншікті, мемлекеттік кәсіпорындарды, кеңшарларды тікелей басқару қажеттігі күмән туғызбайды. Реформалау әдісі экономикаға мемлекет тарапынан ықпал ету механизмдерін сапалық тұрғыдан жақсарту жағына қарай түбірінен өзгертілуге тиіс.

Бір жағынан, экономиканы мемлекеттік басқару жүйесін, мемлекеттік институттардың жұмыс принциптері мен стилін реформалау, екінші жағынан, микродеңгейде мемлекеттік ықпал ету жүйесін қайта құру - кез-келген меншік нысанындағы өндірістік сектордың шаруашылық қызметіне араласу - жаңа макроэкономикалық саясаттың мәні. Мемлекеттің басқару қызметін реформалау, негізінен алғанда, микроэкономикалық міндеттерді шешуге бағытталады, ал микродеңгейге мемлекеттік ықпал ету жүйесін қайта құру: мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру тенденциясын жүйелеуге сүйенеді; реформаның әлеуметтік тірегін жасау; меншіктің барлық нысанындағы тауар өндірушілерді қолдауға; ішкі тауар нарықтарын ырықтандыруға және басқаларға сүйенеді. Қорыта айтқанда, тұрақтылық болуы тиіс, сонда ғана халықтың өмір сүру деңгейінің өсуіне жол ашылады.

Экономикалық бақылау - осы күнгі әрбір мемлекеттің негізгі қызметі. Біздегі бухгалтерлік есептеу, экономикалық талдау және бақылау жүйесі бұрынғы әкімшілік-бюрократиялық басқару жүйесінің құралы ретінде қалыптасқан. Әкімшілдік-әміршілдік басқару жүйесі қайта құрылғанымен оның есептеу және бақылау жүйелері сол қалыпты өзгермей қолданылып келеді. Мемлекеттің есептеу, талдау және бақылау жүйесі нарық жағдайына сәйкес емес, өте икемсіз, негізінен бюрократиялық аппаратқа қызмет етеді.

2.1.3 Макроэкономикалық саясатты іске асыру тетіктері

Мемлекеттік өкімет органдарының өзара іс-қимыл жүйесі. Макроэкономикалық саясат мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының тиімді өзара іс-қимылы жүйесінен тыс жасалмайды да, жүзеге асырылмайды да. Концепция мұндай өзара іс-қимылдың қосымшада көрсетілетін қағидаттарын ұсынады.

Есеп пен есеп беруді қайта құру. Есептің, есеп берудің, бақылау мен талдаудың қолданылып жүрген жүйесі басқарудың әкімшілік жүйесінің мұқтажына арналған. Ол қолайсыз, түсініксіз және нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес келмейді. Әзірге ол қайта құрылмайынша, мемлекетте оқиғаның барысына араласа алатын дәл есептелген экономикалық аспаптар болмайды. Есеп жүйесі халықаралық стандарттар негізінде әзірленген есеп стандарттары кешеніне және аудит қалыптарына сүйеніп құрылуға тиіс. Бұлай болмайынша экономикалық аспаптар жиынтығы шексіз күйінде қала бермек. Барлық өркениетті елдердегі сияқты «Бухгалтерлік есеп және есеп беру туралы» Қазақстан Республикасының заңын әзірлеп, қабылдау және «Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңын жетілдіру керек. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің есепті қайта құрудағы, ал Мемлекеттік статистика комитетінің есеп берудегі жеке жауапкершілігін күшейту қажеттігі пісіп жетілді.

2.1.4 Индикативтік жоспарлауды енгізу

Ұсыныс тұрғысындағы маңызы бар макро болжамдар көптеген тауар өндірушілердің шаруашылық қызметін үйлестіру саласындағы мемлекет жұмысына ешқандай жаңалық енгізбейді. Министрліктер мен ведомстволар, об-

лыс әкімшіліктері мен жергілікті өзін-өзі басқару қызметінің орталықтандырылуын жойып, олардың тапсырылған жұмыс учаскесіне жеке жауапкершілігін күшейту және оны жүзеге асыруға бақылау жасаудың сенімді жүйесін қалыптастыру керек. Жалпы экономикалық бағдарлама мемлекеттің бақылау-реттеу қызметіне жаңаша сипат береді. Бағдарлама нұсқау жоспар емес, ол жеке шаруашылықтардың даму бағытын айқындайтын, күнделікті іс-әрекетіне бағдар беретін құрал. Мемлекеттік бағдарлама жалпы экономикалық дамудың негізгі бағыт-мақсаттарын анықтап, айқындайды, сонымен қатар ол негізгі өндіріс түрлері мен экономикалық аймақтар бойынша нақтыланып жасалғаны да дұрыс.

Бұл арадағы басты міндет басқару қызметі орталықтандырылуын жоюдың мемлекеттік экономикалық саясатқа қауіп төндірмеуі болып табылады. Мұндай міндет индикативтік жоспарлау әдістерімен - барлық деңгейдегі атқарушы өкіметтің бірыңғай мемлекет мүддесіне бағындырылуы мақсатында оның экономикалық мүдделерін ескеріп құрылған - индикаторлар, реттегіштер және тұрақтандырғыштар мен әкімшілік рәсімдері әдістерімен шешілуге тиіс.

Нақты индикаторлар: өзіндік құн, өндіріс көлемі, инфляция деңгейі және басқаларға негізделіп, монополияға қарсы және баға саясаты міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған Министрлер кабинетінің «Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің өніміне бағаны реттеу туралы» қаулысы бұған мысал бола алады. Бірақ бұл бір жолғы және жүйесіз жұмыс. Атқарушы өкіметтің барлық тармақтарында жоғарыдан да, төменнен де, осыған ұқсас, өздерінің арасында бірін-бірі қайталамайтын, заңмен баянды етілген және мемлекеттік өкіметтің жоғарғы органдары тарапынан толық бақыланатын тапсырмалар мен мемлекеттік тапсырыстар болуға тиіс.

Әңгіме министрліктер мен ведомстволарға, мемлекеттік

билік пен аумақтық өзін-өзі басқарудың жергілікті органдарына берілетін міндеттердің айқын (сапалық және сандық тұрғыдан белгіленген) жүйесін әзірлеу туралы, тапсырылған жұмыс учаскелерінің жүзеге асырылуына бақылау жасаудың қазіргі заманғы талаптарына сай келетін нақты индикаторлар мен реттегіштерді талдап жасау туралы болып отыр.

Нақты мемлекеттік тапсырма және оның орындалуын бақылайтын жүйе ретінде индикативті жоспар ұйымдастыру - хұқылық және экономикалық-өлшемдік жағынан қатар анықталуы қажет. Бұл министрліктер мен ведомстволардың, жергілікті мемлекеттік үкімет орындары мен аймақтық басқару ұйымдарының осы күнгі нарық талаптарына сәйкес қызметтерінің мазмұны мен мақсатын, олардың іске асу механизмін айқындайтын экономикалық ынталандыру және реттеу (индикативті) құралдарын және жауапкершілік-хұқылық нормаларын (шеңберін) жоғарыдан төменге қарай жүйе ретінде жасап индикативті жоспарға енгізу қажет деген сөз.

Осы мақсатта Индикативтік жоспарлау негіздері туралы заңды әзірлеуді жеделдету қажет. Бұл заң әрбір министрлік пен ведомствоның, аумақтық басқару органдарының ЖІӨ көлемі, ЖІӨ бюджет тапшылығы, процент ставкасы және т.б. сияқты макроэкономикалық; ең төмен жалақы, күнкөріс минимумы, жұмыспен қамтылу деңгейі және т.б. сияқты әлеуметтік; аймақтың көлікпен, байланыспен, мектептермен, денсаулық сақтау қызметімен және т.б. қамтамасыз етілуі сияқты аймақтық, рентабельділік, шығындылық, банкроттық проценті және т.б. сияқты микроэкономикалық индикаторларға байланысты қызметі мен жауапкершілігін белгілейтін тиісті ережелермен (заңдарға қосымша құжаттармен) нығайтылуға тиіс.

Әрбір министрлік пен ведомство аумақтық әкімшілік жасау органдарының әрқайсысы экономикалық процестердің бұзылу ошақтарын тұрақтандыру мен ретке келтіру

құралдарын игеру және бұл тұрғыда олардың заң жүзінде баянды етілген құқықтары мен міндеттері болуға тиіс. Кеңес салтындағы әсіре орталықтандырудың директивалық тұтқалары нарықтық экономиканың орталықсыздандырылған реттегіштерімен алмастырылуға тиіс. Қатаң жоспарлы қалып орнатуды емес, нақты объектілердің дамуын қадағалап отыруға мүмкіндік туатын экономикалық бағыттарды көздейтін индикативтік жоспарлауды енгізудің мәні осында.

2.1.5 Қаржы-ақша ресурстарын макроэкономикалық реттеу

Экономиканың серпінді теңдестірілуін мемлекеттік бақылау, ақша көлемі мен материалдық ресурстар арасындағы теңсіздікті жою бюджетті біртіндеп теңдестіру жөніндегі жұмыс қаржы-ақша ресурстарын макроэкономикалық реттеудің негізгі міндеті болып табылады. Бұл міндеттердің бәрі де тауар өндірушілердің мүдделеріне сәйкестендірілуге және инвестициялық стратегия мен құрылымдық саясаты басым салаларға бағыттауға көмектесуге тиіс. Қаржы және ақша ресурстарының белгіленген бағыттарға қарай түсуін қамтамасыз ету тиісті салық, баға, амортизация және бюджет саясатын жүзеге асыруға көмектесетін жалпы экономикалық көрсеткіштер мен реттегіштер жүйесін құру арқылы жүргізіледі.

Ақша-қаржы ресурстарын жалпы экономикалық деңгейде реттеудің негізгі мазмұны айналымдағы ақша-тауар көлемін реттеп, бюджет тапшылығын қысқартып, соның негізінде экономиканың тұрақты өсуіне жағдай жасау болады. Осы іс-әрекеттердің барлығы экономиканың құлдырауына қарсы, товар өндірушілердің мүддесіне сәйкес келеді және ұзақ мерзімдік инвестицияларды өндірістің негізгі салаларына жұмсауға мүмкіншілік береді. Қаржы және ақша ресурстары белгіленген бағытта жұмсалуды қажетті салық,

баға, амортизация және бюджет саясатын жүргізуге жағдай тудыратын жалпы экономикалық ынталандыру және реттеу жүйесін қалыптастыру арқылы іске асады.

Бюджет саясатының өзегі бюджет шығыстары мен кірістері арасындағы мейлінше «жұмсақ» бағыныштылықты қамтамасыз ететін тұрақтандырғыштар болуға тиіс. Мұндай «ендірілген» тұрақтандырғыштар - салықтар, трансферттік төлемдер, ол шекті жағдайда қосымша эмиссия болып табылады.

Қаржы ресурстарын орталықтандыру деңгейін таңдап алу және бюджеттің кіріс базасын нығайту проблемасы тиісті салық саясатын жүргізу және меншіктің барлық түрлеріндегі кәсіпорындардың мемлекетпен мемлекеттік тапсырыстар негізіндегі шарттық (келісім-шарттық) қарым-қатынасы негізінде шешілуі мүмкін.

Қазіргі кезде қолданылып жүрген салықтар, негізінен фискальды міндет атқарады және макроэкономикалық тұрақтандырудың тиімді құралы бола алмайды. Сондықтан салық салудың тек қана фискальды емес, мемлекеттің барлық мүдделерін ескеретін неғұрлым тиімді жүйесіне көшу қажет. Тұтас алғанда қолданылып жүрген салықтарды ретке келтіру үшін ең алдымен, салық алымдарының жиынтық жоғарғы шегін анықтайтын Салық кодексін Жоғарғы Кеңестің қабылдауын жеделдету керек.

Бюджет саясаты сферасында елеулі проблемалар бар. Бірақ едәуір дәрежеде ақша көлемінің ұсыну мөлшерін айқындайтын ақша-несие ресурстарының макроэкономикалық реттегіштері экономикаға тұрақтандырушы ықпал ететін негізгі құралдар болуға тиіс.

Макроэкономикалық, әлеуметтік және т.б. индикаторлардың болуға тиісті өзгерістеріне орай сандық өлшемдер қалыптастырылуға тиіс, мысалы, ақша көлемінің өсу шектері, инфляция деңгейі, ұлттық валюта курсы және т. б. Қазіргі уақытта аталған өзара-байланыстар ескерілмесе, ашық ры-

нокта жүргізіліп жатқан операциялар ақша көлемін реттеу мен банк резервтерін басқаруда айқындаушы роль атқара алмайды. Ақша-несие саясатындағы қосымша нарықтық тұрақтандырғыш ретінде бағалы қағаздар нарығы мен қор биржалары туралы заңдарды жеделдету сайып келгенде осы сферадағы бірінші кезекті маңызы бар міндет болып табылады.

Макроэкономикалық саясаттың тиімділігін арттыру үшін банктердің макроэкономикалық және микроэкономикалық ортадағы қызметін ретке келтіретін «Ұлттық банк туралы», «Банктер туралы» заңдардың жаңа редакцияларын жеделдету қажет.

Мемлекеттік орташа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелерді бөлу арналарын ретке келтіру үшін арнаулы инвестициялық банктер құруды тездетудің маңызы зор, ал осы саладағы бәсекелестік күшейтілсін десек, онда банк қызметін көрсету құқығы бар қаржы институттарын қалыптастырған жөн.

Қаржы-ақша ресурстарын жалпы экономикалық деңгейде реттеудің тағы бір маңызды бағыты осы күнгі ұйымдастырылған және заңдастырылған нарықты экономиканың мазмұнына сай келетін нарық инфрақұрылымын құру болады. Ол үшін құнды қағаздар, қаржы-несие және тауарлар нарығының осы күнгі өркениетті формаларын қалыптастырып дамыту қажет. Осы күнгі нарық - ол бұрынғы базар емес, оны қалыптастыру үшін ескі атауларды қолдану жеткіліксіз, ол үшін экономикалық қатынастардың жаңа экономикалық-құқықтық және ұйымдастыру түрлері мен әдістеріне көшіп осы күнгі нарық мазмұнын игеру қажет.

Мұндай жаңа экономикалық құрылымға шикізат өнімдерін, шикізаттан түпкі өнім шығаратын кәсіпорындар, банктер және түпкі өнімді сатып алатын тұтынушылар кіреді. Мұндай бірлестіктер өте күрделі инвестициялық бағдарламаларды іске асыру үшін ерекше қажет болуы

мүмкін. Өндіріс капиталы мен қаржы капиталдарының осындай интеграциясы (бірігуі) қалыптасуы үшін «қаржы-өндіріс топтары туралы» арнайы Заң қабылдануы қажет.

Негізгі өндіріс салаларының қаржы, инвестициялық ресурстарының бөлшектеніп-бөлінуі өндірістің жалпы құлдырауының бір себебі деуге болады. Айталық, Қазақстан мұнай шығару бойынша 14 жылға кейін шегіндірілді, яғни 1980 жылдың көлеміне қайтып оралды. Мұнай өңдеу саласы да дағдарыс жағдайында жанар-жағармай өнімдері – 53%, ал бензин – 25% қысқарды. Қара металлургияның жағдайы бұдан да қорқынышты, мұнда шикізат шығару көлемі 1994 жылы 60-шы жылдардың деңгейінде болса, болат пен шойын өндірісі 70-ші жылдардың көлеміне түсті. Машина жасау саласында өндіріс көлемі 1994 жылы екі есе қысқарды.

Төлем жүйесінің ойдағыдай жұмыс істеуі, вексельдік айналымды, нақты ақшасыз есеп айырысудың чектік және басқа түрлерін енгізу үшін сараланған жеңілдікті несие-лер беру, тауарлар мен қызметтер үшін дер кезінде және кедергісіз есеп айырысу және жалақы беру механизмдері арқылы кәсіпорындарды ынталандыру, банктегі шоттан шаруашылық ішіндегі айналымға арналған ақшаны алуға құқық бермейтін шоттар және шоттардан нақты қаражат алуға құқық бермейтін, тек шаруашылық ішіндегі есептерге ғана қызмет көрсететін, есеп айырысу (есеп) чектерін енгізуді қамтамасыз ету дұрыс болады.

2.2 Микроэкономика

2.2.1 Үкіметтің микроэкономикалық саясатын талдау

Үкіметтің тұтас микроэкономикалық саясаты жоқ. Үкіметтің ұстанған бағытындағы басты қателік – мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге иек артуы, тауар

өндірушілерден, тұтыну рыногын тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен тікелей қамтамасыз ететін меншік иелерінің ауқымды тобының пайда болуы үшін, экономикалық реформаларды жеделдету үшін халықтың өзін, әсіресе ауыл халқын қозғалысқа түсіретін нақты негіз қалыптастырудан өздігінен сырт қалғаны.

Бұрынғы және жаңадан құрылған салалық министрліктер осы уақытқа дейін өнеркәсіп саясатын жасамады. Айталық, Энергетика және отын ресурстары министрлігі мен Мұнай-газ министрлігі өздерін мемлекеттік монополиялық энергокомпанияға және монополиялық көмір, мұнай, газ және «ЖЖМ» холдингтеріне біріктіріп жіберді. Мұндай ведомстволарға өздерінің өнімдеріне нарыққа қарсы ішкі бағаларды өсіру, дайын өнімдерді емес, шикізатты сыртқа шығаруды арттыру тиімді. Мұндай монополияшы-ведомстволар құрылымының өзі нарық идеологиясына және реформаның тереңдеуіне қарсы жұмыс істейді. Оның үстіне бұл жүйенің «ұңғыдан (скважинадан) бензин бағанына дейінгі» технологиялық тізбек бойынша құрылған шетелдік монополиядан ерекшелігі - технологияда бөлшектелген «көлденең» жатқан билігі үстем, әрі шашыраңқы кешендердің болуы.

Транспорт тарифтерінің өсуімен бірге осы өндіріс салаларында бағаны босату нәтижесінде олардың өнімдерінің құны әлемдік баға деңгейінен де артып кетіп отыр. Бұл сатылған өндіріс салаларында еңбек өнімділігінің құлдырауын, олардың техникалық және технологиялық деңгейлерінің төмен екенін көрсетеді.

Көмір өндіру саласындағы монополияшылардан басқа көмір өткізу жүйесінде де үстем құрылымдар бар. Мұнай өнеркәсібінде өндіру, өңдеу және ЖЖМ-ді бөлу жөніндегі монополияшылар дербес өмір сүріп отыр. Газ саласында өндіру, тасымалдау және тұтынушыларды жабдықтау әртүрлі монополиялық кешендерге бөлшектеліп кеткен.

Технологиялық жағынан бір-бірімен байланысты кен-металлургия өндірісі де монополиялық ұстындарға бөлінген. Олардың әрқайсысы үстем бағаларды «ширатып» жіберуге және несиелерді тек қана өз учаскесінде пайдалануға мүдделі, ал оларды бір министрлік, холдингке немесе ҰАК-ке біріктіру кәсіпорындарды шаруашылық дербестігінен айырады. Іс жүзінде мемлекеттік-әкімшілік басқару қызметін кәсіпорындардың шаруашылық-басқару қызметімен біріктіру жүріп жатыр, бұл кәсіпорындардың, аса ірі және тым орталықтандырылған шаруашылық басқару құрылымдарын бақылау және олардың қызметін реттеудің экономикалық және құқықтық амалдарын жасап, пысықтауға мүмкіндік бермейді.

Осы уақытқа дейін тауар айналымы жүйесін және тауарлар мен табыстар қозғалысын есепке алуды ұйымдастыру ретке келтірілмеген, бірыңғай делдалдық үстеме ақы жоқ, бірыңғай монополияға қарсы реттегіштер мен тиісті заң құжаттары жасалмаған. Республика өнеркәсібі жүйесі тиімділігін көтерудің басты буыны машина жасау, ғылымды керексінетін өндірістерді және ғылымның өзін жедел дамыту болып табылады. Үкімет осы жетекші басым салаларға аз көңіл бөледі. Республикада машина жасауды дамытудың қазіргі деңгейі құрылымы жағынан да, оның республика қажетін қамтамасыз етуге бағытталуы жағынан да артта қалған.

Өнеркәсіпті басқарудың қазіргі баспалдақты құрылымдары мен жүйесі нарық талабына сай келмейді. Сондықтан да оны өндірістің өнімділігін, тиімділігін қамтамасыз етуге тұтынушылардың, өнім берушілердің, өнертапқыштардың және тағы басқалардың әралуан талаптарын қанағаттандыратындай етіп қайта құру қажет. Өнеркәсіпті басқаруды құрылымдық жағынан қайта құру үшін жаңаша ойлай алатын басқарушы-ұйымдастырушылар дайындалмаған, осыдан келіп күнделікті іске жаңа

экономикалық және ұйымдастырушылық мәдениетті енгізуге мүмкіндіктер болмай отыр. Шетелдік жетекші фирмалардың өз бәсекелестерінен бірден-бір артықшылығы ғылыми-техникалық немесе технологиялық, үстемдікке емес, басқару мен еңбекті ұйымдастырудың ұтымдылығына ынталандыру түрлеріне, басқару мәдениеті мен мәнеріне, фирмалар мен кәсіпорындар экономикасын дамыту стратегиясына негізделген. Бұл салада да мақсатты, жүйелі жұмыс істеу қажет.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің қазіргі принципі де қанағаттанғысыз түрде қалып отыр. Біріншіден, жекешелендіруді жекешелендіру үшін ғана жүргізу мемлекеттің стратегиялық мүдделеріне түбегейлі қайшы келеді, мемлекеттік меншік негізін бұзады. Екіншіден, мемлекеттік меншікті беталды таратып беру микроэкономикалық саясаттың жаңа бағытына және тұтас алғанда экономиканың мейлінше тиімділігін, басқарудың жеделділігін жақсартудың, жекеше күрделі қаржыларды қосымша тартудың әлемдік тәжірибесіне сай келмейді. Сатып алуға ниеті және қаражаты бар өндіріс тиімділігін өсіріп, басқаруды жетілдіруді қамтамасыз ететін, қосымша күрделі қаржыларды тартуға мүмкіндігі болатындар ғана меншік иесі болуға құқығы бар. Үшіншіден, сатылған меншік үшін мемлекеттің нақты баға алуы әрі кәсіпорынның білікті басқарылуы мақсатына орай әлемдік тәжірибеге сәйкес реформаның табиғи экономикалық бағыты бойынша алдымен инкорпорация жасап алған жөн. Сөйтіп, ақша құнсыздануы тенденциясы тоқтаған кезде барып кезең-кезеңімен жекешелендірілуі қажет. Мысалы, Чехия осылай етті. Егер нақты меншіктің белгілі бір сатып алушысы болмаған жағдайда мемлекеттік органдар сатып алушы табылғанша оны басқара беруге міндетті. Ешбір қожайын (жеке немесе мемлекет) еш уақытта да пайдалы кәсіпорынды сатпайды. Сондай-ақ, ақша құнсызданған, оның үстіне секірмелі ақша құнсыздануы кезінде өзінің жылжымайтын мүлкін сатуды тиімсіз деп есептейді. Тек

шығынға батқан кәсіпорын ғана сатуға жатады, онда да жекешелендіретін кәсіпорындардың негізгі қорлары ақша құнсыздануы деңгейі ескеріле отырып бағалануы тиіс. Әлемдік тәжірибеде осы саланың білгір мамандарының пікіріне сүйенсек, мемлекеттік меншікті жекешелендіруге ақша құнсыздануы жылына 10% немесе айына 0,8%-тен кем болғанда жол беріледі.

Төртіншіден, жаппай жекешелендіру және жедел ақша құнсыздануы жағдайында жаңа меншік иелері осы меншік үлесін басқаруға әрі оны жеке өзі тегін иеленуге өлшеусіз мүмкіндік алады. Қателік мемлекеттік меншікті жекешелендіруде емес, оны іске асыруда, мемлекет иелігінен алудың принципі мен мәнерінде болып отыр.

Ауылшаруашылық секторында тек ұжымшарлар мен кеңшарлар ғана емес, жекешелендірілген ауылшаруашылық кәсіпорындары (шаруа қожалықтары, АБ және басқалар) да дағдарысты жағдайда тұр. Мұның ең басты себептерінің бірі АӨК-ті жекешелендіруді ұйымдастырудың деңгейіне қатысты. Жалпыға бірдей тауар тапшылығы кезінде өнеркәсіп өніміне бағаны ырықтандыру, ауыл шаруашылығы үшін сараланған жеңілдікті салық және қаржы-несие жүйесінің болмауы, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау мен қайта өңдеу сферасында монополиялық құрылымдардың сақталуы және оны реттеудің мемлекеттік амалының болмауы ауыл шаруашылығын күйреуге алып келді.

Ауылшаруашылығындағы әсіресе, мал шаруашылығындағы дағдарыс тереңдеп барады: жем-шөптің жетіспеуі, мал басының кемуі мен малды болмашы бағаға сату немесе оны баспа-бас айырбастау ауыл экономикасының қандай да бір тұрақтануына деген күдікті қоюлата түсті.

Нарықтық, экономикаға стратегиялық көзқарас қана реформаны тиянақты жүргізуге мүмкіндік береді. Қазақстан жағдайына саралай қарасақ, алдымен ауылшаруашылығында, сондай-ақ шағын бизнесті қоса есептегендегі тұтыну

нарығында аграрлық саясат бірінші кезектегі маңызға ие болуға тиіс.

Инвестиция кешенінің қазіргі жағдайы дағдарысты тез ауыздықтауға мүмкіндік бермейді. Инвестиция кешеніндегі дағдарыс, тіпті, күйретерліктей қарқын алды. Соңғы үш жылда инвестицияға бөлінетін күрделі қаржы мен бюджет қаржысының мөлшері күрт қысқарып кетті.

Кәсіпорындардың көпшілігінде нақты қаржы ресурстарының болмауы, банк процентінің өлшеусіз жоғары ақысы, жинақталған қаражаттың өсімді бөлігі баға өсімін өтеу үшін еңбекке ақы төлеуге жұмсалуды - осының бәрі айналып келгенде кәсіпорындардың инвестициялық ырғағын бұзды.

Банк несиесінің қымбаттығы салдарынан кәсіпорындар мұны іс жүзінде күрделі қаржыны қаржыландырудың көзі ретінде пайдаланбайды. Инвестициялық белсенділіктің осындай құлдырауы құрылымдық қайта құру мен әлеуметтік міндеттерді шешуді тұсап қана қоймай, сонымен қатар өндіргіш күштердің де толық сарқылуы қаупін төндірді.

Инвестиция үшін қажетті қаражаттың болмауына негізгі қорлар құнын төмендетуге ықпал еткен орынсыз саясат, амортизациялық шығындардың құнсыздануы мен экономикалық реформаны жүзеге асырудың қате бағыты теріс әсерін тигізген. Осының бәрі және басқа да жағдайлар жаңа микроэкономикалық саясат концепциясын жасау қажеттігін талап етеді.

Инвестициялық белсенділіктің қатты құлдырауымен бірге қор сақтау мен қорды инвестициялаудың арасындағы сәйкессіздік (қарама-қайшылық) арта түсуде. Бұл капиталдың өндіріс сферасынан басқа жаққа ағуын сипаттайды:

1) Салық механизмі арқылы ресурстардың бір бөлігі бюджет шығындарын қаржыландыруға жұмсалуда;

2) шет елдердегі Қазақстан банктерінің корреспонденттік есеп-шоттарындағы қаржы-қаражат сомасының өсуі

түрінде ішкі капитал сыртқа ағуда;

3) материалдық өндіріс сферасын және инвестициялық сұранымын қаржыландыру байланысын үзген банк жүйесінде өте күрделі ақша-капитал ресурстары жоғарылаған;

4) импортты және мүлік пен шет ел валютасымен, құнды қағаздармен спекулятивті сауда-саттық операцияларын жүргізу үшін жиналған қаржы-қаражат ресурстарын тікелей немесе жанамалы түрде шығындау.

Капиталдың өндіріс сферасынан сауда сферасына ауытқуы, оның спекулятивті операцияларын қаржыландыруға жұмсалуды тұрақсыздықтың негізгі факторларына айналды, өндірістің құлдырауы мен бағалардың бір уақытта өсуінің негізгі себебі болып отыр. Спекулятивті сауда-саттық операцияларында капиталдың молшылығы байқалса, онда нақты экономика сферасында төлем және инвестициялық ресурстардың тапшылығы қалыптасқан, ал бұл жағдай төлем дағдарысын одан ары асқындыра түсуде.

2.2.2 Жаңа микроэкономикалық саясат концепциясын негіздеу және оның мәні

Жаңа өнеркәсіп саясатының концепциясы. Жаңа өнеркәсіп саясатын жасаудың қажеттілігін тек қана өнеркәсіптің қазіргі жай-күйі емес, сондай-ақ нарықтық экономикаға көшу мен біздің экономикамыздың өтпелі ахуалы да талап етіп отыр.

Жаңа өнеркәсіптік саясат бірқатар міндеттерді: мемлекеттік меншіктің тағдырын, оның жаңа нарық жүйесіндегі мәртебесін, экономиканың мемлекеттік секторындағы басқару жүйесін қайта құруды; мемлекеттің экономиканың мемлекеттік емес секторына қатынасын; өнеркәсіптегі аралас меншіктің тағдырын шешуге тиіс.

Жаңа өнеркәсіптік саясат тек мемлекеттің жалпы мемлекеттік экономикалық, әлеуметтік немесе қорғаныс

мүдделерін көздейтін экономиканың белгілі бір секторларына, жекелеген салалар мен өндірістерге ғана қатысты өзіне міндеттеме алатын даму басымдығы қағидаттарына құрылады.

Республикалық индустриялық базисін құрылымдық, технологиялық, техникалық және ұйымдық-басқару жағынан қайта құру өнеркәсіптік саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады.

Бұл кезеңдегі құрылымдық қайта түзілімдер жекелеген сфералар мен өндірістердің арасындағы тепе-теңдікті өзгерту үшін нарық жағдайының кешенін жасаумен байланысты. Құрылымдық саясаттың аса маңызды міндеті республика ішіндегі тұтыну нарығының сұранымдарын қанағаттандырудың және экономиканың сараптық бағыттылығының негізі болып табылатын перспективалық өндірістерді тікелей мемлекеттік қолдау, тіршілік етуге қабілетсіз өндірістерді тоқтату және олардың өнім шығару саласын өзгерту болып табылады.

Жаңа техникалық негізде өндірісті қайта құру экономикадағы құрылымдық ілгерілеушіліктермен инвестициялық және амортизациялық саясаттарымен тікелей байланысты болады. Ол республиканың ғылыми-техникалық қуатына сүйеніп, экономикалық дамудың мемлекеттік басым бағыттарына біріктірілуі тиіс. Қалған барлық міндеттер өнеркәсіптік саясаттың қалған құрамдастары сияқты арнаулы бағдарламалар шеңберінде шешілуге тиісті.

Жаңа өндірістік саясаттың басты бағыттарының бірі шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарлама шеңберінде, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібін қайта құру сияқты, бәсекеге қабілетті ұсақ және орташа кәсіпорындарды көп мөлшерде құру болып табылады. Арнаулы бағдарламалардың тізімі өнеркәсіптік саясаттың қосымшасы болуға тиіс.

2.2.3 Жаңа аграрлық саясатты негіздеу және оның мәні

Аграрлық саясат мемлекеттік қолдау мен реттеудің неғұрлым дамыған жүйесін негізге ала отырып, бір жағынан, ұлттық азық-түлікпен қамту мүмкіндігін және екінші жағынан, село халқының өмір сүру деңгейін тұрақтандыруды қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс. Проблемалардың бір бөлігі ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі көлемінде мемлекеттік сатып алу жүйесі шеңберінде шешілуде. Қалған проблемаларды шешу үшін Қазақстандағы аграрлық сектордың маңызын ескере отырып, селодағы шағын және орта бизнесті қолдаудың арнаулы мемлекеттік бағдарламасы әзірленуге тиіс.

Инвестициялық саясат Республиканың алдағы ұзақ мерзімдік стратегиялық даму мақсаттары мен мүдделерін көздейді, сондықтан ол күнделікті өзгеріп-қалыптасып тұратын ішкі және сыртқы экономикалық жағдайлардың конъюктурасынан тәуелсіз болғаны дұрыс, керісінше, сыртқы экономикалық саясат қоғам дамуының түпкілікті мүдделерінің іске асырылуына жол ашып жағдай жасауға бағытталады. Сонда ішкі ұлттық тауар өндірушілер сыртқы даму көздерін пайдаланатын болады. Сонымен бірге инвестициялық саясатты жүргізгенде баға және салық сияқты экономикалық ықпалы күшті ынталандыру құралдарын да қоса пайдаланған дұрыс.

2.2.4 Инвестициялық саясаттың негіздемесі мен мәні

Инвестициялар болмай экономикалық өрлеу мүмкін емес, бірақ Қазақстандағы инвестициялық сала көп

қиындыққа кездесті. Сол себепті қалыптасқан нақты жағдайды ескеретін инвестициялық саясат қажет.

Қазіргі кезеңдегі барлық мемлекеттік мүмкіндіктер өнеркәсіптік саясат пен мемлекеттік сатып алу аграрлық саясат шеңберінде іске қосылуға тиіс. Шағын бизнес бұл саясатқа тек Концепцияда белгіленген барлық шаралар жиынтығында ғана шешілетін осыған икемді экономикалық орта жасау үшін тартылуы мүмкін.

Инвестициялық саясат Республиканың болашақтағы мүдделерін ескеруге және ол сыртқы экономикалық саясатқа бағынуға тиіс, ал сыртқы экономикалық саясат болашақтағы экономикалық мүдделердің шешімін табуына ықпал етуі қажет. Сонда отандық тауар өндірушілерді қолдау қазіргімен салыстыруға келмейтін сыртқы үстеме қорек көздеріне ие болады.

2.2.5 Жаңа микроэкономикалық саясатты жүзеге асырудың механизмдері

Жаңа микроэкономикалық саясатты жүзеге асырудың негізгі механизмдері мыналар:

Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік шаруагерлік (шаруашылық жүргізу) салаларын заң жолымен шектеу, өтпелі болашақта жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлікті объектілер бойынша анықтау. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасына және оны жүзеге асыру мен бақылаудың заңдылық негізіне өзекті түзетулер енгізу. Өртүрлі тұрпаттағы кәсіпорындар жөніндегі жаңа заңдар топтамасы қажет. Экономиканы қайта құрудың негізгі бағытын «жедел жекешелендіруден» өндірістің қандай меншік фирмасында қызмет ететініне қарамай осы күнгі нарық талаптарына сәйкес оның тиімділігін арттыра алатын шаруашылық субъектілерін қалыптастыруға және оларға қажетті жағдай жасау жағына бұру қажет.

Экономикалық қауіпсіздіктің басым бағыттарын объектілер бойынша анықтау мен меншік нысандарына қарамастан (мемлекет қолдайтын бірінші кезектегі объектілер) олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Стратегиялық шикізаттарды өндіретін және оларды өңдейтін мемлекеттік кәсіпорындар алдағы болжамға келетін ұзақ мерзімде жеке министрліктердің қол астында қатал шаруашылық есеп немесе контракт (келісім-шартты) басқару тәртіп жүйесінде жұмыс атқарылуы қажет. Олардың негізгі мақсаты - монополияға қарсы қабылданған Заңдарға қайшы келмей, пайда мен бюджет табыстарын максималды, өндірістің тұрақты болуын қамтамасыз ету. Мұндай кәсіпорындардың шаруашылық еркіндігі, әсіресе баға белгілеу және сыртқы экономикалық қызметтері жағынан ерекше шектеулі болуы мүмкін.

Мемлекеттік алтын валюта, материалдық (стратегиялық), қаржы және несие ресурстарын түгендеу, оларды экономикалық стратегияның басым бағыттарын құптау үшін пайдалану амалдарын әзірлеу. Мемлекеттің барлық басқа активтері мен кәсіпорындары әкімшілік атқару жүйесіне кірмейтін мемлекеттік инвестициялық - Холдинг компанияларының балансына беріліп, қарапайым нарық тәртібіне көшіріліп қызмет атқарылуы қажет және олардың мақсаты капиталды максималдау болады. Сонымен бірге бұл компаниялар мемлекеттің капиталына құрылған акционерлік қоғамдардың басқару ұйымдарының қалыптасуына, қор биржаларында акцияларды сату-сатып-алу арқылы мемлекет активтерін оптималдауға жаңа фирмалардың ұйымдастырылуына белсенді түрде қатысулары қажет.

Үкімет пен басым дамыған ірі кәсіпорындардың (жұмыс істеуін қамтамасыз ету мен ірі экспортерлер) және жергілікті әкімшіліктердің басқа басым дамыған кәсіпорындар арасында орталықтандырылған несие алу шарттары жөнінде келісім жасауы. Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік шаруашылық

сфераларын ажыратып, өндірісті ынталандырушы қаржы, несие, салық нормаларын Заң арқылы анықтап бекіту қажет. Әрбір жеке объект бойынша өтпелі кезеңде жекешелендіруге жатпайтын мемлекет мүлкін анықтап заңдастыру қажет. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламасына, оны іске асыру және бақылау Заң жүйесінің негіздеріне күрделі өзгерістер енгізу қажет. Әртүрлі өндіріс орындары туралы жеке олардың қызметтерін нақты анықтап ажырататын жаңа заңдар қабылдау қажет.

Ішкі тауар нарығын ырықтандыру. Республика ішіндегі еркін тауар айналысын заңды түрде бекіту.

Ірі кәсіпорындар бойынша (қажетіне қарай) бөлінген сфераларды қолдау жөнінде олардың ерекшеліктері ескерілетін арнаулы бағдарламалар әзірлеу.

2.3 Аймақтық саясат

2.3.1 Үкіметтің аймақтық саясатын талдау

Үкіметтің Дағдарысқа қарсы бағдарламасында жария етілген аймақтық саясаты мен аймақтық экономиканы реформалау жөніндегі тиісті заң құжаттары дәйекті болған жоқ және елдің кейбір аймақтарының оқшаулануына, атқарушы қызмет пен өкілді органдар қызметінің қосарласушылығына, қазіргі заманғы «сәнге» айналған тапшылықты - ақша-несие ресурстарын бөліп берумен айналысатын коммерциялық және арнаулы банктердің, көптеген филиалдарының, Ұлттық банк бөлімшелерінің; лимитті мемлекеттік ресурстарға берілетін лицензиялар мен үлестерді бөлу жөніндегі салалық министрліктер мен ведомстволардың жергілікті департаменттерінің құрылуына әкеліп соқтырды. Жергілікті жерлерде нарықтық қатынастардың дамуы мен экономикалық реформалардың жүзеге асуына толып жатқан кедергілерді туғызған көптеген делдалдық фирмалар мен аумақтық басқарудың аралық ор-

гандары қаптап кетті.

Барлық облыстарда орталықтың басқару қызметінің жиынтығы қайталануда, кеңестік кезеңдегі шаруашылық жүргізудің күні өткен тәсілдері қолданылуда: әрбір облыстың әкімшілік мемлекеттік биліктің жоғары эшелоны ісін жалғастырушы немесе толықтырушы емес, керісінше, республикалық әкімшіліктің барлық қаржы, салық, шаруашылық, сот-күші және т.б. құрылымдары бар шағындалған көшірмесі болып табылады, олардың көпшілігі әкімшілік аудандар деңгейінде де қосарласуда.

2.3.2 Жаңа аймақтық саясат Концепциясының негіздемесі мен мәні

Қазақстанда индикативті деңгейде жаңа жағдайға үйлесетін экономикалық аудандастыруды қалпына келтіру керек. Мұндай тәжірибе барлық елдерде бар және мемлекеттің аймақтық саясатының экономикалық негізі қызметін атқаруда. Мұндай жағдайда экономикалық және әкімшілік аудандардың (құрылымдардың) шекаралары сәйкес келуі де, сәйкес келмеуі де мүмкін. Нақты қалыптасқан әкімшілік-аумақтық құрылым жүйесінде әлеуметтік-экономикалық дамуды теңдестіру облыс деңгейі бойынша ғана емес, облыстар ішінде де күшті. Материалдық-техникалық және несиелік-ресурстарының қозғалыс тәжірибесі қатаң түрде тікелей жүзеге асырылады. Сол себепті нарық жағдайына бейімделген аймақтық саясат оның ең басты құрамдастарын орнықтырумен біртіндеп қалыптасады.

Аймақтық саясаттың маңызды мәселесі - тек қана республика мен облыстар арасында ғана емес, сонымен бірге барлық әкімшілік-аумақтық деңгей арасында жауапкершіліктің парасатты түрде ара-жігін ажырататын жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңдарды жетілдіру негізінде республикалық және аймақтық деңгейде экономика-

ны мемлекеттік реттеу қызметтеріне шек қою. Қазақстанның мемлекеттік құрылымын ескергенде, орталық органдарға іс жүзінде барлық макроэкономикалық пропорцияларды реттеу қызметі қалады да, ал басқа шаруашылық қызметтері жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне түсірілуге тиіс. Әкімшілік құрылымдарға олардың басты қызметі - мемлекеттік заңдардың сақталуын қалдыру керек.

2.3.3 Аймақтық саясатты іске асырудың механизмдері

Мемлекеттік аймақтық бағдарламалар әлеуметтік-экономикалық (табыстар деңгейінің төмендігі, кен орындарын игеру салдарынан туатын жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, бәсекелестік шарттарының өзгеруі және т.б.), экологиялық (апатты жағдайлар, климаттың өзгеруі және т.б.) сипаттағы нақты өлшем көрсеткіштеріне, мемлекеттің арнаулы экономикалық немесе технико-технологиялық мүдделеріне (арнаулы экономикалық аймақтар, технополистер және т.б.) сүйенуге тиіс. Олар мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады, ал сыртқы және жергілікті көздер олар үшін басқаша шешімдер қабылдау жолымен тартылуы мүмкін. Мұндай бағдарламалар арнаулы заңдар негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

Әрбір аймақ өз мүмкіндіктері аумағында өзінің экономикалық саясатын, яғни табыс негізін заңмен тиянақтау мен өкілеттікті өзін-өзі басқару туралы заңдар аумағында жүргізуі мүмкін.

2.4 Сыртқы экономикалық саясат

2.4.1 Үкіметтің сыртқы экономикалық саясатын талдау

Сыртқы экономикалық қызметте үлкен стратегиялық олқылықтар жіберілді. Сыртқы нарыққа жаппай үйлесімсіз шығу республиканың өте бағалы шикізат ресурстарын талан-таражға салуға әкеліп соқты. Әлемдік нарықтың ахуалын білмеу, көбінесе отандық кәсіпкерлердің өзара бәсекелесуі шикізатты арзан бағалар бойынша сатуға итермеледі. Валюталық ресурстардың едәуір бөлігі шет елде қалып жатыр және бүгінге дейін республикаға қайтарылған жоқ. Сыртқы экономикалық қызмет саласында ойластырылған мемлекеттік саясаттың жоқтығынан ел экономикасына қандай шығын келгенін дәл айту қиын. Сыртқы экономикалық қызметте стратегиялық қателіктер жіберілген. Үйлестірілмеген жаппай сыртқы рынокқа шығу Республиканың құнды шикізаттарын ысырапқа ұшыратып, әлем нарығында қалыптасқан тұрақтылық жағдайына кері әсер етті, шикізат нарығын бұзып ондағы қалыптасқан баға деңгейін құлдыратып жіберді. Кәсіпкерлердің әлем нарығындағы конъюнктураны білмеуі және олардың өзара бәсекелестікке баруы шикізатты өте төмен бағамен сыртқа сатып өткізуге мәжбүр етті. Валюталық түсімдердің қомақты бөлігі шет елдерде қалып қалды және осы күнге дейін Республикаға қайтарылған жоқ. Алдын ала ойландырылмаған сыртқы экономикалық саясат елге қаншама зиян келтіргенін анықтаудың өзі қиын.

Сыртқы заемдарды қайтару ерекше проблема болып отыр. Соңғы үш жыл ішінде орасан мол шетелдік капитал мақсатсыз және жүйесіз пайдаланылды. Шетелдік инвестициялардың елге әр түрлі арналармен құйылуы жалғасуда, ал оларды пайдаланудың тиімділігін бақылау тетігі әлі жасалған жоқ.

Сыртқы экономикалық саясаттағы орасан зор сәтсіздік деп Қазақстанның Ресейден халықтың тұтыну тауарлары мен ауыр өнеркәсіп, әсіресе, машина жасау салаларындағы өнімдер бойынша біздің елдің экономикалық байланыстар жөніндегі басты серіктесінен экономикалық оқшаулануын

атауға болады.

2.4.2 Жаңа сыртқы экономикалық саясат тұжырымдамасының мәні

Сыртқы экономикалық саясатты мемлекет толық реттеп отырған жоқ, өйткені әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпкерлер мемлекеттік кәсіпорындармен бірдей сыртқы серіктестермен жұмыс істеуде, сөйтіп халықаралық шарттар ішкі заңдардан басым түсіп отыр. Сыртқы экономикалық саясаттың негізгі концепциясы қызметтің басым бағытындағы отандық тауар өндірушілерді қорғауға бағытталған, халықаралық шарттар шеңберінен шықпайтын ақылға сыйымды қолдаушылық болуға тиіс.

Ең алдымен таяу шет елдермен ұзақ мерзімді сауда экономикалық қатынастар бойынша екі жақты және көп жақты келісімдерді жалғастыра беру қажет, ТМД елдерімен Экономикалық одақ құруды жеделдетуге жәрдемдесу керек. Бұл бағытта қазірдің өзінде алғашқы қадамдар жасалып отыр: үш Орталық Азия республикалары - Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Кеңесі құрылды, бұл Кеңес біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шартқа қосыламын деп тілек білдіруші басқа елдерге жол ашып отыр. ТМД ауқымында Мемлекетаралық комитет құрылды. Мұның бәрі кәсіпорындардың сауда экономикалық өзара қатынастарының және олардың шаруашылық байланыстарының қайтадан қалпына келуіне ықпал етеді, ТМД елдері ауқымында технологиялық өзара байланыстағы сфералар мен өндірістердің барлық басым бағыттары бойынша мемлекетаралық қаржы-өнеркәсіптік топтар құруға жағдайлар жасайды.

Өзінің қуатын мен экономикаңның нақты құрылымын

ескере отырып, әлемдік рыноктан өз «орнынды» табу керек. Экспорттық тауарлардың дәстүрлі жиынтығы белгілі. Бұлар - сирек кездесетін қазба элементтері, түсті металдар, астық, тері, аң терісі шикізаты, мұнай мен мұнай өнімдері. Экспорттық базаны кеңейтумен бірге республиканың экономикалық мүдделеріне сәйкес келетін елдер мен аймақтарға Қазақстан капиталын бағыттау жолдарын іздестіру керек.

Сондай-ақ импорт саясаты сферасындағы өлшемдер өзгертілуі қажет. Ол мемлекеттің ағымдағы ғана емес, болашақтағы да экономикалық мүдделерін қорғауға бағытталуға тиіс. Ішкі нарық сұранымын қанағаттандыратын номенклатура нақты белгіленіп, қалған бөлігі мемлекет қолындағы импортқа әсер ету механизмдері арқылы инвестициялық салаға бағытталуға тиіс.

2.4.3 Жаңа сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру механизмдері

1. Отын-энергетикалық және стратегиялық ресурстарды сыртқа сатуға мемлекеттік өктемдік енгізу; ТМД елдеріндегі өзара тауар алмасудың маңызды түрлеріне мемлекетаралық есеп-қисапты келісімді пайдалану.

2. Сыртқа өнім жеткізу бойынша үлес бөлу көлемін біртіндеп қысқарту және оны бірте-бірте тарифтік реттеумен ауыстыру.

3. Сыртқы саудаға берілетін жеңілдіктер ауқымын азайта түсу.

4. Экспорттық бағыттағы инвестициялық жобаларға жеңілдікпен несие беруді қоса, өнімдерді сыртқа шығаруды ынталандыру шараларын әзірлеу.

5. Экспортқа шығарылатын және импорттық тауарлардың негізгі номенклатуралары бойынша әлемдік және ішкі бағалары деңгейіндегі елеулі айырмашылықты теңестіруге

бағытталған тарифтік реттеу жүйесін әзірлеу.

6. Сыртқы қарыз ерекшелігін ескере отырып, мемлекеттің сыртқы қарызының шекті бастауы, сыртқы қарыздар кепілдігі рәсімі, осы аумақтағы мемлекеттік институттардың құқығы мен жауапкершілігі заңмен орнықтырылатын амал әзірленіп, іске қосылсын.

III – ТАРАУ. НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҢА ЖОЛДАРЫ

3.1 Экономиканы дағдарыстан шығару

Осы кезге дейін жүзеге асырылып келген экономикалық реформалар бағытын жалпы алғанда әкімшіл-әміршіл басқару элементтері бар дәйексіз монетаризм деп сипаттауға болады. Принципті тұрғыдан алғанда өтпелі кезеңнің экономикалық саясатын белгілі бір дәрежеде тәптіштей отырып, екі принцип: 1) нарықтық радикализм; 2) экономикалық консерватизм негізінде жүзеге асыруға болатыны жалпы жұртқа мәлім.

Бірінші принциптің мәні - айналымдағы ақша массасын шектей отырып, инфляцияны қатаң бақылауға алу, бюджет-салық және ақша-несие әдістері, ал бұл жағдайда тауар өндірісін қолдаудың және шаруашылық өміріне мемлекеттің араласуының маңызы бірінші дәрежелі емес.

Екінші принцип - экономикалық артықшылықтар бойынша барлық меншік түрлеріндегі тауар өндірісіне, ең алдымен тіршілікті қамтамасыз ету салаларына, сондай-ақ экспорттық кешен салаларына іріктеп қолдау көрсету.

Ал іс жүзінде біздің практикада, 1994 жылдың бас кезіне дейін дерлік, осы принциптердің таң қаларлық симбиозы қалыптасып (1994 жылдан бастап бірінші принципке ақиқат артықшылық берілді), мемлекет экономикалық процестер мен нақты проблемаларды күнделікті реттеуден іргесін аулақ салды. Бұл либералды экономика моделін бағдар ету әрекеті болды. Бұл модельдер шаруашылық жүргізуші субъектілердің барынша еркін болуын қамтамасыз етеді және мемлекеттің міндеті жалпы құқықтық және экономикалық шеңберлер жасау, ал экономиканы рынок өзінен-өзі реттеуге тиіс деп санайды.

Сонымен қатар экономикалық процестер барысына

мемлекеттің әкімшіл-әміршіл, әрдайым бірдей білікті емес араласуы сақталды. Яғни мұның бәрі реформалардың өзінен өзі реттелетін, мемлекет аздап қана басқаратын механизмін іске қосу, бағаны ырықтандырудан мемлекеттік меншікті тез арада жекешелендіруге көшу және рынокқа жедел қарқынмен ілгері басуға көшу үшін алғышарттар жасау әрекеті секілді болып көрінді. Алайда бұл тек қалыптасқан нарықтық жүйе жағдайында мүмкін болатын нәрсе. Бірақ тіпті осы жағдайдың өзінде рынок қоғам үшін маңызды, болашақ үшін зор маңызы бар көптеген проблемаларды өзінен өзі шешпейді. Бұл әлеуметтік қорғау іргелі ғылыми зерттеулер проблемаларына қатысты, рынок әлеуметтік инфрақұрылым салаларын жасау мен дамытуға тым сылбыр және зауықсыз қатысуда.

Осы бағытпен жүрудің нәтижелері айқын болып отыр және егжей-тегжейлі сипаттауды қажет етпейді. Мұның өзі ең алдымен нарықтық механизм әлі де құрылмаған кезде мемлекеттік секторды басқарудың әлсіретілуіне байланысты. Мемлекеттік кәсіпорындар әлі де болса пайда бола қоймаған рыноктың да, реттеуші әсері жоқ меншік иесі ретінде мемлекеттің де бақылауынан тыс қалды.

Экономикамыздың ауыр жағдайға тап болуына үкіметтің көптеген функцияларынан бас тартуы да теріс әсерін тигізді. Сын көзімен қабылданбаған «мемлекет иелігінен алу» экономиканы, соның ішінде мемлекеттік секторды басқару тізгінінен толық айырылуға әкеліп соқты. Нарықтық экономикада мемлекеттің рөлін жете түсінбеу мен жете бағаламау оқиғаларына жиі кездесіп жүрміз.

Керісінше, мемлекеттің бірінші және негізгі функциясы - рынокқа қатысушылар үшін «ойын ережелерін» белгілеу және сол ережелердің сақталуын бақылау, оларды қорғау мен жетілдіру секілді. Құрамында мемлекет меншігі, ресурстары жоқ бірде-бір экономикалық жүйе дүние жүзінде жоқ. Бірақ нарықтық жүйелерде мемлекеттік меншік пен мемлекеттік

сектордың мәні бір емес. Мемлекеттік сектор мемлекеттік меншікке қарағанда әрдайым ауқымдылау. Мемлекет - аса ірі жұмыс беруші, өнім өндіруші және сатып алушы. Ол өз меншігі үшін, өз экономика секторы үшін толық жауапты болуға тиіс. Ал бізде әзірше тіпті ресми өнеркәсіп саясаты да жоқ. Мұндай саясат шеңберінде бірқатар проблемаларды: мемлекеттік өнеркәсіптің (мемлекеттік меншіктің), оның ұйымдық нысандары мен басқару жүйесінің тағдырын шешу қажет. Мұнда орын алып отырған бейберекетсіздік ешбір қисынға симайды.

Өкімет кезекті бағдарламада мемлекеттің мемлекеттік емес өнеркәсіпке деген көзқарасын да, мемлекеттік және мемлекеттік емес сектордың өзара іс-қимылының (аралас меншік) мәселелерінде мүлдем елемеген.

Нарықтық экономикада мемлекет тауарлар мен қызметтердің аса ірі сатып алушысы болып табылады. Мемлекеттік бюджеттің едәуір бөлігі мемлекеттік сатып алуларға жұмсалады. Бұл - бюджеттік ұйымдарды материалдық жағынан қамтамасыз ету: армияны, милицияны техникамен жабдықтау, мемлекеттік резервтер қорларын қалыптастыру да. Мемлекеттік тапсырыс саясаты Қазақстанда тауарлар мен қызмет негізгі капиталға қосымша инвестициялар тартпастан өндірілетін болса немесе өндірілуі мүмкін болса, оларды шет елдерден сатып алуға тыйым салудың заң жүзінде баянды етілген принципіне негізделуге тиіс.

Сол арқылы отандық тауар өндірушіге қолдау көрсету міндетінің бір бөлігін де шешуге болады. Тоқыма, былғары, аяқ киім, тігін және т.б. өндірісті, ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібінің бір бөлігін қауіпсіз шектеу шеңберіндегі мемлекеттік тапсырыстар ғана қолдай алады.

Экономиканың қазіргі дағдарысты жағдайларында Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасын былықтың әкімшілдікпен ұштастырылуы орнына экономикалық реттеу әдістерін күшейту жағына қарай түзететін мезгіл

жетті. Экономикалық процестер барысына мемлекеттің ықпал етуінің экономикалық әдістерінің жүйесі мыналарды қамтиды: индикативті жоспарлау, бюджет-салық және ақша саясаты, бағаны және жалақыны реттеу, монополияға қарсы саясат. Яғни монетаризмнің классикалық құралдарын (салықты, ақша эмиссиясын) тікелей экономикалық реттегіштерді пайдаланумен толықтыру қажет. Мұны жүзеге асыру үшін бірінші кезектегі іс-қимылдардың «іске қосылатын кешенін» жасаған жөн.

Мәселе тауар өндірушілерге іріктеп қолдау көрсетуге, әсіресе еліміздің экспорттық потенциалын қамтамасыз ету мен дамыту салаларында бәсекелік орта қалыптастыруға бағытталған жаңа мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың әдістерінде. Сондай-ақ халықтың ең осал бөлігін қажетті әлеуметтік-экономикалық нормативтер және оларды қамтамасыз етудің мемлекеттік кепілдігі жүйесі бойынша қорғау қажет.

Тиісті микроэкономикалық саясатсыз дағдарыстан шығудың жолы жоқ екені айқын болып келеді. Үкімет бағдарламасында нақ осы бөлім жеткіліксіз пысықталған. Жекешелендіру процесіне өзгерістер енгізу қажет. Жекешелендірудің купондарға байланысты бірінші кезеңі экономика құрылымын және меншік қатынастарын реформалаудағы өз мүмкіндіктерін сарқып болды. Нақты, пәрменді іс-қимыл жасайтын меншік иелері тобының қалыптасуына оның септігі тиген жоқ. Үкімет бағдарламасында макроэкономикалық саясаттың нақ институциялық өзгерістер саласында жол берілген олқылықтар салдарынан ақсап отырғаны ескерілмеген.

Үкіметтің орта мерзімді бағдарламасына сәйкес, біздің экономикамыздың мандайына бұрынғысынша, дамыған елдердің шикізат шылауы болу жазылған. Қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын біз өндіріс салаларындағы институциялық өзгерістермен қатар салыстырмалы іс-

қимылдардың жүзеге асырылуынан көріп отырмыз. Бәсекелік қабілеті бар отандық өндірістерге басым қолдау көрсетілуін қамтамасыз ету жұмысын бастау керек.

Өнеркәсіпте холдингтерді жедел таратып, технологиялық өзара байланысты және бәсекелік қабілеті бар қаржы-өнеркәсіп топтарын құруға кірісу керек, мұнсыз дүниежүзілік рынокта біздің болашағымыз жоқ. Агроөнеркәсіп кешенінде тасу мен тұтынуға дайын тауар өнімін шығаруға бағдарланған агроөнеркәсіп корпорацияларын құру үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету қажет. Институциялық жаңғыртулар агроөнеркәсіп кешенінде ерекше залалды болғандықтан, нақ агроөнеркәсіп кешенінде негізгі жұмыстар бәсекелік қабілеті бар өндірістердің дамуына жәрдемдесу ісіне бағытталуға тиіс. Біздің жағдайларда дүниежүзілік азық-түлік рыногына тәуелді болу қисынсыз болар еді. Үкіметтің алдағы үш жылдағы басты міндеті агроөнеркәсіп кешеніне қолдау көрсету болуға тиіс.

Агроөнеркәсіп кешенінде тасуға және тұтынуға әзір тауар өнімін шығаруға бағдарланған агроөнеркәсіп корпорацияларының құрылуы үшін жағдайлар жасау керек. Бұл саладағы институциялық жаңғыртулар ерекше залалды болғандықтан, нақ осында бәсекелік қабілеті бар өндірістердің дамытылуына жәрдемдесу жөнінде үлкен жұмыс жүргізілуге тиіс. Қолда бар потенциал жағдайында дүниежүзілік азық-түлік рыногына тәуелді болу қисынсыз.

Осыған байланысты агроөнеркәсіп кешеніндегі реформалар алдағы үш жылда, меніңше, үкіметтің басты міндеті болуға тиіс. Облыстық бөлімшелермен бірге осы бағыттағы іс-қимылдардың нақты жоспарын әзірлеу үшін арнаулы топ құру керек. Бәлкім, ол оңалту банкі бар агроөнеркәсіп кешендері және оңалту жөніндегі агенттіктер болар.

Біршама жоғары инфляция және шаруашылық өмірінің шырқы бұзылуы жағдайында соңғы жылдары жеке меншік капитал жинақтау қарқынды түрде жүргізілді. Банктер мен

кәсіпкерлерде бар сомалар жайында айтпағанның өзінде, 1996 жылдың бірінші тоқсанында жеке тұлғалардың банктердегі депозиттерінің сомасы 14,8 млрд. теңге болды. Елеулі қаражат шетелдік валютаға ауыстырылып, халықтың қолында болып отыр. 1994 жылдың ішінде халық шетелдік валюта сатып алуға 20,5 млрд. теңге, ал 1995 жылдың бірінші жартысында - 37,8 млрд. теңге жұмсаған. Ол капитал алдымен сауда айналымында және қаржы алыпсатарлығында болуға, содан соң өндіріске келуге тиіс, мұндай сәт жақындап келеді, оны жіберіп алмау керек. Жекелеген жоғары дәрежелі шенеуніктердің немесе сарай экономистерінің ішкі инвестиция көздері жоқ, эмиссияға мүлдем жол беруге болмайды деуі тіпті де шындық емес.

Ішкі инвестиция көздерінің бюджеттен басқа белгілі бір потенциалы бар. Ең алдымен күш-жігерді қор рыногын дамытуға жұмылдыру қажет. Эмиссиялық саясат жалпы ақша және қаражат саясаты негізінде инфляцияны басу қажет екенін негізге алуға тиіс.

Бүкіл дүниежүзінде ақша массасы экономикалық өсім қарқынына сай келеді, тіпті одан сәл алда болады. Экономикада нақты өсім бар ма, жоқ па, құлдырау (біздегідей) болып жатыр ма, жоқ па - бұл жерде оның қатысы жоқ, өйткені ақша массасы нақ жалпы ішкі өнімнің нақты өсуіне қызмет етеді. Қазақстанда ЖІӨ көлемі жалпы төмендеп бара жатқанда, оның құны өсу үстінде. Ақша массасы өсімінің қарқыны инфляция қарқынынан артта қалмауға және оң экономикалық процестерге тежеу болмауға тиіс.

Аса маңызды міндет - инвестициялар үшін қаражат іздеу. Бұл жерде ішкі көздердің жеткіліксіз екені айқын. Сонымен бірге халықтың қаражатын (ал статистика деректері бойынша ондай қаражат бар) тарту ісіндегі мемлекеттің енжарлығы түсініксіз. Ол түрлі қулық-сұмдық жасаушылардың қолына берілген. Халықтың қаражатын мемлекеттік бағалы қағаздар арқылы жинақтау жұмысын күшейту, ал жалпы алғанда -

қор рыногының дамытылуына барынша жәрдемдесу қажет. Осыған орай, 1997 ж. басында Парламентте қабылданған «Тікелей инвестицияларды Мемлекеттік қолдау» Заңы өз септігін тигізер деген үміттеміз.

Шетелдік несиелердің өктемдігі туралы айтпаса да болады. Керісінше, шетелдік инвестицияларды барынша ынталандыру керек. Шетелдік капиталдың енуі ұлттық тәуелсіздікке нұқсан келтіреді және ресурстардың көп ысырап болуына әкеліп соғады деп қауіптену кең тарап отыр. Бұлай қауіптенудің қазіргі кезде негізі жоқ, өйткені республикада шетелдік инвестициялар оншалықты көп емес. Шетелдік инвестициялар тасқыны едәуір үдеп, оны реттеу проблемасы пайда болатын кез келеді. Ал әзірше ішкі инвестициялар жеткіліксіз. Егер тек соларға үміт артатын болсақ, дағдарыстан шығу ондаған жылдарға созылып кетеді.

Қаржы-ақша саясатының икемді әдістері керек, мемлекеттік реттеудің нарықтық әдістерін реттеу жөніндегі, рынок күштеріне бағдарланған және бәсекелестікті, экономикалық процестердің өзінен-өзі реттелуін дамытуға, реформаларды тежеп отырған монополистік тенденцияларды қысқартуға мүмкіндік беретін білікті жұмыс керек. Бұл бағыттағы шешуші тұтқа индикативті жоспарлау болуы мүмкін. Ол экономиканың дағдарыстан жеделдете шығуын және оның нарықтық өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі дамытуға әзірленуін қамтамасыз ететін экономикалық индикаторлар, тұрақтандырушылар мен реттеушілер жүйесінің көмегімен экономикаға мемлекеттік ықпалды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Міндет - шаруашылықты басқару тізгінінен айырылып қалған қазіргі салалық және аумақтық атқарушы билік органдарының жандануы және реформалардың жеделдетілуіне мүдделі болуы. Мәселен, табиғи монополистерді ауыздықтау үшін, монополияға қарсы жеке баға саясатын жүзеге асыру үшін Үкімет «Табиғи

монополистердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өніміне бағаны реттеу туралы» қаулы қабылдады, онда мына факторлардың: өзіндік құнның, өндіріс көлемінің, инфляция мен басқа да индикаторлар деңгейінің өзгеруіне байланысты жеке-дара жоғары пайданы реттеу жүйесі көзделген. Нақты реттеушілерге шығатын мұндай талдау жұмысы басқа бағыттар бойынша да жүргізілуге тиіс.

Басқару органына талдау жұмысын жүргізуге берілген жеке тапсырыс та, оның орындалуын бақылау жүйесі де сапа (сипаттау) тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ сан (құрал) тұрғысынан да белгіленуге тиіс. Әңгіме қазіргі нарықтық талаптарға сай келетін нақты индикаторлар мен реттегіштер әзірлеу жөнінде министрліктер мен ведомстволарға, мемлекеттік биліктің жергілікті органдарына берілетін нақты жүйелі (сан мен сапа белгіленген) тапсырмалар жүйесін әзірлеу жайында болып отыр.

Осы мақсатпен «Әлеуметтік-экономикалық дамуды индикативті жоспарлаудың негіздері туралы» Заң әзірлеуді жеделдету қажет. Бұл заң әрбір министрлік пен ведомствоның, аумақтық басқару органдарының функциялары мен жауапкершілігін белгілейтін тиісті ережелермен (заңнан туындайтын актілермен) және іс-қимыл алгоритмімен нақтылануға тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық даму индикаторлары ретінде экономиканың динамикасын, құрылымын және пәрменділігін, қаржы, ақша айналымы, тауар мен бағалы қағаз рыногы жағдайын, бағаның өзгеруін, халықтың жұмыспен қамтылуын, тұрмыс дәрежесін, сыртқыэкономикалық байланыстарды және басқаларын сипаттайтын көрсеткіштердің пайдаланылуы мүмкін. Мұндай индикаторлардың теңдестірілген және өзара байланыстырылған жүйесі мемлекеттің бүкіл әлеуметтік-экономикалық саясатына сан сипаттамасын беруге тиіс, оны жүзеге асыруға мемлекеттік реттеу шараларының бәрі жұмылдырылатын болады. Әлеуметтік-

экономикалық процестерге мемлекеттік ықпал жасау шаралары ретінде орталықтандырылған қаржы және валюта қаражаты мен несиелерін, салық тұтқаларын, амортизация жүйесін, баж салығын, лицензиялар мен квоталарды, мемлекет қажеті үшін берілетін өнім көлемін, мемлекеттік кәсіпорындардың жұмыс істеу анықтамасын пайдалану қажет.

Әлеуметтік-экономикалық процестерге мемлекеттік ықпал жасау шараларының баяндалған жүйесі нарықтық экономикасы бар барлық елдерде тиімді пайдаланылуда, экономикалық жүйені жолға қоюдың, реттеудің өз механизміміз әлі де болса жұмыс істемей тұрған өтпелі кезеңде бұл тіптен қажет. Бұл мемлекеттің экономикалық саясатының ажыратылмас элементіне айналуға тиіс.

Жүйелі функциялық құралдар:

1) әлеуметтік индикаторлар - ең төменгі күнкөріс деңгейі, ең төменгі тұтыну бюджеті, ең төменгі зейнетақы, ең төменгі жалақы, жұмыссыздық шегі;

2) макроэкономикалық - бюджет тапшылығының 3,2% деңгейі, эмиссияның жалпы массасы, жалпы ұлттық өнім өсімінің 2% қарқыны, пайданың жалпы нормасы, капитал тиімділігінің шекті нормасы;

3) микроэкономикалық - кәсіпорындар түсімділігі мен рентабельділігінің деңгейі, банкроттық пен залалдылық өлшемдерінің жүйесі, олардың себептерін ашып көрсету;

4) аймақтық - аймақтардың қаржы-ақша ресурстарымен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерімен, көлікпен, коммуникациялармен, халықтың жан басына шаққанда ағарту және денсаулық сақтау, табиғи ортаны қорғау объектілерімен қамтамасыз етілу, тауар рыногы ұсынысының халықтың төлем қабілеті бар сұранысына сәйкес келуі;

5) сыртқыэкономикалық - сыртқы сауда сальдосы, экспорттық мәмілелер сертификаты (жеткізілетін өнімнің

көлемі, номенклатурасы, сапасы, құны және оны жеткізу мерзімі), арнаулы экспорттаушылар мен басқа да экспорттық ұйымдардың валюта түсімін қайтаруы.

Макроэкономикалық реттеудің басты міндеті - экономиканың динамикалық тепе-теңдігін бақылау, ақша массасы мен материалдық ресурстар арасындағы сәйкессіздіктерді жою, бюджет тапшылығын қысқарту жөніндегі дәйекті жұмыс. Осы міндеттердің бәрі тауар өндірушілердің мүдделерімен байланыстырылып, инвестициялық стратегия мен құрылымдық саясаттың басты салаларға бағытталуына жәрдемдесуге тиіс. Қаржы және ақша ресурстарының белгіленген бағыттарға ойысуын қамтамасыз ету тиісті салық, баға, амортизация және бюджет саясатының жүзеге асырылуына жәрдемдесетін жалпы экономикалық индикаторлар мен реттегіштер жүйесін жасау жолымен жүзеге асырылады.

Өнеркәсіптің және халық шаруашылығының басқа да секторларының қазіргі жайы дамудың барлық жиынтық көздерін іске қосуды қажет етеді. Республика көптеген бастапқы шикізат ресурстарын өндіру жөнінде дүниежүзінде алдыңғы орындардың бірінде келеді, бірақ өңдеу өнеркәсібі әлсіз. Біздің болашағымыз қолда бар шикізат ресурстарының сапалы өңделуімен ғана байланысты. Өнеркәсіп өндірісінің басты бағыттарын қалпына келтіру мен дамыту микроэкономикалық реттеу міндетіне айналуға тиіс. Бұл жерде индикаторлар мемлекет өзіне тек экономиканың белгілі бір секторлары, жекелеген салалар мен өндірістер жөнінде ғана міндеттеме алатын басты бағыттарды көздеуге тиіс. Олар рыноктың және экономиканың экспорттық бағытының, жұмыс істеуге қабілетсіз өндірістерді қысқартудың немесе олардың бағыт-бағдарын өзгертудің негізі болып табылатын перспективалы өндірістерге тікелей мемлекеттік қолдау көрсетілуіне бағытталуға тиіс.

Аймақтық саясат саласында республикалық және

жергілікті деңгейлер арасында экономиканы реттеу функцияларының ара жігін ажырату қажет. Республикалық басқару органдары мемлекеттің аймақтық саясатының концепциялық және стратегиялық ережелерін белгілеп, тиісті индикаторлар жасауға тиіс. Ал жергілікті органдар сол индикаторлар шеңберінде жергілікті маңызы бар әлеуметтік-экономикалық проблемалардың стратегиясы мен тактикасын жүзеге асыруға тиіс.

Бұл жағдайда өтпелі кезеңнің дағдарысқа қарсы шаралары қажет. Нақты белгіленген артықшылықтар жүйесіне сүйене отырып іс-қимыл жасау керек.

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР. Ең алдымен инфляция қарқынын тоқтату, оны бақыланатын арнаға бұру керек.

Материалдық өндіріс саласында ауылшаруашылық өндірісіне, халық тұтынатын тауарлар шығаруға баса көңіл бөлу, өз өнімі экспорт негізі болып табылатын шикізат салаларын қолдау керек.

Бұл саладағы дағдарыстың құрылымдық сипат алуы үшін жағдайлар жасау керек. Бұл үшін мемлекеттің, ең алдымен, артықшылықтарға жұмыс істейтін салалар мен кәсіпорындарға қолдау көрсеткені жөн. Бүгінгі басты нәрсе - өндірістің құлдырауына қарсы қимыл жасау: дағдарысқа талғау сипатын беру және пәрменді құрылымдық өзгерістер үшін қор жасау керек.

Бұл бағыттағы жолдар - салық шаралары, бақылау механизмдері, икемді несие саясаты, монополияға қарсы кедергілер, баға мен жалақыны реттеу. Белгіленген жалпы артықшылықтарды және аталған шараларды негізге ала отырып, әрбір кәсіпорын аман қалудың өз жолын іздейтін болады.

ҚАРЖЫ-НЕСИЕ САЯСАТЫ. Дағдарыстан шығу, ұлттық валютаның тұрақтылығын қолдау үшін қаржы-несие саясатының зор маңызы бар. Осыған байланысты мемлекеттік бағалы қағаздар, заемдар шығару бағытында неғұрлым

белсенді іс-қимыл жасау керек. Мемлекет меншігін бағалап, оның бір бөлігіне бондар шығаруға, олар бойынша бірінші төлемді 4-5 жылға шегере белгілі бір жылдық процент төлеуге болар еді. Оларға кепілдеме беру үшін алтын қорының болуы міндетті емес. Мемлекеттің орасан көп меншігі бар, егер несиешілер қарыздың төленуін талап етсе, оның бір бөлігін сатуға болады. Бонда берілетін техника, технологиялар, тауарлар есебіне шетелдіктерге де беруге, онымен ішкі қарызды өтеуге де болар еді. Олар дүниежүзілік рынокқа да «шығып», шетелдік инвесторлар үшін жарамды болар еді.

БАНК ЖҮЙЕСІ - ДАҒДАРЫСТЫ КҮШЕЙТЕТІН ФАКТОРЛАРДЫҢ БІРІ. Классикалық ұғым бойынша ол бізде банк жүйесі енді қалыптасып келеді, ол ақшаны бөлу және тарату жөніндегі мекемелер жүйесі ғана болмау керек. Банктерді қаржы-өнеркәсіп топтарын құру арқылы материалдық өндіріске тікелей қатысуға ынталандыру, коммерциялық банктерді инвестициялық бағдарламаларға қатысуға мемлекет арқылы ынталандыру керек.

Республиканың банк жүйесінің жұмысын, құрылымын және функциясын қайта құрып, оған реформа жүргізу қажет. Бұл үшін құрамында Ұлттық банк, мамандандырылған бірқатар мемлекеттік банктер, коммерциялық және кооперативтік үлгідегі банктер бар принципті жаңа банк жүйесін, сондай-ақ мақсатты қорлар жүйесін құрған жөн. Олар экономиканың дағдарыстан шығуын қамтамасыз ететін бірінші кезеңнің тактикалық міндеттерін жүзеге асыруда және екінші кезең мен одан кейінгі кезеңдерде экономиканы дамыту стратегиясын әзірлеуде басты позицияда болуға тиіс.

Ұлттық банк ақша массасына бақылауды қамтамасыз етуге, ақша эмиссиясын және ұлттық валютаның алтын-валюта ресурстарымен және сапалы тауарлармен қамтамасыз етілуін қорғауға, басқа банктердің бір орталықтан басқарылуын нығайтуға және ақша айналымы мен процент

ставкаларын реттеуге тиіс. Ол жинақ ісіне араласпауға, несиені қызметінен толық шеттеп, өз жұмысын ақпарат жинау мен талдауға, макроэкономикалық сипаттағы шешімдерді болжауға және қабылдауға тиіс. Қалған мемлекеттік банктер экономиканы дамытудың түрлі стратегиялық бағыттарында несиені қызметімен тікелей шұғылданатын мамандандырылған банктер болып табылады.

Бірінші кезеңде несиеленетін басты объекті жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды дамыту, техникамен қайта жарақтау, жаңарту және жаңғырту, аз қаржы жұмсалуды қажет ететін және тез арада өтелетін, соның ішінде сыртқы рынокқа бағдарланған объектілерді қолдау болуға тиіс. Еліміздің несиені рыногындағы операция Заңмен реттелуге тиіс. Осы Заңды әзірлеудің мақсаты - банк ісі мен сақтандыру ісінің дұрыс дамытылуын көтермелеу, салымшылар мен заем алушыларды қорғау, кепілдемелі несиелену принциптерін дамыту. Банк қызметі үнемі қадағалауда болуға тиіс.

Екінші кезеңде өнеркәсіп пен банктерді шоғырландыру, қаржы-өнеркәсіп топтарын құру арқылы тікелей материалдық өндіріске қатысуға коммерциялық банктерді ынталандыру, ішкі рынокты молықтыруға бағдарланған тактикалық тұрғыдағы инвестициялық бағдарламаларға оларды көтермелеу қажет.

Кәсіпкерлік қызметті ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесі, заңдардағы өзгерістер туралы, қолда бар тауарлар және олардың қозғалымы, рыноктың жайы, банк-несиені саясаты, қаржы институттары, бағалы қағаздар рыногы туралы кәсіпкерлерді шұғыл түрде хабардар ету қажет. Бұл жұмысты республиканың Ұлттық банкі басқаруға тиіс. Және де Ұлттық банк Қазақстандағы 100-ден астам екінші деңгейдегі банктердің ең үлкені болғандықтан, Мемлекеттік банк саясатын барлық деңгейде жүргізуі тиіс.

Өндірістік қызметтің басты түрлерін бөліп көрсете отырып, салық жеңілдіктерін орнықтырудың, коммерциялық

тәуекелді сақтандыру жөніндегі компаниялар жүйесін дамыту жолымен коммерциялық банктердің несиелері жөніндегі кепілдіктер жүйесін жасаудың зор маңызы бар.

СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ. Дағдарысқа қарсы маңызды шаралардың бірі - айқын сыртқы экономикалық саясат. Бұл ең алдымен - ортақ рынок принциптерінде ТМД шеңберінде экономикалық одақ құру. Қазірден бастап ЭКЮ үлгісіндегі ұлттаралық валюта туралы мәселені ойластыра беру қажет. Қызмет бағыттары бойынша, жүзеге асыру механизмдері бойынша басым салаларды белгілеу керек. Бірыңғай мемлекеттік саясат сыртқы экономикалық қызмет жағдайлары мен тәжірибесі пайда болғанға дейін беру қажет. Еуропа мемлекеттері (15) 1999 ж. бастап бір ақшаға өту мәселесін жиі қойып отыр. Әйтпесе көптеген жекелеген тауар өндірушілердің тәуекелге бел буып осы аренаға шығуы стратегиялық шикізаттың, айталық, демпингтік бағалар бойынша сатылуына әкеліп соғады, қазірдің өзінде солай болып отыр. Сайып келгенде, мемлекет қана емес, сондай-ақ әрбір тауар өндіруші ұтылатын болады. Дүниежүзілік рыноктар конъюнктурасына тұрақты талдау мен болжам жасалуын мемлекеттік деңгейде жолға қою керек.

Сондай-ақ отандық тауар өндірушілерді құтқару үшін импорттық саясатқа елеулі түзетулер енгізу қажет екені де айқын болып отыр. Аса қажет емес тауарлардың, мәселен, біздің сөрелерімізде қаптатылған, сапасы айтарлықтай емес өнімдердің әкелінуіне кеден және салық реттегіштерін енгізу керек. Ал сол өнімдер үшін, сірә, шикізат берілген болар. Сонымен бірге техника, технологиялар, жабдық, ноу-хау әкелінуіне қойылған кедергілер алынып тасталуға тиіс.

Республикадағы қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдай халық шаруашылығының барлық салаларында дерлік дағдарыс бар екенін айқын дәлелдейді. Рыноктық процестер дамуының көп жағынан алғанда бей-берекет сипаты өндірістің тұрақсыздануына әкеліп соқты. Жалпы алғанда,

рыноктық сипаттағы жаңғыртулар көп кешеуілдетілуде, олар толысып және жаңа қатынастарға серпін беріп үлгере алмауда. Үкімет Қазақстанның аса бай табиғи-ресурс потенциалын адамдардың игілігіне пайдалануды толық дәрежеде бастай алмай отыр.

Инфляцияға қарсы қатаң бағыт таяу кезеңдегі аса маңызды міндетімізге айналуға, инфляцияны төмендету, оны:

- өндірістің одан әрі құлдырауын тоқтату;
- инвестициялық белсенділікті жандандыру;
- салық саясатының принциптері мен әдістерін түбегейлі қайта қарау жолымен құптауға болатын деңгейге жеткізу мақсатын көздеуге тиіс.

Сыртқыэкономикалық саясаттың жоғарыда баяндалған принциптері таяу болашақтағы тактикалық міндеттерді шешуге бағытталған. Материалдық өндіріс саласында тұтыну рыногын молықтыруға: азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар өндіруге, сондай-ақ өнімі біздің экспортымыздың негізін қалап отырған шикізат салаларына жан-жақты қолдау көрсетуге ерекше көңіл бөлу керек.

Жалпы алғанда сыртқыэкономикалық қызмет саласында:

- сыртқыэкономикалық қызмет жағдайлары мен тәжірибесі пайда болғанға дейін бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, сыртқы рынокты мемлекет деңгейінде үнемі зерттеу және оның конъюнктурасын болжау;

- отандық тауар өндірушілерді құтқару үшін импорттық саясатқа елеулі түзетулер енгізу, аса қажет емес тауарлардың әкелінуіне кеден және салық реттегіштерін енгізу, техника, технологиялар, жабдық, ноу-хау әкелінуіне қойылған кедергілерді алып тастау;

- республика бизнесмендерінің шетелдердегі, әзірше республика үшін емес, ал батыс үшін жұмыс істеп жатқан салымдарын жария ету қажет. Егер республикадан тыс

жерлердегі сан миллиондаған долларды ішкіреспубликалық айналымға қосатын болсақ, оның өзі сыртқыэкономикалық қызметті жандандыруға мүмкіндік береді және республиканың экспорттық-импорттық потенциалына елеулі үлес қосады.

Экономиканы реформалау табысы бағдарламалар, жоспарлар, шаралар сапасына ғана байланысты емес. Бұл үшін белгілі бір жағдайлар жасалуға тиіс, онсыз бағдарламаның жүзеге асырылуы мүмкін емес.

Біздің экономикамызда, көбінесе елеусіз, теріс қабылданатын, бірақ, іс жүзінде оң процестер байқалып отыр. Ол - ең алдымен сауда мен банк секторының шапшаң дамуынан көрініс тауып отырған құрылымдық өзгерістер. Ол - бағаны ырықтандырудың және кәсіпорындарымыз алдынан экономиканы ашудың нәтижесінде пайда болған бәсекелік қабілет, шығынның кемуі мен өнімнің жаңаруы проблемасы, ол инвестициялардың көлемі мен тиімділігін арттыру үшін ішкі стимулдар беріп отыр. Жеке меншік капитал жинақталуының процесі жүріп жатыр, ол өндіріс жағына қарай ойысуға әзір тұр. Осының бәрі жаңа кезеңге - тұрақтану кезеңіне өтудің нақты негізі болып табылады.

Жаңғыртулар процесінде үкімет тарапынан да, шаруашылық қызметіне қатысушылар тарапынан да ой елегінен өткізуді және тиісті қадам жасауды қажет ететін кезең басталды. Инфляцияны төмендетудің нәтижесі айқын болып отыр, бірақ ол үшін төленетін құн көтеріліп барады. Оған қарсы тек қатаң және қатаңдау қаржы және ақша саясатының дәстүрлі әдістерімен жүргізіліп жатқан күрестің түгесілгені сезіліп отыр. Макроэкономикалық саясатты біршама жұмсарту туралы әңгіме болуы мүмкін емес екені айқын, бірақ инфляцияға қарсы күресте тұрақты нәтижелерге тек соның негізінде жету мүмкін болмай отыр.

Ауыртпалықты институциялық және құрылымдық өзгерістер жағына қарай ойыстыру қажет екені айқын. Осыған байланысты купондарға байланысты жекешеленді-

ру кезеңі өз мүмкіндіктерін сарқып, экономика құрылымын және меншік қатынастарын реформалауда еш нәтиже бермегені көрініп отыр.

Қазіргі жағдайды жалпы алғанда бірқатар принципті ерекшеліктермен сипаттауға болады: қаржының тұрақтануы туралы нақты айтуға болады, сонымен бірге қаржы-ақша саясатының мүмкіндіктері сарқылуға жақын; өндірістің құлдырауы баяулады, жекелеген салаларда өсу белгісі байқалып отыр, бірақ енді құрылымдық-инвестициялық саясатта күрт бұрылыс жасау қажет етіледі; жекешелендірудің жаңа, ақшалық кезеңі басталмақ, мақсаттары мен әдістері бойынша оның едәуір өзгешілігі бар; мемлекеттік билік институттарын, заңдылық пен құқық тәртібін, экономикада жұмыс істейтін барлық адамдардың ұйымшылдығы мен жауапкершілігін нығайту қажеттігі шешуші дәрежеде арта түсті, институциялық өзгерістер негізінен осы бағытқа қарай ойысуға тиіс; өндірістің тиімділігін, отандық өнімнің бәсекелік қабілетін арттыру, шығынды азайту, кәсіпорындардың басқарылуын қайта құру проблемалары барынша өткір сипат алды.

Сонымен, біздің экономикамыз жаңа кезең қарсаңында тұр, оның мақсаты - қаржыны, өндірісті тұрақтандыру, оны өрге бастыру үшін алғышарттар қалау. Бұл міндеттер үкіметтің орта мерзімді бағдарламасында да бар, бірақ енді нақты іс-қимыл керек болып отыр. Осыған байланысты не істеу керек?

Бірінші. Біршама қатаң қаржы және ақша саясатын одан әрі жалғастыру қажет екені айқын, бұл барлық басқа іс-қимылдардың негізі. Бірақ мұндай саясаттың шегін ескере отырып, инфляцияға қарсы күресте әп-сәттік емес, ұзақ мерзімді нәтиже көздеу керек. Мұның өзі - мемлекеттік шығын мен ақша массасының өсімін тежей отырып, әрбір қосымша теңге сұраным тауып отырған өнім, қызмет, бюджет кірісі түрінде пайда келтіруіне күш салу керек деген сөз.

Түрлі деңгейлердегі бюджеттердің өзара қатынасын нақты реттеу, қаражат жағдайы үшін аймақтардың жауапкершілігін арттыру қажет. Кезекті кең ауқымды реформаларға қайтып соқпастан, салық жүйесіне шын мәнінде қажетті өзгерістер енгізу керек.

Екінші. Саяси тұрақтылықты сақтау, Президенттің, Үкіметтің және Парламенттің екі палатасының сындарлы ынтымақтастығын жүзеге асыру, жағдайды тұрақсыздандыру және ауыр жағдайды тар өрісті топтық мақсаттар үшін пайдалану әрекеттерінен аулақ болу қажет. Заңдарды жетілдіру, мемлекетте қарапайым тәртіп орнату жөніндегі дәйекті, табанды жұмысты ұйымдастыру керек. Бұл жұмыстың басты бағыттары: сот және құқық қорғау жүйелері, салық және кеден қызметтері.

Нақ қарапайым нәрселерді жүзеге асыру көбінесе қиын соғатыны жалпыға мәлім, бірақ институциялық өзгерістер, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптастыру нақ соған қарай ойысып бара жатқанын айқын білу керек.

Үшінші. Кәсіпкерлік нақты қолдауды қажет етеді. Осы кезге дейін ол негізінен өздігінен дамып келді және белгілі бір дәрежеде, тіпті қолдау көрсетілмесе де, одан әрі дами беретін болады. Біздің экономикамыздың болашақ құрылымы нақ осы процесте айқындалады.

Ал әзірше оған отын-энергетика салалары есебінен салмақ түсіп отыр. Бұл құрылымдық қайта құрудың бірінші кезеңі үшін дағдылы, бірақ, болашақтың мүдделері тұрғысынан алғанда - қажет емес құбылыс. Біздің кәсіпкерлік қоғам қажеттеріне сай келетін өндірісті ұйымдастыру мен айналым, экономиканы өрге бастыру міндеттерін шешуді өзіне ала алатын дәрежеге қаншалықты тез жете алады - мәселе міне осында. Мемлекеттің мақсаты - бұған тезірек қол жетуі.

Бүгінде кәсіпкерлер үшін ең маңызды проблемалар - салық ауыртпалығы, несиелердің қымбаттығы және қол

жетпестігі, меншік құқықтарының рәкеттен және шенеуніктердің озбырлығынан сенімді қорғанысының жоқтығы, істі ұйымдастыру мен ұлғайту үшін қажетті үй-жайлар мен жер учаскелерін сатып алудың мүмкін емес екендігі. Бұл ең алдымен шағын және орта бизнеске қатысты. Бүгінде біз оларды қолдау үшін мемлекет көп нәрсе істеп жатыр деп айта алмаймыз.

Төртінші. Дотациялар мен жеңілдіктерді, ең алдымен кім көрінгенге берілетіндерін, бірте-бірте қысқарту, ресурстар шығындануының тоқтатылуы және тиімді өндірістерді қолдау үшін көбірек қаржы босатылуы мақсатында үмітсіз борышкерлер үшін банкроттық процедураларын толық жүзеге асыру қажет. Осы орайда өткір әлеуметтік проблемалардың сөзсіз кездесетіні түсінікті. Бұл жағдайларда мұндай шешімдер негізделген және ондай көмек көрсетілетін мерзімдер жазылған нақты бағдарламалар керек.

Бесінші. Инвестициялық тапшылық аса күрделі проблемалардың бірі болып отыр.

Өндіріске жеке меншік инвестицияларды уақытша ынталандыру керек, оның өзі ең алдымен мемлекеттің және аймақтық билік орындарының қатысуын қажет етеді. Олар ондай салымдарды жеке меншік инвесторлар үшін тиімді етіп, оның өзі салымдарға байланысты тәуекелді кемітер еді. Мұның қажет болып отырған себебі: жеке меншік инвестициялар, әдетте, мемлекеттік инвестицияларға қарағанда тиімдірек, тезірек қайтарым береді. Бұл жерде нысандар сан алуан болуы мүмкін: үлесті түрде қатысу, мемлекеттік кепілдіктер, банктер мен инвестициялық қорлардың жарғылық капиталына салым салу, қор рыногын жан-жақты дамыту және т.т.

Мемлекеттік инвестициялар нақты объектілердің күрделі құрылысына жұмсалуда тиіс деген үйреншікті ұғымдардан арылу керек. Банктердің немесе инвестициялық компаниялардың артықшылықты акцияларын сатып алу да

- мемлекеттік, бірақ неғұрлым тиімді, сондықтан неғұрлым орынды инвестициялар, мұның өзі олардың жарғылық капиталын өсіре түсуіне және өндірісті инвестициялау үшін көбірек қаржы ресурстарын жұмылдыруына мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде құрылымдық-инвестициялық саясаттың мәні - мемлекеттің, өте нақты болса да, белгілі бір артықшылықтарды белгілеп, қаржыны соларға сәйкес бөлетінінде ғана емес, ал ең алдымен, бір жағынан, дотациялар мен субсидиялардың, тиімсіз өндірістердің қысқартылуында, екінші жағынан - жеке меншік инвестицияларды ынталандыруында.

Алтыншы. Реформаның жаңа кезеңінің мақсаттарына тек шетелдік инвестициялардың белсенді түрде қатысуымен, олар үшін барынша қолайлы жағдай жасалуымен ғана қол жетеді, өйткені қор жинақтайтын ішкі көздер тіптен жеткіліксіз. Тікелей инвестициялық саясатты нақты іске асыру керек. Осы саланы реттейтін заң актілеріне мұқият талдау жасау қажет. Салық салу, пайда алу, жекешелендіруге шетелдік инвесторлар қатыстыру мәселелері ерекше мұқият пысықталуға тиіс.

Жетінші. Экономикалық өзгерістердің қазіргі кезеңінде кәсіпорындарды реформалаудың мәні зор. Ол – барлық салалардағы кәсіпорындарды нарықтық жағдайларға бейімдеуді жеделдету мақсатымен олардың құрылымын өзгертуге және қайта ұйымдастыруға бағытталған шаралар жиынтығы. Іс жүзінде ол - одан әрі жекешелендіру де, дотациялар мен жеңілдіктерді қысқарту да, жеке меншік және шетелдік инвестицияларды ынталандыру да.

Бұл ең алдымен мемлекеттік кәсіпорындарға, яки акциялардың бақылау пакеті мемлекеттің меншігінде болатын кәсіпорындарға қатысты. Олардың жұмысына меншік иесі ретінде мемлекет тарапынан меншік иесінің құқықтары мен жауапкершілігіне дәлме-дәл көлемде бақылау ор-

нату қажет. Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік кәсіпорындар 100 проценттік мемлекеттік капиталмен акционерлік қоғамдар етіп қайта құрылып, олардың қызметіне Ұлттық кеңестегі мемлекет өкілдері арқылы бақылау жасалуға тиіс.

Қаржы инфрақұрылымының, жеке меншік инвестициялық қорлар мен банктердің, инвестициялық жобалар әзірлеудің, есеп жүргізу мен басқару ісін ұйымдастырудың, өнім өткізудің, маркетингтің осы заманғы әдістерін меңгерген аудиторлық және консалтингтік фирмалардың дамытылуына, кәсіпорындардың құрылымын өзгерту мен қайта ұйымдастыру мақсатымен оларда тиісті қызметтер құрылуына жәрдем көрсетудегі мемлекеттің рөлі зор. Бір сөзбен айтқанда, кәсіпорындарды реформалау тәртіп орнату мен экономикалық өрлеудің алғышарттарын жасау жұмысының аса маңызды бөлігі деп саналуға тиіс. Бұл мәселе банкрот және санация заңдарымен іске асу қажет.

Сергізінші. Халықтың басым көпшілігінің тұрмыс дәрежесі төмендеуінің қаупі бар екенін ендігі жерде елемеге болмайды. Ол, бір жағынан, адамдардың селқос күйге түсуіне, үмітін жоғалтуына, екінші жағынан - әлеуметтік жанжалдардың үдеуіне, қылмысты құрылымдардың әлеуметтік негізінің ұлғаюына әкеліп соғады. Дағдарыс ауыртпалығының халықтың барлық топтары арасында неғұрлым біркелкі бөлінуі қажет. Бұл тіпті де оңай міндет емес. Әдістерге келер болсақ, біреулер үшін салықты көбейтуден, ал басқалар үшін нақты қолдау көрсетуден басқа жол жоқ.

Тоғызыншы. Аса маңызды проблема - қажетті біліктілігі бар сауатты, ыждағатты мамандардың жетіспеуі. Олар, әсіресе экономистер, заңгерлер, басқару қызметкерлері және осы заманғы менеджменттер мемлекеттік аппаратта да, ең таңдаулы деген мамандар өзіне кетіп жатқан бизнесте де, өндірісте де жетіспеуде.

Республиканың интеллектуалдық потенциалы айтарлықтай жоғары, бірақ бұл потенциалдың ауқымы емес, ал оның құрылымы маңызды. Мамандықтар мен білімдердің көптеген түрлері артық, керексіз болып қалды, ал басқалары болса жүзеге асыру үшін күш-жігер жұмсауды керек ететін потенциал болып шықты. Сондықтан оқыту мен қайта оқыту, біліктілікті арттыру таяу және алыс болашақта шешуші мәселе болып отыр. Осыған орай, түпкілікті білім беру және кадрларды 3-4 жылда қайта-қайта аттестациялау жүйесін мемлекеттік деңгейде қадағалап, іске асыру өте қажетті.

3.2 Жекешелендіру саясаты

Экономикалық дамудың бұдан бұрынғы көп жылдық тәжірибесі жұмысшыларды теория жүзінде өзімен қабыстыруға тиіс болған өндіріс құралдарын мемлекет меншігіне алу іс жүзінде мүлдем кереғар нәтиже берді - өндірісшілердің өндіріс құралдарынан оқшау қалуына әкеліп соқты. Адамдардың экономикалық мүдделерінің негізі меншік қатынастары екені жалпыға мәлім. Ал ресми ғылым болса, өндіріс құралдарына мемлекеттік меншік артықшылықтарының экономикалық қатынастары жүйесін шектей отырып және елдің әрбір азаматы олардың қауымдасқан иесі болып табылатынын пайымдап, іс жүзінде адамдардың экономикалық мүдделерін жалғыз ғана нәрсемен - еңбекке деген ынтамен шектеді. Ал шаруашылықты ұйымдастыруға, ұтымды пайдалануға деген ынта іс жүзінде жоқтың қасы болды, өйткені қоғамда жұмысшының еңбек ету қабілетінің меншіктенуі, еңбек заттары мен құралдарының өнімді және жекелей пайдаланылуын ұйымдастырудың шарты ретінде олардың меншіктенуі танылмады.

Экономикалық құқықсыздық «ортақ иені» «жалпы-халықтық» меншіктің беймәлім субъектіні жасырын пайдаланатын объектіге айналдырды.

Меншікті жаппай мемлекеттендіру тиісінше бірсыпыра тұрақты теріс зардаптарға, соның ішінде: өндірістік ресурстардың тиімсіз пайдаланылуына, тауар өндіру мен қызмет көрсетудің монополияландырылуына, тауар-ақша массасының сәйкессізденуіне, өнім өндіруші мүдделерінің тұтынушы мүдделерінен жоғары қойылуына, арамтамақтыққа, масылдыққа, алыпсатарлыққа әкеліп соқты және т.т.

Мұндай жағдайларда жұмысшы өзіне тиесілі жұмыс күшін өз қалауынша, өз қабілеті мен мүддесіне сәйкес пайдалана алмады. Зандардың және ұйымдық шаралар жүйесінің көмегімен жұмыс күшін мемлекет жұмысшыдан оқшаулап, өз меншігі ретінде пайдаланды.

Дүниежүзілік экономикалық саясат алайда экономикалық өсімнің қуатты тетігін еркін өндірісшілерге өндіріс құралдарын сөз жүзінде емес, іс жүзінде беру арқылы жасауға болатынын көрсетіп отыр. Сондықтан мемлекеттік меншікті бөлудің және меншік иелеріне берудің нысандары туралы мәселе қайта құрудың бастапқы кезеңінде-ақ алға қойылған болатын. Алайда, сол кезеңде басталған жекешелендіру көп жылдан бері басылмай келе жатқан айтыс пен сынға арқау болды.

Жекешелендіру - мемлекет иелігінен алудың басты бағыттарының бірі. Алайда мемлекет иелігінен алу - жекешелендіруге қарағанда анағұрлым ауқымды ұғым.

Мемлекет иелігінен алу процесі шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық дербестігінің күшеюіне және олардың коммерциялық мүдделерінің жүзеге асуына байланысты қазіргі мемлекеттік басқару жүйесінде кәсіпорынның немесе ұйымның орны мен рөлі принципті түрде ауысатын құбылыс болып табылады.

«Жекешелендіру» ұғымына келер болсақ, ол мемлекетке қарасты кәсіпорындар, көлік құралдары, тұрғын үйлер және басқа мүлік ақы төлеп немесе басқадай жолмен азаматтардың

немесе акционерлік қоғамдардың (серіктестіктердің) жеке меншігіне алынатын процесті білдіреді.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің сапалық айырмашылығы мынада: жекешелендіру процесінде мемлекеттік меншік қатынастарының субъектісі міндетті түрде өзгереді, оның жеке-даралануы күшейеді және нақтыланады, ал мемлекет иелігінен алу кезінде олай болмауы мүмкін. Бұл сапалы айырмашылықтың зор маңызы бар, өйткені мемлекет иелігінен алу процесі, әдетте, біршама ауыртпалықсыз өтеді және кері қалпына келтірілуі мүмкін, ал жекешелендіру процесі, мемлекет иелігінен алынған мүлік жеке меншікке берілген кезде сирек жағдайларда болмаса, тиянақты сипат алып, қоғамдық құрылыс базисінде түбегейлі өзгерістер болмайды.

Мемлекет иелігінен алудың мақсаты - мемлекеттік меншіктің басым жағдайын мүлікке иелік және қожалық етудің монополиялық түрінде емес, ал оны меншік құқығын сатудан кіріс келтіру мақсатымен түрлі шаруашылық субъектілеріне коммерциялық негізде бере отырып сақтап қалу. Мемлекет иелігінен алу мынадай негізгі міндеттерді шешеді:

- экономикада мемлекеттік секторды қысқарту;
- өндірісті мемлекеттік-директивалық басым реттеуден нарықтық тетіктер негізінде реттеуге көшу;
- мемлекет меншігінде қалатын кәсіпорындардың қызметін коммерциялау, бұл кәсіпорындар үшін шаруашылықты дербес жүргізу принципін орнықтыру, мұның өзі оларды техникалық-экономикалық, өндірістік, өнім өткізу және баға саясатын дербес белгілейтін рыноктың толық құнды субъектілеріне айналдыруға мүмкіндік береді;
- өндірісті монополиясыздандыру және бәсекелестікті дамыту, бұл жағдайда мемлекет монополияландырылмаған жеке меншік және мемлекеттік кәсіпорындар үшін ойдағыдай экономикалық жарысқа түсетін жағдай жасайды;

- сыртқы экономикалық қызметте мемлекеттік монополияны бірте-бірте жою, бұл жағдайда мемлекет елге шетелдік инвестициялар мен импорттың қажетті мөлшерлерде әкелінуін ғана қамтамасыз етеді.

Жекешелендіру бүкіл дүниежүзілік практикаға, соның ішінде Батыстағы дамыған елдердің аралас нарықтық экономикасына тән. Қазіргі кезде ол дүниежүзіндегі 50-ден астам мемлекетте белгілі бір нысанда, белгілі бір көлемде жүзеге асырылуда.

Осыған байланысты түрлі елдерде жүзеге асырылып жатқан жекешелендірудің мақсаттары мен міндеттері туралы сұрақ туып отыр. Дамыған капиталистік елдер мен дамушы елдердегі жекешелендірудің барысына жасалған талдау негізгі мақсат екі міндетті шешу екенін көрсетеді:

- түсімсіз және түсімі аз мемлекеттік кәсіпорындарға субсидиялар мен дотациялар берілуі себепті пайда болған бюджет тапшылығын қысқарту, яғни мемлекеттік бюджет ауыртпалығын қысқарту;

- жекешелендірілген кәсіпорындарда экономиканың өсуі арқасында ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру.

Дамыған капиталистік елдер мен дамушы елдерде мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру мақсаттарының бірі - мемлекеттік қаржы ауыртпалығын азайту. Мемлекеттік кәсіпорындардың жұмыс тәжірибесі олардың көбінесе нарық жағдайларындағыдай тұтынушыға емес, өздеріне жұмыс істейтінін көрсетіп отыр. Бұл жерде істің мәні мынада: оларды негізінен қаржыландырып отырған тұтынушылар емес, мемлекет. Яғни салық төлеушілер есебінен қаржыландырылуда. Олардың қаржы жағдайы негізінен қызмет нәтижесіне, өз өнімін тұтынушының сатып алатын-алмайтынына байланысты емес.

Осының бәрі мемлекеттік кәсіпорындар өзі үшін жұмыс істейтін жағдайға әкеп соғуда. Жеке меншік кәсіпорындарға тән банкроттық қаупінің мемлекеттік кәсіпорындарға

қатысы жоқ. Мемлекеттер мұндай жағдайларда қосымша қаражат беру және басқадай жәрдем беру жолымен өз кәсіпорындарына әрдайым көмек көрсетіп отырады. Бірақ көптеген мемлекеттерде ондай көптеген кәсіпорындарды ұстауға байланысты қаржы ауыртпалығын көтеру мүмкіндігі әрдайым бола бермейді. Осы жағдайларда мемлекеттік меншікті жекешелендіру ондай елдер үкіметтерінің қаржы ауыртпалығын өзінен алып тастауына көмектеседі. Мемлекеттік мүлікті сатып алғандар оның одан әрі тиімді жұмыс істеуін өздері ойластыратын болады.

АҚШ-тың бұрынғы президенті Р.Рейган өзінің бір сөзінде мемлекеттік меншікті жекешелендірудің мәні мен мақсатын былай сипаттаған еді: бұл мемлекеттік кәсіпорындарда тауар өндіру мен қызмет көрсетуді үкімет шығындарын қысқарту және рыноктық жүйе беретін артықшылықтарды пайдалану мақсатында жеке меншік компаниялардың қолына беру стратегиясы.

АҚШ-та үкіметтің жекешелендіру бағдарламасының негізіне іргелі екі принцип алынған болатын. Бірінші принциптің мәні - мемлекет стандартты тауарлар өндіру мен сатуда және қызмет көрсетуде жеке меншік сектормен бәсекеге түспеуге тиіс.

Екінші принцип мемлекет функцияларын «қоғамдық тауарлар» дейтінді өндірумен шектейді, оларға, атап айтқанда, қорғаныс, заңдардың орындалуын бақылау, мұқтаждарға қаржы көмегін көрсету және т.т.

Жекешелендіру мемлекетке ақша қаражатының екі әдіспен түсуін қамтамасыз етеді. Біріншіден, акцияларды сатудың өзі тез табыс әкеледі.

Екіншіден, жекешелендірілген кәсіпорындардан салық алынады. Бұған қоса, үкіметте залалды жеке меншік компанияларға жәрдемдесу жөнінде ешқандай міндеттеме болмайды. Латын Америкасы елдерінде мемлекеттік кәсіпорындардың көпшілігі шығынмен жұмыс істеді. Бюд-

жетте үнемі қаржы бөлу мен мемлекеттік кәсіпорындардың шығындарын қаржыландыру, олар беретін өнім мен көрсететін қызмет бағасын төмендету мемлекеттік бюджеттер сәйкессіздігінің үдеуіне және мемлекет қарызының көбеюіне көп жағынан себеп болды. Мемлекеттік кәсіпорындардың шығыны 80-ші жылдары, мысалы, Аргентинада жалпы ішкі өнімнің 7 пайызына, ал Бразилияда - 14 пайызына жетті. Өткен жылдың аяқ кезіндегі деректер бойынша Аргентинада бюджет тапшылығының 80 пайызына жуығы мемлекеттік сектордағы шығынды кәсіпорындарды қаржыландыруға байланысты болған, Латын Америкасы елдерінің сыртқы қарызының едәуір бөлігі де солардың үлесіне келіп отыр. Мәселен, Аргентинада 90-шы жылдардың бас кезінде жетекші 13 мемлекеттік компаниялардың сыртқы қарызы елдің бүкіл сыртқы қарызының төрттен бір бөлігі болған.

М. Тэтчер үкіметі 70-80-ші жылдары ірі көлемді жекешелендіру жүргізген Ұлыбританияда жекешелендірудің негізгі міндеті мемлекет кірісінің өсімі және билік басындағы партияның қызметін мақұлдату болды. Ұлыбритания үкіметі он жылдың ішінде (1981-1991 жж.) жекешелендіруден 35 млрд. фунт стерлинг (50 млрд. доллар) алды. 1979 жылы банкроттық шегінде болған үкімет ондай жекешелендірудің нәтижесінде 80-ші жылдары сальдосы дұрыс тұрақты мемлекеттік бюджет болуын қамтамасыз етті. Г.Коль үкіметі тоғыз жылдың ішінде (1982-1992 жж.) Швейцариядағы «Мон Репо» санаторийі үлгісіндегі түрлі ұсақ объектілерді сатудан 10 млрд. марка (4,2 млрд. доллар) қаржы түсірді.

Ж.Ширак үкіметі 1986 жылы жекешелендірудің кең ауқымды бағдарламасын әзірледі. Парламент 1986 жылғы жазда қабылдаған заңда жеке меншік секторға бірте-бірте 5 жыл ішінде 65 банк, бәсекелік салалардағы сақтандыру компаниялары мен өнеркәсіп орындарын беруді көздеді. Жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асыру 1986 жылғы қазанда басталды. Жекешелендірудің бастапқы және тікелей мақсаты

- мемлекеттік бюджет тапшылығын азайту мақсатына 1987 жылдың күзінде қол жетті. Мемлекеттік бюджетке 71 млрд. франк (2 млрд. долларға жуық) мөлшерінде қаржы түсіп, оның басым көпшілігі (үштен екі бөлігіне жуығы) мемлекеттік қарызды өтеуге жұмсалды.

Германияның шығыс және батыс бөліктерін біртұтас мемлекет етіп біріктіру, бұрынғы ГДР-ді жаңғыртуға жұмсалатын шығын үкімет қарызын 1992 жылғы 1300 млрд. маркадан 1995 жылы 1900 млрд. маркаға дейін ұлғайтуы мүмкін. Міне осы жағдайларда жекешелендіру сол қарызды азайтудың елеулі көздерінің бірі болуы мүмкін. Германия үкіметі «Люфтганза» компаниясындағы өз пайының тең жартысын (акциялардың 51 пайызы) сатуды көздеп отырғанын және биржадағы құнын мамандар 50-70 млрд. марка деп бағалап отырған «Дойче Текстомды» сату ойы бар екенін жариялады.

Мемлекеттік бюджет тапшылығын азайту міндеті бұрынғы социалистік елдердің бәрінің алдында тұр. Бұл міндет мемлекеттік меншікті жекешелендіру арқылы шешілу де. Бірақ, сонымен бірге, бұл міндет бұрынғы социалистік елдердегі жекешелендірудің негізгі мақсаты бола алмайды. Бастапқыда экономикасын қаржымен сауықтыру, мемлекет бюджетін толықтыру міндетін көздеген жекелеген елдер өз ойларынан бірте-бірте бас тартты. Мәселен, Ресейдің Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары Д.Васильев Ресей Федерациясының жекешелендіру бағдарламасын сипаттай келіп, бағдарламаның (1991 жылғы желтоқсан нұсқасынан өзгеше) негізгі ережелерінің бірі ретінде мынаны атап айтты: «жекешелендіруден кіріс алу жөніндегі нұсқамдан бас тарту (күтіліп отырған түсім сомасы 92 млрд. рубльден 72 млрд. рубльге дейін төмендетілген)...»

Сөйтіп, мемлекеттік меншікті жекешелендірудің негізгі мақсаты мемлекеттің бюджет ауыртпалығын

жеңілдету болуы ешбір мүмкін емес. Мемлекеттік меншікті жекешелендірудің екінші бір негізгі мақсаты - жекешелендірілген кәсіпорындарда экономиканың өсуі арқасында ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру. Дамыған капиталистік елдерде де, сондай-ақ дамушы елдерде де жекешелендіру алдына осындай міндет қойылып отыр. Жекешелендіру тәжірибесі өндіріс тиімділігінің артуына оның оң ықпал етіп отырғанын дәлелдейді. Мәселен, жеке меншікке көшкен көптеген британ компаниялары өз рентабельділігін күрт арттырды. Атап айтқанда, елде телефон қызметі жекешелендірілгеннен кейін қызмет құны қалпында дерлік қалды, ал сапасы арта түсті.

Бізде, кейбіреулердің қорқытып отырғанындай, жекешелендіру жаппай жұмыстан шығаруға әрдайым бірдей әкеліп соққан жоқ. «Ягуар» автомобиль фирмасында жұмыс істейтіндердің саны, тіпті, едәуір көбейе түскен. Алайда, онжылдықтың бас кезінде (80-ші жылдар) ол жылына 14 мың машина шығарған болса, оның аяқ кезінде 80 мың машина шығарған. 1980 жылы фирманың шығыны 47,3 млн фунт стерлинг болған. Жекешелендіруден кейінгі алғашқы жылы (1985 ж.) ол 41.5 млн, ал 1990 жылы - 300 млн фунт стерлинг пайда келтірген. Немесе басқа бір мысал келтірейік. «Бритиш лейланд» компаниясы өзін жекешелендіру басталған жылы 50 млн фунт стерлингке жуық шығынмен жұмыс істейтін. Бес жылдан соң жылдық жұмыс қорытындысы 90 млн. фунт стерлингтен астам болды. «Нэйшнел Фрейт» компаниясын жекешелендірудің нәтижесі де айтарлықтай.

Компания қызметкерлері оны сатып алғаннан кейін пайда 9 есе өсіп, қызмет көрсету сапасы күрт артты. Сонымен, мемлекеттік меншікті жекешелендіру өндірістің тиімділігін арттырады. Жеке меншік иелерінің табысқа жетуге ұмтылуы өндірістік шығындардың азайтылуына себеп болады, сонымен қатар экономиканы тұтынушының қажеттеріне бағдарлайды. Ал бұл, өз тарапынан, тауарлар мен қызмет сапасын жақсартады.

Мемлекеттік кәсіпорындармен салыстырғанда жеке меншік кәсіпорындардың анағұрлым жоғары тиімділікпен жұмыс істейтінін көптеген мамандардың зерттеулері куаттап отыр. Мәселен, неміс экономисі Э. Хамерон мемлекеттік (муниципалдық) және жеке меншік қызметтер құнына 300 кәсіпорын мысалында жасаған салыстырма талдау жеке меншік өндірістің мемлекеттік өндіріске қарағанда 30-50 пайыз үнемділеу екенін көрсетті. Ұлыбританияда жеке меншік қызметтердің құны мемлекеттік қызметтердің құнынан 30-40 пайыз, АҚШ-та 30 пайыз төмен.

М.Клинованың есептеулері бойынша, экономикалық тиімділіктің қор қайтарымы сияқты маңызды көрсеткіші 1982 жылы ГФР-дің мемлекеттік кәсіпкерлік секторында жеке меншік сектордағы қор қайтарымының 0,66 пайызы, Францияда - 0,42 пайызы, Ұлыбританияда - 0,53 пайызы мөлшерінде болған...¹.

Серпінді дамып келе жатқан Оңтүстік-Шығыс Азия елдері жекешелендіруді мемлекет қолындағы салалардың тиімділігін арттыру үшін пайдаланды. Олар, негізінен, авиалиниялар, муниципалдық қызметтер.

Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру нәтижесінде ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру міндеті бұрынғы социалистік елдердің бәрінде қойылып отыр. Бұл міндетті шешудің маңызын дамыған капиталистік елдердегімен және дамушы елдердегімен еш салыстыруға болмайды. Өйткені әкімшіл-әміршіл жүйедегі мемлекет жағдайында барлық социалистік елдерде экономика ысырапты және тіптен тиімсіз. Ол арта түсіп келе жатқан қажеттерді қанағаттандыруға бағдарланған экономика ретінде емес, тоталитарлық режимдердің қажеттерін қанағаттандыруға негізделген, өзін-өзі қамтамасыз ететін жүйе ретінде жұмыс істеді. Осыған байланысты бұрынғы социалистік елдерде жекешелендіру

¹ Климова М. В. Государственное предпринимательство в странах Европейского Сообщества. М., 1996. С. 112.

және нарықтық қатынастарға көшу барысында ұлттық экономиканы оның табиғи қажеттеріне, яғни тұтынушылардың қажеттерін қанағаттандыруға бағдарлау міндеті қойылды.

Кейбір экономистер мен мамандар жекешелендірудің осы міндетінің рөлін әсірелеп көрсетіп, оның мақсаты немесе жалаң мақсаты деп санайды. Аталған міндеттің маңызы орасан зор болғанымен, меніңше, оны жекешелендірудің мақсаты немесе жалаң мақсаты деп санауға ешбір болмайды. Әкімшіл-әміршіл, тоталитарлық жүйені құлату мен жеке меншіктің бүкіл жауапкершілігін, ауыртпалығын өзіне алатын меншік иелерінің тобын қалыптастыру, меніңше жалаң мақсат болса керек.

Дамыған капиталистік және дамушы елдердегідей емес, Шығыс Еуропа, Балтия және ТМД мемлекеттерінде, яғни «бұрынғы социалистік елдер» дейтіндерде басты мақсат (бәлкім, жалаң мақсат та болар), меніңше, нарықтық экономиканың экономикалық негізі болып табылатын жеке меншік иелерінің кең ауқымды және жеткілікті тобын қалыптастыру болып табылады.

Бұл елдерде қазіргі кезде бір экономикалық жүйе басқа экономикалық жүйеге ауыстырылуда. Талай ондаған жылдар бойы қолданылып келген экономикалық жүйе басқарудың әкімшіл-әміршіл әдістеріне негізделді. Экономиканың бұл моделін кейбір экономистер басқарудың әкімшіл-әміршіл жүйесімен байланыстырады. Бұл жүйе тек басқару жүйесін қамтитын бұл модельдің бір бөлігі ғана болып табылады. Оның басқа, базистік бөлігін өндіріс құралдарына қоғамдық меншікке негізделген монополияландырылған экономика құрайды. Біртұтас халық шаруашылық кешені болып табылатын осы монополияландырылған экономиканың қалыптасуы ең алдымен социализмді өндіріс құралдарына біртұтас қоғамдық меншікке негізделген құрылыс деп түсінумен байланысты болды.

Мұның өзі өз арасында тікелей қатынастар пайда бола-

тын еркін өндірісшілер қауымдастығын құруды қажет етті. Демек, тауар-ақша қатынастарын пайдалануға жол бермейтін тікелей қоғамдық өндіріс сияқты жағдайларда қоғамдық өндіріс жалпыхалықтық мүдделердің басқа мүдделерден сөзсіз басымдығын қамтамасыз етіп, оларды көбінесе елеуге және оларға қиянат жасауға тиіс секілді болды.

Сонымен, өндіріс құралдарына қоғамдық меншік, тікелей қоғамдастырылған өндіріс негізінде «біртұтас фабрика», «біртұтас кеңсе» дейтіндер, яғни бірыңғай ажыратылмас экономика, басқаша айтқанда, бірыңғай халық шаруашылық кешені қалыптасты. Осы жүйенің түпқазығы, оның біртұтас орталығы, командалық пункті мемлекет болды. Ол мемлекеттік (экономикалық қана емес) билікті түгелдей өз қолына алып, экономикалық мәселелерді жеке-дара белгіледі, шешті. Нақ мемлекет директивалы орталықтандырылған жоспарлау арқылы біртұтас халық шаруашылық кешенінің барлық өндірушілеріне жоспарлы тапсырма белгілеп, нені қандай мөлшерде өндіру керек екенін көрсетіп отырды, материалдық-техникалық жабдықтау арқылы лимиттер мен ресурстар беріп, олардың мөлшерлері мен көздерін белгіледі, кәсіпорындарды бір-бірімен байланыстырды. Олардың жұмыс істеуін «ортақ қоржын» есебінен бюджеттен қаржыландыру қамтамасыз етті.

Экономиканың мұндай моделінің нәтижесі мынадай болды:

- өндірісті және басқаруды монополияландыру, бәсекелестіктің жоқтығы, нарықтық экономикаға тән тұтынушы өктемдігінің емес, өндіруші өктемдігінің орын алуы;

- тауар, капитал, еңбек, бағалы қағаздар рыногының болмауы және т.т.;

- экономикалық заңдардың еленбеуі, өктемдік және көбінесе ведомстволық сипаттағы «жалпыхалықтық», «мемлекеттік» мүдделер дейтіндерді күштеп таңу;

- материалдық игіліктерді тікелей өндірушілер болып табылатын экономиканың бастапқы және негізгі буындарының дербестігін, олардың шаруашылық дербестігі мен мүдделерін елемеу, олардың министрліктер мен басқа да жоғары ұйымдарға «феодалдық» тәуелді «крепостнойлық шаруа» жағдайында болуы;

- еңбекшілердің өндіріс құралдарынан қол үзуі, олардың қоғамдық меншік қожайыны жағдайынан, оны тиімді пайдалану стимулдарынан айырылуы;

- бюрократтық басқару жүйелерінің қалыптасуы.

Экономиканың мұндай моделін «әкімшіл-әміршіл жүйе» ұғымы емес, «директивалы-орталықтандырылған жүйе» ұғымы неғұрлым айқын бейнелейді. Мұндай экономика іс жүзінде рынок механизмсіз жұмыс істеді, әкімшіл-әміршіл басқару әдістері бар директивалы-орталықтандырылған механизм, практиканың көрсеткеніндей, оған балама бола алмады.

Бұл жүйеге тек рынок, экономиканың жұмыс істеуі мен дамуын ынталандыратын және реттейтін тетіктері бар оның механизмі ғана нақты балама бола алады. Жүзеге асырылып жатқан түбегейлі экономикалық реформалардың мәні нақ рыноктық қатынастар болып табылады, республикада қазір сондай қатынастарға көшу процесі болып жатыр.

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған ұлттық бағдарламасында жекешелендірудің негізгі мақсаты былайша белгіленген болатын: «мемлекетке қарасты өндірістік объектілерді, басқа да материалдық және материалдық емес активтерді мемлекеттің өтеусіз және өтеммен беру арқылы республика халқына ұлттық мүлікті қайтару барысында меншік құқығын дербестендіру негізінде орталықтандырылған-жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үшін қажетті жағдайлар жасау». Жекешелендірудің негізгі мақсатына мұндай анықтама

беру, меніңше, орынды. Жекешелендірудің тұжырымдалған негізгі мақсаты оның рөлін өндіріс тиімділігін арттыруға, бәсекелестік үшін және ол шешетін басқа да жеке міндеттер үшін жағдайлар жасауға әкеліп саятын, сол арқылы елде жүргізіліп жатқан жекешелендірудің рөлін кемітетін экономистер мен мамандардың позициясына нақты жауап болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті жекешелендірудің және оның құрылымын өзгертудің 1996-1998 жылдарға арналған жаңа бағдарламасы қабылданды. Оның негізгі мақсаты - жекешелендіру процесін негізінен аяқтау жолымен республика экономикасында жеке меншік сектордың басым болуына қол жеткізу және оны орнықтыру.

Сонымен, бұрынғы социалистік елдердегі жекешелендіру ең алдымен экономикалық жүйенің сипатын өзгертуге бағытталған. Осыған байланысты, жекешелендіру нарықтық қатынастардың қалыптасуы үшін негізгі алғышарт болып отыр. Бұрынғы социалистік елдердегі жекешелендірудің капиталистік елдер мен дамушы елдердегі осындай процестен елеулі айырмашылығы міне осы, ол елдерде жекешелендіру кезінде дамыған рыноктық сектор болған еді.

Жекешелендіру негізгі мақсатына қоса міндеттер жүйесін шешуге тиіс. Оларды, менің ойымша, саяси, экономикалық және әлеуметтік міндеттерге бөлу керек.

Бұрынғы социалистік елдердегі жекешелендіру барысында шешіліп жатқан саяси міндеттерге мыналар жатады:

- қоғамдық-экономикалық формацияның ауыстырылуын қамтамасыз ету: өндіріс құралдарына қоғамдық меншікке негізделген «коммунистік» деп аталатын құрылыс орнына өндіріс құралдарына меншіктің сан алуан нысандарына, ең алдымен жеке меншікке негізделген «аралас» деп аталатын қоғам келеді;

- меншік берілген, пайда болып келе жатқан, нарықтық

қатынастарға негізделген жаңа экономикалық жүйенің негізі мен тіреуі бола алатын жеке меншік кәсіпкерлердің жеткілікті қалың тобының қалыптасуы;

- кәсіподақтар қуатының кемуі;
- экономикалық және саяси еркіндіктердің қалыптасуы.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіру барысында шешіліп жатқан экономикалық міндеттерге мыналар жатады:

- бюджет тапшылығының едәуір дәрежеде түсімі жоқ және тиімділігі төмен мемлекеттік кәсіпорындарға субсидиялар мен дотациялар берілуі есебінен қысқаруы, яғни мемлекеттік бюджет уақытының қысқаруы;

- жекешелендірілген кәсіпорындарда экономиканың өсуі арқасында ұлттық экономика тиімділігінің артуы;

- шаруашылықты тиімді жүргізуші субъектілер ретінде жеке меншік иелері тобының қалыптасуы;

- нарықтық экономикадағы негізгі субъектілер ретінде экономикалық тәуелсіз тауар өндірушілер қалыптастыру;

- еңбек қызметкерлерінің материалдық ынталылығын арттыру және соның негізінде жаңа механизм жасау;

- жеке меншікке ие адамдар санын көбейту мақсатымен өндіріс құралдарына меншікті бөлу;

- нақты ортаны жасау мен ұлғайту және өндірістің монополиясыздандырылуын қамтамасыз ету;

- капиталдың салалар арасындағы ауыс-түйісін арттыру және экономикадағы құрылымдық өзгерістер процестерін жеделдету;

- тиімді жұмыс істейтін кәсіпорындарды жекешелендіруге жеке меншік салымшылар мен заңды тұлғалардан капитал тартылуын ұлғайту мен жеделдету;

- капитал рыногын жасау;

- шағын және орташа бизнесті дамыту;

- кәсіпорындардың шешімдер қабылдауына мемлекеттің араласуын шектеу.

Жекешелендіру барысында шешілетін әлеуметтік міндеттерге мыналарды жатқызу қажет:

- азаматтардың экономикалық және саяси бостандығы үшін негіздер қалау;

- азаматтардың жеке потенциалының неғұрлым толық ашылуы үшін мүмкіндіктер жасау;

- әртүрлі жеке меншік иелерінің қалың тобы басым түбегейлі жаңа әлеуметтік құрылымның қалыптасуы.

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процестері 1991 жылдан бері жүргізіліп жатыр. Осы кезеңнің (1991-1995 жж.) ішінде республикада мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің екі бағдарламасы жүзеге асырылды.

1992 жылғы 22 маусымда қабылданған бірінші бағдарлама 1991-1992 жылдарды қамтып, онда негізінен сауда мен қызмет объектілерін сатуға, сондай-ақ мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендірілетін кәсіпорындардың ұжымдарына беруге баса көңіл бөлінді.

Екінші бағдарлама - Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған, 1993 жылғы 5 наурызда қабылданған ұлттық бағдарламасы шағын жекешелендіруге қоса жаппай жекешелендіруді, жеке жобалар бойынша жекешелендіруді және агроөнеркәсіп кешенін жекешелендіруді қамтыды.

1991-1995 жылдардың ішінде 11 мыңға жуық сауда, қоғамдық тамақтандыру және қызмет салаларының объектілері сатылды. Агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарын жекешелендіру шеңберінде 1995 жылдың аяғына дейін 1967 кәсіпорындар (агроөнеркәсіп кешенінің барлық объектілерінің 93%) сатылды. Жаппай жекешелендіру бағдарламасы толық аяқталды, инвестициялық жекешелендіру купондарына 1700-ден астам кәсіпорындардың акциялары сатылды. Жеке жобалар бойынша жекешелендіру шеңберінде 5 кәсіпорын сатылды, 44 кәсіпорын сеніммен

басқаруға берілді, оның 12-сі - шетелдік тұлғаларға берілді. 1996 жылдың бас кезіндегі жағдай бойынша жеке қолдарға жекешелендірілетін кәсіпорындардың жарғылық қорының 60 пайызға жуығы көшті.

Жылдың бас кезінде, яғни 1996 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасында Меншікті жекешелендіру мен оның құрамын өзгертудің 1996-1998 жылдарға арналған жаңа бағдарламасы қабылданды. Жаңа бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі шаралары мыналар:

- ішінара жекешелендірілген кәсіпорындар, сондай-ақ шағын жекешелендірудің II кезеңінде сатылмаған объектілер акцияларының мемлекеттік пакеттерін жекешелендіруді ақшаға сату жолымен аяқтау;

- мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендірудің жеке жобаларын жүзеге асыру;

- жекешелендіру процесіне бұрын жекешелендіруге жатпаған, сондай-ақ бұрынғы кезеңдерде жекешелендірілмеген кәсіпорындар мен ұйымдардың бір бөлігін қосу;

- экономиканың жекелеген секторларын жекешелендіру жоспарларын жасау;

- жекешелендірілген кәсіпорындарда стратегиялық инвесторлар тобының қалыптасуына жәрдемдесу;

- жекешелендіруге шетел капиталының қатысуын ұлғайту.

Қазақстан Республикасында жекешелендірудің 1996-1998 жылдарға арналған жаңа бағдарламасының аса маңызды бағыттарының бірі - жеке жобалар бойынша жекешелендіру. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің жеке жобаларын әзірлеу ерекше ірі және бірегей объектілер мен кәсіпорындар бойынша жүзеге асырылуда. Жеке жобалар мына әдістер бойынша жүзеге асырылуда:

- ескертілген шарттармен белгілі бір инвесторға сату;
- аукциондар немесе конкурстар арқылы сату;
- басқаруға келісім-шарт жасасу;
- акцияларды ашық сату.

Жеке жобалар бойынша мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді ұйымдастыру жұмысы 1993 жылы, Ұлттық бағдарлама қабылданғаннан кейін бірден басталды. 1993-1994 жылдары жеке жобалар бойынша Алматы темекі фабрикасы, Шымкент кондитер фабрикасы, Алматы және Қарағанды маргарин зауыттары жекешелендірілді. Осы акционерлік қоғамдардың акцияларын өткізу ескертілген шарттармен белгілі бір инвесторға сату арқылы жүзеге асырылды. 1994 жылғы желтоқсаннан осы кезге дейін үкімет аса ірі және бірегей объектілер мен кәсіпорындарды келісім-шарт жасасу жолымен шетелдік фирмалардың басқаруына бере бастады. Осы уақыт ішінде басқаруға барлығы 44 кәсіпорын берілді, оның ішінде 31 келісім-шарт күшін әлі сақтап отыр, қалған келісім-шарттар бұзылды. Көріп отырғанымыздай, соңғы жылы үкімет аса ірі және бірегей объектілерді жекешелендіруге емес, мемлекет иелігінен алуға бағыт алды. Мұндай бағыт әбден орынды.

Қазақстан кәсіпорындарын шетелдік фирмалардың басқаруына берудің қажеттілігі мен мақсатқа сәйкестігі мына жағдайларға байланысты:

Біріншіден, кәсіпорындар жұмысының ағымдағы проблемаларын шешу үшін өте қажетті ақша қаражатының келіп түсуін қамтамасыз етеді. Біздің кәсіпорындарды өз басқаруына алған шетелдік фирмалар бірқатар шарттарды орындауға тиіс, олардың ең маңыздылары: кәсіпорынның айналым қаражатын толықтыру, қарыздардан қысқа мерзім ішінде құтылу, барлық жұмыс орындарын сақтау және өнім шығаруды арттыру. Ал мұның өзі мемлекетті аталған проблемаларды шешуден босатып, мемлекеттік бюджеттегі азынаулақ қаражаттың ең өткір әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешу ісіне жұмсауына мүмкіндік береді.

Екіншіден, оларда шетелдік фирмалардың басқару ісіндегі менеджмент тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, кәсіпорындардың шетелдік фирмалар басқаруына берілуіне, дамыған рынок елдеріндегі фирмалардың жұмыс істеу тәжірибесінің көрсетіп отырғанындай, олардың тиімді жұмыс істеуі ең алдымен сауатты басқаруға байланысты екені себеп болды. Сондықтан, біздің кәсіпорындарымызды басқарудың тәжірибелі менеджерлерге тапсырылуы нарықтық экономиканың қатаң жағдайларына олардың ойдағыдай бейімделуіне себеп болып отыр. Оған қоса, тәжірибелі менеджерлердің басшылығымен жұмыс істеу кәсіпорынның бүкіл жұмысшылары, әсіресе біздің басқарушылар үшін жақсы мектеп болып отыр.

Төртіншіден, мемлекеттік кәсіпорындарды шетелдік фирмалардың басқаруына беру кезінде меншік нысандары ауыспайды, кәсіпорын мемлекеттің қолында қалады, демек, басқаруға беру ел экономикасы үшін қысылтаяң өтпелі кезеңде ауыр қаржы жағдайында болып отырған кәсіпорындардың жұмысын қалпына келтіру мәселесін шешіп, кейінгі жылдары үкіметтің мемлекет пен жалпы халықтық стратегиялық мүдделерін ескере ондай кәсіпорындардың болашағы туралы шешімді байыппен және ойластыра қабылдауына мүмкіндік береді.

Бесіншіден, ірі кәсіпорындарды шетелдік фирмалардың басқаруына берудің елеулі себебі - мемлекеттік кәсіпорындарды, сондай-ақ акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқарудың нақты мемлекеттік концепциясы республикада осы кезге дейін жоқ. Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру басталысымен ҰАК-тар, МАК-тар және тағы басқаларын ұйымдастыру жолымен шаруашылықты басқарудың жаңа жүйесін қалыптастыруға бағыт алынды. 1994 жылдың бас кезінде-ақ басқарудың жаңадан құрылған құрылымдарын жаппай монополиясыздандыру басталды. Сонымен бірге акциялардың мемлекет-

тік пакеттерін ақша қаражатына сату басталды. Ең бастысы, “Мемлекеттік мүлік комитеті” жекешелендіру мәселелеріне басты назар аудара отырып, мемлекеттік кәсіпорындарды, акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқаруын қойды. Әділін айту керек, “Мемлекеттік мүлік комитеті” іс жүзінде акциялардың мемлекеттік пакеттері бар жүздеген акционерлік қоғамдарды басқара да алмас еді.

Қазіргі кезде, жоғарыда атап көрсетілгеніндей, шетелдік фирмалармен жасасылған 31 келісім-шарт күшінде. Басқаруға берілген кәсіпорындардың жұмысында елеулі оң нәтижелер де бар. Соколов-Сарыбай кен-байыту бірлестігі (ССКБК), Павлодар алюминий зауыты (ПАЗ) және басқа кәсіпорындар жұмысының алғашқы қорытындылары осыны делелдейді.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасында жеке жобалар бойынша жекешелендіру тәжірибесіне жасалған талдау ол орын алып отырған кемшіліктерді жоюға мүмкіндік беретіндей етіп белгілі бір жетілдіруді қажет етеді. Біріншіден, қоғам мүшелерінің хабардар етілуін күшейту, кәсіпорындарды шетелдік фирмалардың басқаруына берудің және олардың акцияларын сатудың барлық кезеңдері мен рәсімдерінің тым жабық болуын жою; екіншіден, кәсіпорындарды шетелдік компаниялардың басқаруына беру шарттарын сақтау кезінде тараптардың жауапкершілігі мәселелерінің күшейтілуін қамтамасыз ету; үшіншіден, шетелдік басқаруға берілген кәсіпорындардың сөзсіз сатылуына жол бермеу; төртіншіден, акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатудың жоғары субъективтілік тән және ықтимал қатысушылар - сатып алушылар санын шектейтін әдістері мен тәсілдерінің қолданылуын шектеу; бесіншіден, Қазақстан кәсіпорындарын шетелдік фирмалардың басқаруына беру процестерінің заңмен реттелуін Қазақстан Республикасының «Жеке жобалар бойынша жекешелендіру туралы» заңын қабылдау жолымен күшейту; алтыншыдан, жеке жобалар бойынша жекешелендіруге

шетел капиталының қатысуын, атап айтқанда, жекелеген кәсіпорындарды жекешелендіру процесінде олардың санын шектеу жолымен заң жүзінде реттеу; жетіншіден, жеке жоба бойынша жекешелендіру процесіне шетел капиталын тартудың арнаулы мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу қажет.

3.3 Бағалы қағаздардың дамуы

Тиімді жұмыс істейтін нарықтық экономиканың бағалы қағаздардың өркениетті рыногынсыз өмір сүре алмайтынын дүниежүзілік тәжірибе қуаттап отыр.

Жоғары дәрежеде ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногы:

- нарықтық экономиканың барлық субъектілерінің, ең алдымен - халықтың қаржы белсенділігінің артуына жәрдемдеседі;

- бағалы қағаздар рыногына қатысушылар арасындағы қаржы-экономикалық байланыстардың жетілдірілуі үшін тартымды жағдайлар жасайды;

- экономикалық реформалардың жеделдете жүзеге асырылуына, рыноктық қаржы жүйесінің икемділігі мен ұтқырлығының арта түсуіне жәрдемдеседі;

- қаржы пирамидаларының пайда болуына бөгет жасайтын заңды және нормативтік негіз қалайды;

- қаржы ресурстарының оралымды бөлінуін қамтамасыз етіп, оларды экономиканың ең тиімді салаларына шоғырландырады;

- кәсіпорындардың артық қаражаты мен халықтың жинақталған ақшасын шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жергілікті және республикалық атқару органдарының өнімді пайдалануы үшін жұмылдырады, сөйтіп, біріншіден, тез сезіну, жинақталған ақшаны инвестицияларға дереу аудару принципін, екіншіден, кәсіпорындар мен халықтың артық қаражатын тиімді (та-

бысты) салу принципін жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар рыногының негізгі секторлары мыналар:

- мемлекеттік бағалы қағаздар секторы: мемлекеттік заемдардың облигациялары, қысқа мерзімді қазыналық вексельдер және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленген басқа да бағалы қағаздар;

- банк бағалы қағаздарының секторы: акциялар, облигациялар, вексельдер, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленген басқа да бағалы қағаздар;

- жекешелендірілген кәсіпорындар бағалы қағаздарының секторы: акциялар, облигациялар және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленген басқа да бағалы қағаздар;

- жаңадан құрылған акционерлік қоғамдар бағалы қағаздарының секторы (акциялар мен облигациялар).

Қазақстан Республикасының қор рыногында бүгінде негізгі операциялар мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалады.

Акционерлік-коммерциялық банктер бағалы қағаздармен есеп айырысу-клиринг операцияларын орындай алатындай немесе АҚШ-тағыдай белгілі бір компаниялардың акцияларын тіркеушілер ретінде іс-қимыл жасай алатындай жағдайда өздеріне беруге болатын орынға әлі де ие болған жоқ.

Жекешелендірілген кәсіпорындар акцияларының өсімі мен айналымы таяу болашақта бағалы қағаздар рыногының дамуына елеулі ықпал жасай алады және жасауға тиіс. 1994 жылы мемлекеттік тіркеуден 582 эмитенттің эмиссиясы өтіп, олар 3,9 млрд. теңге сомасына тең эмиссияны жүзеге асырды, 1995 жылдың тоғыз айы ішінде бұл деректер тиісінше 450 және 6,2 млрд. теңге болды.

Қазіргі кезде республиканың әрбір дерлік тұрғыны бағалы қағаздар рыногының қалыптасуы мен дамытылуына қатысуға құқылы. Республика аумағында 170-тен астам ИЖҚ

жұмыс істеуде. Халықтың басым көпшілігі өз купондарын ИЖҚ-ға салды. Нақ инвестициялық жекешелендіру қорлары Қазақстан экономикасының ықтимал инвесторлары болып отыр, сондықтан бағалы қағаздардың ұлттық рыногының қалыптасуындағы олардың рөлі елеулі. 1995 жылғы 1 шілдеде жекешелендірілген кәсіпорындар мен инвестициялық жекешелендіру қорларының қор биржасына қатысуы өте сирек болды. Сонымен бірге, бұл процесті өз акцияларын шығарғанын азынаулақ акционерлік қоғамдардың тіркегені тежеп отыр.

Дүниежүзінің түрлі елдерінде бағалы қағаздар рыногының негізгі секторлары санына жергілікті өкілетті органдардың, жеке меншік сектордың бағалы қағаздары, сондай-ақ шетелдік эмитенттер мен инвесторлардың бағалы қағаздары қосылады.

Республикада жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша шығарылатын бағалы қағаздардың (Алматы, Павлодар, Семей облыстары) қор биржасына шығу әрекеттерінің, жергілікті бюджет тапшылығын жою үшін дәстүрлі емес төлем құралдарын: вексельдерді пайдалану әрекеттерінің де (Талдықорған облысы) мысалдары бар.

Бағалы қағаздар рыногына шетелдік эмитенттер мен инвесторлардың қатысуына келетін болсақ, олар әзірше андысын андып, ерекше белсенділік көрсетіп отырған жоқ.

Бағалы қағаздар рыногы нарықтық экономика жұмыс істеуінің тиімді тетігі, қаржы ресурстары мен халықтың жинақталған ақшасын жұмылдырудың, ел экономикасында қаражатты бөлудің, меншіктің нақты қожасы және ақиқат меншік иесі ретінде заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың белсенділігін арттырудың құралы болып табылады.

Бағалы қағаздар рыногы жасалуының елде айналыста болып отырған ақша массасының айналымын жеделдетуде, ақша агрегаттары мен несие макроқұрылымын тиімді етуде шешуші маңызы бар. Экономиканы қаржымен

тұрақтандыруда, инфляциялық процестерді жоюда және инвестициялық процестерді жандандыруда, шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара қарызын, республикалық және жергілікті бюджеттердің тапшылығын жоюда оның рөлі зор.

Бағалы қағаздар рыногының дамуына көптеген факторлар мен экономикалық жағдайлар елеулі ықпал етуде, олардың бастылары - инфляция деңгейі, өндірістің құлдырауы, кадр және техника потенциалының жоқтығы.

Бағалы қағаздар рыногының дамуы жалпы қаржы рыногының субъектілерімен өзара байланыста бағалы қағаздар рыногының барлық субъектілерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін материалдық-техникалық базаның дамытылуын білдіреді. Соңғы кезде қалыптасқан қолайлы экономикалық жағдай - инфляцияның төмендеуі, ұлттық валюта бағасының тұрақтанып, бағалы қағаздар рыногына халық қаражаты мен басқа да ықтимал инвесторлар қаражатының тартылуына оң ықпал етуі бағалы қағаздар рыногын дамытудың маңызды алғышарты болып отыр. Мемлекеттік меншік кәсіпорындарын жеделдете акционерлендіру, жеке жобалау принциптерін іске асыру, сондай-ақ келісімшарт бойынша басқаруды жүзеге асыру негізіндегі жекешелендіру процестері осы бағытта жұмыс істеуде.

Акционерлік қоғамдар бағалы қағаздар рыногының басты субъектісі болып табылатындықтан, бағалы қағаздар рыногын дамыту үшін қолайлы жағдай экономика мен банк жүйесінің басқа секторларында да жасалып жатыр. Халық, акционерлік қоғамдар және жергілікті өкілетті билік органдары тарапынан да барған сайын көп ықылас қойылып отыр. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы атқару аппаратының аймақтық бөлімшелері құрылатын болса, халықтың және жергілікті өкілетті билік органдарының белсенділігі одан бетер арта түседі.

Мемлекеттік қарыз міндеттемелерінің рыногы: облигация займдары, мемлекеттік қазыналық вексельдер, ноталар және т.т. күш алып келеді.

Акционерлік банктердің бағалы қағаздар шығаруы үшін де мүмкіндік мол. 1995 жылдың тоғыз айы ішінде ғана коммерциялық банктер бағалы қағаздарының эмиссиясы 167,8 млн теңгеге, басқа акционерлік қоғамдар акцияларының эмиссиясы - 6,2 млрд. теңгеге жетті.

«Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы» Жарлық (1995 ж.) және ҚР Ұлттық банкі мен ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының кейін қабылданған қаулылары мен шешімдері бағалы қағаздар рыногының нормативтік-құқықтық базасының негізі болып табылады.

Алайда бағалы қағаздар рыногы жұмыс істеуінің мәселелері түгел реттеліп болған жоқ.

Ұйымдық-экономикалық бірқатар мәселелерді шешу керек. Ең алдымен бағалы қағаздардың бастапқы рыногына орталықтандырылған бейне беру керек, мұның өзі инвестор үшін ақпаратты толық ашу деген сөз, бұл қаражатты салу үшін негізді таңдау жасауға мүмкіндік береді. Бастапқы рынокта болатын нәрселердің бәрі: эмиссия проспекті дайындау, оны тіркеу және мемлекеттік органдар тарапынан бақылау жасау, эмиссия проспекті және жазылу қорытындыларын жариялау осыған бағындырылуға тиіс. Ал іс жүзінде купондық аукциондарға жекешелендірілген, эмиссиялары тіркелмеген кәсіпорындардың акциялары шығарылады. Заңды осылайша бұзу Республика аумағында тексерілмеген, шүбәлі акциялардың айналымда болуына жағдай жасайды.

Ұйымдық-экономикалық тұрғыдан, сондай-ақ биржалардың толық құнды жұмыс істеуінің, депозитарийлер мен тіркеушілер жүйесін жасау, бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін кадрлар даярлау мен қайта даярлау мәселелерін шешу қажет. Бағалы қағаздардың ұлттық рыногын қорғау сияқты проблема да пайда болып отыр, ол үшін

шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарын орналастыруға квоталар белгілеу мәселесін пысықтау қажет.

Әлеуметтік-психологиялық міндеттер - ең алдымен бағалы қағаздарға, бағалы қағаздар рыногына, онымен байланысты әлеуметтік-экономикалық құбылыстарға халықтың оң көзқарасын қалыптастыру. Социологиялық деректер бойынша, сұрақ қойылған респонденттердің 1,2 пайызы ғана бос қаражатына акциялар сатып алған. Ең ірі деген инвестор - халықтың қаражатын тарту үшін оны кеңінен хабардар ету, бағалы қағаздар саласындағы рыноктық қатынастардың қыр-сырын түсіндіру жөнінде үлкен жұмыс жүргізу қажет. Соңғы міндетті шешуде бұқаралық ақпарат құралдарына елеулі рөл беріліп отыр.

Бағалы қағаздар рыногының дамуын тежеп отырған факторлардың бірі - бағалы қағаздардың бүкіл халыққа кеңінен және жария ұсынылмауы, ұсынудың сан алуан түрлерінің дамытылмағандығы. Мәселен, 1994 жылғы қыркүйекте бағалы қағаздар айналымдағы ақша массасының жалпы көлемінде болмашы ғана (1 пайыздан аз) үлес салмаққа ие болып, макроэкономикалық серпінге елеулі ықпал еткен жоқ. Айналымдағы ақша сомасында бағалы қағаздардың болмауы - ұлттық экономиканың инвестициялық керенаулығының тікелей белгісі, елдің қаржы рыногы дамымауының басты индикаторы.

Эмиссиялық қызметті дамыту мен реттеу және бағалы қағаздардың бастапқы рыногына өркениетті сипат беру мақсатында қор рыногының негізгі секторларының қалыптасуына және олардың жұмысының реттелуіне жәрдемдесу қажет. Эмиссиялық қызметті реттеу саласындағы міндеттердің тағы бір тобы экономиканың түрлі секторлары шығаратын бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеу жүйесі бойынша нормативтік-құқықтық актілер жасауға байланысты. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1995 жылғы сәуірде

«Қазақстан Республикасында акционерлік қоғамдардың акцияларын шығару мен өтеудің тәртібі туралы ережені» әзірлеп, бекітті де, республикада шығарылатын бағалы қағаздардың Мемлекеттік тізілімін жүргізе бастады. Сонымен бірге экономиканың барлық секторлары бойынша бағалы қағаздардың бұрын шығарылған эмиссияларын есепке алу жұмысы жүргізілуде.

Осы міндеттердің бәрін шешу заң шығарушы және атқарушы билік органдарының, Үкіметтің, экономика және басқа министрліктер мен ведомстволардың және ең алдымен - Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының құзіретінде. Бұл процеске аймақтық билік және басқару органдарын, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылар бірлестігін, барлық мүдделі жақтарды барынша тарту қажет.

Бағалы қағаздар рыногы жұмысының жандандырылуы оған қызмет көрсететін инфрақұрылыммен тікелей байланысты. Оған мыналар кіреді:

- есеп айырысу-депозитарий ұйымдар мен бағалы қағаздарды нақты ұстаушылар жүйесі;
- ақпарат-жарнама орталықтары мен заң консультацияларының қызметі;
- қор рыногын дамытудың түрлі салаларына қатысты түрлі категориялардағы кадрлар мен мамандар даярлау орталығы;
- бағалы қағаздар шығаруға маманданған өндірістік-баспа қызметі саласы;
- қор биржалары және бағалы қағаздармен биржадан тыс сауда қызметі.

Қазіргі кезде бағалы қағаздардың қайталама рыногы қалыптасу сатысында. Қайталама рыногының жұмысы үшін жағдайлар жасау қор биржаларының негізгі мақсаты болып табылады. Бүгінгі күнге дейін республикада үш қор биржасы тіркелген: Алматы қаласындағы Орталық-Азия қор биржасы, Қостанай қаласындағы Қостанай қор биржасы

және Қазақстанның банкаралық валюта-қор биржасы. Алайда, жұмыс істеп тұрғаны тек ОАҚБ, онда сауда 1995 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қазақстанның осы заманғы қор рыногына бағалы қағаздардың мына түрлерінің айналымы тән:

- мемлекеттік қазыналық вексельдер;
- екінші деңгейдегі банктер акциялары;
- жекешелендірілуі мен акционерлендірілуі нәтижесінде қор биржасына шыққан кәсіпорындардың акциялары;
- жаңадан құрылған акционерлік қоғамдардың акциялары.

1995 жылғы сәуірден қыркүйекке дейінгі кезеңде ОАҚБ-да бағалы қағаздармен 60 мәміле жасасылды, оның 33-і - акциялар бойынша, 35-і - вексельдер бойынша. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ұлттық Банкі шығаратын мемлекеттік қазыналық вексельдер мен қысқа мерзімді ноталар эмиссиясы республиканың бағалы қағаздар рыногын елеулі жандандырды.

Инвестициялық институттар секторы әлі қалыптаспаған, демек, жұмыс істей бастаған жоқ. Қаржы рыноктарының USAID концорциумы мамандарының пікірінше, бұл сектор инвестициялық жекешелендіру қорлары (ИЖК) негізінде дамуға тиіс.

Республикада депозитарлық қызмет, есеп айырысу-клиринг және тіркеу ұйымдарының қызметі өрістетілмеген. Қазіргі кезде Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет жанында, Қазтұтынуодағы жүйесінде, коммерциялық банктерде, сондай-ақ республиканың кейбір облыстарында жекелеген ведомстволық депозитарийлер ғана жұмыс істейді.

Бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылардың Ұлттық қауымдастығы құрылған, ол бағалы қағаздар рыногын дамытуда оң рөл атқаратын болады. Оның функциялары дүниежүзілік практикада жалпы қабылданған функцияларға

сәйкес келді және қажетті инвестициялық ахуал жасалуына жәрдемдесу, жоғары кәсіптік стандарттардың және өз мүшелері үшін әдеп ережелерін сақтау, заң актілері мен нормативтік актілер жобаларын әзірлеуге қатысу болып табылады.

Қазіргі кезде республикада бағалы қағаздар рыногында делдалдық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар 2000-нан астам мамандар бар.

1995 жылғы 1 қыркүйекте 7259 кәсіпорын тіркеліп, бағалы қағаздар эмиссиясын олардың 18,7 пайызы тіркеген болатын (өйткені бұрын қолданылып келген бағалы қағаздар туралы заңдарда акционерлік қоғамдарды өз бағалы қағаздарының эмиссиясын белгілі бір мерзім ішінде тіркеуге міндеттейтін нормалар көзделмеген еді). Қазақстан Республикасы Президентінің «Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы» Жарлығына сәйкес акционерлік қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап 3 айдан кешіктірмей акциялар эмиссиясын тіркеуге міндетті.

Бағалы қағаздар рыногын одан әрі мемлекеттік тіркеу жөніндегі құжаттар пакеті, қолданылып жүрген заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулардың бірқатар жобалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, соның ішінде «Қазақстан Республикасында акционерлік қоғамдардың акцияларын шығару мен өтеуді тіркеудің тәртібі туралы», «Бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті лицензиялау туралы» ережелер – барлығы жиырмадан астам құжаттар қабылданды. Болашақта нормативтік актілердің біраз жобаларын әзірлеу мен қабылдау жоспарланған. Осы және басқа шаралар республикада бағалы қағаздар рыногын едәуір жандандырады деп күтіліп отыр.

Қазір бағалы қағаздар рыногындағы қатынастар 30-дан астам нормативтік-құқықтық актілермен: Қазақстан Республикасының заңдарымен және Президент жарлықтарымен, Үкімет, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі қаулыларымен, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының нұсқауларымен реттеледі. Алайда республикада бағалы қағаздар рыногының тиімді жұмыс істеуі үшін жеткілікті нормативтік-құқықтық негіз әлі де қаланбаған.

Қазақстан Республикасының қаржы рыногы 1991-1994 жылдардың ішінде оның үш басты құрамдас бөлігінің бірі – бағалы қағаздар рыногы енді ғана қалыптаса бастаған, бағалы қағаздардың қайталама рыногы жоқ болған жағдайларда дамып, оның өзі қаржыны тұрақтандыру және қаржы-банк жүйесінің тұрақтылығына жету жолында көптеген қиыншылықтар туғызды.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіру және мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлендіру бағалы қағаздар рыногымен тиісінше ұштастырылмастан, елде қор рыногы мен инвестициялық қызмет қалыптасуының факторларын ескерместен жүргізілді.

Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеуге қабілетті кадрлар даярлау жұмысы жеткілікті дәрежеде белсенді жүргізілген жоқ, бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымын және қор рыногы мен қор индустриясының өндірістік-техникалық базасын дамыту үшін жағдайлар жасалған жоқ. Қазіргі кезде бағалы қағаздар рыногының 2000-нан астам маманы аттестациядан өтті, бұл – елдің болжамды қажеттерінің 10 пайыздан астамы.

Инвестициялық қызметті дамыту, мамандандырылған инвестициялық банктер, инвестициялық компаниялар мен қорлар ұйымдастыру үшін заңдық негіз жеткіліксіз, қор биржасы инфрақұрылымының қалыптасуы үшін нормативтік-құқықтық негіз әзірленбеген.

Өзіне сәйкес қаржы институттарының кешенімен қоса бағалы қағаздар рыногының дамыған жүйесін жасау

– қыр-сыры мен жолдары көп ұзақ процесс. Бағалы қағаздар рыногы жұмысының ережелерін белгілеу жөніндегі жүйелі жұмыс жүргізу, бағалы қағаздар рыноктарының құрылымын тиімді етуге, бағалы қағаздардың бірінші және екінші рыноктары арасындағы ара қатынасты оңтайландыруға, бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногын және оған ілеспе институттарды, бағалы қағаздар рыногын сақтандыру, тәуелсіз тіркеушілер жүйесін жасау мекемелерін дамыту үшін жағдайлар жасау қажет.

IV-ТАРАУ. ШАҒЫН БИЗНЕС – ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҮТҚАСЫ

4.1 Шағын бизнес – нарықтық экономиканың өзегі

Нарықтық қатынастарды дамыту бағыты халық шаруашылығын монополиясыздандыру бағдарламаларын өнімнің әрбір түрін өндіруді басқа кәсіпорындарға беру жолымен жүзеге асыруды көздейді. Бұл тұрғыдан алғанда өз өнімін барынша тез игеретін және жаңартатын бизнес ретінде шағын бизнесті барынша кең пайдалану белгіленіп отыр. Мәселенің мәні мынада.

Халық шаруашылығын монополияландыру көрсеткіштерінің бірі – өндірісті шоғырландыру дәрежесі. Бұрынғы КСРО-да өнеркәсіп орындарында жұмыс істейтіндердің орташа саны Бельгиядағы, Италиядағы, Франциядағы, Швециядағы және Жапониядағы тиісті көрсеткіштен он есе дерлік артық болды (813 және 86 адам). Біздің өнеркәсіпте шоғырлану деңгейі әрдайым жоғары болғанын еске сала кету артық болмайды. Мәселен, 13 жетекші салада, статистикалық деректер бойынша, ірі кәсіпорындардың 16,6 пайызы (әрқайсысында өндірістік-техникалық мақсаттағы тауар өнімін шығару көлемі – 100 млн сом және одан жоғары, мұның өзі жұмыс істейтін 5 мың және одан көп адамға сәйкес) 1990 жылы бұйымдардың 74 пайызын шығарған.

Ал АҚШ машина жасау саласында кәсіпорындардың жалпы санының – 97,6 пайызында жұмыс істейтін адамдардың саны 500-ге дейін жетеді, бірақ олар тауар өнімінің жалпы көлемінің 42,3 пайызын шығарады. КСРО-да тиісті көрсеткіштер 17,5 және 2,6 пайызға тең болды.

Мемлекеттік жабдықтау комитетінің деректері бойынша, жалпы құны 11 млрд. сом болатын 2 мыңға жуық өнім тек тиісті саланың бір ғана кәсіпорнында өндірілді, ал машина жасау кешеніндегі монополиялық өндірістің үлес салмағы

80 пайыз болды. Машина жасау саласында ғана 166 монополист кәсіпорын және 180 монополиялы өндіріс болды.

Монополизмге қарсы күрестің ең тиімді жолдарының бірі ірі, орта және шағын кәсіпорындардың тиімді ұштастырылуына қол жеткізу. Бұл жағдайда шағын кәсіпорындардың ірі кәсіпорындармен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар:

- тауар өндіру мен қызмет көрсетуде кәсіпкерлік пен бәсекені дамыту;
- тұтыну сұранымының өзгеруін тез сезіну;
- өнім мен қызмет сапасын арттыру;
- баға белгілеудің табиғи тетігін пайдалану;
- монополизмді жою;
- өндірістің ғылыми-техникалық дамуын жеделдету;
- тиімді басқару құрылымдарын қалыптастыру мен пайдалану;
- кадрларды ұтымды пайдалану;
- орталықтандырылған күрделі қаржыны пайдаланбастан коммерциялық негізде жаңа өндірістік қуаттарды тез арада жасау.

Осы себепті дамыған елдердің экономикасында соңғы кезде шағын кәсіпорындардың пайдасына ірі құрылымдық өзгерістер болды. АҚШ-та шағын кәсіпорындар санының ерекше шұғыл көбеюі 70-ші жылдардың орта тұсынан басталды, ал 80-ші жылдарда елде жыл сайын 600 мыңға дейін, немесе 50-70-ші жылдардағыдан 7 есе көп және 70-ші жылдардың орта тұсындағыдан 2 есе көп кәсіпорындар пайда болды².

1987 жылы барлық меншік түрлеріндегі американдық фирмаларының (ауылшаруашылық фирмаларынан басқасының) жалпы саны 18,1 миллионға дейін өсті³. Олардың

² Those people who dare to start a new business // U.S. News and World Report. Wash., 1985. May 6. Vol. 98 N 17. P. 50-51.

³ President report: small firms lead job growth // Network.. Wash., 1988. Vol. 3, N 4. P. 16.

97 пайызы ресми американдық статистикасы 500-ге дейін адам жұмыс істейтін заң жүзіндегі дербес кәсіпорындарды ұсақ фирмалар қатарына жатқызатын санатта болды. Негізгілері – аса ұсақ кәсіпорындар; фирмалардың 90 пайызында 15-тен аз, 80 пайызында – 10-нан аспайтын адам жұмыс істейді. Жалпы ұлттық өнімнің 38 пайызы ұсақ бизнес үлесіне келеді. Онда жалпы жұмыс күшінің 47 пайызы шоғырланған⁴.

Ұсақ фирмалар «табиғи іріктеу» жағдайларында жұмыс істейді: біреулері пайда болады, басқалары із-түзсіз жоғалады. «Экономист» журналының деректері бойынша, 80-ші жылдардың орта тұсынан бастап шағын фирмалардың 40 пайызы рынокта төрт жылдан астам кідірген емес. Басқа бағалаулар бойынша, дербес бизнесте өмір сүрген 5 жылдан кейін фирмалардың 23 пайызы ғана орнығып қалады⁵. Бірақ экономиканың қалыпты дамуы үшін бұл процесс жемісті. Аман қалған фирмаларға ресурстарды жоғары тиімділікпен пайдалану тән.

100-ден аз адам жұмыс істейтін компанияларда қызмет көрсетуде, қаржыда, сақтандыруда, көтерме саудада (шағын бизнес әдетте күшті позицияларда болған салаларда) ғана емес, сондай-ақ көлікте және тіпті өңдеу және өндіру өнеркәсібінде активтерді долларға сату ірі компаниялардағыдан жоғарылау. Бұл ерекше жағдайды ең алдымен шағын компаниялардағы капитал айналымының неғұрлым жоғары қарқынымен түсіндіруге болады.

Олардың позициялары қызмет көрсету саласында ерекше күшті, дамыған капиталистік елдердің экономикасында оның рөлі барған сайын артып келеді. Ол бүгінде жаңа жұмыс орындарын ашудың басты, ал кейде бірден-бір көзі болып отыр.

⁴ Frid W.M., Huger K.V. Kapoor I.R. Business – Boston Houghton Mifflin 1988 – XVI. P. 788

⁵ President report: small firms lead job growth // Network.. Wash., 1988. Vol. 3, N 4. P. 16.

Қызмет саласында «ауқым әсері», әдетте, өте шектеулі немесе мүлдем жоқ. Бірнеше жүз (немесе тіпті ондаған) жұмысшысы бар фирма көпшілік жағдайда өндіріске аз шығын жұмсай отырып, клиенттерге оңтайлы, икемді және сапалы қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді. Үнемі арта түсіп келе жатқан бөлшектелу, тұтыну сұранымының дербестенуі, қызмет рыноктарының оқшаулануы бұл жерде шоғырландыруды экономикалық тұрғыдан мәнсіз етеді.

Ал бұрынғы КСРО-да қызмет саласын басқарудың тым орталықтандырылуы, сондай-ақ өндірістің шоғырландырылуы (мысалы, комбинаттар немесе аумақтық бірлестіктер түрінде) экономикалық тиімділік берудің орнына үстеме шығындарды көбейтті, қажетсіз қағазбастылық туғызды, қызмет көрсететін ұйымдарының жұмысын халықтың нақты қажеттерін қанағаттандыруға емес, түрлі шартты көрсеткіштерге, аралық нәтижелерге жетуге бағдарлады.

Өндірілетін бұйымдар номенклатурасының үнемі ұлғаюы Батыстың ірі корпорацияларын шағын және орташа фирмалармен бірлесе жұмыс істеу қажеттілігіне жаңаша қарауға мәжбүр етті. Жаңа рыноктарды толық монополизациялау, барлық «рыноктық қуыстарды» толтыру, тіпті ірі монополиялар үшін қиынға соға бастады. Пайданы көбейту мақсатында олар негізгі өнімдердің ең тиімді түрлерінің өндірісін монополияландыру жолына түсті. Екінші дәрежелі өндірістік операциялар, комплектілеуші бұйымдар беру және түрлі қызмет көрсету мамандырылған ұсақ және орташа фирмаларға берілді. Олар, бір бағытта мамандану есебінен, өз қызметінде елеулі табыстарға, тиімділіктің жоғары нәтижелеріне жетті және өз жұмыс салаларында мықты беделге ие болды.

Сөйтіп, дамыған капиталистік елдерде, негізінен соңғы жиырма жылдың ішінде, монополиялар мен ұсақ және орташа фирмалардың өзіндік бір ынтымағы қалыптасты. Мұндай жүйе дамыған барлық капиталистік елдерде,

әсіресе Скандинавия елдерінде, АҚШ-та және Жапонияда тарады. Жапонияда бірлескен өзара жеткізілім үлесі бәрінен де жоғары (АҚШ-тағы 30-40 пайызбен салыстырғанда орта есеппен 60-70 пайыз). Бұл жерде кооперацияның тік кәсіпкерлік топ – «кэйрэцу» түріндегі ең тиімді жұмыс істейтін ұйымдық құрылымдарының бірі бар.

Қазақстан Республикасының рынокқа көшуінің басталуы кәсіпкерліктің шағын нысандарының өндірістік-техникалық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық функцияларына қайта баға беруді қажет етті. Бірқатар елдердің тәжірибесі экономикалық реформаларды жүзеге асыруда және дағдарысты жағдайдан шығу кезінде шағын кәсіпкерліктің үлкен рөл атқаратынын көрсетті. Алайда шағын кәсіпкерлік өз жолында көптеген қиыншылықтарға тап болуда, оларды жоюға ең алдымен оны дамытудың мемлекеттік концепциясының жоқтығы бөгет болып отыр. Осы категорияның методологиялық мәні де жеткіліксіз негізделген күйінде қалып отыр, мұның өзі бұл мәселені арнайы қарауды қажет етеді.

«Кәсіпкерлік» термині және кәсіпкерліктің өзі бізде қоғамдық практикаға тек 80-ші жылдардың екінші жартысында ғана енді.

Кәсіпкерлік ұғымы ең алдымен меншікке деген көзқарастың өзгеруімен байланыстырылды. Субъект (кәсіпкер) қызметінде басты назар пайда алу жағына қарай ойыса бастады. Социалистік экономикаға да белгілі бір дәрежеде кәсіпкерлік элементтері тән болғанын атап айту керек, алайда олар оның негізгі мәні болған жоқ. Сол жылдары басты назар пайда алуға емес, ал қоғамдық қажеттерді қанағаттандыруға аударылды. Қазіргі жағдайларда кәсіпкерлік элементтері экономиканың мемлекеттік секторына да тән. Мұның өзі мемлекеттік кәсіпорындарға меншік иесі мемлекет жүктеген негізгі міндеттер орындалған жағдайда оларға коммерциялық қызметпен шұғылдану құқығының берілуіне байланысты.

Сонымен, кәсіпкерлікті меншік иесінің (толық немесе ішінара) тәуекел ете және мүліктік жауапкершілікте бола отырып, пайда алуға бағытталған инициативалы дербес қызметі деп түсінуге болады. Оны экономиканың ең алуан түрлерінде жалдамалы еңбекті қатыстыра отырып, сондай-ақ қатыстырмастан жүзеге асыруға болады. Мұндай ұғымдағы кәсіпкерліктің бюджеттік (коммерциялық қызметпен шұғылдануға құқығы жоқ) ұйымдарда тек тапсырмалар, нормативтер бойынша жүзеге асырылатын, меншік иесі үнемі есеп беріп, бақылап отыратын шаруашылық қызметінен елеулі айырмашылығы бар.

Кәсіпкерлік Орта ұғымының зор маңызы бар. Қазақстанда ол іс жүзінде енді ғана қалыптасуда. Кәсіпкерлік Орта - қоғамдық институттар мен жағдайлардың, құқықтық нормалардың, мемлекеттік қолдау жүйелерінің жиынтығы. Ол сондай-ақ белгілі бір әлеуметтік ахуал, қауіпсіздік шарттары, кәсіпкерлік үшін арнайы инфрақұрылым, яғни, кәсіпкерліктің қалыптасуы мен одан әрі дамуын қамтамасыз ететін нәрселердің бәрі.

Кәсіпкерліктің құрамдас бөліктерінің бірі ретіндегі шағын кәсіпкерлік ұғымы ең алдымен кәсіпорын көлемінің өлшемдеріне байланысты. Осыны негізге ала отырып, кәсіпкерлікті шағын кәсіпкерлікке пайда мен түсім көлеміне, айналым көлеміне берілетін баға, жұмыс істейтіндердің саны бойынша жатқызуға болады. Жоғары инфляция және шаруашылық есептің кемеліне жетпеуі жағдайларында жұмыс істейтіндердің саны ең дұрыс өлшем болып табылады.

Статистика органдары меншік нысандары бойынша шағын кәсіпорындардың төрт түрін бөліп көрсетеді: жеке меншік, мемлекеттік меншік, қоғамдық меншік, аралас меншік. Шағын кәсіпкерлік бойынша статистикалық деректер өте алуан түрлі. Статистикалық есеп нысандарын кәсіпкерлер көбінесе ресми статистиканың есеп жүргізілетін объектілерді

толық қамтымауы салдарынан толтырмайды. Статистикалық материалдарда, мысалы, сыртқы экономикалық қызметпен шұғылданатын бірлескен кәсіпорындар шағын кәсіпорындар ретінде ескерілмейді.

Шағын кәсіпкерліктің статистикалық негізіне талдау жасай отырып, «шағын кәсіпорын» мен «шағын кәсіпкерлік» ұғымдарының ара жігін ажырату қажет. Шағын кәсіпорындардың бәрін бірдей шағын кәсіпкерлікке жатқызуға болмайды. Олардың белгілі бір бөлігі муниципалдық кәсіпорындар деген қатаң мемлекеттік мәртебені сақтаған, олардың қызметінде шағын кәсіпкерлікке тән белгілер жоқ.

Сонымен бірге мемлекеттік, муниципалдық және кооператив-ұжымшар секторының «шағын кәсіпорындарының» «шағын кәсіпкерлік» саласына бірте-бірте өтуі байқалып отыр. Қазақстанда шағын кәсіпкерліктің даму дәрежесін, әсіресе шағын кәсіпорындардың едәуір бөлігі «қағаз жүзінде» ғана бар болып отырғанын, яғни тіркелмегенін, бірақ жұмыс істейтінін ескерсек, жеткілікті деп санауға болмайды. Статистиканың деректері бойынша Ресей Федерациясында 1995 жылдың бас кезінде 1 миллионға жуық шағын кәсіпорындар және, салық органдарының деректері бойынша – 3 миллионға жуық шағын кәсіпорындар болған. Бұл жерде біз көлегей экономикада жұмыс істейтін және салық органдарының да, статистика органдарының да тізілімінде жоқ шағын бизнес жайында сөз қозғап отырған жоқпыз.

Қазақстанның статистика органдарының деректері бойынша республикада 1995 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 18293 кәсіпорын жұмыс істеген болса, жылдың аяғында 21260 кәсіпорын жұмыс істеп, олардағы адам саны 116 мыңнан, 147 мың адамға дейін көбейді.

Олар аймақтар бойынша да, сондай-ақ қызмет түрлері бойынша да біркелкі бөлінбеген (1 кестені қараңыз). Шағын кәсіпорындардың ең көп саны Оңтүстік Қазақстан аймағын-

да орналасқан. Мұның өзі орынды да, өйткені ол өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы дамыған аймақ, сонымен бірге онда астана - Алматы қаласы орналасқан, тіркелген барлық шағын кәсіпорындардың 50 пайызы соның үлесіне келеді. Орталық Қазақстан аймағы екінші орында, онда дамыған өнеркәсіп те, дұрыс жолға қойылған ауыл шаруашылығы да бар. Сондықтан онда шағын кәсіпорындар қай секторға болсын қызмет көрсетіп, рыноктағы қуыс-қуыстарды толтырып отырады. Шығыс Қазақстан аймағындағы жағдай да сондай. Қазақстанда бар шағын кәсіпорындар 1-ші кестеде келтірілген.

1-кесте - Қазақстандағы шағын кәсіпорындар

Кәсіпорындар атауы	Жылдың аяқ кезінде				
	1991	1992	1993	1994	1995
Кооперативтер: кәсіпорындар саны, мың адам	10,1	5,1	3,3	2,0	
жұмысшылар саны, мың адам	250,0	28,0	57,0	34,0	
Шағын кәсіпорындар: кәсіпорындар саны, мың адам	8,4	12,7	16,1	11,5	21,2
жұмысшылар саны, мың адам	130,0	220,0	247,2	172,6	147

Сонымен қатар есепте [3] 1994 жылы Қазақстанда 18,7 мың жеке меншік кәсіпорын болғаны көрсетілген.

Шағын кәсіпорындар құру процесін облыстар бойынша қарар болсақ, оның дамуының біркелкі емес екені ерекше айқын байқалады.

Сонымен бірге есепте [3] 1994 жылы Қазақстанда 18,7 мың жеке меншік кәсіпорын болғаны көрсетілді.

Егер шағын кәсіпорындар құру процесінің дамытылуын облыстар бойынша қарайтын болсақ, онда оның мүлдем біркелкі емес екені байқалады. Аймақтық тұрғыдан жұмысшылардың жұмыспен қамтылуы бойынша шағын бизнес кәсіпорындарының дамуы 2-ші кестеде көрсетілген.

Географиялық тұрғыдан аймақтарға көбінесе өндірістік-шаруашылық потенциалы өте алуан түрлі облыстар бірігеді. Сондықтан аймақтық деңгейде шағын кәсіпорындар құру мен дамыту процесіне жасалған талдау тым орташаландырылып, бірізге салынады да, соларқылы облыстардың ерекшеліктерін жояды, ал бұл нақты болмысты бұрмалайды.

Халық тұтынатын тауарлар шығаратын шағын кәсіпорындар негізінен (75 пайызға жуығы) өнеркәсібі дамыған облыстар мен қалаларда: Алматыда, Алматы, Ақмола, Жамбыл облыстарында орналасқанын көріп отырмыз. Мұны жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың цехтары мен учаскелерінің дербес шағын кәсіпорындар қатарына жиі бөлінуімен түсіндіруге болады. Бұл жағдайда кәсіпорын шағын кәсіпорынның құрылтайшысы бола отырып, оған экономикалық дербестілік береді, бірақ оны өз бақылауында ұстайды. Сонымен бірге оған өндірістік аландардың, жабдықтың берілуіне, ал егер шағын кәсіпорын мемлекеттік тапсырысты орындайтын болса, онда материалдық-техникалық жағынан жабдықталуына жәрдемдеседі. Кіші бизнесті құру жолына оны тіркеу мен заң жүзінде бекіту мәселесі қатты кедергі жасап отыр.

2-кесте - Қазақстанда шағын бизнес кәсіпорындарының дамуы

Облыстар	Барлығы				Жалпы сан %
	1995 ж. қантар, маусым	1995 ж. өсім %	1995 ж. қантар, маусым	1995 ж. өсім %	
Ақмола	6831	117	5423	6497	81
Ақтөбе	1688	216	1291	3103	85
Алматы	9604	122	7264	9708	83
Атырау	2949	139	2082	3315	81
Шығыс Қазақстан	12533	127	11492	14803	92
Жамбыл	2929	145	2252	3483	82
Жезқазған	2191	157	1719	2778	81
Батыс Қазақстан	2436	137	2212	3030	90
Қарағанды	6675	162	6352	10371	96
Қызылорда	552	121	496	495	74
Көкшетау	4026	127	3473	4449	86
Қостанай	11204	127	10293	13103	92
Маңғыстау	2777	108	2002	2236	74
Павлодар	6907	112	6332	7376	95
Солтүстік Қазақстан	3987	119	3197	3704	78
Семей	4183	144	3713	5351	89
Талдықорған	2426	150	2088	3505	96
Торғай	514	176	514	907	100
Оңтүстік Қазақстан	5937	172	4882	8609	84
Алматы қ.	25098	102	24471	23952	93

Саны аз кәсіпорындар 1945,4 млн теңгенің халық тұтынатын тауарларын өндірді, мұның өзі 1994 жылдағыдан 257 млн теңге көп, оның ішінде 88,8 млн теңгенің азық-түлік өнімдері мен 1011 млн теңгенің азық-түлік емес тауарлары (соның ішінде жеңіл өнеркәсіп тауарлары) шығарылды. Заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың жеке меншік кәсіпорындары тұтыну тауарларының 75 пайызын, аралас меншік кәсіпорындары – 17 пайызын, ал мемлекеттік меншік кәсіпорындары – небәрі 8 пайызын өндіреді.

Қазақстан Республикасының саны аз кәсіпорындарының 1995 жылы меншік түрлері бойынша бөлінуі 3-ші кестеде келтірілген.

3-кесте - ҚР шағын кәсіпорындар меншік түрлері бойынша

	Барлық шағын кәсіпорындар	С.і. меншік түрлері бойынша		
		мемлекеттік	Жеке меншік	Шетел қатыспайтын аралас меншік
Барлығы	21260	999	19936	169
- сауда және сауда-сатып алу	7850	136	7681	23
- өнім өндіретін	2929	213	2640	53
- құрылыс	2959	134	2808	14
-тұрмыстық қызмет көрсету	948	44	899	2
-жабдықтау-өткізу	777	17	751	8
- ғылыми-зерттеу	367	36	320	10
- жобалау конструкторлық және енгізу	259	23	232	4
- құрылысқа қызмет көрсететін жобалау-іздіретіру	158	24	131	2

Статистика жөніндегі агенттіктің деректері бойынша: – 1995 жылы республикада 29960 шаруа қожалықтары, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында – 5710,

Алматы облысында – 2802, Солтүстік Қазақстан облысында – 1783, Талдықорған облысында – 1720 фермерлік шаруашылықтар болған және т.т. Фермерлік қожалықтар құру жолымен жүруге ұйғарған шаруалар бірінші кезеңде шағын шаруашылықтар құруды қажет етпейді – олар өз бетінше егін өсіріп, мал бағады, оларды өз бетінше сатады. Олар өңдеумен көбінесе шұғылданбайды, сондықтан шағын кәсіпорынды қажет етпейді. Әйтсе де, фермерліктің және ауыл шаруашылығында жалгерліктің дамуына қарай шағын ауылшаруашылық кәсіпорындары екі бағытта шапшаң қарқынмен дамитын болады: біріншісі – машина жасау саласы жақсы дамыған және ауылшаруашылық өнімін көп қажет етілетін облыстарда. Қазір қалыптасып келе жатқан практика осыны қуаттайды. Республикада сондай-ақ шағын көлік кәсіпорындары белгілі бір дәрежеде дамыды. Олар тек төрт облыста және Алматы қаласында қарқынды түрде дамып келеді. Мәселен, 1995 жылы олардың өсімі 1994 жылмен салыстырғанда Шығыс Қазақстан облысында – 9,3 есе, Қарағанды облысында – 8,9 есе, Солтүстік Қазақстан облысында – 2,2 есе, Алматы облысында – 1,4 есе болды. Біздің ойымызша, мұны олардың зәру экономика жағдайларында – автомашиналар, қосалқы бөлшектер, жанар-жағармай материалдары жетіспейтін тұста пайда бола бастауымен түсіндіруге болады. Нарықтық экономика қалалар мен облыстар, аймақтар мен елдер арасында тұрақты да шапшаң тауар айналымы болуын қажет ететіндіктен, шағын көлік кәсіпорындарының саны міндетті түрде көбейетін болады деп ойлаймыз.

Сөйтіп, шағын кәсіпкерліктің республика облыстарында бөлінуі тіптен біркелкі емес. Шағын кәсіпорындардың барлық түрлері Қазақстанның бірде-бір облысында дамытылмады. Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Талдықорған облыстарында ғана шағын кәсіпорындар құру процесі кешенді түрде, барлық бағыттар бойынша жүргізілуде. Қалған

облыстарда белгілі бір бағыттарда ғана жүргізілуде, яғни ең қолайлы деген бағыттар таңдап алынууда.

Республикада өнім, халық тұтынатын тауарлар өндіруді, құрылысты, тұрмыстық қызмет көрсетуді және сауданы таңдап алған шағын кәсіпорындардың басым болуын, біздіңше, экономиканың бұл секторларында атқарылар жұмыстың көптігімен, сондай-ақ рынок конъюнктурасындағы құбылыстарға, тұтынушылар талап-тілектерінің өзгеруіне олардың сезімтал болуымен түсіндіруге болады. Ал ірі және тіпті орташа кәсіпорындар ол құбылыстар мен өзгерістерді тез сезіне алмайды. Қазақстан Республикасының шағын кәсіпорындары 1995 жылғы негізгі қызмет түрлері бойынша 4-ші кестеде көрсетілген:

4-кесте - ҚР шағын кәсіпорындардың негізгі қызмет түрлері, 1995 ж.

Кәсіпорындар мен ұйымдар түрлері	Кәсіпорындар мен ұйымдар саны	Жұмысшылардың тізімдегі саны	Соның ішінде	
			Қосымша жұмыс істейтіндер	Шарттар бойынша жұмыс істейтіндер
Барлығы:	21260	147248	17957	23614
оның ішінде:				
- сауда және сауда-сатып алу	7850	38577	3987	4024
- өнім өндіретін	2929	33629	2982	3663
- құрылыс	2959	28582	316	7144
-тұрмыстық қызмет көрсету	945	8475	695	682
- жабдықтау-өткізу	777	3349	422	368
- ғылыми-зерттеу	367	1470	688	1162
-Жобалау-конструкторлық және енгізу	259	1204	377	660
- құрылысқа қызмет көрсету жөніндегі жобалау-іздістіру	158	738	273	618

Ал шынтуайтында бұл шағын кәсіпорындар бірін-бірі толықтырушы және өзара байланысты болып табылады, олар біртұтас технологиялық тізбек: ауыл шаруашылығы - көлік-сауда тізбегін құруға тиіс. Егер бұл тізбектен бір буын шығып қалса, онда бүкіл тізбек бұзылады. Мысалы, көлік кәсіпорындарының дамымауы немесе жеткіліксіз болуы ауылшаруашылық кәсіпорындарының саудамен байланысының бұзылуына әкеліп соғады, ал сауда кәсіпорындары жетіспейтін болса, шағын кәсіпорындар өндірген ауылшаруашылық өнімін өндіруге байланысты қиыншылықтар пайда болады.

Шағын кәсіпкерліктің қазіргі жағдайын көптеген факторлармен, ең алдымен, шағын кәсіпкерлікке соңғы уақытқа дейін мемлекет тарапынан қолдау болмауымен, экономикалық стимулдардың әлсіздігімен, сондай-ақ экономиканың жалпы зәрулігімен түсіндіруге болады.

Кәсіпкерлік пайда табуды көздеген экономикалық қызмет түрі ретінде екі жолмен:

- мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындарды уақтау есебінен;

- заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен жаңа шағын кәсіпорындардың пайда болуы есебінен дамытылды.

«Кәсіпорындар және кәсіпкерлік қызмет туралы» заңда кәсіпорынның кооператив сияқты түрі жоқ болды, бірақ жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (жабық акционерлік қоғамдар) және ашық акционерлік қоғамдар пайда болды. Кооперативтер өз құрылтайшыларының арасында заңды тұлғалар (бұрын жұмыс істеген кәсіпорындар), сондай-ақ жеке тұлғалар болған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер болып қайта тіркеле бастады. Шағын кәсіпорындарға жеңілдіктер берілуі мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды уақтау және мемлекеттік секторда шағын кәсіпорындар құру процесін жеделдетті. Олар негізінен құрылыста және ғылымда құрылды.

Келесі кезең кооперативтердің акционерлік меншік түріне көшуі және кәсіпорындарды кейін сатып алу құқығымен жалдау болды.

Ресей Федерациясында шағын кәсіпкерлік қалыптасуының кезеңдерін білу пайдалы болар еді.

1. 1986-1988 жж. Кооперативтердің дамуы, олардың қызметінің басты саласы ұсақ көтерме сауда мен бөлшек сауда және қызмет көрсету болды. Одан кейін олар шағын кәсіпкерліктің басқа түрлеріне ауысты. Ірі мемлекеттік кәсіпорындар жанында және ғылым саласында кооперативтер кеңінен дамыды, жастардың ғылыми-техникалық шығармашылық (ЖҒТШ) орталықтары кеңінен тарады және т.т.

2. 1989-1991 жж. Жалдау, акционерлендіру және өнеркәсіптің мемлекеттік секторында жекешелендірудің басталуы. Зауыттар құрамында шағын кәсіпорындар ҒЗИ бөлінуі. Мемлекеттік зауыттарды шағын кәсіпорындар топтары етіп уақтау.

3. 1992-1993 жж. Сауда, қызмет саласында шағын жекешелендірудің кеңінен дамуы. Шағын кәсіпорындар санының шұғыл көбеюі, негізгі қорларға меншік құқығын жалдаумен (көбінесе) шектеу.

4. 1992-1995 жж. Кәсіпкерлік сектордың өз ісін ұйымдастыру жолымен, қалыптастырылған қаржы ресурстарының және басқа ресурстардың көмегімен жеке меншік негізде өсуі. Кәсіпкер толық меншік иесі болып табылады. Кәсіпкерлер санының күрт көбеюі, олардың әлеуметтік-кәсіптік құрамының өте ала-құла (бұрынғы қызмет түрлері бойынша) болуы. Қазіргі кезде шағын кәсіпкерлік Ресей Федерациясының экономикасында елеулі орын алып отыр.

Алайда, қазіргі кезде шағын бизнестің дамуында шағын кәсіпорындар саны өсуінің төмендеуіне, олардың өндірістік салаларда жеткіліксіз тарауына, импорттық өніммен салыстырғанда олардың өнімінің бәсекелестік

қабілетінің төмен болуына, шағын кәсіпорындардың «көлегей экономика» саласына кетуіне байланысты бірқатар теріс тенденциялар байқалып отыр. Өкінішке орай, салалық және аумақтық басқару органдарының қызметін үйлестірудің қажетті деңгейіне әлі қол жеткен жоқ. Салық салу, жекешелендіру, тұрғын емес үй-жайлар мен жер учаскелерін жалдау, өндірістік қуаттарды және құрылысы аяқталмаған объектілерді пайдалану, мемлекеттік кепілдіктер беру мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмыс істеуі үшін жеңілдік жағдайлар жасау мәселелерін қала деңгейінде әзірлеу мен реттеу кезінде кәсіпкерлердің мүдделері жеткілікті түрде толық ескерілмеуде. Мұның өзі мемлекеттік және муниципалдық органдар тарапынан одан әрі күш-жігер жұмсауды қажет етеді. Алайда бұл проблема бойынша қандай да болсын жүйеге келтірілген басшылық етуші және методикалық материалдар әзірше жоқ.

Бұл проблемалар шағын бизнесті дамыту, оны қолдау стратегиясындағы басты бағыттарды бағалау, теңдестірілген инвестициялық саясат қалыптастыру, шағын бизнес үшін кадрлар даярлау жүйесін жасау жөніндегі ортақ көзқарас белгілеуді қажет етеді және т.т. Осы проблемаларды кеңінен және жария талқылау федералдық және аймақтық деңгейлерде шағын бизнес қалыптастыру мен дамыту жөнінде айқын өлшемдер мен ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Ал шағын бизнесті ірі көлемде дамыту өз тарапынан өркениетті нарықтық қатынастар қалыптастыру міндеттерін едәуір тиімдірек шешуге: олардың тиянақтылығының кепілдіктерін қамтамасыз етуге; шағын бизнестің дамыған инфрақұрылымын жасауға; барлық ресурстарды жұмылдырып, неғұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстанда шағын бизнес мәселелері мынадай заң актілерімен реттеледі: «Еркін шаруашылық қызметі және кәсіпкерлікті дамыту туралы», «Лицензиялау туралы»,

«Банкроттық туралы», «Шаруашылық серіктестіктері туралы», «Жеке кәсіпкерлікті қорғау туралы», «Кооперация туралы». Әйтсе де «Шағын бизнес пен кәсіпкерлікті мемлекеттің қолдауы туралы» арнаулы заң керек.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: шағын кәсіпкерліктің ала-құла дамуы осы салада шағын кәсіпорындар қызметінің, құқықпен, қаржымен, материалмен, техникамен қамтамасыз етілуін қамтитын бірыңғай мемлекеттік саясаттың жоқ болуының салдары.

Қазақстанда шағын бизнесті қалыптастырудың басқа да маңызды проблемаларына мыналарды жатқызуға болады:

- шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік деңгейде дамытудың нақты концепциясының, сондықтан оған мемлекеттік қолдау көрсетудің тиімді шараларының жоқтығы;

- шағын кәсіпкерлік секторы үшін, әсіресе ірі қалаларда, тәуекел мен қауіп-қатер деңгейінің жоғары болуы;

- шағын кәсіпкерлік құрылымдарды тіркеу мен ресімдеу, үй-жайлар, жер учаскелерін беру ісінде бюрократтық кедергілер қойылуы, өкімет органдарымен қалыпты өзара қатынастың жоқтығы;

- қаржылық ірі кәсіпкерлік бизнес пен шағын кәсіпкерлік саласы арасында қарама-қайшылықтың байқалуы;

- шағын кәсіпкерлік секторы қызметінде төменгі деңгейді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету жүйесінің (заңдардан басқасының) жоқтығы.

Өткен жылдар тәжірибесінің көрсеткеніндей, жоғарыда аталған проблемаларды шешу тек шағын кәсіпкерлік жөніндегі қолдау және реттеу қызметі мемлекеттік және аймақтық деңгейде тиімді ұштастырылған жағдайда ғана мүмкін болатын нәрсе.

Сондықтан шағын бизнес қызметінің құқықтық реттелуін қамтамасыз ететін заң актілерінің қабылдануы қажет. Ол заң актілерінде осы саладағы мемлекеттік саясаттың

негізгі принциптері: шағын бизнесті қолдау, оған қажетті жеңілдіктер мен артықшылықтар беру нақты көрсетілуге тиіс. Сонымен қатар, шағын кәсіпорындарды қолдаудың арнаулы мемлекеттік бағдарламаларын – әзірлеу мен қабылдау қажет. Ол бағдарламалар негізгі бағыттарды сөз жүзінде қалыптастырумен қатар, оларды жүзеге асыру үшін өз қаражатымен қамтамасыз етілуге тиіс. Сонымен қатар, шағын кәсіпорындарға өнім өндіруге жеңілдікті мемлекеттік тапсырыстар берілуін немесе шағын кәсіпорындарды ынталандыру мен қолдау түрі ретінде ерекше тиімді мемлекеттік келісім-шарттар жасасылуын кеңінен қолдану керек.

4.2 Шағын бизнесті қолдау тәжірибесі

Шағын кәсіпкерлік қазіргі кезеңде, жоғарыда айтылғанындай, мемлекеттік және қоғамдық қолдауды, оны дамытудың жолдарын тереңдете, методологиялық негіздеуді өте қажет етеді. Сонымен бірге экономиканы реформалау соңғы бірнеше жыл бойы бірқатар проблемаларға тап болып, олар нарықтық қатынастарға көшудің ол үшін пайдаланылатын модельдерінің, әдістерінің және құралдарының бірдей емес екенін көрсетті.

Осы саладағы мамандар мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттер мыналар деп санайды:

- негізгі инфрақұрылымдық: шарттық, ақша-қаржылық және инвестициялық механизмдерді жаңа принциптерде жаңғырту жолымен басқарылатын рынок концепциясына көшу;

- экономикалық өзгерістердің қарқыны мен құрылымын селқос күштермен келісіп алу және халық шаруашылығы салаларының ұйымдық-технологиялық кешенін іріктемелі мемлекеттік және құрылымдық-инвестициялық саясат есебінен сақтау;

- институциялық жаңғыртуларды жалғастыру, соның ішінде жекешелендіруді дәйекті түрде одан әрі жалғастыру, бәсекелестікті, жеке кәсіпкерлікті дамыту, экономиканы монополиясыздандыру және т.т.

Мұның өзі шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету және жаңа тиімді жұмыс орындарын ашу мүмкіндіктері мен бағыттарын белгілейді.

Осы саладағы мемлекеттік шаралар арасында шағын нарықтық инфрақұрылымды дамыту басты орын алады. Нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі шағын кәсіпкерліктің ұлттық экономикада аса маңызды функциялар орындайтынын: сұраныс пен ұсынысты теңдестіру арқылы нарықтық қатынастарды үдетудің ерекше механизмін қамтамасыз ететінін, жалпыұлттық өнімнің тең жартысынан астамын өндіретінін, жаңа жұмыс орындарының 70 пайызға жуығын ашатынын, адам ресурстарының жандандырылуына және инновациялық потенциалға елеулі ықпал жасайтынын дәлелдейді.

Елде шағын кәсіпкерлікті кең көлемде дамыту нарықтық қатынастар қалыптасуының көптеген проблемаларын неғұрлым тиімді шешуге: реформалардың әлеуметтік базасын ұлғайтуға, олардың тиянақтылығының кепілдіктерін қамтамасыз етуге, бәсекелестікті дамытуға, өндірістің ұйымдық құрылымын кеңейтіп, тиімді етуге, адам ресурстары мен ұйымдық-технологиялық ресурстарды жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Ресей Федерациясында шағын бизнесті дамыту тәжірибесін зерттеу біздің еліміз үшін пайдалы болады, онда шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсетудің 1996-1997 жылдарға арналған федералдық бағдарламасы бар. Сол бағдарламаға сәйкес шағын кәсіпорындардың санын көбейтуге, кәсіпкерлік қызметке жалпы қолайлы жағдайлар жасау арқылы шағын кәсіпкерліктің инновациялық және өндірістік саласының

алға жылжу бағытында сапалы құрылымдық өзгерістерге жетуге, шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсетудің кәсіпкерлер үшін қолайлы жүйесін дамытуға, экономиканың бұл секторына инвестициялар тартуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру көзделіп отыр.

Федералдық бағдарламада шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсетудің мынадай аса маңызды бағыттары бөліп көрсетілген:

- шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласында мемлекеттік саясаттың нормативтік-құқықтық негізін жетілдіру;

- шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің мемлекеттік саясатын ұйымдық және ғылыми-методикалық тұрғыдан қамтамасыз ету;

- шағын кәсіпорындар қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуы мен қауіпсіздігі;

- шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін жайлы қоғамдық пікір қалыптастыру;

- аймақтарда шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын дамыту;

- кадрлар даярлау;

- ақпаратпен қамтамасыз ету;

- шағын кәсіпорындардың өндірістік және инновациялық қызметі;

- салық саясатын жетілдіру;

- шағын кәсіпкерлікте жеке меншік және басқа инвестициялар үшін жеңілдіктер жүйесін жасау;

- мемлекеттік федералдық және аймақтық-инвестициялық бағдарламалар.

Бағдарламада шағын кәсіпкерлікті қолдау саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсатты бастауларын тереңдете пысықтау, белгіленген шаралардың кезеңділігі, шағын кәсіпкерлік саласындағы ұлттық саясаттың негізгі элементтерін жалпы Ресей экономикасын сауықтырудың

негізгі проблемаларымен неғұрлым тығыз ұштастыру, оң нәтижелерді орнықтыру және реформаларды одан әрі тереңдету көзделген.

Федералдық бағдарлама шағын кәсіпкерлікті басым дамыту - жалаң мақсат емес, ал Ресейдің экономикалық және әлеуметтік түлеуінің негізгі шарты екенін, шағын кәсіпкерлікті кең ауқымды дамыту саяси тұрақтылыққа, Ресейдің түбегейлі мүдделеріне бағдарланған шынайы демократияның жүзеге асырылуына кепілдік беретінін негізге алып отыр. Азаматтардың экономикалық инициативасының творчестволық көрінісі ретінде шағын бизнес қызметкерлер мен олардың отбасыларының тәуелсіздігі мен әл-ауқатының іргетасы болып табылады. Жаппай құбылыс ретінде шағын бизнес қоғамға қажетті тауарлар өндіру мен қызмет көрсету тұрғысынан алғанда да, сондай-ақ алуан түрлі өнім тұтыну тұрғысынан да экономикалық өмірдің катализаторы болып отыр.

Бұл бағдарламаның ерекшелігі – федералдық қатынастардың жаңа экономикалық механизм принциптерінің онда неғұрлым жүйелі жүзеге асырылуы, яғни шағын кәсіпкерлікті қолдау мен реттеу мәселелерінің шешімі үшін федерация мен оның субъектілерінің өкілеттіктері мен жауапкершілігінің ара жігінің неғұрлым нақты ажыратылуы, қолдау көрсету шараларының қаржыландырылуы, федералдық және аймақтық бағдарламалар мен шағын бизнесті дамыту артықшылықтарының ұштастырылуы және т.т. Мұнымен қатар шағын кәсіпкерліктің Ресей экономикасының аймақтық буынын тұрақтандыру мен нығайту жөніндегі мүмкіндіктерін неғұрлым толық пайдалануға, ұсақ тауар өндірушілердің қызметін ынталандыруға, өндірісті монополиясыздандыруға және аймақтық рыноктарды молықтыруға баса көңіл бөлінген.

Сонымен бірге бағдарламада дәрменсіз кәсіпорындарға қолдау көрсетуге, өндірісті тек өндіріс үшін қолдауға, жөнсіз

мемлекеттік тапсырыстар мен жеңілдіктер беру әдісімен жасанды кең ауқымды сұраныс туғызуға болмайтыны басшылыққа алынған.

Жаңа шаруашылық субъектілері рыноктарға шығатын жолға қойылған кедергілердің кемітілуіне, бәсекелестіктің қалыпты дамуына бөгет жасайтын аймақтық әкімшілік кедергілерінің жойылуына күш салу қажет.

Федералдық бағдарламада оны ұйымдық жағынан ұйымдастыру мен жүзеге асыру механизмі белгіленген. Бұл бағдарламаның мемлекеттік тапсырысшысы – РФ ГКАП-ы жанындағы Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры. Федералдық бағдарлама жалпы алғанда шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетумен шұғылданушы федералдық және аймақтық деңгейлердегі барлық құрылымдардың мүдделері мен мүмкіндіктерін барынша біріктіруді көздейді. Федералдық бағдарламаны жүзеге асыру сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат пен аймақты және жергілікті деңгейлердегі бюджеттер қаражатын тартуды қажет етеді.

Бұл шығындар барлық деңгейлердегі бюджеттерге тікелей түсімдер мен шағын кәсіпорындардан алынатын салықтарды көбейту және жұмыссыздарға әлеуметтік төлемдер төлеуге, тиімсіз өндірістерді қолдауға, құлдырап бара жатқан аймақтарға дотацияларды азайтуға байланысты шығындарды қысқарту есебінен өтеледі. Меншіктің барлық түрлерін жекешелендіруден түсетін түсімдер қаржының маңызды қосымша көзіне айналады – 5 пайызға дейін. Осының бәрі жалпы алғанда 01.01.95 жылғы бағамен 150 триллион рубльге жуық болады. Федералдық бағдарлама бойынша шығынның басым бөлігін шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын одан әрі қалыптастыру мен дамытуға жұмсау болжанып отыр. Барлық шығындардың едәуір бөлігі шағын кәсіпорындарға кепілдіктер беру мен оларды сақтандыру механизмдерін жасауға жұмсалмақ.

Федералдық шығындар шағын кәсіпкерліктің

инфрақұрылымына аймақтық салымдардың стимуляторы ғана болып табылады деген принциптер бұлжытпай сақталатын болады. Федералдық шығындардың үлесі нақты аймақтық әлеуметтік-экономикалық жайына байланысты болады, бірақ қалай болғанда да мақсатты шығындардың жалпы сомасының 50 пайызынан аспауға тиіс.

Федералдық бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелері Ресей Федерациясының экономикасын дамытудың орта мерзімді перспективаға арналған тенденцияларымен айқындалатын болады.

Экономиканың көзделіп отырғандай тұрақтануы, инфляцияның төмендеуі, инвестициялық процестердің жандануы жағдайларында: шағын кәсіпорындар санының 1,7 есе (болжамды бағалаулар бойынша) көбеюіне; жаңа жұмыс орындарының ашылуына сәйкес жұмыс істейтіндер санының 30 млн адамға дейін өсуіне; шағын кәсіпорындардың өндірістік және инновациялық саладағы қызметінің, соның ішінде капиталды бір саладан екінші салаға ауыстыру арқылы жандануына; шағын кәсіпкерліктің көлегей экономикадан шығуына; шағын кәсіпкерлікті дамытудағы аумақтық сәйкессіздіктердің кемуіне қол жеткізілетін болады.

Бағдарлама шараларын жүзеге асыру нәтижесіндегі аталған оң процестерді орнықтыру үшін шағын кәсіпкерлікке федералдық деңгейде қолдау көрсетудің бірыңғай жүйесі жасалатын болады.

РФ аймақтарында инфрақұрылымның шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін қолайлы және ақпараттық консультациялық, маркетингтік қолдау көрсететін жеткілікті элементтері жасалатын болады. Кадрлар даярлау шағын кәсіпорындардың 1 миллионнан астам басшылары мен қызметкерлерін қамтиды.

Федералдық бағдарлама орташа және ірі кәсіпорындардың бірігуіне, шағын кәсіпорындардың кеңінен қатысуымен жаңа өндірістік-технологиялық тіз-

бектер жасауға деген ынта-ықыласын арттыруға, барлық деңгейлердегі бюджеттің кіріс бөлігін көбейтуге мүмкіндік береді.

Шағын кәсіпорындардың өндірістік қызметінің ұлғайтылуы рыноктардағы сұраным құрылымын қоғамның нақты әлеуметтік құрылымына жақындатуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның жекелеген бөлімдері шеңберінде мынадай негізгі шаралар көзделген.

Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласында мемлекеттік саясаттың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру. Федералдық бағдарламаның бұл бөлімі кәсіпкерлік қызметті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету жүйесін одан әрі дамытуға, Ресей Федерациясының және Ресей Федерациясы субъектілерінің заң актілері мен нормативтік актілерінде шағын кәсіпкерлік мүдделерін білдіруге, «Ресей Федерациясында шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету туралы» федералдық заң ережелерін дамытуға бағытталған. Неғұрлым ірі кәсіпорындармен салыстырғанда шағын кәсіпкерліктің экономикадағы жайсыздау бәсекелестік жағдайын жою мақсатымен оның субъектілерінің ерекшеліктерін құқықтық актілерде көрсету, олардың әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарының дамытылуы мен байқалуына жәрдемдесу, жаңа кәсіпорындардың рынокқа шығуы үшін қолайлы құқықтық жағдайлар қалыптастыру және олардың қызметін дамыту жайында айтылып отыр.

Федералдық бағдарламаның өзге де мамандандырылған бөлімдерінде әзірленуі мен қабылдануы көзделген нормативтік-құқықтық актілермен қатар шағын кәсіпкерлік дамуының ортақ жағдайларының жасалуын және оған тіркеу, лицензиялау, шағын кәсіпорындардың неғұрлым ірі кәсіпорындармен өзара қатынасы секілді мәселелерде мемлекеттік қолдау көрсетілуін қамтамасыз ететін актілер әзірленетін болады. Заңдарды тұрақтандыру және кәсіпкерлік

қызметті реттеу шағын кәсіпкерлік субъектілерімен өзара қатынаста атқарушы билік органдарының озбырлық пен қиянат жасауын елеулі шектеуге мүмкіндік береді.

Осы бөлім шараларының жүзеге асырылуы шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсетілуін заңмен және нормативтік актілермен қамтамасыз етудің «қосдеңгейлі» құрылымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Онда осы салада шағын кәсіпкерлікке федералдық деңгейде қолдау көрсетудің мемлекеттік саясатының жалпы принциптерін, нысандары мен бағыттарын белгілеу және оларды Ресей Федерациясының субъектілері деңгейінде жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерді ескере нақтылау көзделген. Шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдауды ұйымдық және ғылыми-методикалық тұрғыдан қамтамасыз ету. Шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсетілуін ұйымдық және ғылыми-методикалық тұрғыдан қамтамасыз етудің негізгі мақсаты - шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсету жөнінде осы бағдарламада айтылған шараларды жан-жақты, ғылыми негізде және жоғары тиімділікпен ұйымдастыру.

Федералдық бағдарламаны жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдардың, қоғамдық және коммерциялық ұйымдардың іс-қимылдарын үйлестіру, съездерді, тақырыптық конференцияларды, басқа да акцияларды дер кезінде және нәтижелі өткізу қажет. Федералдық бағдарламада белгіленген шаралар Ресейде шағын кәсіпкерліктің дамытылуы туралы, шағын кәсіпкерлікті дамыту мен оған мемлекеттік қолдау көрсетудің шетелдік практикасы туралы, Ресейдегі шағын кәсіпкерлікті экономикалық реформалардың барысын ескере дамытудың ықтимал тенденциялары, перспективалары туралы, федералдық және аймақтық деңгейлерде мемлекеттік қолдау көрсетудің тиімді шаралары туралы жүйеленген талдау деректеріне сүйене отырып жүзеге асырылуға тиіс. Белгілі бір шаралардың қолданылуы пысықталған тиісті методикалық ұсыныстарға

негізделуге тиіс.

Екі негізгі бағыттар бойынша методикалық және талдау материалдарын әзірлеу көзделген:

- федералдық және аймақтық деңгейлердегі мемлекеттік қолдау көрсету институттары үшін;
- кәсіпкерлер, олардың одақтары, қауымдастықтары және бірлестіктері үшін.

Осы бөлімдегі шараларды жүзеге асыру барысында кәсіпкерліктің дамытылуын мемлекеттік басқару жүйесін жасау жұмысын жалпы алғанда аяқтау белгіленген. Шағын кәсіпкерліктің дамытылуына мүдделі барлық ұйымдардың өзара іс-қимыл жасауы үшін ұйымдық алғышарттар қаланатын болады. Шағын кәсіпкерлікке федералдық және аймақтық деңгейлерде мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін ғылыми зерттеулер жүргізу және методикалық ұсыныстар әзірлеу көзделіп отыр.

Шағын кәсіпорындар қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуы мен қауіпсіздігі. Ресейде шағын кәсіпорындардың даму және қалыптасу процестері, оларда жұмыс істейтін адамдардың тез көбеюі олардың әлеуметтік қорғалуының проблемаларын барынша ашып көрсетті.

Оның өзі шағын кәсіпкерлік субъектілерінің көпшілігінде, ірі кәсіпорындарындағыдай емес, қажетті қаражаттың, әсіресе өз қызметінің бастапқы кезеңінде, жоқ болуына, өз әлеуметтік инфрақұрылымының іс жүзінде құрылмағанына, өндірістік-технологиялық жабдықталу деңгейінің өте төмен екеніне, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы жағдайының нашар екеніне байланысты.

Шағын кәсіпорындар жұмысшыларының өндірістік жарақат алуы, соның ішінде қазаға ұшырауы және кәсіби ауруға шалдығуы көбейді.

Осы бөлімде көзделген шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде 1996-1997 жылдары мемлекеттік зейнеткерлік,

әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесі елеулі реформаланады, оның мәнісі - нарықтық экономикасы бар елдерде қолданылатын сақтандырудың үш деңгейлі (мемлекет - жұмыс беруші - жалдамалы қызметкер) жүйесіне көшу және сақтандырудың мемлекеттік емес түрлерін дамыту үшін жағдайлар жасау.

Ресей Федерациясының Әлеуметтік сақтандыру қоры құрылымында шағын кәсіпорындар жұмысшыларын әлеуметтік сақтандырудың мамандандырылған қорын құру көзделген, оның өзі жұмысшылардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің денсаулығын түзеуі мен демалуының ұйымдастырылуын іс жүзінде елеулі жақсартуға мүмкіндік береді.

Шағын кәсіпорындар жұмыс істеуінің практикасы сондай-ақ еңбек туралы заңды нарықтық экономика жағдайына бейімдеу және халықаралық құқық нормаларына сәйкестендіру мақсатында оны қайта қарау қажет екенін дәлелдейді. Екінші жағынан, шағын кәсіпорындар басшыларының әлеуметтік-еңбек саласындағы құқықтық нигилизмін жою, еңбек туралы заңдардың сақталуы үшін жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыру қажет.

Дүниежүзілік тәжірибе шағын кәсіпорындардың, ірі кәсіпорындар сияқты емес, орнықсыздау екенін, күшті тәуекел жағдайларында жұмыс істеуге мәжбүр екенін, сыртқы әлеуметтік-экономикалық факторларға неғұрлым тәуелді екенін дәлелдеп отыр. Сондықтан шағын кәсіпорындардың банкроттығы да елеулі әлеуметтік проблема болып табылады, ол банкрот болған кәсіпорындарды санациялау, шағын кәсіпорындардың жұмысшыларын жұмысқа орналастыру, оқыту және әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру кезінде ескерілетін болады.

Кәсіпкерліктің, соның ішінде, шағын кәсіпкерліктің дамуына теріс әсер ететін ең өткір әлеуметтік проблемалар қатарында кәсіпкерлерді, олардың отбасы мүшелерін және

меншігін қылмысты қол сұғушылықтан қауіпсіздендіру проблемасы тұр.

Осыған байланысты құқық қорғау органдары мен басқа да органдар ұйымдасқан қылмысқа, рәкетке, парақорлыққа және экономикалық қылмысқа қарсы күрес жүргізу жөнінде жүзеге асырып жатқан шаралар кешенінде мамандандырылған күзет фирмалары, қауіпсіздік қызметтері қызметінің де дамытылуына, тиісті заң негізі мен материалдық негіздің қалыптасуына, кәсіпкерлер мүлкінің (автотұрақтың, қоймалардың және т.т.) сақталуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ арнайы күзет құралдарын (дабыл, дыбыс және бейне жүйелері және т.т.) шығаратын фирмалар жүйесінің ұлғайтылуына жәрдемдесу көзделген.

Кәсіпкерлер мен сот орындаушыларының халық соттары мен төрелік соттар шешімдерінің тез және дұрыс орындалуын қамтамасыз ететін арнаулы бөлімшелері үшін аралық соттар жүйесін жасау да белгіленген.

Осының бәрі кәсіпкерлер қауіпсіздігін және шағын кәсіпорындар қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуын елеулі нығайтуға, кәсіпкерлік қызметті халықтық түрлі топтары үшін анағұрлым тартымды етуге мүмкіндік береді, соның нәтижесінде шағын кәсіпкерлік субъектілері көбейеді, олар көлегей экономика саласынан шығарылады, қоғамның әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге шағын кәсіпкерлік қосатын үлес артады.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы қоғамдық пікір қалыптастыру. Қазіргі кезде шағын кәсіпкерлікті дамытуға байланысты проблематика бұқаралық ақпарат құралдарында жеткілікті түрде көрсетіліп отырған жоқ. Арнайы радио және теледидар бағдарламалары, әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуде шағын кәсіпкерлік атқаратын рөлді ашып көрсететін және шағын бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету шараларын насихаттайтын мерзімді басылымдар іс жүзінде жоқтың қасы.

Мұның салдарларының бірі - халықтың түрлі әлеуметтік топтарының кәсіпкерлік қызметке айқын байқалатын оң көзқарасының жоқ болып отырғаны және шағын бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету саласында федералдық және аймақтық деңгейлерде қолданылып жатқан шаралар туралы кәсіпкерлердің жеткілікті хабардар етілмеуі.

Бағдарламаның осы бөлімінің негізгі мазмұны - әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуде шағын кәсіпкерлік рөлін, шағын бизнес жөніндегі мемлекеттік саясатты және оған федералдық, аймақтық және жергілікті деңгейлерде мемлекеттік қолдау көрсету шараларын насихаттау.

Өз жұмысы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылып жатқан және материалдық игіліктер жасап, қызмет көрсетіп жатқан кәсіпкерлер, мемлекеттік емес жеке меншік кәсіпорындардың қызметкерлері жөнінде халық арасында дұрыс пікір туғызу мақсатында бағдарламада кәсіпкерлер қызметінің оң тәжірибесін насихаттайтын, олардың проблемалары мен қажеттерін, нақты жұмыс тәжірибесін ашып көрсететін бұқаралық ақпарат құралдарына қолдау көрсету көзделген.

Арнаулы шаралар, соның ішінде таңдаулы кәсіпкерге конкурстар, шағын кәсіпорындар өнімдерінің көрме-жәрмеңкелерін, қайырымдылық акциялары өткізілуіне жәрдемдесу белгіленген.

Өз белсенділігі кәсіпкерлердің, шағын бизнес саласы қызметкерлерінің заңды мүдделерін қорғауға бағытталған қоғамдық кәсіпкерлік ұйымдардың қызметіне қолдау көрсету көзделген.

Бұл шаралар, қоғамдық дұрыс пікірдің қалыптастырылуымен қатар, кәсіпкерлік қызметке халықтық түрлі топтарының қамтылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Аймақтарда шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту. Мемлекеттік және тәуелсіз ұйымдардың,

соның ішінде шетелдік ұйымдардың күш жұмсауы нәтижесінде 1994-1995 жылдарға арналған Федералдық бағдарламаны жүзеге асыру барысында федералдық және аймақтық деңгейлерде шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының элементтерін қалыптастыру басталды.

Сонымен бірге қызмет жеткілікті дәрежеде жүйелі емес және көптеген аймақтарды қамтымайды. Сондай-ақ қажетті және жеткілікті инфрақұрылым жасамайынша және дамытпайынша шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау жөніндегі кез келген шаралардың тиімділігі төмен болып, сәтсіздікке ұшырайтыны айқын.

Шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсету құрылымы деп бұл жағдайда шағын кәсіпкерліктің дамуын қамтамасыз ететін, шағын кәсіпорындарға ақылы және басқа негізде білім, консалтинг, ақпарат, технология, техника, қаржы салаларында, қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында қызмет көрсететін және қолданылып отырған заң негізінде кәсіпкерлермен, сондай-ақ бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын мемлекеттік, қоғамдық және коммерциялық құрылымдар жүйесі айтылып отыр.

Қазіргі кезеңнің негізгі міндеті – жинақталған тәжірибені зерделей және тұжырымдай отырып, ең тиімді кәсіпорындарды дамыта отырып, қолдау көрсетудің кешенді жүйесін жасауға жақындау, бар тәжірибені басқа аймақтарға тарату және оны қалалар мен аудандардағы түпкі тұтынушыларға жеткізу. Ресурстардың шектеулі екенін ескере отырып, бұл жұмысқа ең жақсы дайындалған аймақтарға конкурс негізінде федералдық бюджет қаражатын бөлу, сондай-ақ базалық құрылымдар жасау белгіленіп отыр.

Осы бөлім құрамына кәсіпкерлікке қолдау көрсету инфрақұрылымының аймақтық және арнайы қолдау бағдарламаларына кіретін, белгіленген тәртіппен бекітілген, федералдық, салааралық және аймақаралық маңызы бар объектілері (кәсіпкерлікке қолдау көрсету орталықтары мен

агенттіктері, көрме және көрмедилерлік орталықтар, бизнес-инкубаторлар, лизинг компаниялары, қолөнер орталықтары және т.т.) қосылады. Аталған объектілердің құрылуын қаржыландыру КҚҚ-ның және басқа көздердің үлесті қатысуымен жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда федералдық көздерден алынатын қаражат үлесі, әдетте, жоба бойынша инвестициялар көлемінің 50 пайызынан аспауға тиіс.

Инфрақұрылым кәсіпорындарының шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің елеулі салаларын қамтитын тармақты жүйесі осы бөлімде көзделген шараларды орындаудың нәтижесі болмақ. Әрбір дерлік облыс орталығында кәсіпкерлерге сапалы қызмет көрсететін құрылымдар пайда болады, олардың толымдылығы қазіргі кезеңде әлі де ала-құла және жергілікті жағдайларға байланысты болады. Кәсіпкерлікті дамыту тұрғысынан ең жайлы аймақтар облысқа бағынатын қалалар мен аудандар деңгейінде қолдау көрсету инфрақұрылымының элементтерін қалыптастыруға көшеді. Жүздеген мың кәсіпкерлер консультация мен білікті көмек алатын болады. Бірнеше аймақтар үлгісінде кәсіпкерлікке, соның ішінде ақпарат орталықтарына, аймақтық агенттіктерге, бизнес-инкубаторларға, оқу-іскерлік орталықтарына және технопарктерге кешенді қолдау көрсету методикасы пысықталатын болады. Олардың тәжірибесі барлық мүдделі ұйымдардың игілігіне айналады. Сонымен бірге федералдық және аймақтық деңгейлердегі ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік емес құрылымдар бюджеттерінің және техникалық көмек бағдарламаларының қаражаты, кәсіпкерлердің өз қаражаты іске қосылады.

Ресей Федерациясында шағын кәсіпкерлікті ақпаратпен қамтамасыз ету. Шағын кәсіпкерлікті ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесін одан әрі дамыту мақсатында мына міндеттерді шешу көзделген:

- мемлекеттік органдар ақпараттың кәсіпкерлер үшін ашық болуын қамтамасыз ету;

- шағын бизнес бойынша ақпараттық басқару органдары, кәсіпкерлік құрылымдар, шетелдік және халықаралық ұйымдар үшін ашық болуын қамтамасыз ету;

- аймақтарда ақпараттық-талдау орталықтары жүйесінің құрылуын аяқтау.

Ресей Федерациясында шағын кәсіпкерлікті ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесін жасау кезінде бұрын құрылған ақпарат ресурстарын және бағдарламалық-техникалық құралдарды барынша жүйеге келтіре отырып пайдалану белгіленген.

Шағын кәсіпкерлікті ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесі (ШКАҚЖ) шағын кәсіпкерлікке жатқызылатын, ең аз қорғалған кәсіпкерлік құрылымдарға арналған. ШКАҚЖ сондай-ақ Ресей Федерациясында шағын кәсіпкерлік дамуының жайы туралы федералдық және аймақтық билік органдары үшін ақпарат алуға, ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелерді біріктіру негізінде олардың дамуының үйлестірілуін қамтамасыз етуге, шағын кәсіпкерлікке ақпарат қызметіне лицензиялау енгізуге, сондай-ақ телекоммуникациялық жүйелер жеткіліксіз дамыған аймақтарда ақпараттық құрылымдар жасау мен дамытуға мүмкіндік береді.

ШКАҚЖ ұйымдасқан түрде аймақтық және салалық ақпараттық-талдау орталықтарын (ААТО және САТО) жасау және дамыту жолымен жүзеге асырылады. Орталықтар бірыңғай өлшемдер негізінде ақпараттық ресурстар интеграциялайды және өндіреді.

ШКАҚЖ кәсіпкерлерге инвестициялық жобалар бойынша коммерциялық, мекен-жайлық, заңдық, статистикалық ақпаратқа, құрылатын кәсіпорындарды тіркеуге, маркетингке, аудиторлыққа, материалдық-техникалық жабдықтау және өнім өткізу мүмкіндіктеріне, экспедиторлыққа, ықтимал әріптестер арасындағы іскерлік ынтымақтастыққа, қаржы операцияларын жүзеге асыруға, өндірістік қуаттарды із-

дестіруге, бухгалтерлік қызмет жүргізуге қатысты ақпараттық қызмет көрсетеді және т.т. Ақпараттық қызмет тізбесі ақпараттық-талдау орталықтарын ұйымдастыру процесінде нақты пайдаланушылардың қажеттеріне талдау жасау негізінде нақтыланады.

Мұнымен бірге ақпараттық-талдау орталықтарының жүйесі аймақтық және салалық принциптер бойынша қалыптасады және қазіргі кезде ақпараттық қызмет саласындағы жұмыс тәжірибесі бар кәсіпорындарға негізделген.

Осы бөлімдегі шараларды жүзеге асыру базалық аймақтық ақпарат орталықтарының пәрменді жұмысын қамтамасыз етуге, Ресейдің әрбір дерлік аймағында жаңа ААО құру мен дамытуға мүмкіндік береді. Осының бәрі шағын кәсіпшіліктің ақпаратпен қамтамасыз етілуін едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Шағын кәсіпорындардың өндірістік және инновациялық қызметі. Қазіргі кезеңде шағын бизнестің дамуы ең алдымен шикізат өңдеумен, өнім мен тауар өндірумен айналысатын шағын кәсіпорындар жүйелерін қолдаумен байланысты, мұның өзі рынокта тиісті технология мен технологиялық жабдық болуын қажет етеді.

Шағын инновациялық кәсіпорындар қызметінің негізіне бұрын ірі ғылыми орталықтарда, соның ішінде ғылым академиялары мен жоғары мектеп жүйесінде жасалған интеллектуалдық меншік, сондай-ақ алаңдарға, жабдыққа және отын-энергетика ресурстарына ақы төлеу жөнінде осы орталықтар оған беретін жеңілдік режимдері алынғаны олардың өсуі үшін қолайлы факторлар болды.

Сонымен бірге шағын кәсіпорындардың техникалық деңгейі жалпы алғанда жоғары емес, ал олардың көпшілігі жасап жатқан жаңалықтар қолданыс және қажетті коммерциялық өткізілім таппай отыр.

Елдің өндірістік-инновациялық потенциалында шағын

фирмалар үлесінің тиісті дамыған нарықтық экономикаға дейін одан әрі өсуін (жұмыс істейтіндердің жалпы санының жартысынан астам) қамтамасыз ету үшін ынталандырудың мемлекеттік саясатын мына бағыттар бойынша одан әрі жалғастыру қажет:

- мемлекеттік тапсырыстың 15 пайызын шағын кәсіпорындарда орналастыру жолымен олардың өнімі үшін мақсатты түрде рынок қалыптастыру;

- шағын кәсіпорындарға өндірістік алаңдар беру және олардың жаңғыртылуына жекешелендірілетін объектілер алаңдарының белгілі бір үлесі түрінде жәрдемдесу, жеңілдікті инновациялық қолдау, бизнес-инновациялық орталықтардың, технопарктердің, технологиялық қолдау орталықтарының дамытылуына жәрдемдесу және т.т.;

- лизинг компаниялары жүйесінің қалыптасуы мен ұлғайтылуына жәрдемдесу;

- отандық және импорттық жабдыққа жеңілдікпен қаржы бөлу жолымен шағын кәсіпорындардың тиімділігі жоғары технологиялық жабдықпен жарақтандырылуына, шағын бизнес үшін арнайы технологиялық жабдық жасау бағдарламасының жүзеге асырылуына жәрдемдесу, машиналар мен жабдықтың игерілген және игеріліп жатқан түрлері тізімдерінің жария етілуін қамтамасыз ету;

- шағын кәсіпорындардың ғылымды көп қажет ететін технологиялар негізінде өнімнің жаңа түрлерін дайындауы мен өндіруі жөнінде нысаналы саясат жүргізу;

- шағын кәсіпкерліктің құқықтық, ақпараттық-жарнамалық, методологиялық салада қамтамасыз етілуіне жәрдемдесу.

Осы бөлімде көзделген шаралардың жүзеге асырылуы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өнімін өндірудің техникалық деңгейі мен оның сапасын арттыру, нарықтық экономиканың өндірістік потенциалын дамытуда олардың рөлін күшейту үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Қаржы-несие қолдауы. Қазіргі кезде қарызға берілетін қаражаттың жетіспеуі жаңа шағын кәсіпорындар құру мен жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпорындардың қызметін дамыту жолындағы негізгі кедергілердің бірі болып отыр. Шағын кәсіпорындар белсенділігінің өндірістік саладан сауда және қаржы саласына ойысуы, көлегей рыноктың және салт қаражаттың ескерілмеген айналымының өрбуі сияқты проблемалар осындай факторлармен байланысты.

Сонымен бірге шағын кәсіпкерлікке 1994-1995 жылдары мемлекеттік қолдау көрсетудің федералдық бағдарламасындағы шараларды, Ресей Федерациясы үкіметінің қаржыны тұрақтандыру және инвестициялық белсенділікті ынталандыру бағытын жүзеге асырудың нәтижесінде шағын бизнеске қаржымен қолдау көрсетудің негізгі механизмдері қалыптасты. Қолданылып жүрген заңдарда шағын кәсіпорындар үшін елеулі салық жеңілдіктері көзделген. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету және бәсекелестікті дамыту қоры, сондай-ақ федералдық қаржы ресурстары және бағдарламалар мен жобаларды қаржыландырудың пысықталған механизмдері бар аймақтық қорлар шағын бизнес субъектілеріне қаржылай қолдау көрсету жөніндегі практикалық қызметке кірісті.

1996-1997 жылдары қаржы-несие қолдауы мынадай негізгі бағыттарды ұштастыруға тиіс:

1. Салық жеңілдіктерін беру және қолайлы инвестициялық ахуал жасау;

2. Шағын кәсіпорындарға қаржылай тікелей қолдау көрсету.

Тікелей және жанама қаржы-несиелік қолдау көрсету шараларын ұштастыру Ресейдегі шағын бизнес дамуының қазіргі кезеңінің жаңадан құрылып жатқан шағын кәсіпорындар үшін қажетті бастапқы капиталдың болмауы, шағын кәсіпорындардың көпшілігінің салық төлеуден жалтаруы, шағын бизнеске бағдарланған несие-қаржы

институттары жүйесінің дамымауы сияқты ерекшеліктеріне байланысты қажет болып отыр.

Салықты реттеу жөнінде мыналар ұсынылады:

- бірсыпыра ұсақ салықтарды жою (қазіргі кезде салық төлемдерінің 90 пайыздан астамы салықтардың бес негізгі түрлерінің үлесіне келіп отыр);

- салық салу туралы заңдарда тікелей қолданылатын нормалар және қаржы жылы ішінде салық алудың тәртібін белгілеу;

- салық алу кезіндегі аванстау тәртібін жою;

- салық айыппұлдары мен санкциялар түріндегі барлық түсімдерді тиісті бюджеттерге жіберу;

- салық органдарының салық салу мәселелері бойынша түсініктеме беру міндеттері заң жүзінде белгіленген.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің инвестициялық қызметіне қаржы-несиелік қолдау көрсету мыналар есебінен қамтамасыз етіледі:

- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларға қатысуы;

- шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қорлар мен басқа да мамандандырылған институттардың бюджеттен тыс көздерді тарту қызметін жандандыру;

- шағын бизнеспен жұмыс істейтін коммерциялық банктер мен басқа да қаржы институттары үшін жеңілдіктер беру жүйесін дамыту;

- тиімділігі жоғары инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне үлесті шартпен тікелей қаржы көмегін көрсету.

Қаржы-несиелік қолдау көрсететін инфрақұрылымды одан әрі дамыту:

- шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік және муниципалдық қорлар арқылы қаржы-несиелік қолдау көрсету нысандарын ұлғайтуды;

- несие кооперативтерінің (өзара несиелеу қоғамдарын), өзара сақтандыру жүйесін дамытуды;

- қорлар мен кәсіпкерлер бірлестіктерінің инвестицияларды қаржыландыру көздерін іздеу, бизнес-жоспарлар әзірлеу, инвесторлар келіссөздерін ұйымдастыру, даулы мәселелерді шешу саласындағы қызметін жандандыруды көздейді.

Федералдық бағдарламаның осы бөлімін жүзеге асырудың нәтижесінде шағын бизнес саласында қаржыны жинақтау мен инвестициялау шарттарын едәуір жеңілдету, жеке меншік инвестицияларды жандандыру белгіленген.

Кадрлар даярлау. Қазіргі кезде кәсіпкерлік қызмет саласы үшін кадрлар даярлау жөнінде едәуір тәжірибе жинақталған. Орталықты және көптеген аймақтарда халықты кәсіпкерлік қызмет саласында шұғыл даярлау үшін кадрлары, ұйымдық және интеллектуалдық потенциалы жеткілікті мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орындары дамып келеді. Алайда білім беру қызметіне деген сұраныс, әсіресе шет аймақтарда, бұрынғысынша қанағаттандырылмай отыр.

Шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің жайы өздерінің күнделікті қызметіне байланысты кадрлар даярлау деңгейінің жеткіліксіз екенін практика көрсетті. Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілерді, шағын кәсіпкерлікке федералдық және аймақтық деңгейлерде қолдау көрсету мәселелерімен шұғылданатын қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың қызметкерлерін, сондай-ақ базалық білім беру орталықтарының басшылары мен оқытушыларын даярлау мен қайта даярлау шараларын өткізу көзделіп отыр.

Осы бөлімдегі шаралар кәсіпкерлік қызмет саласы үшін, сондай-ақ шағын кәсіпкерлікпен өзара іс-қимыл жасайтын және оның дамуын басқаратын ұйымдар мен кәсіпорындар үшін кадрлар даярлауды көздейді.

Басты мақсат – білікті кадрлар даярлау үшін оқу орындары мен ұйымдар жүйесін нығайту мен ұлғайту мақсатында

қолда бар интеллектуалдық, материалдық, қаражаттық, ұйымдық ресурстарды іске қосу.

Қазіргі кезде бар және өздерін жақсы жағынан көрсеткен методикалар негізінде халықтың түрлі топтарын сапалы жоғары деңгейде даярлауға мүмкіндік беретін базалық методикалар белгіленуде.

Оқыту және мемлекеттік құралдарды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орындарын сертификаттау жүйесі енгізіледі. Сертификаттау жария түрде, сертификатталатын оқу орнының меншік нысаны мен құқықтық мәртебесін шектеместен өткізіледі. Сертификаттаудан өткен құрылымдар шағын бизнес саласы үшін және оған мемлекеттік қолдау көрсету үшін кадрлар даярлауға мемлекеттік (аймақтық, муниципалдық) тапсырыс алудың басым құқығына ие болады. Кадрлар даярлауға, ғылыми-методикалық қамсыздандыру жүйесін жасауға федералдық бюджеттен қаражат жария өткізілетін конкурс арқылы іріктеу (тендер) негізінде бөлінеді. Сол арқылы білім беру рыногындағы бәсекелестік ынталандырылады.

Сан алуан меншік түріндегі шағын кәсіпорындардың қызметін ынталандыратын салық жеңілдіктерінің енгізілуі табыстың бір бөлігін қызметкер даярлау ісіне бөлуге мүмкіндік берген болар еді.

Халықтың түрлі топтары үшін күндіз және жедел білім беру нысандары өз бетінше білім алу, бұқаралық ақпарат құралдарын, нарықтық экономика мен кәсіпкерлік қызмет негіздері бойынша халықтың қалың топтарына түсінікті әдебиетті пайдалана отырып, компьютер бағдарламалары мен бейне бағдарламаларды, осы заманғы техникалық құралдарды тарата отырып оқыту әдістерін әзірлеумен және енгізумен толықтырылуда.

Жетекші оқу құрылымдарының оң тәжірибесін орнықтыру мен тарату шаралары қолданылуда. Көзделген ша-

раларды жүзеге асыру барысында, соның ішінде шағын кәсіпкерлікпен белсенді түрде ынтымақтасқан салалар үшін, кадрлар даярлау мен қайта даярлау жүйесі жолға қойылатын болады.

4.3 Аймақтық шағын бизнес

Экономиканы құрылымдық жағынан қайта құрудың жолы – негізінен мемлекеттік емес меншік нысандарын пайдаланатын шағын және орташа кәсіпорындардың үлес салмағын арттыру. Бұл жағдайда ондай кәсіпорындар саны тек қазіргі кездегі мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру есебінен емес, жаңа кәсіпкерлік құрылымдар есебінен көбейтілуге тиіс. Сондай кәсіпорындар құру және олардың қуатын арттыру аймақтық саясаттың маңызды құрамдас бөлігіне айналуы керек.

Аймақтық деңгейде шағын кәсіпкерлік жөніндегі саясат аймақтың әлеуметтік-экономикалық саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыру кезеңдерінің жалпы жүйесімен ұштасуға тиіс. Бұл жерде:

- аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының концепциясы мен бағдарламасын әзірлеу (оларда шағын кәсіпкерліктің орны мен рөлі белгіленеді және шағын кәсіпкерлікке өзіндік аймақтық тапсырыс қалыптастырылады);
- шағын кәсіпкерлікті дамытудың аймақтық бағдарламасын әзірлеу;
- аймақта шағын кәсіпкерлікті басқару мен реттеудің ұйымдық құрылымының жүйесін жасау;
- шағын кәсіпкерліктің өзін-өзі ұйымдастыру жүйесін жасау;
- жергілікті әкімшіліктің шағын кәсіпкерлікке басқарушы ықпалының нысандары мен әдістерінің жүйесін қолдану;

- шағын кәсіпорындарды дамытудың бизнес-жоспарлары мен бағдарламаларын қалыптастыру көзделген.

Аймақта кәсіпкерлікті басқарудың негізгі принциптері мыналарды көздейді:

- кәсіпкерліктің түрлеріне қарамастан оны дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау;

- шаруашылық жүргізуші субъектілердің ауқаттылығын қамтамасыз ету;

- олардың қызметін ең алдымен экономикалық және қаржы стимулдарын пайдалана үйлестіру;

- жергілікті органдардың шаруашылық жүргізуші субъектілермен өзара тиімді шартты және экономикалық қатынастарын орнату;

- қала тіршілігінің ерекше маңызды міндеттерінің шешілуін қамтамасыз ету үшін шектеулі мөлшерде әкімшілік шараларын қолдану;

- қалаға қызмет көрсететін бірқатар кәсіпорындардың негізгі функциялық мақсатын белгілеу;

- кәсіпкерлік саласында азаматтар құқықтарының бұзылуына, табиғи ресурстардың жыртықшылықпен пайдаланылуына жол бермеу;

- кәсіпкерлік қызмет түрлерінің дамуын құрылымдық реттеу;

- аумақтық ресурстардың және ең алдымен жер ресурстарының пайдаланылуын реттеу;

- шағын бизнес кәсіпорындарын тіркеу тәртібін оңайлату.

Ірі аймақтағы шағын кәсіпкерлік жөнінде аумақтық саясатты нақтылай жүзеге асыру үшін арнаулы ұйымдық құрылым жасау қажет. Мұның өзі жаңа бюрократтық аппарат құрылуын білдірмейді, ең алдымен қала басқармасында бар құрылымдардың функцияларын және шағын кәсіпорындармен қарым-қатынастарын ретке келтіруді көздейді. Кейбір жағдайларда шағын кәсіпкерлікке неғұрлым пәрменді ықпал жасау үшін жұмыс істеп тұрған

органдар негізінде жаңа арнайы органдар құрылуы мүмкін.

Бұл құрылымда бірнеше лауазым деңгейін бөліп көрсетуге болады.

Бірінші деңгей – өкілді билік органдары, бұл деңгейде шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетуге бюджеттен бөлінетін қаражат белгіленеді.

Екінші деңгей – үкімет пен облыстық, қалалық және федералдық бағыныстағы салалық комитеттер, сондай-ақ аудандық әкімшіліктер түріндегі басқару органдары. Олар тікелей басқаруды, аумақтағы кәсіпкерлермен байланысты жүзеге асырады. Мұнда түрлі мәселелер - кәсіпорындар тобына жеңілдіктер беруден, жекелеген қызмет түрлерін лицензиялаудан, жарғылық құжаттарды тіркеуден, үй-жайларды жалдаудан бастап, құрылысқа жер учаскелерін беруге дейінгі мәселелер шешіледі.

Үшінші деңгей – әкімшілікке кірмеген құрылымдар, олар инфрақұрылымдық қызмет көрсету (технологиялық орталықтар, қаржы, сақтандыру, лизинг құрылымдары, көрмелер мен жәрмеңкелер, ақпараттық-мәдени орталықтар, бизнес-инкубаторлар), консультациялық бағдарламалар әзірлеу мен жүзеге асыру, кадрлар оқыту, бағдарламалар мен жобаларды мәліметтермен қамтамасыз ету ісінде шағын кәсіпкерлікке белгілі бір жәрдем көрсетеді. Жобаларды қаржыландыру, кепілдеме операцияларын ресімдеу жөнінде қызмет көрсететін несие-қаржы саласының кәсіпорындары да осы деңгейде және т.т. Тәжірибенің көрсетіп отырғанындай, кәсіпкерлік қызметті үйлестіру мен оған жәрдем көрсету жөніндегі жалпықалалық кеңестің (орталықтың) бұл құрылымдар арасында ерекше маңызы бар. Оның міндеттері - қала шаруашылығының артықшылықтарын, экономикалық «қуыстарды» (капитал жұмсау салаларын) негізге ала отырып, ұсыныстар әзірлеу, кәсіпорындар ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар беру, әлеуметтік маңызы бар міндеттер

шешуді қолға алатын кәсіпорындарға жеңілдіктер белгілеу. Бұл орган шағын кәсіпорындарға арналған рынокты қорғау, бірлескен кәсіпорындар ұйымдастыру, батыстағы әріптестерге кепілдіктер беру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдай алады және т.т.

Төртінші деңгейді тікелей шағын бизнес саласының кәсіпорындары құрайды.

Шағын бизнестің маңызы, оның қала экономикасындағы рөлі және әлеуметтік-экономикалық функциялары тек рынокты ең қажет заттармен молықтырумен және бұрынғы ғылыми қызметкерлерді, студенттер мен зейнеткерлерді жұмыспен қамтумен шектелмейді. Шағын кәсіпкерлік өндіргіш күштердің реформадан бұрынғы кезеңдегіден өзгеше ұйымдастырылуын және өндірістің өзгеше басқарылуын білдіреді. Өндіріс пәрменді дамытылған жағдайда:

- ресурстарды баламалы пайдалану мүмкін болады, ол ресурстар иелерінің қалың тобының бар болуымен қамтамасыз етіледі;

- тауар өндірушілердің нақты мамандануы тереңдетіледі, қажеттер өзара тиімді тауар-ақша айырбасы негізінде қанағаттандырылады (әңгіме технологиялық цикльдің көлік шаруашылығын күтіп ұстаудан бастап, пионер лагерьлері мен пансионаттарға дейінгі барлық буындарын бір кәсіпорында шоғырландырылмайтыны жайында болып отыр);

- шығынның мультипликациялық әсері, бұл жағдайда бір ірі компанияның өніміне немесе бір банктің қызметіне сұраныстың ұлғаюы, демек, олардың гүлденуі сыртқы экономикалық факторларға емес, жергілікті тұтынушылар мен клиенттердің төлем қабілетіне байланысты болады;

- кәсіпорындардың көлеміне тікелей байланысты басқару тиімділігі (500-ге дейін адам жұмыс істейтін кәсіпорынды басқарудың тиімді екені дәлелденді);

- монополизм болмайды, түрлі өнім шығаратын

кәсіпорындардың рыноктық құрылымы басым болады және салаға кіру үшін кедергілер қойылмайды.

Кәсіпкерлік сектор қалыптастыру проблемасының кешенді сипаты оған қолдау көрсетудің тиімді инвестициялық-қаржы механизмін жасауды қажет етеді. Осы күрделі әдеттен тыс проблеманы аймақтық деңгейде қолда бар әдістермен жоспарлаудың қазіргі жүйесі жағдайларында шешу екіталай. Оны, біздің ойымызша, тек жүйелі түрде қолға алу негізінде ғана шешуге болады, мұның өзі жекелеген элементтер мен жай байланыстарға талдау жасаудан мақсат ортақтығы біріктірген түрлі элементтер жиынтығын зерттеуге көшу деген сөз.

Соңғы жылдары кешенді, санқырлы міндеттерді шешу үшін кең тараған бағдарламалы-мақсатты әдістердің жаңа көзқарас шеңберінде әзірленген принциптері мен құралдары бұл жағдайда ерекше тиімді болуы мүмкін. Кешенді әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешудің бағдарламалы-мақсатты әдістерінің артықшылығы мынада: жергілікті мақсаттарды жалпылама мақсаттарға бағындыруға, проблемаларды маңызына қарай шешуге, стратегиялық маңызы бар проблемаларға баса көңіл бөлуге, басқару функцияларын басқаға беруге болады, бағдарлама кезеңдерін орындаушылар түпкі нәтижелерге жетуге мүдделі болады.

Бағдарламалы-мақсатты әдістерді пайдалану кезінде уақытша құрылымдар қолданылып жүрген басқару жүйесіне кірістірілгендей болады, мұның өзі осы жүйенің ұтқырлығын арттырады және ресурстармен кең көлемді іс-қимылдар жасау үшін мүмкіндіктер ашады. Қазіргі басқару құрылымдарында бөлімшелер жалпы мақсатты емес, ал өзінің нақты функциясын бағдар ете дамуға бейім, оның өзі олардың жалпы жүйе мүдделерін елеместен өзін-өзі қорғауға деген ұмтылысын туғызады және өзгерістерге қарсылық көрсетілуіне, жанжалдарға және стратегиялық міндеттер рөлінің кемуіне әкеліп соғады.

Осы позициялар тұрғысынан шағын және орташа бизнеске қолдау көрсетудің аймақтық бағдарламасын әзірлеу керек.

Шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің кешенді бағдарламасын әзірлеу негізіне:

1. бағдарламаны әзірлеу мен жүзеге асырудың арнаулы механизмін жасауды қажет ететін ғылыми негіздеме;

2. бағдарламаны басқаруды барынша мүмкін ету, оның икемділігін және басшылық стратегиясы мен тактикасының өзгеруіне шұғыл көңіл бөлінуін қамтамасыз ету;

3. бағдарламаны басқарудың ұйымдық құрылымының жасалуы мен жұмыс істеуі процесіне мақсатты сипат беру;

4. бағдарламалы-мақсатты басқару органдарының өкілеттіктерін экономикалық және құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету принциптерін алуға болады.

Бағдарлама әзірлеудің бастапқы негізі – оның мақсаттарын негіздеу мен таңдау. Кең мағынада алғанда мақсат дегеніміз - жүйенің күтілетін жағдайы немесе оны жүзеге асыру барысында алынуға тиісті нәтиже. Басты мақсат - елдегі шағын кәсіпкерлік жүйесін дамыған еуропалық елдер деңгейіне жеткізу.

Бағдарламалы-мақсатты басқару методологиясына сәйкес келесі кезең кең ауқымды мақсатты қосымша мақсаттар, функциялар, міндеттер және нақты жұмыстар мен шаралар етіп бөлшектеу болып табылады.

Мақсаттардың мұндай құрылымы өзгермелі экономикалық жағдайды және бағдарламаның жүзеге асырылуын негізге ала отырып, әзірлеу және түзету енгізу процесін автоматтандыруға, сол арқылы бағдарламаны орындау ісінің оралымды басқарылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Шағын кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамытудың бағдарламалы-мақсатты жолы, бір жағынан, осы бағдарламаны әзірлеу мен жүзеге асырудың тиімді технологиясын жасауға, екінші жағынан тиісті инфрақұрылым

қалыптастыруға және кәсіпкерлерді қызметпен қамтамасыз етуге, оларға қолдау көрсетудің басты бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Сонымен, методикалық бағдарлама мынадай функциялық блоктар жиынтығы болып табылады:

- жалпы ережелер;
- ұйымдық-методикалық блок;
- мақсаттар мен міндеттер;
- инфрақұрылымдық блок;
- сыртқы байланыстар блогы;
- қаржымен қамтамасыз ету блогы.
- құқық қамтамасыз ету блогы,

Кәсіпкерлікті дамытудың негізгі бағыттары мыналар болуға тиіс:

Әлеуметтік сала:

- жеке тұрғын үйлер салу, тұрғын үйлер мен үй жайларды жөндеу жолымен тұрғын үй проблемасын шешуге қатысу;

- құрылыс материалдарын, конструкциялар және бұйымдар өндіру және сырттан әкелу;

- жер учаскелерін коттедждік құрылыс үшін әзірлеу мен қалпына келтіру;

- азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен сауданы, соның ішінде баспа-бас негізде және импорт бойынша дамыту;

- төмен бағамен тамақтануды қамтамасыз ететін кәсіпорындарға басым қолдау көрсете отырып, қоғамдық тамақтандыруды жаңа объектілер жасау жолымен дамыту;

- тікелей тұтынушыларға қызмет көрсете отырып халыққа тұрмыстық қызмет көрсетілуін жетілдіру, қызмет көрсету жүйесін ұлғайту, тапсырыстар қабылдау мен орындаудың жаңа түрлерін енгізу;

- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту, оны халықтың коммуналдық төлемдерін күрт көбейтпестен залалды шаруашылықтар қатарынан шығару;

өнеркәсіп және құрылыс қоқысының жиналуын және кешенді өңделуін қамтамасыз ету, қала үйінділерін жою;

- халыққа көлікпен қызмет көрсетудің жаңа түрлері;
- дене мәдениетінің, әсіресе қалалық ықшам аудандар деңгейінде, қалыптасуы;

- әлеуметтік қамсыздандыру мүмкіндіктерін, соның ішінде мемлекеттік құралдар мен қайырымдылықтың қатысуымен, ұлғайту;

- халыққа білім берудің жаңа түрлерін, тәуелсіз жоғары оқу орындарын, мектептерді, университеттерді дамыту;

- мәдени-ағарту мекемелерін коммерциялау деңгейін төмендету, мәдени бағдарламаларға демеушілік жасау.

Күрделі құрылыс:

- құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын жасап шығару;

- түрлі объектілерді қайта жаңарту мен жаңғырту;

- жобалау-конструкторлық, консультациялық қызметтер көрсету, түрлі объектілер салудың мүмкіндігі мен қажеттілігіне тәуелсіз сараптама жасау;

- қаланың ескі бөлігін күрделі жөндеу жөніндегі жобалау жұмыстарын жүргізу және осы жұмыстар бойынша бағдарламаға қатысу;

- коттеждер құрылысының жобаларын әзірлеу мен енгізу.

Халықты жұмыспен қамту:

- ірі кәсіпорындар жұмысшыларының санын қысқарту үшін жаңа жұмыс орындарын ашу;

- жұмыссыздық, жұмыспен қамту проблемаларын, нақты аумақтардың әлеуметтік проблемаларын психологиялық және социологиялық әдістермен зерттеу, зерттеулер мен ұсыныстар;

- кадрларды, әсіресе жұмыстан шығып қалған жастарды оқыту, даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

Табиғатты ұтымды пайдалану және табиғат қорғау:

- экологиялық бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу, тәуелсіз экологиялық сараптама жасау;

- экологиялық таза өндірістік-технологиялық жабдық, суды тазарту, сүзу және қайталап пайдалану құралдарын әзірлеу мен өндіру;

- аумақтық экологиялық кәсіпорындар мен экологиялық таза аймақтар жасау;

- табиғат қорғау шараларын жүзеге асыру, табиғат қорғау аймақтарында жерді қалпына келтіру.

Сыртқы экономикалық қызмет:

- сыртқы экономикалық қызметке, әсіресе аймақ пен қала проблемаларын шешуге мүмкіндік беретін бағыттарға қатысу;

- қала проблемаларын өзара тиімді негізде шешу үшін шетелдік кәсіпкерлерді, қорларды, қоғамдық ұйымдарды тарту;

- бөлінген валютаны қала қажетіне пайдалану;

- жобаларға алдын-ала сараптама жасау және жаңа өндірістік қуаттар жасау үшін шетелдік инвестицияларды тарту жөнінде келісімдер жасасу, бұл жағдайда кәсіпкерлік жобаларға сараптама жасау функциясын осы салада тіркелген, қаланы басқару органдары сенетін консалтинг фирмаларына жүктеген жөн.

Халықтың тауарлар мен қызмет жөніндегі қажеттерін қанағаттандыру:

- түпкі тауарлар өндіру, жұмыс істеу, қызмет көрсету;

- тұтыну тауарлары мен қызмет рыногын ұлғайту, қала тұрғындарының дәстүрлерін, талғам-талаптарын ескере жоғары сапалы тауарлар өндіру;

- қызмет көрсетудің және халықтың әлеуметтік қажеттерін қанағаттандырудың жаңа түрлерін енгізу.

Кәсіпкерлерді шикізатпен және тауармен қамтамасыз ету:

- аумақаралық сауда мен аумақ ішіндегі сауданы және

биржалар арқылы шикізат пен тауар алмасылуын қамтамасыз ету;

- қала тапсырыстары бойынша жұмыс істейтін шағын және орташа бизнес кәсіпорындарын материалмен және техникамен, соның ішінде коммерциялық негізде, кепілді түрде қамтамасыз ету;

- тауармен және шикізатпен қамтамасыз ету, ресурспен жабдықтау, шикізатты кешенді, соның ішінде қайталап пайдалану мәселелері бойынша кәсіпкерлік құрылымдарды үйлестіру.

Инновациялық және ақпараттық қызмет:

- ақпараттық, коммерциялық, технологиялық және салааралық байланыстарды, соның ішінде аймақтан тыс жерлерде, әзірлеу мен жүзеге асыру;

- жоғары технологиялы өнімдер, ноу-хау, патенттер саласындағы деректер мен ақпаратты дамыту;

- инновациялық қамсыздандыру - несиелер, субсидиялар, бағдарламалар, үйлестіруші, консультациялық көмек;

- ақпаратпен қамтамасыз ету, ақпараттық-коммерциялық орталықтар ұйымдастыру;

- өндірісті мамандандырудың, шоғырландырудың және коперациялаудың прогресті түрлерін дамыту;

- жоғарғы мемлекеттік билік және басқару органдарына инновацияларды жоспарлау және оларды материалдық ресурстармен қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар жасау.

Алайда аймақтарда кәсіпкерлік қызметке қолдау көрсетудің ең алдымен аймақ қажеттерін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдық-шаруашылық, қаржы және құқық жүйесінің әлі де құрылмағанын практика көрсетіп отыр. Осының салдарынан билік орындары шағын бизнес қызметіне оралымды ықпал ету, қала үшін басты бағыттарды дамыту мүмкіндігінен айырылған. Осыған байланысты шағын кәсіпкерлік стратегиясын әзірлеу қажет, ол кәсіпкерлікті дамытудың салалық және аймақтық ерекшеліктерін біртұтас етіп және кезеңдер бойынша ұштастырған болар еді.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы экономикалық және әлеуметтік орта қалыптастыру мақсатында мыналарды көздеу қажет:

- кәсіпкерлік секторға мемлекеттік қолдау ұйымдастыру шараларын әзірлеу мен орындау, соның ішінде салық жеңілдіктері мен банк несиелерін алу, қаржымен қолдау көрсету қорларын ұйымдастыру, материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету;

- жаңа Азаматтық кодекс негізінде тіркеудің оңайлатылған рәсімін қамтамасыз етіп, қызметтік, өндірістік үй-жайлар, оларды жалдау жөніндегі жеңілдіктер беру;

- «Қалалық (муниципалдық) тапсырысты орындау туралы ереже» әзірлеу, қала шаруашылығының салаларында жұмыс орындау үшін кәсіпкерлік сектор кәсіпорындарының оны конкурстық негізде алуы;

- кәсіпкерлік сектор қызметкерлері кадрларын даярлау мен қайта даярлау жүйесін жасау, семинарлар өткізуге қатысу, бизнес мектептерінің, бизнес-клубтардың және басқа бөлімшелердің жоғары кәсіптік деңгейде жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оларды тіркеу;

- шағын кәсіпкерлікті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және оның инвестициялық белсенділігін ынталандыру жүйесін жасау, кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге ірі өнеркәсіп және қаржы құрылымдарын тарту, несие қатынастарын, соның ішінде лизинг қызметін дамыту, шағын кәсіпкерлердің несие одақтарын құру;

- кәсіпорындарға аудиторлық қызмет көрсету жүйесін әзірлеу мен бақылау;

- мүліктік және коммерциялық сақтандыру жүйесін әзірлеу мен бақылау;

- бизнес-орталықтар ұйымдастыру, шағын және орташа бизнес деректерінің ақпараттық базасын бөлу;

- бірлескен өндірістер мен ғылыми іздеулер жобаларын отандық және шетелдік әріптестермен бірге әзірлеуге қатысу;

- экономиканың кәсіпкерлік секторы жұмысының отандық озық тәжірибесін зерттеу, насихаттау және енгізу жөнінде ұйымдастырушылық жұмыс жүргізу;

- кәсіпкерлікті дамыту проблемалары бойынша қоғамдық бірлестіктермен, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау;

- кәсіпкерлердің экономикалық, құқықтық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесін жасау;

- кеңес шешімдерінің, мэр өкімдерінің, анықтама материалдарының, кәсіпкерлікті дамыту проблемалары бойынша аймақтық ерекшеліктер ескерілген басқа да шаралардың жобаларын әзірлеу.

Аймақтық ерекшеліктерді ескере кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыру аймақта кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік стратегиясын жасауға мүмкіндік береді, бұл жағдайда ел аумағында кешенді шаруашылық қалыптастыру процесінде аумақты мамандандырудың тереңдетілуін және интеграциялық байланыстардың қалпына келтірілуін ескеру керек. Бағдарлама үш кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезеңде шағын кәсіпкерлікке ұйымдық-қаржылық қолдау көрсету жөніндегі бірінші кезекті шаралардың жүзеге асырылуы, нақты айтқанда:

- шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсету органдары мен құрылымдарын қалыптастыру;

- жоспарланатын шараларға сәйкес қаражат пен материалдық ресурстар бөлу мен тарату белгіленген.

Бағдарламаны орындаудың алғышарттарын жасау, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, қаржымен қамтамасыз ету механизмін іске қосу осы кезеңнің қорытындысы болып табылады.

Екінші кезеңде қолдау инфрақұрылымын жасау жөніндегі тұрақтандырушы шаралар жүргізіледі, шағын

кәсіпкерлікті ресурстармен (ақпарат, үй-жай, кадрлар) қамтамасыз ету жүйесі қалыптасады, оның инвестициялық белсенділігі және бағдарламаға қатысуы ынталандырылады.

Жобалардың жүзеге асырылуы осы кезеңде бағдарлама механизмін нақты жүзеге асыру ісіне кірісуге және одан кейін, үшінші кезеңде, аймақты дамытудың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешу ісіне кеңінен қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4.4 Кәсіпкерлікті дамытудың шетелдік тәжірибесі

Нарықтық экономикаға көшу кәсіпкерлікті ұйымдастыру және тиісінше, кәсіпкерлер мен менеджерлердің іс-қимылы бойынша арнаулы әдебиет пен жетекші бағыт беретін материалдар басып шығаруды шұғыл қажет етті. Осыған байланысты шаруашылық жүргізудің шетелдік тәжірибесі өте пайдалы. Алайда шетелдік тәжірибенің, кәсіпкерлік қызметтің сырттай қызықты болып көрінетін оқиғаларының және шаруашылық жүргізудің бірегей модельдерінің әр жерден суыртпақтап алынған жүйесіз сипаттамаларының іске жаңадан кіріскен кәсіпкерге берері аз, өйткені оның неден бастау, іске қалай кірісу керек екенін білуі керек.

Жаңадан бастайтын кәсіпкерге фирманы басқару жүйесінің өзіндік «қаңқасын» қалай да қалайтын құрылымдық схемалардың белгілі бір жиынтығын ескеру өте пайдалы.

Біз оларды «басқару бағдарлары» деп атаймыз. Шет елдерде менеджмент және кәсіпкерлік негіздері бойынша көптеген арнаулы материалдар басып шығарылған, олар практиктерге, соның ішінде экономист еместерге бағышталған. Әдетте олар өз ісін ашуға – фирма құруға тәуекел еткен жаңа кәсіпкер жүйелі түрде жасайтын қадамдардың сипаттамасы қарапайым логикалық схема түрінде, немесе бизнес-жоспар түрінде берілген методикалар.

Бұл методикалардың ерекшелігі – ең алдымен олардың авторларының іске жаңадан кіріскен кәсіпкерге деген «жолдастық» ықыласы, екінші жағынан – оқып-үйренуге ұсынылған материалдың іскерлік бағыты мен практикалық маңызы үшін кәсіпкер алдындағы жоғары жауапкершілігі. Жоғарыда айтылған бағдарлар іс жүзінде осында берілген.

Төменде шетелдік фирмадағы кәсіпкерліктің принциптері мен логикасын бейнелейтін схема ықшамдап берілген. Бастапқы позиция мынадай: кәсіпкер, өз қызмет орнына және функциялық міндеттеріне қарамастан, нарықтық макро- және микроэкономиканың жалпы негіздерін білуге міндетті. Бастапқы міндетті ұғымдар қатарына мына элементтер қосылады. Нарықтық экономика – экономикалық өмірді демейтін жүйе, оның нақ жүйе ретінде жұмыс істей алуы үшін еңбек бөлінісіне сүйенетін, кейінгі процестердің - айырбастың, бөлудің және тұтынудың негізгі пункті болатын өнеркәсіп өндірісі қажет. Осы кезеңдердің жиынтығы экономикалық айналым құрайды. Экономикалық айналымның басты субъектілерінің – фирманың, өз бюджетімен және мемлекет бюджетімен отбасының – іс-қимылдары сайып келгенде жүйедегі тепе-теңдікті, балансты қамтамасыз етуге тиіс. Заңдар жүйенің құрамдас бөліктерінің үйлесімді дамуы үшін жағдайлар жасалуына кепілдік береді. Экономикалық айналымның басты шарты – неше түрлі құбылыстар болатын, тауар ақшаға және ақша тауарға айналатын рыноктың болуы.

Кәсіпкерлік принциптері негізінен көпқырлы. Кәсіпкер өз іс-қимыл стратегиясын қазіргі заманғы фирманың нарықтық экономикадағы рөлін ескере отырып белгілейді. Сатып алушыны бағдар ету – қазіргі кәсіпкерлік қызметтің негіз қалаушы принципі мен саясаты.

Кәсіпкерлік жүйесі ретінде фирманың шектес ортаға кіріп, шығатын көптеген жолдары бар, бұған кәсіпкер мұқият көңіл бөлуге тиіс. Байланыс субъектілері мыналар: 1) аса маңызды бәсекелестер; 2) аса маңызды жабдықтаушылар; 3)

аса маңызды сатып алушылар; 4) корпорациялар; 5) орталық және жергілікті билік орындары; 6) азаматтық инициативалар (мысалы, «жасылдар» қозғалысы); 7) кәсіподақтар; 8) діни топтар және т.т.

Фирма алуан түрлі бағдарлар мен шектеулер, реттеуші нормалар, заң нұсқамалары, әлеуметтік, этникалық және басқа талаптар ортасында жұмыс істейді. Солардың ең бастылары:

- фирманың тіршілік философиясы (кәсіпкерлікті дамыту идеялары мен мақсаттары);
- заңдар мен кәсіпкерліктің басқа да құқықтық актілері;
- менеджмент принциптері мен мақсаттары;
- әлеуметтік әріптестік нормалары мен талаптары;
- фирманы дамыту дәстүрлері мен кезеңдері;
- корпоративтік нұсқамалар мен әдеп нормалары;
- ГТП және технология;
- жалпыадамзат және мәдениет өлшемдері мен құндылықтары.

Фирманың тіршілік философиясы – жалпы алғанда фирманың, сондай-ақ оның жекелеген қызметкерінің өзіндік іс-қимыл кодексі болып табылатын, мезгіл-мезгіл жаңартылып отыратын және баспаханада басып шығарылатын ресми құжат (біздің практикамызда кездеспейді). Мемлекеттік басқарудың орталықтандырылған жүйесі жағдайында бейіні мен көлемі бірдей кәсіпорындардың бір-бірінен айырмашылығы шамалы. Ал рынок жағдайларында әрбір кәсіпорынның, керісінше, өз бейнесі, нақты жұмыс стилі, өз тіршілік философиясы бар. Фирма философиясы - бастапқы база, принципті идея, фирманы дамытудың басты қозғаушы күші.

Философия кәсіпкердің ойы мен ісі түрткі болған себептерді іздеуге неліктен бағытталғаны жөнінде сұрақ қойып, сол сұраққа жауап қайтарады, фирма іс-қимылының мәні мен мақсатының себептері мен түпнегізін зерттейді, іске қосылатын активтерге баға береді.

Фирма философиясының аса маңызды құрамдас бөлігі – басқару моделі. Онда кәсіпорын жұмысының, оны ұйымдастырудың негізгі принциптері, ұзақ мерзімді өндірістік, кәсіпкерлік және әлеуметтік нұсқамалар, өнім өткізілетін рыноктардың, қызметкерлердің жұмысын ынталандыру түрлері және әлеуметтік әріптестік шарттары сипатталған. Өзірленетін және үнемі жаңартылатын модель нақты жүзеге асатын, іске аспайтын элементтерсіз болуға, басшылықтың жоспарланған мақсаттарға жетуге әзірлік деңгейімен және қабілетімен сәйкестендірілуге, өндіріс мәдениеті мен әлеуметтік әділдік талаптарын білдіруге тиіс.

Фирманың мақсаттары белгіленген кезде оның нақты потенциалы мен қоршаған орта жағдайы – рынок потенциалы ескеріледі. Фирма потенциалының негізгі көрсеткіштері – пайда мен рентабельділік, шығынның орнын толтыру дәрежесі мен сипаты, қорлар мен инвестициялардың жаңаруы, зерттеулер мен талдамалардың қарқыны. Рынок потенциалы негізінен рыноктың өсуімен және фирма үшін рыноктың үлесімен, сондай-ақ рынок бәсекесі мен конъюктурасы жүйесіндегі жалпы жағдаймен сипатталады.

Екі түрлі мақсаттар белгіленеді:

Сан – рыноктық – айналым, өсім, рыноктағы үлес; экономикалық пайда, рентабельділік; қаржылық – капитал, бейне, фирмадағы жұмыстың әлеуметтік жағдайлары.

Модельде сондай-ақ басқару механизмінің сипаттамасы болып, онда фирма жұмысының ерекшелігі көрсетіледі. Басқарудың қосалқы жүйелерінің құрылымында мыналар болады: 1) материалдық шаруашылық; 2) өндіріс; 3) өнім өткізу; 4) жұмысшылар; 5) капитал мен инвестициялар; 6) ақпарат.

Қосалқы жүйелердің әрқайсысы шеңберінде басқару функциясы жүзеге асырылады, олар үшеу: ұйымдастыру, жоспарлау, контроллинг. Ұйымдастыру менеджердің жекелеген процестерді материалдық-заттық тұрғыдан

да, кеңістік пен уақыт тұрғысынан да өзара үйлестіруін көздейді. Жоспарлау екі саланы қамтиды: 1) ұзақ мерзімді мақсаттарға жетуге бағытталған стратегиялық жоспарлау; 2) фирмадағы басқарудың барлық орта деңгейлерін қамтитын оралымды жоспарлау (өндірістік факторлар және резервтер). Контроллинг өндіріс пен кәсіпкерліктің жекелеген функциялық салаларының өзара іс-қимылдарын үйлестіруге, осал жерлерді анықтап, жоюға, резервтерді ашуға қызмет етеді. Контроллинг процесінде жоспар мен фактіні салыстыру мақсатты, күтілетін нәтижені және оларға қол жеткізу құралдарын салыстыруға мүмкіндік береді. Контроллинг – кәсіпкерлік инициативалар базасы.

Кәсіпкерлік идеяларды тікелей жүзеге асыру мына факторларға байланысты: мақсаттар мен міндеттерді дұрыс, айқын тұжырымдау; ақшалай қаржыландыру мөлшері; өндіріс пен басқаруды ұйымдастыру; маркетинг қызметінің потенциалы. Идеяларды нақты жүзеге асыру (фирманы құру немесе дамыту) жоспарлар жүйесін жасаумен байланысты. Олардың құрылымы мен жүйелілігі мынадай:

Өнім өткізу жоспары тұтынушылар мен рыноктар топтарына орай сан бойынша бірнеше жылға белгіленеді.

Айналым жоспары өнім өткізу жоспарының деректері бойынша есептеледі. Сан өнімнің даналап сатылатын бағасына көбейтіледі.

Өндіріс жоспары өнім өткізу жоспарының деректері бойынша есептеледі; уақыт пен жұмыс күші жөніндегі қажетті анықтай отырып, технологиялық процестер сипаттамасы енгізіледі.

Қуаттар жоспары өндірістік алаңдар, машиналар, коммуникациялар түрінде белгіленеді және т.т.

Инвестициялар жоспарында қызметкерлер жөніндегі қажет, олардың біліктілігі, ақы төлеу принципі мен тәртібі анықталады.

Материалдық-техникалық жабдықтау жоспары ас-

сортимент тұрғысынан өндіріс көлемін негізге ала отырып есептеледі.

Материалдық қор жоспары – ағымдағы материалдық қорлар анықталады.

Дайын бұйымдар қорларының жоспары – қоймадағы дайын бұйымдар қоры анықталады.

Қаржы жоспары – қаншама капитал қажет болатыны және оны тарту көздерінің қандай екені белгіленеді.

Өтімділік жоспарында оралымды қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпорынға қаншама (ағымдағы) қаражат қажет екені туралы қажетті мәліметтер болады.

Жоспар балансында кәсіпорынның қаржы жағдайы оның қарыздарымен салыстырылады.

Фирмада басқару процестерінің басым бөлігі әміршіл емес режимде жүзеге асырылады. Міндет – әрбір жеке адамның күш-жігерін фирманың басты мақсатына жетуге жұмылдыру. Осыған байланысты фирманың тіршілік қабілетін және дамуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылдар жиынтығын алып айсбергпен теңеуге болады, оның үштен бірі – көзге көрінетін бөлігі (өндірісті ұйымдастыру, жабдықтау, өнім өткізу, инвестициялар, қуаттар, жоспарлау, контроллинг, кадрлар және т.т.) және үштен екісі – көзге көрінбейтін бөлігі, яғни қызметкерлер жөніндегі менеджмент, ол рынок организмінің субъектілері – адамдардың іс-қимылын сипаттайтын ерекше факторлар мен импульстерге негізделген. Олардың негізгілері мыналар:

1. Құндылықтар:

- меншік иесі құндылығы (фирманың табысы, пайда);
- қоғам мүшесі құндылығы (қоғамдық пайдалылық);
- әріптес құндылығы (ынтымақ) жүйесі.

2. Өзін-өзі басқаруға ұмтылу (инициатива, тапқырлық, тәуекел етуге әзірлік).

3. Моралдық-этикалық факторлар (сенім, ашықтық, адалдық, опасыздық, пайдакүнемдік, шамшылдық).

4. Саяси нұсқамалар (жеке, партиялық).

Фирма мақсаттарына жету үшін менеджменттің түрлі әдістері пайдаланылады. Ауқым, интенсивтілік және әдістерді қолдану саласы жағдайға, фирманың дәстүрлеріне, қызметкерлердің даярлық деңгейіне байланысты. Осы әдістердің қайтарымы менеджердің кәсіптік біліктілігі мен тәжірибесіне, инициативасына, шығармашылығына, іс-қимыл ширақтығына, пысықтығына, қабылданған басқару стиліне, себеп-салдар түрлеріне байланысты.

Менеджмент әдістері өкілеттіктер беру құралдары мен тәсілдерін пайдалануға, фирма мақсаттарын орындаушылармен қатаң түрде байланыстыра отырып саралауға, ауытқуларға қатысты процестерді бақылауға, қызметкерлердің күш-жігерлерін үйлестіруге, коммуникациялық байланыстарды дамытуға, дәлелдеуге, жүйелі амалдар қолдануға, кадрлардың кәсіптік даярлық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді және т.т.

Жаңадан бастайтын кәсіпкер бастапқыда мазмұны мен логикасын түсінуге тиісті мәселелер жалпы алғанда міне осындай. Келешекте ол менеджер ретіндегі өз потенциалын арттырып, негізінен алғанда, рыноктағы операциялар жөнінде, онымен байланысты барлық проблемалар бойынша шешімдер қабылдау тәсілдерін меңгеретін болады.

Сонымен бірге кадрларға саралап қолдау көрсету барған сайын кеңінен өрістетілуге, жеке жағдайлар тұрғысынан нарықтық экономика үшін кадрлар даярлау соған негіз болуға тиіс.

V-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ХХІ ҒАСЫР ҚАРСАҢЫНДА – ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БОЛЖАУ

Экономиканың барлық субъектілерінің түгелдей дерлік тұрақсыз болып, беріктігі қалыптаспаған жағдайда біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын белгілі бір дәрежеде анықтап, болжам жасау өте күрделі іс. Тіпті негізделіп жасалған болжамның өзін күтпеген жағдайда жоққа шығаратын факторлардың көптігі соншалық, келешекті анық елестетуге мүмкіндік бермейді.

Дегенмен ХХІ-ғасырдың қарсаңындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыт-бағдарлары бой көрсете бастады.

Мысалы, Қазақстанның жақын жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы.

5.1 Саясат және интеграция

Саяси жағдай. Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздікке ие болғаннан кейін сындарлы түрде жаңа ахуал қалыптасты. Жаңа мемлекет өзінің ішкі және сыртқы даму жолын анықтауды, байыппен парасаттауды қажетсінеді. Салыстырмалы түсініктегі саяси тұрақтылық, саяси рәміздерді, оның ішінде ең маңызды саяси партиялар жүйесін өркениетті саяси жүйеге (тұрақты) көшіруді талап етеді.

Бұл ретте әртүрлі әлеуметтік және кәсіпқой топ өнімдері өздерінің мүдделерін тек бүгінгі күнмен өлшемей, тереңірек ойлап, болашаққа сәйкес шешудің маңызы зор екенін ұққаны дұрыс. Республикамыздың келешекте дамуы қазіргі жағдайда қандай саяси әрекеттердің, заңдар мен шешімдерді қажет етеді. Қазақстанда жаңадан саяси жүйелердің жаңа негізі пайда болуда. Экономикамызда нарықтық қатынастың негізі қалануда. Мұндай жағдайда саяси партиялардың тез арада пісіп жетілмеуі де сөз жоқ табиғи нәрсе. Республи-

када саяси процестердің дамуы өкімет пен халық мүддесін қорғайтын қатаң ынталылық принципіне негізделген. Саяси өркениетті өмірдің пайда болып, оның әрі өркендеп дамуын талап етеді.

Мұндай процестердің негізі көпшілік әлеуметтік тұрғындар тобының мүддесін толық қорғайтын шынайы, парламенттік партиялардың қалыптасуы, дамуы болуы мүмкін.

Біздегідей ауқымды, кең, терең өзгерістерді жүзеге асыру әрине маман басшыларсыз мүмкін емес. Негізінде демократия дегеніміз: әлсіз әсері жоқ, немесе өкіметсіз өмір емес. Түпкілікті өзгерістерді тек тегеурінді атқарушы өкімет қана жүзеге асыра алады. Әсте жоғарыдан төмен қарай жалғасқан демократиялық байланыстың қатаң заң бақылауында болуының маңызы зор. Экономикалық жаңғыру болашақта кәсіпкерлер тобы «орта тап» құруы мүмкін.

Айта кету керек, экономикасы дамыған қай елді алсақ та тұрғындардың басым көпшілігі, тек кәсіпкерлер қатарынан тұрмайды. Олар үшін ірі парламенттік партиялар да ашылмайды. Ал біздің жағдайда, меншіктің барлығы дерлік мемлекеттің қарамағында, тұрғындардың басым көпшілігі жалданбалы еңбекпен шұғылданады. Саяси жағдайдың бір ерекше көрінісі осы басым көпшіліктің саяси партиялар жүйесінде өте аз орын алатындығында. Сол себепті белсенділігі күтпеген, арнайы ұйымдастырылмаған жерде пайда болып, партиялар, бірлестіктер ықпалынан тыс қалып отыр.

Міне осындай ахуалдың болуы және оның кей кездерде экономикалық қайта құру салдарынан туындап отырған әлеуметтік толғаныстардың кернеуінен өрлеуі саяси тұрақсыздықтың қауіпті ошақтарының бірі болып табылады.

Реформаларды жүргізу бағытын ұстана отырып, жоғарыдағы қайшылықтар мәмілеге, келісімге келу арқылы бей-берекеттік сипатта шешілмей, көпшілік еңбекшіл

тұрғындардың, әр текті әлеуметтік топтардың әсіресе жалдамалы жұртшылықтың мүддесін көздейтін беделді саяси партиялар мен ағымдардың араласуы, ықпалы арқылы шешілуі тиіс.

Экономикасы дамыған елдердің іс тәжірибесі көрсеткендей, тек осы бағытпен яғни еңбек пен капиталдың «шиеленіскен одақтастық» позицияларында тұрған, кәсіподақтармен байланыстағы партияның белгілі бір әлеуметтік буындардың мүддесін қорғауы саяси тұрақтылықты сақтай отыра, жеңіске жетеді.

Республикамыздағы қоғамдық саяси ахуалдың әзірше (относительно) тұрақтануы тоқмейілдікке жол бермеуі керек. Жағдайды кешенді түрде талдау, саралау қажет. Қоғамдағы келеңсіз ахуалды туындататын ахуалдарды болжап, алдын ала сақтандыру, залалсыздандыру керек. Осының бәрімен шұғылданатын тұрақты «мониторингке» ие ірі орталықтың болғаны жөн.

Интеграциялық процестер. 1993 жылдың ортасында Н.Ә.Назарбаев Еуразия одағын (ЕАО) құру туралы ұсыныс жасағанды. Бұл ұсыныстың мәні ТМД мемлекеттерінің әрқайсысының әлеуметтік экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, интеграциялық процестерді біртіндеп жүзеге асыруға болады.

ЕАО қалыптасуының басты принциптерінің бірі - оған болашақ мүше елдердің түрлі жылдамдықпен кіруінде. Өйткені кеңестік кезеңнен кейінгі кеңестік елдерінің ортақ мүдделерінен басқа әрқайсысының алдында тұрған ұлттық-мемлекеттік міндеттері бар еді. Оларды дұрыс шеше алған жағдайда ғана тең құқықты интеграциялық процестердің қарым-қатынасын орната алады,

Қазақстан Республикасының президентінің идеясы мақсат-мүдделік принципінің негізіне құрмаған еді. Бұрынғы біртұтас кешенді шаруашылық қатынастарын қажетінше сақтай отырып және нарықтық қатынасты ескерген жаңа бастамамен даму қажеттілігінен туған.

Сонымен қатар осы идея әлемдік тәжірибеден алынды. Мысалы өркениетті елдерде экономикалық гүлдену мен демократия мақсатында өркендеген елдер бір-бірімен қарым қатынастарын күшейтіп, соның арқасында әлемдік бірлестік қоғамының тең құқықты және беделді мүшесі болып отыр. Әсіресе Германия, Люксембург, Бельгия, Франция, Голландия елдерінің қатысуымен «Көмір мен болат» бірлестігін құрудан басталған Еуропалық ұйымның тәжірибесінің маңызы зор.

Интеграциялық процестердің даму нәтижесі Еуропалық бірлестікті дүниеге келтірді. Ал қазіргі кезде ол Еуропалық одаққа айналды. Еуропалық одақтың әрекеті құқықтық принципке негізделген.

Ереже мен әрекеттер одақты тұрғызатын келісім-шарт және оларды толықтыратын акт негізінде жасалған. Оның заңдары мен бағдарламалары әр алуан сипатта, әр деңгейде жүргізілген кеңесулердің нақты нәтижесі.

Бұл тұрғыдан келгенде интеграцияның қалыптасқан халықаралық тәжірибесінің, сондай-ақ интеграцияның барысын жүзеге асырып отырған мемлекетаралық мекемелердің іс-әрекетінің маңызы зор. Мысалы, Еуропалық одақтың құрамында: қолданылатын әр жақты шаралар туралы ақырғы шешім қабылдайтын, қатысушы елдердің Министрлер Советі, жалпы шараларды анықтап, оны жүзеге асыратын Комиссия; одақтың заңдарын қабылдау процесін жүргізетін Еуропарламент қызмет жасайды. Министрлер Советі – шешім қабылдайтын жоғарғы орган. Ол шығарылатын заң туралы соңғы сөздің иесі. Одаққа қатысушы елдердің министрлері нақты бір мәселені шешудің төңірегіне шоғырланған. Сондықтан да олар шын мәнінде көптеген Советтер қатарынан тұрады.

Комиссияның міндеті – ол атқару өкіметінің міндеті. Ол барлық дайындық шараларын жасайды. Комиссия мүшелері одаққа қатысушы елдердің келісімі бойынша 4 жылға

бекітіледі. Бұл ретте олар өз елдерінің үкіметіне тәуелді, ал бекітілгеннен кейін бұл тәуелділік күшін жояды. Ұлттық өкіметінің комиссия мүшелеріне нұсқау беруге, олардан есеп алуға немесе қайтадан шақырып алуға ешқандай қақысы жоқ.

Алғашқыда кеңесші сипаттағы құрылымнан кейін заң мен бюджет саласында біршама құқыққа ие болып, арнайы саяси форумға айналды. Ол көбінесе жаңа бастамаларға мұрындық болып, насихаттап жалпыеуропалық шаралар жүргізуді қолдап отырды. Негізінде ТМД шеңберіндегі интеграциялық процестер Достастық құрылғаннан бері экономикалық проблемаларды шешу мақсатында жүргізілді. Ол осы уақыт ішінде жаңа бастамаларды пысықтап, толықтырып оларды жүзеге асырып, яғни интеграциялық күш-мүмкіндікті толықтырып отырды. Экономикалық Одақтың қажетті мәселелерін, ағымдағы істердің шешімін шұғыл қабылдауға құқығы бар. Мемлекетаралық экономикалық комитет құрылды. Қазақстан қашан басқалар Еуразияның қажеттілігін түсінер екен деп күтіп отырмай, болашақта ЕАО-ның тірегі болса деген мақсатпен Қазақстан ТМД мемлекеттер шеңберінде әр жақты бағытта интеграциялық байланыс желісін құрды. Әлбетте бұл байланыс «Еуропалық» вектор (Ресей, Беларусь) шеңберінде еді. Болашақта ЕАО-ның негізгі мүшелерінің бірі болар деген үміттегі 3 мемлекет Кедендік Одақ құру келісіміне қол қойды. Төлем ақы айналымын жүргізу жұмыстарын шабытты қарқынмен жүргізді.

Интеграцияның екінші бір бағыты Орталық Азия еді. Әлбетте бұл жақын көршілес аймақтағы Өзбекстан, Қырғызстан елдерімен жан-жақты қарым-қатынасты ұлғайту, кеңейту. Бұл Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан республикаларының Мемлекетаралық кеңесі мен оның институтында бекітілген. Интеграциялық процестердің нәтижесі көлемді потенциалдық қор жинады, ТМД-ның 4 мемлекетінің келісімдерін жүзеге асыруға жол ашты. ТМД-

ның келісімін ойдағыдай шешу көп жағдайда, ғылым, білім беру салаларында қалыптасқан заңдылықтар үйлестігінің арасын құқықты негізде дамытумен байланысты. Келісімде көрсетілгендей Парламентаралық комитетке қатысушы елдердің заңдылықтарының тұлғасын сақтай отырып, мүмкіндіктеріне сай модельдік (үлгілік) актілерді қабылдайды. Басқа да түрлі заң шығару ісіне қатысып, ТМД Парламентаралық Ассамблеялары бірігіп белсенді жұмыс жасайды. Модельді заң шығару одаққа қатысушы елдердің арнап негізделген ұсынысы, бұны қатысушы елдер заң жобасы ретінде қабылдайды, пайдалануына да болады. 1990-1995 жылдар аралығында экономика мен қоғамдағы интеграцияны реттеу туралы келісімге қатысқан мемлекеттердің күшімен көптеген заң актілері қабылданды.

ТМД-ның Мемлекетаралық Ассамблеясының есебі бойынша Ресейде 500-ге жуық, Беларусь пен Қазақстанда 300-ден аса, Қырғызстанда 250-ге жуық заңдар қабылданған. Бұлардың көпшілігі экономикалық қатынасты реттеу саласына жатады. Әрбір одаққа қатысушы мемлекет білім мен ғылыми-техникалық даму тұрғындарды әлеуметтік қорғау жайын белгілі жүйеге келтіретін бірнеше заң қабылдады.

Қатысушы жақтардың барлық мүмкіншіліктері білім, мәдениет, экономика салаларындағы интеграциялық процестерді терең де жедел жүргізуге бағытталмақ. Әрине бұған қаржы-валюта, әкімшілік-шаруа, баға, салық т.б. заңдылықтардың үйлесуін қадағалап, экономикалық жаңғырту іс-әрекеттерін бір жүйеге келтіру арқылы қол жеткізуге болады. Халықаралық стандартқа негізделген тиімді есеп айырысу ережелерінің жүйесін жасау, ұлттық валютаны бір деңгейде ұстау мақсатында қарым-қатынастар жүргізіледі. Олардың әр қайсысының мақсаты ғылыми-техникалық күш қорын дамытып, оны сақтай білу. Студенттермен, мұғалімдермен алмасу тәжірибесін қолдап, диплом, білім туралы куәлік, ғылыми атақ құжаттар

күші бәріне бірдей қолданатын ортақ білім аумағы құрылады. Бірігіп көші-қон жайын реттейтін, тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың құқықтық негізі жасалады. Алдымен Парламентаралық комитет назарын заң шығару әрекеттерінің келісімі бойынша анықталған салаларында заңдар қамтамасыз етілуіне көңіл аударуы қажет. 1992 жылдан бастап Парламентаралық Ассамблея шеңберінде ұсынылған заң шығару актілерінің ішінен модельді заңды таңдап алу, қабылдау жөнінде мол тәжірибе жиналды. Сонымен қатар шартқа отыру Парламентаралық Ассамблеяның заң жасау іс-әрекеттерін шоғырландыру міндеті арта түседі. Шартқа қатысушылар біртұтас кеден одағын құрды. Бұл әрине кеденді реттеу принциптерін бір тұжырымға әкеледі. Себебі шартта барлығына ортақ нарық (тауар, қызмет, капитал және жұмыс күші) қалыптастыру қарастырылған.

Тең праволық және өзара тиімділік принциптерін сақтай отыра, үйлесімділікке ұлттық экономика жүйесінің өзара ашық қарым-қатынасына қол жеткізу салық және баға жөніндегі заң шығарушылықтың мінсіз үндесуінсіз қиынға соғады. Парламентаралық комитетке көп жұмыс атқаруға тура келеді, себебі жұмыс жемісінің заңды жүйесін қамтамасыз етпей, келісім мүддесіндегі интеграциялық мақсатқа қол жеткізу мүмкін емес. Бұл ретте ұлттық парламенттермен тығыз қарым-қатынас орнату, білікті мамандарды кеңінен жұмысқа тарту, халықаралық тәжірибені, ТМД-ның Парламентаралық Ассамблеясының іс тәжірибесін пайдалану қажет.

Төрт бірдей мемлекеттің келісімге қол қоюы ТМД аумағындағы интеграциялық процестің жаңа кезеңі болып табылады. Бұл интеграция – ұлттық экономиканы және онымен байланысты, оған тәуелді бірсыпыра басқа да өміршең де өткір әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін жаңа деңгейдегі интеграция, ынтымақтастық. Интеграцияның жаңа кезеңі жаңаша құрылған мемлекеттердің шекараны

бөлісу, шектеуден туған күнделікті тұрмыс жағдайлары көптеген жұртшылықтың шешуіне жол береді. Адамдардың бір-бірімен табиғи байланысын қалыпқа келтіру, бір кездегі бірыңғай кеңістіктегі адамдар өмірін үйлестіру – интеграциялық процестің адамгершілік гуманистік мақсат мүддесі.

5.2 Экономика

Республика экономикасы аса күшті дағдарысты жағдайда болып, әрбір күн үсті-үстіне жаңа проблемаларды көлденең тартуда, ал бұл жағдай экономиканы тұрақтандыру мәселесін барған сайын қиындатып, оның өзі іс-қимыл стратегиясына да, тактикасына да елеулі түзетулер енгізуді қажет етіп отыр. Өндіріс одан әрі құлдырап, ұлттық табыс азайып бара жатқан жағдайларда жұмыс істеуге тура келеді.

Экономиканың қазіргідей жағдайға тап болуының себептері көп, олар жайында саясатшылар да, ғалымдар да жазып та, айтып та жүр. Солардың көбі республиканың, ондаған жылдар бойғы «социалистік» дамуы кезеңінен бері жалғасып келеді. Бірқатар факторлар республика экономикасының бұрынғы одақ экономикасымен барынша байланысты, Ресейдегі экономикалық реформаның бағыттары мен қарқындарына өте тәуелді болуына байланысты.

Сонымен қатар үкіметте экономиканы республикамыздың жағдайларына сәйкес түбегейлі реформалау жөніндегі ғылыми негізделген стратегия да, бағдарлама да жоқ болды, ал болса болымсыз болды. Осы кезге дейін шалағай, көбінесе жергілікті мәні бар шешімдер қабылданып, олар жағдайды жақсартудың орнына көбінесе нашарлататын, оған қоса кешіктіретін, қабылданған шешімдерді жүзеге асыру ісінде жасқаншақтық байқалатын.

Мемлекет жаңа экономикалық құрылымдар жасау, кәсіпкерлік қызметтің барлық түрлерін кеңінен өрістету

бағытында неғұрлым батыл күш-жігер жұмсауға тиіс болды, өйткені, біздің көз жеткізгеніміздей, жаппай монополияландырылған экономика жағдайында бағаны ырықтандыру күткендегідей нәтижелер бермейді. Бірақ біз бұл мәселеде де шабандық көрсетіп, басқалар қалай істер екен деп жалтақтаймыз. Принципінде заң актілері бар, олардың орындалуын, басқарудың барлық буындары тарапынан қолдау көрсетілуін қамтамасыз ету қажет. Кәсіпкерлікке қызмет көрсететін бүкіл жүйені, яғни рынок инфрақұрылымын жеделдете дамыту керек. Қазіргі ең бастысы - рыноктың ұсақ субъектілерінің қызметіне серпін беру, мұның өзі іскерлік белсенділіктің күрт артуына себеп болады.

Осыған орай, барлық деңгейде кіші бизнеске үйрету орталықтарын құру, соған септігін тигізетін қорлар жасау керек.

Рынокқа өту жағдайларында Үкімет алдында тұрған басты проблема – бүкіл дерлік ұлттық байлық мемлекет меншігінде болды. Дамыған елдердің тәжірибесі халықтың белгілі бір бөлігі ғана белсенді меншік иелері - кәсіпкерлерге айналатынын, ал басым көпшілігі компаниялар бірінің акцияларын иеленіп, жалданып жұмыс істейтінін көрсетті. Жекешелендіру барысында мемлекеттік меншікті бөлу бізде де бәрі бірдей меншік иесі кәсіпкерге айналуына себеп болмайды, рынок қаншама қажет етсе, соншама кәсіпкерлер болады.

Банк және қаржы-несие жүйесінде капитал банктер, инвестициялық және холдинг компаниялары, қор биржалары арқылы еркін өтетін мемлекеттік емес секторды едәуір ұлғайту, кәсіпкерлер үшін қаржы ресурстарының ашық болуын қамтамасыз ету жолымен, шағын бизнестің қажеттерін ескере, кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру мен сақтандыру жүйесін мемлекеттің қатысуынсыз қалыптастыру іс жүзінде мүмкін емес. Кәсіпкерлік қызметті ақпаратпен қамтамасыз

ету жүйесі, заңдардағы өзгерістер туралы, қолда бар тауарлар, рыноктың жайы, банк-несие саласы, қаржы институттары, бағалы қағаздар рыногы туралы жұртты дер кезінде хабардар ету қажет.

Сондықтан, реформалардың қазіргі кезеңіндегі аса маңызды мәселе - меншік қатынастарын өзгерту. Бөліп беру жүйесін, соның ішінде оның соңғы тұтқасы – директива-лы баға белгілеуді жойып, монополияға қарсы сипаттағы өзгерістерді тек меншік қатынастарын өзгертумен бір мезгілде жүзеге асыруға болатынын көрдік.

Қазіргі бағыт кесек-кесегімен жекешелендіру, «номенклатуралық» жекешелендіру үшін барлық жағдайлар жасап отыр. Мұның нәтижесінде қым-қиғаш еңбек рыногы пайда болып, онда жұмыс күшін (жалдамалы жұмысшылар) сатушылар көп болып, оны сатып алушылар (өндіріс құралдарының иелері) тым аз болады. Концепциялық көзқарастарға өзгерістер енгізу, заңдардағы қайшылықтарды жою, осы мәселелермен шұғылданатын ұйымдық құрылымдарды оңтайлы ету қажет. Монополизмге қарсы күрес жүргізудің тиімді жолдарының бірі – шағын бизнесті дамыту. Нарықтық жүйеде оның өзін-өзі бейімдеуі көптеген шағын кәсіпорындардың тұтынушы қажеттерін барынша тез және тиімді қанағаттандыру үшін өзара күреске түсіп отырғанына негізделген, сондықтан шағын кәсіпорындар жүйесін дамыту мен көбейту қажет етіледі, шағын кәсіпкерлікке мемлекеттің қолдау көрсетуі ерекше маңызды.

Көптеген мешеу елдердің даму процесі ауыл шаруашылығына ешбір көңіл бөлместен өнеркәсіпті өркендетудің кең ауқымды жобаларын жасаудан басталды, оның өзі этно-элеуметтік психологияға қайшы келіп, айтарлықтай нәтижелер бермеді. Орташа дамыған индустриялы елдердің өзінде өнеркәсіпті дамыту саясаты осы заманғы салалар мен мешеу аграрлық сектор арасында

күшті сәйкессіздіктер туғызды. Өнеркәсібі дамыған елдер экономиканы жаңа технологиялар негізінде дамыту ісінде елеулі табыстарға жетті, сондықтан басқалардың бәрі осы жолмен жүруге тиіс деген пікір бар. Кейбір елдер индустрияландырумен әуестеніп, ауыл шаруашылығына тым аз көңіл бөледі. Оған қоса, тұрақсыздық жағдайында билік құрылымдары үшін негізгі қауіп қала халқы болып есептеледі, сондықтан капитал қалалардың дамытылуын қамтамасыз ететін жобаларға бөлінеді, алайда селолық аудандарды дамыту басты назарда болуға тиіс.

Үкіметтің, үкіметтік емес ұйымдардың, фермерлер топтарының, село қауымдарының қатысуымен үлгі жобалар әзірлеу қажет. Ол жобаларға ауыл шаруашылығын да, селолық шағын индустрияны, денсаулық сақтауды, білім беруді, бүкіл әлеуметтік инфрақұрылымды да дамыту мәселелерін енгізуге болар еді. Ондай жобалардың артықшылығы мынада: олар жергілікті кадрларды оқытуға, адамдарды еркін таңдауға, олардың мүдделеріне, белсене қатысуы мен жауапкершілігіне негізделген жаңа даму моделіне көшу үшін қажетті селолық қауымдар үлгісіндегі құрылымдар, фермерлердің қауымдастығы үлгісіндегі құрылымдар құруға мүмкіндік берген болар еді. Жобалардың үлгілік сипаты оларды тең мекендерде қайталап, бірінен соң бірін жемісті жұмысқа жұмылдыруға мүмкіндік берер еді. Селолық аудандарды ықшам бағдарламалар көмегімен дамыту мемлекеттік саясаттың ондай жобаларды көтермелеп, ынталандыруын қажет етеді.

Экономиканы реформалаудың нәтижелері көп жағынан алғанда оны басқару проблемасымен байланысты. Ал енді бұл мәселедегі жағдай бұрынғыдан бетер қиындай түсті, ал жасалып жатқан нақты қадамдар жоқ.

Осыған байланысты басқаруды реформалау концепциясы қажет. Басқару проблемаларын процеске қатысушылардың: партиялардың, кәсіподақтардың, үкіметтік емес ұйымдардың,

алуан түрлі бейрәсім топтардың көптігі қиындатып отыр. Басқару ендігі жерде үкімет монополиясы болудан қалды, оның тиімділігі басқарушы жүйенің шешімдер қабылдау процесіне жаңа қатысушыларды іріктеп қосу қабілетіне барған сайын байланысты болып келеді. Мәселелердің бірі - салалық саясаттарды біріктіретін таңдаулы механизмнің қажеттігі. Бүгінде көптеген проблемалар көлбеу сипат алып, үкіметтің тік құрылымдары арқылы өтуде. Бұл мұндай проблемаларды бөліктер, секторлар бойынша шешу тенденциясын туғызып отыр. Жалпы саясат нәтижесінде салалық саясаттар жиынтығына айналады да, кешенді, келісілген саясат болып табылмайды және оның мемлекеттік мақсаттарды айқын білдіретін механизмі болмайды. Сонымен, өтпелі кезеңде шоғырландырылуы қажет функцияларды белгілеп, басқару органы функцияны емес, ал функция басқару органын туғызатынын естен шығармау керек. Реформаларды кадрлармен қамтамасыз ету қажет: бұрынғы кадрларды жаңа әдістерге қайта үйрету қиын, сондықтан барлық деңгейлердегі кадрларды шындап және ұзақ уақыт бойы бейімдеу керек.

Кадрларды тынымсыз оқыту жүйесін жасау, және жиі-жиі аттестациялау керек.

5.3 Әлеуметтік сала

Нарықтық экономика механизмдерін қалыптастыру проблемаларының арасында халықтың белгілі бір топтарын әлеуметтік қорғаудың сенімді және тиімді жүйесін жасау шаралары аса маңызды орындардың бірінде тұр, өйткені әлеуметтік «беріктік» резервінің шексіз болуы мүмкін емес. Әңгіме халықты әлеуметтік қорғаудың және халыққа әлеуметтік кепілдік берудің қазіргі механизмдерімен салыстырғанда принципті жаңа механизмдері жайында болып отыр. Барлық деңгейлерде: республикалық, аймақтық

деңгейлерде, еңбек ұжымдары мен жеке адам деңгейінде әлеуметтік кепілдіктердің принципті жаңа жүйесін қалыптастыру қажет. Бұл жағдайда әлеуметтік қорғау шараларының жүйелілігі мен кешенділігі ерекше маңызды. Әлеуметтік қорғау нысаналы сипат алып, халықтың әлеуметтік-демографиялық және басқа да сипаттамалары бойынша өздерін жарамды тұрмыс деңгейімен қамтамасыз етуге қабілетсіз топтарына ғана бағытталуға тиіс.

Рынокқа өту жағдайларында халықтың әлеуметтік қорғалуын қолдау мен нығайтуға бағытталған мемлекеттік шаралар жүйесі қажет. Бұл жүйеде үш қосалқы жүйе болуға тиіс: а) халықтың барлық әлеуметтік-демографиялық топтарының мүдделерін білдіретін; б) қоғамның еңбекке жарамды мүшелеріне әлеуметтік кепілдіктер берілуіне бағытталған; в) қоғамның еңбекке жарамсыз мүшелерінің мүдделерін көздейтін. Бұл қоғамның әлеуметтік мәселесіне қатыстысы. Сонымен бірге жүйе үш деңгейге бөлінуге тиіс: республикалық, аймақтық, бастапқы шаруашылық буыны. Республика деңгейінде қоғамның барлық мүшелеріне әлеуметтік кепілдіктер, соның ішінде табыстың белгілі бір деңгейіне (жалақының, ставкалар мен окладтардың, зейнетақылардың ең төменгі мөлшеріне, ең төмен тұтыну бюджетін негізге ала отырып, түрлі игіліктер мен қызметтерді тегін тұтыну деңгейіне) кепілдіктер берілуі көзделеді. Аймақ деңгейінде, оның мүмкіндіктерін негізге ала отырып, аймақтық әлеуметтік-мәдени, демографиялық ерекшеліктерді ескере әлеуметтік қорғау жүйесінің одан әрі дамытылуы, нақтылануы, оның толықтырылуы мен ұлғайтылуы қамтамасыз етілуіне тиіс. Еңбек ұжымдары деңгейінде өз қаражаты есебінен еңбекке ақы төлеу және әлеуметтік дамыту қорлары құрылып, олар соның ішінде қосымша әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерге жұмсалады.

Әлеуметтік қорғау жүйесінде әлеуметтік-экономикалық нормативтер жүйе құрайтын индикаторлар ретінде негіз

қалаушы рөл атқарады, ең төмен тұтыну бюджеті секілді индикатордың рөлін едәуір арттыру қажет етіледі. Әлеуметтік нормативтер белгілеуде аймақтарға тән факторлар мен жағдайларды ескере аймақтар деңгейіне көшу қажет. Қоғамның әлеуметтік саралануын күшейту және ондағы қарама-қайшы процестерді дамыту әлеуметтік кепілдіктердің сенімді жүйесін жасауды қажет етеді, ол мына процестердің дамытылуына негізделетін болуға тиіс:

1) адамның өндірістегі, бөлу мен тұтынудағы құқықтарын қамтамасыз ететін әлеуметтік кепілдіктер түрлерін сақтау және оның меншікті, одан алынатын табысты иелену құқығы, меншік түрлеріне қарамастан, біліктілікке байланысты еңбек ақысының сараланған ең төменгі мөлшерін алу құқығы, жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақы алу құқығы, ақшалай табысты индекстеу механизмі сияқты жаңа түрлерін қалыптастыру;

2) халықтың экономикалық тұрғыдан ең осал топтарына – көп балалы және толық емес отбасыларына, зейнеткерлерге, уақытша жұмыс істемейтіндерге, студенттерге, қызметкерлердің төмен жалақы алатын топтарына әлеуметтік қолдау көрсету.

Басты кепілдіктердің бірі әрбір еңбеккердің белсенді және өнімді еңбек етуі үшін жағдайлар жасау кепілдігі болуға тиіс, оның өзі шаруашылық жүргізуші кез келген субъектіге экономикалық қызметпен және кәсіпкерлікпен шұғылдану бостандығының берілуін көздейді. Әлеуметтік шиеленістің елеулі ошағы барған сайын өткір сипат алып келе жатқан жұмыссыздық болуы мүмкін, бұл процестердің алдағы уақытта күшейе түсуі ықтимал болып отырғандықтан, ондай жағдайда іс-қимыл жасаудың түрлі нұсқаларын қазірден бастап ойластыру қажет. Республикада әлеуметтік шиеленіс дәрежесін бағалау үшін тұрақты мониторинг, әлеуметтік индикаторлардың өзгеруіне кешенді талдау жасау қажет.

5.4 Заң саласы

Экономикалық реформаларды жеделдету үшін ең бастысы, сөз жоқ, нарықтық экономиканың заң негіздерін қалыптастыру болып отыр, онсыз адамдардың азабы ақтаусыз ұзаққа созылатын болады. Нарықтық шаруашылық субъектілерінің мүдделерін қорғайтын, оларды парақор және қылмысты элементтердің озбырлығынан арашалайтын және олардың іскерлігіне кең жол ашатын көптеген заңдар бізде әлі де жетіспейді.

Құқық қорғау едәуір дәрежеде толықтырылғанымен, заң шығару базасының бірыңғай жүйесін жасауға, қоғам өмірінің барлық жақтарын реттеуге күш-жігерді жұмылдыру керек. Заңның үстемдік етуі принциптерін нақты жүзеге асыру, түрлі заңдар арасындағы көптеген қайшылықтар мен сәйкессіздіктерді жою керек.

Бұл үшін аса маңызды: құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және т.б. заң блоктарының бәрін толықтыру қажет. Бірақ ең алдымен Заң туралы заң, яғни заң актілерін әзірлеу мен қабылдаудың барлық процедураларын белгілейтін акт әзірлеумен және қабылдаумен шұғылданду қажет.

Заң реттеудің экономикалық және әлеуметтік секілді негізгі салаларында бүгінгі күннің ақиқаттарын да, орта мерзімді болашаққа қабылданған бағдарламалық нұсқамаларды да негізге алу керек.

Кәсіпкерлікке, ең алдымен нақты тауарлар өндіретіндерге кең өріс ашу үшін салық заңдарын жетілдірудің барлық мүмкіндіктері әлі пайдаланылған жоқ.

Сыртқы экономикалық қызметті, еркін экономикалық аймақтар қызметін (бірыңғай заң), монополияға қарсы қызметті, бәсекелік және баға саясатын реттейтін заңдар блогын жетілдіру қажет.

Келесі мәселе – қауіпсіздік мәселелері, бұл – әскери қауіпсіздікке байланысты мәселелер ғана емес. Әңгіме

әлдеқайда ауқымды да күрделі стратегиялық мәселелер, ұлттық қауіпсіздікті, ең алдымен мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, оның егемендігінің экономикалық негізін, жас мемлекетіміздің, қоғамымыз бен жеке адамның экономикалық мүдделерін, жалпы халықтың өмірін қорғау жөніндегі заң шаралары жайында болып отыр. Қауіпсіздік сыртқы және ішкі, әскери қауіпсіздіктен бастап, экономикалық қауіпсіздікке дейінгі бағыттарды қамтиды. Елдің экономикалық қауіпсіздігін нығайтпайынша оның нақты қорғаныс қабілетін және шынайы егемендігін қамтамасыз ету мүмкін емес.

Қауіпсіздік мәселелеріндегі ең шұғыл мәселе – «ұлттық қауіпсіздік туралы» заң әзірлеу мен қабылдау.

Кейбір елдерде үкіметтің заң шығарушы органдарына «Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы туралы» концепциялар, бағдарламалар ұсынылады. Егер мұндай практика біздің елімізде де болса, онда Парламент оларды заң шығару барысында пайдаланған болар еді. Осылайша өзіміздің бірлескен жұмысымыздағы өзара іс-қимыл мен үйлесімділікті жақсартуға болар еді.

Парламентте ең өткір, маңызды проблемалар бойынша заң шығару инициативасын белсендірек пайдалануымыз бен жүзеге асыруымыз қажет.

Қазақстан ТМД шеңберінде ұлттық заңдарды жақындастыру үшін Кеден, Төлем, Валюта одақтарын қалыптастыруға барынша белсенді түрде қатысуға тиіс.

Халықаралық шарттар мен келісімдер бойынша құқықтық және экономикалық сараптаманы неғұрлым мұқият жүргізу, ең алдымен олардың біздің мемлекетіміз бен халқымыз үшін артықшылығы мен тиімділігін анықтау керек, Қазақстан Республикасы дамуының тактикасы мен стратегиясы тұрғысынан ғана емес. Біз өз немерелеріміз жайында ойлауға тиіспіз. Шетелдік инвестициялар, Қазақстанның кәсіпорындарын және сыртқы сауданы шетелдіктердің

басқаруына беру мәселелері осыған орай ерекше мәнді болып отыр.

Келесі проблема – бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықта: Еуропалық қоғамдастықта, Солтүстік Америкада, Оңтүстік-Шығыс Азияда жедел қарқын алып келе жатқан интеграциялық процестерді дамыту. Парламентаралық байланыстар потенциалын неғұрлым тиімді пайдалануымыз, оларды елеулі ұлғайтуымыз керек.

Қазақстан аумағының едәуір бөлігі Еуропада екенін еске алайық. Сондықтан, Ресей немесе Түркия сияқты, түрлі еуропалық парламенттік ұйымдардың және Еуропалық қоғамдастық комиссиясының жұмысына, алдымен байқаушылар ретінде болса да, қатысу үшін алғашқы қадамдар жасау мен сұрау салу үшін бізде барлық негіздер бар.

Әлеуметтік салада жұмыспен қамту, зейнетақымен қамсыздандыру, халықтың ең осал топтарын әлеуметтік қорғау мәселелері ерекше маңызды сипат алып келеді, оның өзі реттеудің заң негізін ұлғайтуды қажет етеді.

Үкіметтің іс-қимылдарында орта мерзімді болашақта аймақтарға, олардың ресурстарын барынша пайдалануға көңіл бөлініп отырғанына байланысты аймақтық және жергілікті өзін-өзі басқару проблемаларының пісуі жетіліп, таяудағы уақытта олар барынша ашығынан қойылатын болады.

Сонымен, қысқа тізбенің өзінен Парламент алдында қандай үлкен міндет тұрғаны байқалып отыр. Енді Парламенттің, 2 палаталы болған кезінде, өз қызметінің басты бағыттарын мұқият белгілеуі қажет. Өмірлік қажетті және реттеудің қандай да болсын салаларына жүйелілік беретін заң жобаларын емес, дайын болғандарын ғана қараудың бұрынғы практикасынан бас тарту керек.

Маңызы жағынан екінші міндет – экономиканы инвестициялау саясаты, онсыз бізде ешқандай болашақ болмайды.

Ішкі қаражат көздерінің жеткіліксіз екенін бәріміз түсінеміз, сондықтан шет елдерден қарыз алу орынды түрде қажет. Бірақ бұл мәселеде де толық айқындық болуға тиіс, өйткені қарызды біздің ғана емес, балаларымыздың да төлеуіне тура келеді. Кейбір бұқаралық ақпарат құралдары шетелдік инвестициялар төңірегінде көтерген даңғаза әбден орынды, өйткені Қазақстан жұртшылығы кімнің қаншама несие алғаны, оларды қандай мақсаттарға жұмсағаны, ол несиелерді алуға кімнің рұқсат және кепілдік беретіні жайында ұзақ уақыт бойы беймәлім болып келді. Бірақ инвестициялардың жариялылығы - жартылай істелген іс, өз халқымыздың инвестициялық белсенділігін қалпына келтіруіміз керек, ол да заңмен қолдау көрсетілуін қажет етеді.

Аса маңызды үшінші міндет, біздің ойымызша, атқарушы билік орындарының құрылымы мен жауапкершілігін одан әрі ретке келтіру. Қазір орын алып отырған кемшіліктердің көпшілігі – атқарушы биліктің жоғарғы сатыларында байқалған былықтың салдары. Биліктің түрлі тармақтарының функцияларын заң жүзінде орнықтыратын жаңа Конституция қабылданғаннан кейін президенттік құрылымдар мен заң шығарушы билік орындары аса маңызды экономикалық шешімдердің қабылдануы мен орындалуына бақылау жасай алады деген үміт пайда болды.

Осы жағдайлардағы біздің міндетіміз – заңның экономикалық өсімді көтермелеуге, күшейіп келе жатқан әлеуметтік проблемаларды шешудің бірден-бір материалдық негізі болып табылатын «ұлттық игіліктің» молайтылуына бағытталуы. Аман қалу жолындағы «күресте» біз болашақ ұлттық мүдделерімізді, болашақ ұрпақтарымызды ұмытпауға және, егер керек болса, қазір біздің басты «кеңесшілеріміз» болып отырған халықаралық ұйымдармен қатынастарымыздың шиеленісуінен қорықпауға тиіспіз.

Мәдени, моральдық, рухани құндылықтарды жаңғырту – Қазақстанды экономикалық жағынан түлету мен

дамытудың республиканың барлық еңбекшілеріне, әрбір қоғам мүшесіне түсінікті де етене жақын жалпыұлттық идеясы әзірленіп, қабылданған жағдайда ғана мүмкін және қол жететін нәрсе. Бұл үшін өзіміздегі ғана емес, сондай-ақ халықаралық көлемдегі экономикалық ойын ережелерін біліп, халықаралық рыноктың жалпы жұрт таныған ережелеріне қайшы келмеуіміз қажет.

5.5 Рухани даму

Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде дамуы көп жағынан алғанда қазақтардың ұлттық мемлекеттігін қалпына келтірудің дұрыс стратегиясы мен тактикасының айқындалуымен байланысты болады, бұл процестің ықтимал мүмкіндіктері ашылып, пайдаланылуға тиіс. Халық тағдырында көбінесе сыртқы күштердің, империялық орталықтың еркімен күрт бетбұрыстар жасалып келген бұрынғы кезеңдерден бүгінгі күннің айырмашылығы - даму жолдарын дербес таңдаудың, өзіндік, ұлттық тіршілікті жүзеге асырудың бірегей, бәлкім бірден-бір мүмкіндігі бар. Дүниежүзілік өркениет жинақтаған нәрселердің бәрін қабылдай отырып, ұлттық түлеу міндеттерін қазақ халқы мәдениетінің бастауларында бар оң жетістікті барынша пайдаланумен тығыз байланыстыра шешу қажет. Қазақ ұлтының интеллектуалдық және рухани потенциалын барынша толық жүзеге асыру – егеменді республиканың мемлекеттік құрылыс саласындағы саясаты ең алдымен міне осыған бағытталуға тиіс. Сонымен бірге ұлттық егемендік пен тәуелсіздік жолындағы күрес республиканың барлық азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының кепілді жүзеге асырылуымен тығыз байланысты.

Мемлекетті құруға болады, ал ұлтты жасауға болмайды. Ұлт – бірегей тарихи қауымдастық, ұзақ тарихи даму нәжижесі. Егер ұлтты жасау мүмкін болмаса, оның дамуы-

на жәрдемдесуге немесе, керісінше, оған бөгет жасауға, оның толық құрып кетуіне дейін жеткізуге болады, ал ұлт тіршілігінде тілдің маңызына баға жеткізу қиын. Қазақ тілі білім беру саласынан ғана емес, сондай-ақ ресми практикадан да аласталды. Бұл процесс сондай-ақ саяси және әлеуметтік институттардың дамытылуымен және таратылуымен: орыс тілді баспасөз, кино, радио және теледидар ықпалының артуымен жеделдетіле түсті. Орыс тілі билік пен бедел, қоғамдағы жағдай мен табыс тіліне, үкімет тілі мен сот ісін жүргізу, өнеркәсіп пен сауда, білім беру, ғылым және бұқаралық ақпарат құралдары тіліне айналды. Осы процестерден туындаған теріс зардаптар елеулі болды, оның өзі ұлтының өмір сүруіне қатер төндіретінін қазақтар аңғармады. Мәдени, материалдық, табиғи ресурстардың бүлдірілуі мен қаналуы олардың қарсылық көрсету, жалпыұлттық іс-қимылдар жасау қабілетін әлсіретті, олардың бірегей ұлттық санасын уландырды. Ұлттық тілдің бүлінуін тоқтату мүмкін болды, бірақ шынайы ұлттық мәдениетті басқаруға тиісті тиімді механизмдер әзірше жоқ.

Дүниежүзі бөлшектенуді емес, ол бірігуді қажет етеді, бірақ мұның өзі өмірге мынадай мәселелер әкеліп отыр: ол бірлік қандай болуға тиіс – орталықтандырылған біркелкілік пе, әлде дәстүрлері мен мәдениеті сан алуан тәуелсіз ұлттар үшін орын бар болатын бірлік пе. Бірлікке бірнеше астам державалар арасында қатаң бөліске түскен дүниеде емес, ал әрқайсысының соғып тұрған өз жүрегі бар көптеген қауымдастықтардан құралған орталықсыздандырылған дүниеде қол жететін болады. Бірде-бір ұлттық мәдениет өз тұрмыс жағдайларына ұлттың өз тарапынан көбірек бақылау жасалмаса, яғни бостандық көбірек болмайынша аман қалмайды, бостандық қазір аман қалудың шарты болып отыр. Халықтың басым көпшілігі тарапынан қолдау таппай отырған бірде-бір әдіс табысты бола алмайды. Бірінші дәрежелі міндет сондай қолдауға жету, яғни психологиялық

қысым зардаптарын жою болып келді және болып отыр. Халық өзіне бостандықты өзі ғана әпере алады. Ұлттық күрес ұлттық сана-сезімді тереңдетеді, қауымдастық сезімін күшейтеді, құлдық психологияны жеңеді, бұл процесте сана-сезім түбегейлі өзгереді.

Жеке және ұлттық күрес – бір түсінік. Қазақтар өз бетінше өмір сүруге тиіс, онда қоғамның әрбір мүшесі өзін батырша толық көрсете алатын болуы керек. Мәдениет пен жеке адамға берілуге тиісті жоғары артықшылықты осымен түсіндіруге болады. Ұлттық бостандық жалаң мақсат емес, ол еркін және әділ қоғам өмір сүруінің, ұлттық мәдениет дамуының қажетті шарты. Осылайша, ұлттық мемлекеттік шынайы ізгі қоғамға апаратын жолдарды іздеудің қажетті шартына айналып отыр. Мемлекет ешқашан үстем болмай, әрдайым ұлттық мәдениет пен дәстүрлерге қызмет етуге, оларды нығайтуға және, нақ осы мақсаттарды ескере саяси және экономикалық өмірге бақылау жасауға тиіс. Ұлттың ізгілік потенциалын толық жүзеге асыру түпкі нәтиже болар еді. Ұлт негізі – өткендегі, қазіргі және болашақ мәдени ортақтық, ортақ мәдени мұра, ортақ мәдени арман-тілектер. Ұлттың құндылығы мен күші – оның мәдениетінің құндылығы мен күші, ұлттың тіл ортақтығынсыз өзін мәдени қауымдастық ретінде сақтап қалуын көз алдына елестетуге де болмайды. Пайда болу ортақтығы кездейсоқтық, ал мәдениет, тіл, тәрбие және еңбек ортақтығы ұлт бірлігінің берік кепілі деуге болады.

Басқа халықтардың тәжірибесіндегі оң атаулының бәрін қабылдауға ұмтылумен қатар әрбір халықтың асыл арманы – өз отанының алдыңғы қатарлы бүкіл адамзатпен қатарласа жүріп келе жатқанын, бүкілдүниежүзілік прогресте өзіне берік орын қамтамасыз еткенін, халықтар арасында лайықты түрде ерекше орын алып отырғанын көру. Қазақ мемлекетінің ол орны қандай болуға тиіс және бүкіл адамзатқа не айта аламыз – біздің саяси ойымыз алдында тұрған барлық пробле-

малар ішінде бұл, сөз жоқ, біздің саяси идеологиямыздың ең ауыр, бірақ сонымен бірге ең маңызды проблемасы. Біздің мемлекеттілігімізді бір этникалық қауымдастық қана емес, ал осы жерде тұратын барлық халықтардың қоғамдастығы құрайды, бірақ соның өзінде мемлекеттіліктің өз мәдени бейнесі, басым мәдени құрамдас бөлігі болуға тиіс.

Ұлт тілмен ғана емес, сондай-ақ тұтас мәдениетпен: ғылыммен және философиямен, құқықпен және мемлекеттілікпен, ізгілікпен және дінмен, өнермен және техникамен білдіріледі. Тіл және оның шығармалары – ұлттың ең жанды да икемді, ең нәзік те айбатты бейнесі. Міне сондықтан да, тіл ұлт органы мен көрінісі ретінде дамыған кезде қазақтар мемлекеттілігінің жойылуы ұлтты жоя алмады, енді олар мемлекеттілікті қалпына келтіруге, ал кейбір жағдайларда оған неғұрлым қуатты жаңа сипат беруге ұмтылып отыр. Мемлекеттілікті қалпына келтіру – ортақ ұлттық қасиетті парыз, ол үшін билік басындағылар да, әрбір жан да жеке пайдасынан бас тартуға тиіс. Шынайы патриотизм үшін отан – әкелер жері, ата-бабаларымыз аянбай еңбек ете, құрбандықтар бере отырып жеткен жер, бұрынғы ұрпақтардың азабы мен ерлігі арқасында сақталған, олардың қаны төгілген, сондықтан да зор сүйіспеншілікпен жылытылған жер. Бұл отанды біз, пайда туралы құлаққа түрпідей тиетін сұрақ қоймастан, риясыз сүйеміз, бұл өткен ұрпақтармен ынтымақтастықтың жанды сезімі, демек оны сүю – әлде бізді күтіп тұрған қуаныш әлде азап екеніне қарамастан жүрек отын лаулату. Мемлекеттілікті қалпына келтіру үшін рухани байланыстардың бәрін қалпына келтіру, бөлшектелген нәрселердің бәрін біртұтас етіп қайта жинастыру керек, ұлттың қайтадан жандануы үшін бұқараның көңіл күйі толық өзгеруі, айырылып қалған рухани қазыналарға қарай күрт бетбұрыс жасалуы керек.

Тарихымыздың қазіргі, бетбұрысты кезеңінде қоғамға байсалдылық, болып жатқан процестерді айқын түсіну,

ұлттық-мемлекеттік құрылыстың нақты мазмұнын анықтау керек. Жинақталған тәжірибеден тағлым ала отырып, ортақ мақсаттар мен мүдделерді митингілер мен демонстрацияларсыз бірлесе талқылауға, қиыншылықтарымыздың себептерін ой елегінен өткізуге, қоғамымыздың саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының, оның өркениетті қоғамдастыққа кіруі жолдарының алуан түрлі нұсқаларын таразылауға үйрену маңызды.

Мемлекетіміздің қоғамдық құрылымының мәселелерін, біздің ойымызша, әсіресе ғылыми жұртшылық жеткіліксіз талқылайды. Бұл бағытта қоғамдық ғылымдардың қолда бар потенциалын, ғылыми жастардың шығармашылық мүмкіндіктерін толығымен пайдалану қажет. Бұл бағытта әлеуметтік өнертабыстар мен бастамаларды қолдауға бағдарланған, қазіргі кезде бар, сондай-ақ құрылып жатқан қорлардың мүмкіндіктерін пайдаланып, олар арқылы іргелі қоғамтану зерттеулерін жүргізуге, соның негізінде мемлекет пен қоғамға қандай да болсын қоғамдық процестерді ғылыми негізде модельдейтін идеялар мен кеңестер ұсынуға болар еді.

5.6 XXI ғасырдағы Қазақстанның дамуы және сыртқы саудаға шығуы

Қазіргі өтпелі кезеңде барлық қиыншылықтарға қарамастан, біз болашақ жеткіншек ұрпақ жайында, қазіргі өнеркәсіптік-өндірістік потенциалды жаңғырту жайында ойлауға тиіспіз. Отын-энергетика, мұнай-газ, түрлі түсті металдар кешенінің салалары мен халық шаруашылығының басқа да салаларының жаңғыртылуын шет ел берген несиелер есебінен қаржыландыруға байланысты жұмсап жатқан күш-жігерді тиімді пайдалану керек. Әйтсе де дағдарыстан кейінгі даму негіздерін қазірден бастап қалау, яғни дағдарысқа қарсы шаралар қолданумен қатар материалдық

өндірісті жаңғырту саясатын тұрақтану басталғанға дейін кейінге қалдырмай, қазірден бастау керек. Кәсіпорындар бұған бөлетін қаражат салықтан босатылуға тиіс. Ғылыми-техникалық прогреспен тығыз байланыс жасай отырып, материалдық өндірісті жаңғырту және техникамен қайта жарақтандыру бағдарламасы керек. Мұнай-газ, түрлі-түсті металлургия тағы басқа стратегиялық мәні бар салаларында өтпелі кезеңге сай мемлекеттік меншік үстем болу керек, оларды тиімді басқару жүйесін құру қажет.

XXI ғасырда атқарылатын істерге негіз қалай отырып, біз сыртқы және ішкі рыноктардың нақты қажеттерін, республиканың нақты минералдық-шикізат ресурстары мен басқа да мүмкіндіктерін негізге ала отырып, экономикалық өсімді жеделдету проблемалары жайында ойлауға тиіспіз. Экономиканың құрылымын өзгерту және жаңа өндірістер жасау дүниежүзілік рынок талаптарына сай келуге тиіс.

Бұрын ұсынылғанындай, республика ішкі рыногының халық тұтынатын тауарлар мен азық-түлік өнімдері жөніндегі қажеттерін қанағаттандыру, шағын өнеркәсіптік технологияларға арналған еңбек құралдарын өндіру жергілікті басқару органдарына, шаруашылық жүргізуші облыстық және аудандық буындарға жүктелуге тиіс. Бұл жерде дүниежүзілік практиканың бүкіл арсеналын - Швецияның, Голландияның, сайып келгенде, селолық аудандары небары он жылдың ішінде өз рыногын молықтырып, көпшілік қолды тауарларды экспортқа шығара бастаған Қытайдың тәжірибесін барынша пайдалану керек. Сонымен бірге жапон тәжірибесі ауылшаруашылық өндірісінің ауыртпалығын өз иығымен көтерген ұрпақтың дүниетанымы XX ғасырдың арғы жағында өзгеруі мүмкін екенін көрсетіп отыр. Бұл жағдайда жер меншігінің де, өндірістің де шоғырландырылуы сөзсіз. Демек, әлі де кеш болмай тұрғанда, ауыл шаруашылығының ең тиімді кәсіпорындары (кеңшарлар, мемшарлар) мемлекеттің меншігінде қалып,

шаруа қожалықтарымен қатар жұмыс істеуі үшін шаралар қолдану қажет. Мұның өзі дүние жүзіндегі дамыған елдердің ауыл шаруашылығын дамытудың осы заманғы тенденцияларына сай келеді.

Ішкі рыноктың проблемаларын шешудің келесі нақты жолы, бұрын да тап көрсетілгеніндей, – кәсіпкерлік пен шағын бизнесті дамыту, оларға мүмкіндігінше қолдау көрсету. Оларды дамытатын орталықтар мен қорлар құру. Тіпті 3-4 жылға бірінші мәселе ретінде мемлекеттік саясат ету.

Сыртқы рынокқа келетін болсақ, мазмұны мынадай бағдарлама болуы керек: біріншіден, экспортқа тауарлар өндіруді ұйымдастыру, оларды өткізудің жолдарын іздестіру. Екіншіден, дүние жүзіндегі басқа елдерге тікелей инвестициялау мүмкіндіктерін мұқият зерттеу. Қазақстан капиталын шет елдерде, әсіресе дүние жүзінің дамушы елдерінде, ТМД елдерінде орналастырудың нақты мүмкіндіктерін іздеу. Бұл біз үшін көтерілмеген тың мәселе, оны қазірден ойластыру қажет. Өркениетті болам деген мемлекет тек шет ел инвестициясын пайдаланып қана қоймай тиімді жерге өз капиталын орналастырғаны да жөн. Үшіншіден, қазірдің өзінде, ХХІ ғасырға жақындап қалған кезде, оның сыртында астық, ет-сүт тағамдары, былғары-мех шикізаты, жүн, түсті металлдар, мұнай мен мұнай өнімдері, сирек кездесетін элементтер бойынша дүниежүзілік рынокта лайықты орынға ие болуын көздеу керек. Сонда Қазақстан Республикасы таяу уақытта сирек кездесетін және түсті металлдар дүниежүзілік стандарттар бойынша сатылатын, тұрақты жұмыс істейтін биржалар, аукциондар, жәрмеңкелер ұйымдастыра және оларды өндіру мен сатуға өзінің монополиялық жағдайын пайдалана алар еді.

Мысалы Ұлы Жібек жолын жаңғырту проблемасын алайық. Өз уақытысында Ұлы Жібек жолы қоғамның, сол жолдағы елдердің дамуында елеулі рөл атқарды. Ал дәл қазір

біз ХХІ ғасырдың баспалдағын аттағалы тұрғанда, ғылыми-техникалық прогрестің өте бір биік дамыған деңгейінде, дүниежүзілік интеграция тамырын жая бастағанда Ұлы Жібек жолына жаңаша қарау керек. Сол себептен бұл үлкен жолды қайта жаңғыртуда түрлі факторларды мұқият ескеріп пайдаланған жоқ. Мысалы, аймақтық, ресурстық, экономикалық, саясаттық, әлеуметтік, ұлттық, т.б. және дамуды қандай кезеңдерге бөлу керек.

Отанымызды қорғау және дамыту ұлттық қауіпсіздік концепциясының негізінде Республикамыздың сыртқы **сауда-экономикалық қатынас бағдарламасын** жасау қажет. Осы бағдарламада сыртқы саудада қандай салаларға басымдылық беру керек, оның іске асыратын механизмдерін түбегейлі ойластырып, дәлелдеп жұмыс істеу қажет. Дүние жүзілік ғылым мен техниканың дамуында басымдылық 4-5 жылда өзгеріп отырады. Бізде 3-4 жылда бағдарламаға өзгеріс енгізіп отыруымыз керек.

Әлем нарығына шығудың негізгі мәселелері Қазақстанның әлем рыноктарына шығып ондағы тұрақтануы транспорт пен коммуникация жүйелерінің дамуына тікелей байланысты.

Егер ауылшаруашылығы, азық-түлік, жеңіл өнеркәсіп, тау-кен өнімдерінің экспорты автомобиль және теміржол транспорттарына тәуелді болса, мұнай мен газ экспорты – халықаралық трансконтиненталды тасымалдау құбыр жүйелерінің салынуына тіреліп тұр.

Болашақта шикізат тасымалдау құбырларының салынуына байланысты Қазақстанда өңделмеген (шикі) мұнай экспортының көлемі күрт және өте күрделі түрде өседі деп күтілуде.

Қазақстанның мұнай қорын сыртқа тасымалдау құбыр жолдарын салудың бірнеше схема-жобаларының варианттары белгілі. Солардың ішінде түпкі нәтижеге жету, мұнайды әлем нарығына шығару, қажет болатын инвестициялық

шығындардың көлемі мен тиімділігі жағынан алғанда бірінші кезекте Теңіз-Каспий шельф консорциумының Новороссийск бағытындағы жобасы тұрғаны белгілі.

Бірақ Республикаға бірін-бірі алмастыратын және толықтыратын альтернативті құбыр жүйелері қажет. Біріншіден, болашақта мұнай шығару көлемі күрт өскенде жалғыз құбыр жолы мұнай экспортын толық қамтамасыз ете алмайды. Әлемге белгілі маман-сарапшылардың пікіріне қарағанда, осы күні зерттеліп анықталған мұнай қорлары Қазақстанда ХХІ-ғасырдың бас кезінде (20-30 жж.) Парсы шығанағындағы Араб елдерінен кейінгі екінші орынға шығарады екен. Содан Қазақстан үшін болашақта Солтүстік-батыс пен Оңтүстік-батыс бағыттарындағы мұнай-газ құбырларымен қатар Оңтүстік, Оңтүстік-шығыс және Қиыр-шығыс бағыттарында салынатын құбыр жолдары да тиімді және қажет болады. Маңызы мен күрделілігі деңгейі жағынан алғанда барлық белгілі іске асуы мүмкін мұнай-газ құбыр жүйелерін келесі кезекте анықтауға болады:

1. Теңгиз – Атырау – Астрахань – Комсомольск – Невиномыск – Новороссийск (КТК жобасы);
2. Теңгиз – Маңғыстау – Каспий теңізі – Баку – Грузия;
3. Теңгиз – Маңғыстау – Түркменстан – Ауғанстан – Пәкістан;
4. Теңгиз – Маңғыстау – Каспий теңізі – Баку – Иран – Түркия;
5. Иран арқылы Парсы шығанағындағы Хорг аралына;
6. Теңгиз – Кенкияк – Құмкөл – Қытай – Тынық мұхит жағалаулары (фантастикалық жоба).

Газ экспорты негізінен Ресей бағытында дами алады, егер қалыптасқан экономикалық қатынастар жүйесі одан ары нығайып дами түссе, Украина да біздің газға мүдделі болып отыр. Украинаға газды Ресей арқылы тасымалдап жеткізуге болады, немесе Ресеймен арнайы шарт жасап,

реэкспорт түрінде Украинамен байланыс жасауға болады. Болашақта мұнай мен газ экспорты Қытай және Оңтүстік-шығыс Азия елдері бағытында дами алады.

Даму стратегиясында газды экспорттаудан гөрі Республиканың Солтүстік және Оңтүстік аймақтарын, ондағы өндіріс орталықтарын газбен қамтамасыз етудің маңызы зор. Көршілес жатқан Ресей, Өзбекстан, Түркменстан елдері Қазақстанның мұнайы мен мұнай өнімдеріне мүдделі емес, керісінше олар өздерінің иелігіндегі мұнай өңдеу зауыттарының өнімдерін сыртқа сатып, өткізу жолдары мен мүмкіншіліктерін іздестіруде; Еуропа бізден алыста жатыр, оған шығу қиынға түседі, жеткеннің өзінде де Еуропаның бұрыннан қалыптасқан және реттелген рыногына ену мүмкін емес. Қалғаны – көршілес Қырғызстан мен Қытайдың батыс аймағы (Синьцзян), бірақ бұл рыноктардың мүмкіншіліктері шектеулі және шағын. Содан Қазақстанда жаңадан мұнай өңдеу зауыттарын салудың орнына қолдағы бар зауыттардың қуатын толық пайдалану жолдарын іздестірген дұрыс сияқты.

Астық өнімдері Қазақстан үшін экспорттық түсімдерінің (табысының) маңызды түрі болады. Бірақ болашақта таза астық экспортын азайтып, оның орнына одан шығарылған түпкі өнімдердің (ұн, макарон, т.б.) үлесін арттыру қажет. Басқаны санамағанда, бұл сырттан келетін азық-түлік импортын қысқартып, валютаны үнемдеуге мүмкіндік тудырады. Қазақстанның көрші елдерге **ет пен ет өнімдерін** экспорттауға толық мүмкіншілігі бар. Ол үшін Республикада мал шаруашылық өнімдерін терең түрде өндеп түпкі өнім өндіретін өндіріс саласын дамыту қажет. Қазақстанның дәстүрлі экспорты – **тау-кен өндірісі, түсті және қара металлургия өнімдері** – әртүрлі концентраттар (қоспалар), рудалар, металлдар, металл құймалары, т.б. үшін әлем нарығында қалыптасқан өз орны бар.

Мұнай мен газды экспорттауға арнайы салынған құбыр

жүйелері қажет болса, тау-кен өндірісі, ауыл шаруашылығы, азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп өнімдерін экспорттау тікелей теміржол және автомобиль транспорттарының дамуына байланысты. Содан болашақта ежелгі «Жібек жолын» жаңғыртудың Қазақстан арқылы Шығыс Азияны Орталық Азия және Таяу Шығыс аймақтарымен байланыстыратын, соның нәтижесінде, Батыс-Еуропа елдерінің теміржол жүйесіне жалғасатын, Транс-Азиялық темір жол магистралын іске қосудың маңызы өте зор. Бүкіл әлемде, әсіресе Еуропада, АҚШ-та, Канадада **автомобиль транспортымен халықаралық контейнерлік жүк тасымалдау әдісі** өте жоғары дамыған. Қазақстан үшін де автомобиль транспортымен сырт елдерге өзінің өнімдерін экспорттаудың болашағы өте зор.

Экономиканы реформалау және оның құрылымын қайта құру мәселесін шешу жолында бізді өте қиын да күрделі кедергілер күтіп тұр. Бұл қиындықтар, бір жағынан, Республика бұрынғы КСРО құрамында болған кезде қалыптасқан шаруашылық жүйесі мен құрылымының салдары, ал екіншіден – олар соңғы жылдары мәжбүрлі түрде және көбінде ойланбастан қабылданған шешімдердің нәтижесі. Қазақстан экономикасында және өндіріс құрылымында экология жағынан қауіпті, технологиясы ескірген, тиімділігі төмен шикізат салалары басым екені белгілі. Қазақстан экономикасының құрылымын реформалау қажеттілігі бастапқы кезден-ақ белгілі болған, содан «Азия жолбарыстары» деп аталатын Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің (Оңтүстік Корея, Тайвань, Малайзия, Сингапур, т.б) тәжірибесін үлгі ретінде алуға болар еді. Республиканың бар потенциалына сүйене отырып, өндірістің бірінші кезекте дамитын салалары мен түрлерін анықтап, оларға қажетті мөлшердегі инвестицияларды, жаңа технология мен мамандарды ынталандыру арқылы тартып экономиканың стратегиялық бағыттарын анықтап алу қажет

болатын. Экономикалық дамудың стратегиялық бағытында, бірінші, бастапқы кезеңде импорт көлемін қысқарту және ұлттық экономика мен ішкі нарық жүйесін қалыптастыру мақсатында ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін, түпкі тұтыну тауарларын өндіруге, ал ауыр өнеркәсіпте, түсті және қара металлургияда терең технологиялық өңдеулерден өткен өте таза және саналы құймалар мен қоспаларды шығаруға болады; ал реформаның екінші даму кезеңінде осы күнгі ғылыми-техникалық прогресс талаптарына сәйкес машина жасау, электроникалық байланыс, көлік, коммуникация салаларын қалыптастыруға болады. Әрине, құрылымдық реформа қажырлы еңбек пен ауқымды қаржы-қаражат, әсіресе шетелдік валюта мен білікті мамандарды қажет етеді. Шетелдік валюталарды алу және олардың түсімін арттыру сол баяғы шикізат өндірістерін дамыту, шикізат (мұнай, газ, түсті металдар, астық) экспортын өсіру арқылы ғана мүмкін болады.

Сонымен, Қазақстан экономикасының құрылымын жетілдіру үшін шикізат өндірісін дамыту қажет, яғни бұл экономиканың шикізаттық бағытын одан әрі тереңдету деген сөз. Әрине, бұл мәжбүрліктен туындап отырған іс-әрекет, экономиканы жетілдіру үшін қажетті қаражат табудың уақытша жолы екені түсінікті.

Экономиканың осындай дамуы алдын-ала ойластырылған, жан-жақты есептелген, іске асыру кезеңдері нақты анықталған құрылымдық реформаның программасын қажет етеді.

Өкінішке орай, осы күнге дейін мұндай бағдарлама жасалмаған. Іс жүзінде таяз сияқты қазба байлық көздерін барлауға және өндіруге хұқылық беретін лицензия - рұқсат құжаттарын кім көрінгенге қалай болса солай тарату, шикізат өндіру кәсіпорындарын, стратегиялық даму мақсаттарын анықтамай, шетел фирмаларына сату процесі орын алуда.

Нәтижесі, Қазақстан экономикасында шикізат өндірісі-

нің үлесі бұрынғыдан артып өсу тенденциясы байқалады. Сонымен, біз Қазақстан экономикасының шикізаттық бағытын өзгертудің орнына тереңдете түсудеміз. Егер қалыптасқан экономикалық саясат пен даму стратегиясын шұғыл өзгертпесек, Республиканың шикізат шығару шегін белгілеп, шикізат түрлерін озық технология арқылы терең өңдеп дайын өнім өндіретін өндіріс түрлерін қалыптастыру үшін қажетті экономикалық ынталандыру механизмін іске қоспасақ, онда Қазақстан ұзақ мерзімде дамыған елдердің жетегінде қала береді.

Осыған қарамай, автор болашаққа сенімді, неге десеңіз бізде қажетті потенциал бар, білімді де білікті мамандар жеткілікті, халық даналығы мен қоғамдастық қалыптасқан жағдайдың өзгеруіне ықпал жасап өздерінің барлық жігер-күштерін Қазақстанның тиімді экономикасы, халқының хал-ахуалы жоғары дамыған қуатты және демократиялық мемлекетке айналуына, әлем қауымдастығында өзінің орнын табуына жұмсайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Өтпелі кезең қиын да, ұзақ та болуы мүмкін. Халық шаруашылығының барлық салаларында дағдарыстың үдеуі өтпелі кезеңдегі дағдарысқа қарсы шаралар қолданылуын қажет етіп отыр, олар мыналар:

- нарықтық қатынастарға бейімделген экономиканың барлық деңгейлерінде оны басқаруды реформалау және меншік нысандарының арақатынасы қажет. Барлық басқару органдарының рөлін, міндеттерін және функцияларын жаңаша белгілеу және оларды нарықтық жағдайларға сәйкестендіру маңызды. Басқарудың әлі де болса сақталып отырған бұрынғы нарықтық емес әдістерінен түбегейлі бас тарту және ХХІ ғасырға жаңа экономикалық құрылысқа бара-бар болатын, орын алып отырған дүниежүзілік тәжірибені ескеретін жаңа басқару жүйесімен қадам басу үшін мүмкін болғанның бәрін істеу қажет. Өтпелі кезеңде жаңа басқару саласына жүйелі түрде кадр дайындау, оларды ретімен аттестациялау керек;

- ұсынылып отырған жаңа экономикалық саяси концепциясы отандық тауар өндірушілерге іріктеп қолдау көрсетудің объективті қажеттілігінен туындайды. Елдің шаруашылық өміріне мемлекеттің араласуы экономиканы ХХІ ғасырда дағдарыстан шығаруға және оны нарықтық өзін-өзі басқаруға әзірлеу мүмкіндігін беретін нарықтық экономикалық индикаторлар, тұрақтандырғыштар, реттегіштер секілді тетіктердің шектеулі санымен жүзеге асырылуға тиіс;

- Ұлы Жібек жолы ХХІ ғасыр қарсаңында жаңа дәуір бастағалы отыр, осыған байланысты Алматы қаласы мен Жетісу аймағының келешекте Ұлы Жібек жолын жаңғырту және Тынық мұхит – Оңтүстік-шығыс – Азия аймағын Орталық Азиямен жалғастырып, Парсы шығанағы аймағындағы және Еуропадағы елдерге жол ашатын өзіндік бір геосаяси орталыққа айналу мүмкіндігі бар;

- нарықтық қатынастар қалыптастырудың монографияда ұсынылған жекешелендіру мен жекешелендіруден кейінгі саясат, банкроттық және санация, қор нарығын дамыту сияқты және басқа жаңа нысандары мен әдістерін тиімді пайдалану Қазақстанның нарықтық қатынастарға тезірек енуіне, ХХІ ғасырда ТМД елдері арасында жетекші жағдайға жетіп, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуына мүмкіндік береді;

- нарықтық экономиканың ерекше саласы болып табылатын, кәсіпорынға капиталдың аз жұмсалуды, жұмысшылар санының шағын болуы, басқарудың қарапайымдылығы, қызмет профилі мен бағыттарының икемділігі, тез сұраным мен технологиялық жаңалықтардың жіті қадағалануы тән болатын шағын кәсіпкерлікке ерекше көңіл бөлу керек, әсіресе оған шет ел инвестициясын тарту қажет. Ол қоғамда және оның жекелеген қосымша жүйелерінде маңызды әлеуметтік-экономикалық функциялар атқарады. Ол «шағын» ресурстық потенциалды бос және ескірген негізгі қорларды, қайталама ресурстарды, қалдықтарды және өзіндік ресурстарды пайдалану да ерекше тиімді. Мемлекеттік және аймақтық деңгейде шағын кәсіпкерлік жөніндегі қолдаушы және реттеуші қызметті ұштастыру қажет.

Осыған байланысты шағын кәсіпкерлікке аймақтық басқарудың барлық деңгейлерінде қолдау көрсету ісіндегі мемлекеттің стратегиялық саясаты өте маңызды болып табылады. Өйткені мемлекет шағын кәсіпкерлікке сөз жүзінде емес, ол іс жүзінде сөзсіз қолдау көрсетуге көшеді де, ел экономикасы ілгері басу үшін қуатты серпін алады, олай болмаған жағдайда экономиканың бұл маңызды секторы ақсай бастайды. Мемлекет мүдделері мұндай саясатты қайта қарауды және шағын кәсіпкерлік биліктің барлық тармақтарының мүдделі қолдау көрсетуімен жұмыс істейтін өркениетті нысандарға көшуді қажет етеді. Кәсіпкерліктің негізгі тұтқасының бірі аймақтарды шағын бизнеске оқыту, үйрету орталықтарын қолдау қорларын ашу керек.

Біз қаншалықты нарықтық экономиканың тетіктерін игергенімізбен егер білім мен ғылымды және мәдениетті алға ұстамасақ, оларға басымдылық бермесек, ұзаққа шаба алмаймыз. Сол себептен білім мен ғылымның, жаңа технологияның өтпелі кезеңге сай дамуының тактикасы мен стратегиялық бағдарламасын жасап, іске асыру қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. Алматы, 1993.
2. Назарбаев Н. Ә. XXI ғасыр қарсаңында. Алматы, 1996.
3. Жаңа экономикалық саясат концепциясы. Халық кеңесі 1995. 13 қаңтар.
4. Кабаков В. С. Стратегия предпринимательства. Санкт-Петербург, 1996.
5. Клинова М. В. Государственное предпринимательство в странах Европейского Сообщества. М., 1996.
6. Программы действий Правительства по ускорению реформ и выходу из экономического кризиса. Алматы, 1994.
7. Программа действий Правительства РК по углублению реформ на 1996-1998 гг. Казахстанская правда. 1995, 20 декабря.
8. Сабденов О. и др. Стратегия подъема и тактика выхода из кризиса экономики РК. Алматы, 1994.
9. Сабденов О. Наука, образование, рыночная экономика. Алматы, 1994.
10. Сабденов О., Муханова Е. П. Малые предприятия: опыт формирования и перспективы развития. Алматы, 1992.
11. Сабденов О. и др. Вывод экономики из кризиса и законодательное обеспечение этого процесса. Алматы, 1996.
12. Сабденов О. Наука и научно-техническая политика в условиях рынка:— глазами парламентария. Алматы, 1992.
13. «Салық терминдерінің орысша-қазақша анықтама сөздігі». М. Т. Оспановтың жалпы редакциясынан. Алматы, 1996.
14. Секрет высоких темпов экономики КНР. Пекин, 1995.
15. Теория и практика антикризисного управления. М., 1996.
16. Турысов К., Есентугелов А. Экономические реформы, состояние экономики, проблемы, пути и перспективы экономического развития. Алматы, 1996.
17. Шукунов В. Е. Через развитие образования к новой России. М., 1993.
18. *Soziall Marktwirtschaft. Arbeit und Soziales.* Koln. 1990.
19. *Lucke W. Neujrientirung des Management.* Gabler Verlag. 1994.
20. President report: small Firms lead to job growth Network Wash. 1988.

Ғылыми басылым

ЭКОНОМИКА
таңдамалы еңбектері

СӘБДЕН ОРАЗАЛЫ

**XXI ҒАСЫРҒА ҚАНДАЙ
ЭКОНОМИКАМЕН КІРЕМІЗ**

XVII том

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті Экономика институтының
Ғылыми кеңесінде бекітілген

Редакторлары: Шорманова М.Б., Барнаханова Д.Ж.
Компьютерде беттегендер: Байханова М.С.

Басуға 18.01.2011 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84^{1/16},
Шарты баспа табағы 20,1. Есепті баспа табағы 15,1.
Таралымы 500 дана. Бағасы келісім бойынша.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Экономика институтының компьютерлік баспа орталығында (КБО) басылды.

050010, Алматы қаласы,
Құрманғазы көшесі, 29
тел.: 261-01-75



